

84.5к25

М17

ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВ

ДАСТАНДАР



2002 ж.

Ғалым Малдыбаев

ДАСТАНДАР



Петропавл - 2002

4.5623
17



Ғалым Малдыбаев – қазақтың көрнекті ақыны (1902-1982) Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы, Жаңажол ауылында туып, сол жерде жерленген. Дастандар жинағына ақынның әр жылдары жсарық көрген «Қырым қызы», (1958 ж.), «Қалдырган» (1967 ж.), «Желдірме» (1972 ж.), «Сарыарқа» (1983 ж.) жыр кітаптарынан алынған шығармалары енгізіліп отыр.


Жинақты баспаға әзірлеген, оның шығуына мұрындық болған ақынның баласы – Шашубай Малдыбаев.

Бұл кітап Ғалым Малдыбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналды.

36867

ISBN 5-7667-9721-4

012



© Шашубай Малдыбаев

Алғы сөз орнына

Алғашқы сурлеуін Сәкен Сейфуллин төңкеріс күндерінде салған қазақ әдебиетінің кадрлары тек кеңестік дәуірде ғана көбейді. Солардың елеулілерінің бірі, жүре келе белгілі ақын атанған – Ғалым Малдыбаев.

* * *

Оқи жүре қызмет атқару, қызмет атқара жүре оқу, солармен қатар қоғамдық істерге де қызу араласу Ғалыммен замандас ақын-жазушылардың маңдайына жазған бақыт.

* * *

Ғалым Қызылжардағы Совпарттан оқыған жылдары мен осы мектепте саяси сабақты жүргіздім. Сол кезде қатаның көркем әдебиетке ынталы жастары әдебиет үйірмесін құрды. Белсенді мүшелері: Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев, Есмағанбет Ысмайылов, Абдолла Сәдуақасов, Заран Темірбеков, Шахмет Хұсайынов, Сейфолла Байғожин, Мәлік Тәкішев тағы басқалар. Ғалым – ұйымның секретары.

Сәбит Мүканов

Жазушы атаулыдан Сұлтанмахмұт, Сәбит Донентаев және Ғалым Малдыбаевтан кейін көргенім, кездескенім – Ғабит Мүсірепов.

* * *

1931 жылдың күзі. Баянауылда «Ленин жолы» атты тұңғыш газет шығатын боп жатқан қуанышты кезең. Редактор болып Ғалым Малдыбаев келді.

Мен бұрын сырттай білетін «Балға-Орақ», «Доңғалақ» атты өлең-жыр кітаптарының, әсіресе «Қырым қызы» тәрізді поэманың авторы - талантты ақынның Орал, Көкшетау, Павлодар газеттерінің редакторы болып істеген тәжірибелі журналист, Ғалымның редакторымыз боп келгені – жаңа шығатын жас газетіміздің болашағын құдайдың жарылқағаны деп қуандым.

**Дихан Әбілов,
Қазақстанның халық жазушысы**

... Уақыт, өмір шіркін осылай зымырап өте береді. Ғалеке! Баяғы 1929 жылы өзіңіз алғаш көрген бала Сейтжан бұл күнде сақал-шаашын қырау басқан шал болды. Менің сізге деген пәк махаббатым өле-өлгенше өшпейді, Ғалеке! Бұған кәміл сеніңіз. Сіз мені сонау бір жас шағымда, кем кезімде Тазтөбе даласынан тауып алып, үядан ұшырып жіберген алғашқы шапағатшым емессіз бе?! Менің ойымша, Дихан да сіздің жақсылығыңызды ұмытпасқа тиіс. «Жетілдім, жеттім» – деп өзінің тұңғыш ұстазын ұмытқан адам, кімнен жақсылық күтеді. Мен мұны жақсы білемін.

Сейітжан Омаров,
жазушы

Ғатым Малдыбаев – ең алдымен эпик ақын. Оның лирикасы түгелдей дерлік қазіргі өмір көріністерін суреттеуге арналған.

Мырзатай Серғалиев,
филология ғылымдарының докторы

Мен Ғалекеңмен бір-ақ мәрте үйінде кездестім. Жадым жаза баспаса, елу тоғыздың маусым, шілде айларының жезі болар. Газетте тәжірибе отеп жүргем. Бала күнімде жаңағыдай өлең шығарыпты деп еститін ағамыз ұзын бойлы, қырым еті жоқ қазілет қалты. Жүріс-тұрысы егделікке ерік бергендей емес, ширақ, шымыр секілденген. Асқа қарауға асығыстық таныттық та, салқын қымыз бен шәй ішіп аттандық, аз отырып, көп сынайтын қырағы зерде әр қимылды қатт жібермей, қадағалап қарип отырғандай, айрықша әсер қалдырды маған. Алматы жәйін, қазіргі жастардан кімдер барын, өзімнің не тындырып жүргенімді білуге ықылас танытқандай. Әдебиет ауылына апыл-тапыл аяқ басып, кірем бе, жоқ па деген менің өзіме осынышалық көңіл аударып, терезесі тең адамдай кең сөйлескені мені бір түрлі көтеріп тастаған. Өсіңкіреп, босіңкіреп айтып келдім-ау деймін редакцияға. Енді ойласам, ақынның алтысқа да тола қоймаған тұсы екен.

Есләм Зікібаев,
ақын

Ғалым ағамен әр кездесу, сұхбаттасу үлкен бір оқиға, өмір мектебі сияқты болатын. Қазақтың тарихы мен әдебиетінің де бір беймәлім беттерін ашқандай болушы едік. Біз біле бермейтін жайлар мен сырлардың куәгері болған ақын, жазушы, журналист ағаның айтары да мол болатын. Сонау 1929-32 жылдардағы колхоздастыру, қазақ халқының жартысына жуығы қолдан жасалған аштықтан қырылған зұлмат заман, әйгілі 1937 жылдың адамзат биласы шошырлық оқиғасы онымен жеке отырғанда әңгімесінің арқауы болатын. Сондағысы, сол қара түнскі жылдардың шындығын кейінгі ұрпақ білсін деген ниетпен туса керек қой. Қайран, дүлдүл ақын, абзал ағам-ай. «Үндеместің» жатыны аспанға атып, жатып күдірейтіп тұрған кезінде сіз маған тарихымыздың ақтаңдақтарынан іштей күйзеле отырып, толғана әңгімелеуші едіңіз. Сіз шығыс халықтарына есімі 16 жасында тамаша ақындығымен танымал болған жерлесіміз Мағжан Жұмабаев туралы көп айтатын едіңіз-ау.

Мұталлап Қанғожин,
ақын



* * *

Уа, гүл далам, тамшыдай-ақ жазғаным,
Мен де өз дәнің, әнді өзіңе арнадым.
Ескі өмір мен жаңа заман бейнесін,
Қарт зергердей өлеңіммен жалғадым.

Ешқашан мен ұмытпадым өткенді,
Ұзақ кештім терси, тайыз откелді:
Жыр жазғанда ақын жаным елжіреп,
Ұрпақтарын, келешегін ескерді.

Келешекке карадым зор сеніммен,
Бірге болдым қашан да мен еліммен.
Өз халқыма, өз еліме аянбай
Қызмет қып, төктім маңдай терін мен.

Мен де елімнің тынымсыз бір ұлымын,
Сол ел үшін бар тілегім, ұтымым.
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым.
О, қадірлі менің алтын тұғырым.

Тірлік-қопақ, кімдер мәңгі тұрмақшы,
Ажал бір күн мені де алып ұрмақшы.
Өтей алса өз борышын жырларым,
Шіркін көңіл зор қанағат қылмақшы.

Аяулы елім, маған қалам алдырған,
Ұлым, қызым, келешек жас балдырған,
Бәйтеректің басындағы ұядай,
Ескерткішім осы менің қалдырған.

ҚЫРЫМ ҚЫЗЫ

(Өлеңмен жазылған роман)

Қара теңіз

I

Қырымға дүниеде жер жете ме,
Өзге жер көңілді ондай тербете ме,
Қырымның тауы, гүлі сыр шертпесе
Көзден жас, көкіректен шер кете ме?

Барғанда Пушкин акын сарайына,
Көз салсам теңіз, тау-тас маңайыма,
Тенізбен тербетіліп Арзы қыз тұр,
Назданып ғашығындай жаз айыша.

Арзы жас бір жетім қыз Қырымдағы,
Жасынан ашылмаған оның бағы.
Әкесін бір жасында оққа ұшырып,
Сұм тағдыр шырымдатқан бишараны.

Шешесі балық қақтап, су сақтаған,
Болмаған ешкі-лақтан сыбырлағы,
Үсті шым, жан-жағы жер, тіреуі тас,
Күн түспес қараңғы үнгір үй тұрағы.

Арзының әкесінің аты Таһир,
Жасынан қара табан жалшы-пақыр.
Қазанның шаһарынан келген жалғыз
Ағайын ілік те жоқ жаны ашыр.

Күн көріп жер басудың камын ойлап,
Көпеске күл болумен жаны жасыр.
Арзы осы кезде бір жасар қыз,
Аяғын басып жүрген апыл-тапыл.

Мейірімді анасының аты Зейнеп,
Денесін топырақтай басқан бейнет.
Кір жуып, тактай сүртін жүрсе-дағы,
Адам жоқ есіркеген «нашар ғой» деп.

Атанып ханымдарға «жалшы қатын»,
Сүйретіп жыртық көйлек шабатасын.
Көпестің есігінде жүрді Зейнеп,
Қайғы ғып сұр өмірге қымбат жасын.

«Күл, күннің» еңбегін жеп тоятұғын,
Ғазиз бай Мескорда үнемі тұратұғын.
Түркия, Иран менен Шам, Мекеге,
Саудамен мырзалары шығатұғын.

Осылай бір сыпыра жылдар өтті,
Еңбегін байға беріп жапа шекті.
Үстіне қақалғанның жұдырық боп
Бір күні сарайды ұры бұзып кетті.

Сомасын миллионның түгел алып,
Көпесті бір-ақ банкрот қылып кетті.
«Бір емес тағы сені шабамыз» деп,
Айқын қып маңдайшаға сызып кетті.

Аузынан бүркыраған жалын лебі,
Ғазиздің бірсыпыра саудагері.
Тай-тай қып кездеме, шай, темекі артып,
Базарға керуенмен кетіп еді.

Ғазиздің бұл тасқынын көрген жұрттар,
«Қырымда алдыңғы бай осы» деді.
«Аққан суға бір тосу» деген рас,
Дәулеті шайқалатын келді кезі.

Оянды ұйқысынан Таһир малай,
«Уһ» - деді, жүк көтеріп тұрған жандай.
Пысылдап ұйықтап жатқан Арзы бала
Шырылдап жылап тұрды әлде қалай.

Зейнеп те түнде көрген түстен шошып,
Дей берді: «Сакта, алла! Сакта, құдай!»
Далаға шыға келсе Таһир сорлы
Болыпты тас-талқан қымбат сарай.

Сол жерде Таһир тұрып ой ойлайды,
Салбырап төмен карап көп ойлайды.
Ғазиздің қаны кара адам еді,
Бұл мені құртады деп ойлайды.

Қымс етсе малайлардан көруші еді,
Бұл істі менен көрер деп ойлайды.
Беруге іле хабар жүрексініп,
Әуелі Зейнепке кеп баяндайды.

- Ау, Зейнеп, құдай ұрды, құдай ұрды!
- Не болды? – деп Зейнеп ұшып тұрды.
- Сарайды ұры бұзып тонап кеткен,
Қашалық күн көрерміз біреу құрлы.

«Кетелік түн жамылып Қазан жаққа,
Бөгелсек ұшырармыз зор апатқа.
Ит үреді, керуен көшеді, көпес қалады,
Таһирым, мен коркамын енді жатпа»

- Жауыз бай оңдыра ма енді бізді,
Қайтемін айтамыз ба, көре ме өзі?
Қой, қатын қолымыз ақ кашпайық біз,
Айтайын көп кешікпей енді мұны.

Ілгері басқан аяғы кейін кетіп,
Жүрегі аттай тұлап жүлқып, шергіп.
Ғазиздің есігін кеп тықылдатты,
Қалшылдап тұла бойы-дір-дір етіп.

-Бұл кім?-деп ар жағынан сылдыр қағып,
Бұралып Бибі ханым келді жетіп.

- Немене?

- Қалың шығын душар болды,
Сарайды қаракшылар бұзып кетіп.

- Не дейді? – деп Ғазиз тұра ұмтылды,
«Сарайды ұры бұзды, ұры бұзды»
Деп жылап Бибі ханым ойбай салып,
Долданып өзінің шапын өзі жүлды.

Қолына алты атарын ала сала,
Сарайға Ғазиз көпес тез жүгірді.
Бақырып «қайран мүлкім, дүнием» деп,
Бұрканып өз маңдайын өзі үрды.

Қай дұшпан бұзды екен деп ашуланды,
Қап талап екі көзі оттай жаңды.
Ұрлады дүниемді қандай доңыз,
Жау қайда, ішем қанды, ішем қанды.

Деп күйіп ызаланып жүрген кезде,
Алдына Таһир жалшы келіп қалды.
«Ұрлықтың ішінде сен біргесің» деп
Жүрекпен алтыатармен басып салды.

Жазықсыз ұшып түсті жалшы Таһир,
Басына шын орнады заман ақыр.
Бір ұрттап жылы қанды алақанмен
Сенделіп жүре берді Ғазиз батыр.

Мылтықтың дауысына Зейнеп келсе,
Алдында қап сорғалап Таһир жатыр.

Арзыны қолындағы тастай беріп
Дей берді: - Сорлы Таһир, сорлы Таһир...

- Мана мен кашайық деп айтып енім.
Қоймасын білгемін ғой Ғазиз тегін.
Бай деген ардан аулақ ит емес пе,
Адамнан артық қорер дүние-мүлкін.

Ақ еңбек, адал ниет былай қалып,
Қалады ақырында, міне, оғын.
Қан жұтқан қансыраған пашарлардың
Күн бар ма жауыздардан алар кегін.

Ыңырсып жатқан Таһир жауап қатты,
Айтқаның келді, Зейнеп, Ғазиз атты,
Жылама, жасыңды тый, күніңді көр,
Арзыжан, Арзы жаным маған батты.

Қорғансыз құлынымды кім көреді,
Коп өкпем... Тұрмыс саған қайғы артты...
Қаны агып, сүйретіліп, піскей беріп,
«Қош, Арзы. Аман бол!»- деп нек қакты.

II

Теніздің жағасында тастап күрке,
Төбеден қатымыр тау басқан күрке.
Ішінде күңіренген екі жетім,
Күнелткен көздерінің жасын ірке.

Су сақтап, балық қактау кәсіптері,
Тұншыққан көк тұманға өмірлері.
«Аһ» десем отты жалын шашырайды
Ай-Петри тауымен тең жүрек шері.

Зейнептің Арзы жалғыз балапаны,
Жалғанда жалғыз Арзы атар таңы.
Балапан жоқшылықтан шырылдаса,
Шыққандай төбесінен Зейнеп жаны.

Нап қайда қос жетімге тоятұғын,
Үй қайда панасызға қонатұғын,
Жан қайда жабырқаған қоңілін аулап,
Теніздей терең ойды жоятұғын.

Ел қайда тас күркені көретұғын,
Жәрдем қып қолдың ұшын беретұғын.
Ер қайда қайғылының қастарына,-
Жылында тым болмаса келетұғын.

Сорлыға сылдыраған тиын қайда?
Тамаксыз, тиынсызға бұйым қайда?
Жып-жинақ жұрт қатарлы жұрмек түгіл,
Жабатын денелерін киім қайда?

Ашыкса жылы жұмсақ тамақ қайда?
Тамаксыз ашылатын қабақ қайда?
Бәрі де осылардың болмаған соң,
Арзы гүл бас көтеріп ойнақтай ма?

Шаң жұтып, тас кеміріп Арзы өсті,
Қарамай өсуіне қайық өсті.
Панасыз анасына жәрдемші боп,
Теңізді ерсілі-қарсылы күнде кешті.

Арзының өмірі тас, серігі тас,
Тастай боп берік өсті болмай лас.
Ақылды, ақ қайындай шынар болды.
«Таста өскен шынығады» деген рас.

Оралып он алтыға жасы келді,
Бұралып қынай бұды қыпша белді.
Арзының атқан оғы әкеле алмай,
Басқа алар тырысқанмен төгін терді.

Ақ жүзді, бота көзді, қара қасты,
Қыр мұрын, алма ерін, жібек шашты.
Қаз мойын, қаршыға төс, кентер нық,
Сабырлы, жарқын мінез, ықыласты.

Болса да қудан сұлу сырын ашпас,
Кұлпыра сынғырлаған шолпы тақпас.
«Ер жеттім, қандай жігіт қырындар» деп,
Байлардың қыздарындай ойлап жатпас.

Өйткені Арзы еңбекпен қайнап өсті.
Таста ойнап, тірлік үшін суды кешті.
Көбігін Қара теңіз шолпы қылып
Тулаған толқындарда қайық өсті.

III

Қой көзді, қара торы, сұнғақ бойлы,
Нілген қоңыр қаздай сала мойны.
Қайтпайтын, қажымайтын мінезі бар,
Таудан зор, теңізден де терең ойлы.

Сөйлесе сөзінен нұр төгілгендей,
Күлгенде қызыл бидай себілгендей.

Қайғырса аспан жерге қирап түсіп,
Қуанса олген өлік тірілгендей.

Жайдары жарқын көңіл, жалғыз сөзді,
Жатқа да, жақынға да бір мінезді.
Адамның ішкі сырын оймен біліп,
Айырар тас ішінен алтып, жезді.

Кәсібі ерте-кі-кеш суды кешу,
Зымыратып қаруланып қайық есу.
Ау құрып, кармақ салып «қаза» орнатып,
Балық ұстап, талшық қып корек ету.

Жасы бар он сегіздің шамасында,
Өмірі өткен тау-тас арасында.
Мекені тастан қылған күңгірт күрке,
Қырымның «Ай-Петри» саласында.

Кеш жатып, ерте тұрып қыдырады,
Тенізді ерсілі-қарсылы сыдырады.
Балық пен балық болып суда жүзіп
Тамаққа шыбын жанды құл қылады.

Сыпайы, сырлы мінез, батыр жігіт
Кеш ұйықтап, кәсіп қылған ерте тұрып.
Мұстапа деген еді мұның аты,
Тенізді кезетұғын аласұрып.

Мұстапа өмір бойы бейнет шеккен,
Жоқшылық жас басынан еңіреткен.
Анасын жесір қалған асырап ол,
Тенізден балық аулап, кәсіп еткен.

Ол күнде балықшы ауын салатұғын,
Өзіне жетерлік пұл табатұғын.
Бірақ та өкіметтің қанаушысы,
«Салық» деп көбіп тартып алатұғын.

Мұстапа көптің бірі зәбір көрген,
Ежелден жоқтық, шіркін, бұған ерген.
Алды жар, арты түйік меніреу тұрмыс.
Кигізген жас балаға отты жүген.

Кім мықты, байлар мықты ол қоғамда,
Нашарлар құл болыпты мықтыларға.
Болғанда қоғам дауыл бұрқыраған,
Мұстапа қанбақ болып түскен орға.

Көршісі Мұстапаның Арзы, Зейнсіп,
Бір жүріп, бірге тұрып, етер еңбек.

Книктің лағындай екі жасты,
Шүйкедей екі кемпір кылады ермек.

Болса да түсі басқа, тұрмыс бірге,
Екі жас бұлбұл күстай өскен гүлде.
Таршылық аз дүниеден көрсе-дағы,
Келіскен жерлері жоқ шайпау тілге.

Бірі аға, бірі туған қарындастай,
Бірі айтса, бірі көнер қарсыласпай.
Біреуі қуанғанда біреуі ортақ,
Жаттарға келе жатыр сырын шашпай.

Өлшеусіз жақын болды өсе келе,
Өрісі терең теңіз, неге деме?
Тұрмыстың толықына жүрек жалғар
Қырымның қызыл гүлі секілдене.

Көрген жоқ бірақ әлі перне басып,
Жұмысқа жүр демесең ақылдасып.
Заңына табиғаттың кім көнбейді,
Айтпайды бір-біріне сырын ашып.

Балықты бірге жүріп аулағанмен,
Сүзгіге балықтарды айдағанмен,
Жалаңаш-жалпы жүріп су ішінде
Тенселген аудың бауын байлағанмен.

Оңаша талай-талай жүргенменен,
Сықылдап көзді ойнатып күлгенменен.
Жалғыз тіл бір-біріне қатқан емес,
Мақсатын махаббаттың білгенменен.

Жалғыз-ақ көздерінде болды жұмбақ,
Деп тұрған: “Мен сені сүйемін-ақ”
Жұмбақты іштерінен шешсе-дағы,
Айтуға ауызба-ауыз қиынырақ.

Күн келді жұмбақтарын шешетұғын,
Таласып “мен сендікпін” десетұғын.
Түйілген жүректені пәзік сырдың
Алмаспен жібек бауын кесетұғын.

Туғанда ер басына қараңғы түн,
Жан қияр тар көпірде жолдасы шын.
Сырты дос, іші дәмсіз боямалар
Өмірді сүреді тек өз басы үшін.

IV

Арзы қыз ауға шықты қайық мініп,
Көк толқын қарсыласты етек түріп.
Қайықты найза бойы көтеріп ап,
Тастады төмен қарай сылқ еткізіп.

Алысып кете барды балғын бала,
Теңізде нокаттай-ақ жалғыз қара.
“Мен –дағы ауларымды корейін”-деп,
Теңізге түсе қалды Мұстапа да.

Асқақтап асау толқын алас ұрды,
Есалаң ессіз күшті толқын жынды.
Қақпалап, қақпақылдап жел қайықты,
Үйіріп екпінімен мазак қылды.

Ақ көбік аспанға атқан араласып,
Арнасына түсер емес мауқын басып.
Көк толқын сатыр-сұтыр жатты тулап,
Желкесінен бірін-бірі тартып асыл.

Күркіреп қап-қара бұлт теңіз бетін,
Басады албастыдай емін – еркін.
Дәу пері дауыл оған дабыл қағад,
Дегендей терен теңіз “Желпін! Желпін!”

Дауылдап кетті ықтап барлық балық,
“Жан сауға, тәуекел” деп төмен ағып.
Судағы серке сандар сенделгенде,
Арзы қыз ақ үйректей шыдар неғып?

Қарысты қос білегі есе-есе,
Қасқая соқты толқын кесе-кесе.
Қырылған талай адам тұйықталып,
Иірім тас қуысы әлденеше.

Жан сауға ақырында қылмақ болды,
Қайтуға қайық есті оңды-солды.
Бір қырын айдағанда қос қалақпен,
Лықылдап қайық іші суға толды.

Торықты Арзы бала токті жасты,
Шынымен кетем бе деп жанталасты.
Бір есіп, бір су төгіп күшін жиып,
Алысып толқындармен қарсыласты.

Толқындар “Мен ермегің емес,” - деді,
“Ер болсаң меніменен егес,”- деді.

Қайықтан қайран мүлде болмаған соң,
Сүлудың көзіне өлім елестеді.

Күш кетті, Арзы әбден әлсіреді.
Айқайлап, “Кеттім-кеттім! Жәрдем!” деді.
Даусын қырдағылар есту қайда,
Токтаусыз тауға қарай аға берді.

Жел қайық толқын айдап кетті ағыш,
Ішінде Арзы отыр естен танып.
Иірімге бара қалса өлім дайын,
Алды тау, өте ала ма бұзып-жарып.

Өлімнің таянғанын білген байгүс,
Қысылды киім шешіп, от боп жанып.
Мойнына ажал жылап оралған соң,
Зарланды барлық күшін жиып алып.

“Сорлы анам бұл жайымды біле ме екен,
Даусымды құлағына іле ме екен.
Айрылған ботасынан боз інгендей,
Теңіздің жағасында жүре ме екен.

Сүйгенім Мұстапа ол қайда екен,
Қолымнан тартып неге алмайды екен.
Бірге өскен бір ұяда балапан ек,
Шығаршы бұл қатерден аман-есен.

Сеніп ем жасымнан-ақ қол күшіме,
Шыбын жан мұрнымның келді ұшына.
Қайдасын, ау Мұстапа, ау Мұстапа!
Зар болдым жәрдеміңе, қол ұшыңа.

Көре алмай бірінді де өткенім бе,
Сұм ажал су бетінде жеткенім бе?
Ақ тәнім балықтарға азық болып,
Шынымен су түбіне кеткенім бе?

Қайдасың сорлы апа, сорлы апа,
Тұрмыстан құрсау түсіп көрдің жапа.
Апамды шырылдатпай қолыңды бер,
Тезірек кел, Мұстапа, кел Мұстапа!”

V

Мұстапа ертеменен қырға шығып,
Демалды киімінің суын сығып.
Хабарын қарындастың естіген соң,
Жағаны кезе берді зыр жүгіріп.

Сап етті құлағына ашы айқай,
Тотелеп ол да ұмтылды жаны қалмай.
Көзі шалды су ішіне бір ноқатты,
Қайықпен түсе қалды шыдай алмай.

Алысып толқынменен ноқат құды,
Өлімге Арзы үшін белін буды.
“Жар үшін жардан құлар” деген рас,
Құлаштап қара жердей асау суды.

Толқындар көшкен бұлттай түйдектеліп,
Қайықты қак маңдайға ұрды келіп.
Бөрідей бүркыратып қар боратқан,
Жан-жақтан шатырлатып бермеді ерік.

Тығылып жан алқымға аршалысып,
Дем алып екі иықтан күйіп-пісіп,
“Қарманған қарап қалмас” дегендейін
Арзының қайығына келді ұшып.

Келгенде арқан бойы - Арзы біліп,
Тіл қатпай қалды қатып дымы құрып.
“Ал мені” деп ұмтыла берген кезде,
Әкетті қаңбақтай қып толқын жұлып.

Жарк етті су түбінде Арзы бала,
Секірді Мұстапа оны көрс сала.
Тенізге бірде сүнгіп, бірде шығып,
Сапырды қара суды ойран сала.

Қолына бір мезгілде қыз ілікті,
“Я, тәңірі, берші, - деді – бір тілекті”
Суырған сүйріктей қыш алып шықты,
Көгерген жансыз дене ақ білекті.

Шуласты көк толқындар “өлді-өлді” деп,
Су үшін жапын қиған қыз бөлді деп.
Қара бұлт оған келіп төне түсті,
Қыз өмірін тым ерте кім бөлді деп.

Қайыққа қызды салып қырға тартты,
Шынымен сөпді ме деп мұңға батты.
“Сөнгем жоқ, шыбыным бар” деген жандай,
Арзы қыз екі-үш рет иек қакты.

Мұстапа қайық есті қалмай жаны,
Тірі алып қалайын деп бишараны.
Сол кезде дауыл тыныш, толқын тоқтап,
Бұлт тарқап, күн нұр беріп жадырады.

“Мескордын бакшасы бар гүл жапырак,
Самалы жұпар иісі бейне жұмақ.
Сылдырап сүйрендеген, сынғырлаған,
Ақ күміс бал ләззатты аққан бұлақ.

Ойнаған бүлбүлдары ұшып – қонып.
Сайраған мың бір түрлі әнді шолып.
Жүндері жүз құбылған көз тоймайды,
Жаркылдап қызыл-жасыл, күренденіп.

Ойнаған балықтары сылдыр су бар,
Бұл суды алтын балық мекен қылар.
Қыздардай тойға аттанған қылт-сылт етсе,
Құмартқан көздің пұры шоктай ойнар.

Мұстапа Арзыны алып шыққан түсы,
Мәуесі салбыраған бакша іші.
Өлгенге жан бергендей балбыратқан,
Бал тамған көмейінен түрлі құсы.

Арзыны жерге қойып, гүлдей жайқан,
Өкпеге қолын салып көрді байқан.
Белгісіз бір тамыры бүлк еткен соң
Құстырды шекпенге сап шайқап-шайқап.

Аузынап жұтқан суын лақылдатты,
Су кеткен соң Арзы қыз демін тартты.
Көгеріп кепкен қарын ортайғанда
Ым...ым...ым... деп жалғыз ғана кірпік қақты.

Мұстапа бір қуанды, бір қуарды,
Шайқады үсті-үстіне салды жанды.
Сол кезде иісін төгіп жайқалды гүл,
Түрлі күс тілек тілеп, басты әнді.

Арзы қыз аянышпен көзіп ашты,
Төуге шамасы жоқ ыстық жасты.
Жарық күннен жатырқап қалғандай ол,
Күрсінді күбірлеп шайқап басты.

Бір кезде Мұстапаға көзі түсті,
Тұрғандай толқып бүкіл жердің үсті.
Ажалға ара түскен азаматтың,
Арзы қыз ақырын ғана қолып қысты.

Ыстық қол жылытқандай қыздың жапын,
Толғанып тулатқандай жүрек қанын.
Құттықтап көктің құсы сайрай берді,
Бүлбүлден гүлдер соқты алақанын.

VI

Қырымда Мырзак көпес жаңа талап,
Байыған керуенші жүртты қанап.
Қолында кердендеген қос қатын бар,
Тағы да қылтындайды сұлу қарап.

Татардың дәулет біткен жігіттері,
Мырзасы, сал-сымағы, мініскері.
“Көп әйел пайгамбардың сүндеті” деп,
Қызыққан жас әйелін алушы еді.

Ежелден “ел құлағы елу” деген,
Арзыны естіп білген әлдекімнен,
Ғашық боп ақ жүзіне бір көргенде,
Алдыртты ебін тауып шешесімен.

Мырзак қу Зейнепті әбден сүйіндірді,
Арзыны бастан-аяқ киіндірді.
Мұстапа бұл халдерін естіген соң,
Арзыға баяндады мынау сырды.

“Ау, Арзы, байқалың ба Мырзак жайын,
Неліктен азық бозды саған дайын.
Білемін сен туралы көңілі бар,
Осылай сөз тараулы күн-күн сайын.

Шоқтанып жаңа шыққан сен қызыл гүл,
Ерте ойлан түспей тұрып қолдан шылбыр.
Жалғанда сені жатқа қия алмаймын,
Қарағым, қиям десен сіді өзің біл”.

Мастанған дәулетіне көпес Мырзак,
Нисті Арзыменен сейіл құрмақ.
Мұңайып көзін сүзіп, ойын айтты,
Арзыны оңаша үйге шақырып ап.

“Арзыжан, сені сүйем жан-тәніммен,
Өзіммен дүниеде жалғыз сен тең.
Ғашық боп күндей күлген ақ жүзіңе,
Тәсілмен сені мұнда алдырып ем.

Рас-ақ, қолымда бар екі қатын,
Әйел деп атамаймын оның атын.
Сен айым, сен жұлдызым, сенсің еркем,
Саған-ақ табышамын мінс, антым.

Көкпенен қарғанамын, көкем, саған,
Көзіңді күле қарат, қалқам маған.

Аспаннан жынды боран бүркыраса
Сен саям, сен камкорым, сен баспанам.

Күнменен қарғанамын күлші, жаным,
Күлмесен өртенемін қасірет қалын.
Мен күйіп көмір болсам жан беретін
Тәнірім, шапағатым деп ұғамын.

Айменен қарғанамын, айдап сүлу,
Сүйемін, арам маған сүймей тұру.
Жәннагтың жарығынан артық маған
Сенімен жалғыз сағат бірге жүру.

Жерменен қарғанамын жемісім сен,
Мәуесі салбыраған егісім сен.
Суырып алатұғын жалғыз сенсің
Жер астын жеті қабат қылсам мекен.

Жұлдызбен қарғанамын, жұлдызым сен,
Жағамда жаркыраған құлдызым сен.
Қор болам құп алмасаң қан боп өлем,
Кең дүниеде үш кез ғана көрменен тен.

Тәнірімен қарғанамын болсын айғақ,
Тірідей жерге қақсын болсам тайғақ.
Арзыжан, сені жерге қаратсам мен
Тамықтан тамықтарға жүрсін айдап.”

Арзы айтты: “Құлағын сал жауабыма,
Жалшыға мырза ғашық болмас, сірә.
Жарым бар жаны бірге жастай өскен,
Пышак қойып буынсызға қылма кінә.”

Осыдан басқа бір сөз қайырган жоқ,
Жүзі жылшың мырза деп табынған жоқ.
Мырзак та дел-сал болып жүре берді,
Саңдалып дәл жүректен тигендей оқ.

Мұңды қыз қанды пайза түйрелгендей,
Шашынан тау мен тасқа сүйрелгендей.
Бозарып түсі суып мен-зен болып
Қиналып қабырғасы күйрегендей.

Жек көріп Мырзак сөзіп қаны қашты,
Көзінен ызаланып төкті жасты.
Бір күні тауға келіп құлаш жайып
Өмірдің уын теріп, мұнын шашты.

“Алдым жар, тұрмысым тар, артым тұйық,
Телегей теңіз жасым шыр түңғық.
Ай-Петри кара тасты көтергендей
Қайғыдан жүре алмаймын белім ұйып.

Антұрған дәулетке мас залым Мырзақ.
Жалынып жалпаяды қылжак-қылжак.
Шариғат, күштілікпен қорқытады
Саудагер, сопы, қажы, молданы сап.

Сорлы бет қайдан біттің жылтыраған,
Жетпей ме кара бұжыр кескін маған.
Бәрі де жалшы әйелдің теңізде жүр,
Ерген жоқ жалғыз ауыз өсек-аяң.

Жаратқан, сұрадым ба сенен көрік,
Сенделттің бакыт бермей, көрік беріп.
Сакина сау басыма осы емес пе
Әжуа қор болғаным, болмай ерік.

Мұң шағар әділ деген молда, ишан,
Бірінің жаны ашымас мыңын жисаң.
“Сүндеті пайғамбардың барыңыз” деп
Сол болды бар білгені неке киған.

Қос қатын Мырзактағы тілі улы,
Өсекті көршілерге таратулы.
Болғанда Мырзақ қабан, мен ақ шабак,
Жасаған, жас басыма қатер туды.

Заңғар тау, ақылыңды айт, қайда барам,
Жалғызбын алды-артымда жоқ бір панам.
Жаккан соң ақ бетіме кара күйе,
От болып өртенемін, назалапам.

Заңғар тау, көк карағай жан-жағың тас,
Келгенде паналауға қойныңды аш.
Не діннен, не өмірден рақым көрмей,
Зарымды саған шағып төгемін жас.

Шынарсын коқырайған коқырлы күз,
Жылап тұр көзін басып бір жетім қыз.
Тезірек жыртқыш аңды жібер-дағы,
Жегізіп тар тұрмыстан күдер үзгіз.”

Арзы қыз ұзақ күнге жылап-жылап,
Кешкерек келді үйіне талмаусырап.
Кешікпей тас күркеге қайта көшті
Ешкімнен рұқсатсыз шешесін ап.

Бірігіп екі бала тас үй салды,
Бір жерде асырамак болып жанды.
Ұл-қыздың сый-сипатын сезгеннен соң,
Қос кемпір бетін сипап, қабыл алды.

Қуанды құтылды деп Мырзак жаудан,
Мұстапа аң аулады барып таудан.
Кеш жатты, ерте тұрып қайық мініп,
Арзы қыз балық жиы құрған аудан.

Өмірде болған емес жанға тыным,
Өкімет тарапынан ауыр шығып.
Ол күнде алым-салық жөні солай,
Табыстың қалдырады жүзден бірін.

Ысқырған айдаһардай ол бір заман,
Тарыққан тауды кезген талай адам.
Арзы мен Мұстапа емес елден ерек,
Талай жас теңдік көрмей зар жылаған.

Теніздің жағасында балықшылар,
Тау-тау қып балық үйін жыбырлаған.
Түйені түгіменен жұтқан дәуір
Жалаңдап дүниеге ашқан аран.

Құйылған бұлақ болып көздің жасы.
Деп келіп, күнім қараң, күнім қараң.
Арзы қыз сол халықтың бір баласы,
Өзгеден өзгеше бол қансыраған.

“Апыр-ай, Арзы рас кеткені ме,
Сертіне қыз да болса жеткені ме?
Бетіме күйе жағып ел алдында,
Тілімді қол сілтеумен кескені ме?”

Тауда өскен тас жүректі деген рас,
Шынымен болғаны ма жүрегі тас.
Қыр мұрын Қырым қызы қыпша белге,
Жетсе мал, жетпесе оған садақа бас.

Батады қабырғама мынау қорлық,
Бірімін көрмеушінің жана зорлық.
Қақпаңға түсірейін жолбарыстай
Таудағы Мұстапаны жүрген орғып.

Оншама қорғанатын жалғыз емен,
Тіріде отырам ба қарап томен.
Қарғылы кара тазы жігіттер бар,
Дейтұғын сеніменен бірге өлем.

Ойлап ем жас аруды сүйемін деп,
Қырымдык ең сұлуға немін деп.
Жарыкка жасырын сыр шығып қалды,
Айтқанды іске асыру ендігі серт.”

Жаман ой бұл Мырзакты жеңіп алды,
Сұлуға пида қылды бас пен малды.
Жекжат-дос, азамат, ағайыннан
Арзыға күні-түні кісі салды.

Қандай жап сиқырланып келгенменен,
Мал, бакыт, дүниені бергенменен.
Арзыдан жалғыз ғана жауап алды,
“Аулақ жүр, айтпа ондай сөзді!” – деген.

Бір күні салтанатпен Мырзак келді,
Шұбарлап ат-арбасын сырлап келді.
“Сағындым, сарғайдым да, сәулетай” деп,
Сынсытып сырнай-керней жырлап келді.

Күркенің қасына кеп шатыр тікті,
Қасында жігіті бар палуан мықты.
Ет асып, жеміс шашып, бал ішуге
Ұялас сарқаскадай тізе бүкті.

Арзыға сиқырланып Мырзак барды,
“Қонакка жүрініз” деп назар салды.
“Мен барсам Мұстапа да қалмасын” деп
Арзы қыз Мырзак сөзін қабыл алды.

Екі жас асқа келіп отырысты,
Үсті кір, киім жыртық, қолы күсгі.
Ожуалап Мұстапаны отырғандар
Текедей бақылдасып ду күлісті.

Жүрегін екі жастың намыс шертті,
Бойларын ашу кернеп дірілдетті.
“Бөрі мен қозы жолдас бола алмайды”
Десті де мәжілістен тұрып кетті.

Шыдамай Мырзак ұша тұра келіп,
“Әй, ақымақ, тоқта!” – деді түсіп бұзып.
Әйел ғой алпыс екі амалы бар,
Жұбатты анқау “дәуді” Арзы тұрып:

- Ай, Мырзак, дәулет десе дәулетін бар,
Дұшпан-ақ кемітерлік сәулетін бар.
Тау менен тастап басқа жөн білмеген
Жігітке ақырарлық не бетін бар?!

Анменен көрші өскен ол бір асау,
Қиын ба ақылыңмен салсаң тұсау.
Бұлбұл боп оралсаңыз мен бір гүлмін,
Өсірмес гүлдің бойын темір күрсау.

Алданды алдап айтқан сөзге Мырзақ,
Ішінен деді “қызға ұнадым-ақ”.
Мұстапа көз алдынан кетер болса,
Құшпырған Қырым қызы қайда бармақ.

Әйтеуір бір сұлуға болдым ғашық,
Жүре алман ғашықтықтан аяқ басып.
Жолына жаным пида, мал садаға,
Ол үшін өлсем риза қаным шашып.

VII

Үйіне қуанышпен Мырзақ келді,
“Дін басы” молдаларды жинап келді.
Қол байлап кеудесіне тағзым етіп
Жол сұрап “шаригаттан” арыз берді.

Қаркылдап дін қарғасы қазірет ишан,
Ісінде хақ қасында болмас нұқсан.
Сүннәті пайғамбардың әйел алу,
Күтеміз бұл сапарға қайыр иксан.

- Бір қызға көптен бері болдым ғашық,
Сұлу қыз туған екен жұрттан асып.
Арада әзәзілдей бір адам бар,
Кесірінен сол шайтанның жүрмін жасып.

Таһирдің қызы екен Арзы бала,
Жаратқан көркем қылып хақтағала.
Ғашықтық жалын өртен жүрегімді,
Сол үшін отқа түскен мен пәруана.

Мұстапа деген жігіт осы қызға,
Менен де құмар екен көптен ол да.
Бірақ та сұлу оған риза емес,
Болады сол бұзыққа қандай жаза.

Беріңіз төрелікті әділдікпен,
Бұзыққа жаза айтыңыз – шаригатпен.
Сапарда жүргенімде Мұстапа кеп,
Азғырып Арзы қызды алып кеткен.

Арзы қыз жайнап тұрған қып-қызыл гүл,
Қонуға құмарланаған мен бір бұлбұл.

Дәйліге ғашық болған Мәжнүнмін,
Молдалар ендігісін өзіңіз біл.

Күп! – деді молда біткен көзін жұмып,
Қарады “тапсеріне” аласұрып.
Барлығы Мұстапаны “күпір” деді
Әйелді азғырушы “никах” бұзып.

Мұстапа хақ қасында күпір адам,
Білмеймін хақиқатты нағыз надап.
Бұзықтың сол жазасын тартқызуға
Қазылсын он құлашты терең зындан.

Мұстапа тұтқын болсын сол зынданда,
Шаригат солай қосады бұзылғанға.
Үш күнде бір қадақтан тамақ берсін
Қылмасын еш рақым басқа пәнда.

Үкімге Мырзак жауыз риза болды,
Сыйлық деп молдаларға алтын берді.
Арзы қыз маған әйел, мен күйеуі
Деген ой бойын билеп көкірек керді.

Қазуға терең шұңқыр үйден шықты,
Қасына жігіт алды палуан мықты.
Бауырынап “Ай-Петридін” ә дегенше,
Құдықты он құлаштық қазып бітті.

Ол күнде Иран менен Мадинадан,
Қырымға көшіп барған бұл жаңа заң.
Қайырымсыз қара жүрек хан тұсында
Қолданған түрме орнына терең зындан.

Бес жігіт Мұстапаға кетті жүріп,
Жоғалтпақ қыздың жарын көрге тығып.
Алушы аңдушыны тез алмай ма,
Ұстады Мұстапаны ұрып жығып.

Бұл кезде Арзы бала теңізде еді,
Теңізде бір ғажап іс көзі көрді.
Торт үйрек қалқып жүр еді көк толқында,
Біреуін бір қара құс ап жөпелді.

Зуылдап қара құс кеп үйректі ілді,
Барылдап үйрек сорлы көп жұлқынды.
Ашулы айуан тырнақ босатсын ба,
Жөпелді бұрқыратып мамық жүнді.

Нашардың бәрі осы деп ойлады Арзы,
Мөп-мөлдір оттан ыстық жасып алды.

Аялдап аяқтамай әлгі ойын
Өлдім деп қызға біреу айқай салды.

Дауысын Мұстапаның тапыды Арзы,
Жанына не болды деп күйіп-жанды.
Толқынмен араласып жетіп келсе,
Бес бөрі талап жатыр Мұстапаны.

Ұшып кеп Мұстапаны құшаққа ап,
Жармасты жібермеске жарын қорғап.
Бөріге тоқты төтеп бола ала ма,
Жөнелді тартып алып қаңға былғап.

Қос кемпір жүгірді топырақ тырнап,
Жайыл сап аппақ шашын қарғап боздап.
Зарлының үндеріне үнін қосып,
Тау жылап, көздерінен акты бұлақ.

Күніренді екі кемпір жасын тогіп,
Тірліктен Мұстапа үшін мүлде безіп.
- Шыбыным, құлыншағым Мұстапа деп
Қаңғырып Қырым ішін кетті кезіп.

Сүрініп бірде құлап, бірде тұрып,
Қирандап бұратылып мың жығылып.
Шарлады дала-қала алаптарын,
Күркілдеп шұбатылып дымы құрып.

Мұстапа мәңгі шықпас орға түсті,
Амал не, орға тыққан мырза күшті.
Жазасы дін исламның осылай деп
Қайғыны сусып қылып уып ішті.

Бір кезде теңіз өрлеп жүрген жігіт,
Белсеніп етек-жеңін түрген жігіт.
Торғайдай торға түскен жауғандайды
Тірілсй терең қазған көрге кіріп.

Бір кезде желқайықты ескен жігіт,
Су жүзін аққу құсап кешкен жігіт.
Алты адам айналасы шұқырда отыр,
Су құйған көмір болып өшкен жігіт.

Бір кезде Арзыменен жүрген жігіт,
Еңбектің қадір, көркін білген жігіт.
Серт байлап, сыр түйісіп, қол алысып,
Ойнатып отты көзді күлген жігіт.

Жалын боп жер астында отыр бүгін,
Құс емес ұшып бұдан кететұғын.

Қолынан бар келгені жыр толғайды
Зарланып жаратқанға шағын мұңын.

“Жаратқан жас шағымда орға жықтың,
Тірідей терең қазған “көрге” тықтың.
Нашарды торғайдай ғып домалатып
Күштінің тырнағымен жұлып – түттің.

Тар зындан еркімді алды, күшім кетті,
Күн бар ма көтеретін көкіректі.
Қатпаған қауырсыны балғын едім
Жай түсіп, тас төбемнен жаншып өтті.

Алуан асыр салған шу асау аңдар,
Асқардың сусындайды бұлағынан.
Жалғыз-ақ шөлде жатқан мен бір зарлы
Қан кеуіп, қайрат кетіп, қиналды жан.

Қажыдым, халім бітті, тамағым аш,
Бұлт төңсе киімім жоқ мен жалаңаш.
Шынымен жер астында өлгенім ғой
Балғын тән күрт-қоңызға бола ма ас.

Басыма орнағанда кара тұман,
Мойныма оралғанда кара жылан.
Қасыма Арзы сәулем келе қалса,
Айырып алар еді ажалымнан.

Қапыда жолдастарым сезбей қалды,
Ортаға салатын еді шыбын жанды.
Есітсе кегін алар, іздер мені
Өлтірсе олар-дағы алар қанды.

Қарт анам қайғы менен қан жұтарсың,
Сағынып құлыныңды тас құшарсың.
Түсіңе ұйықтағанда мен енемін
Оянып жер мен көкке бір ұшарсың.

Мекенім қараңғы үй көрменен тең,
Теңізді шимайлайтын өтті дәурен.
Бірге өлмей сеніменен арманда өттім
Жолдасым қош аман бол, Арзы сәулем!”

Мұстапа зарлап жатты күндіз-түні,
Қос кемпір, Арзы іздеп жүр таудай мұңы.
Бір күні кешкітұрым салқын желмен
Арзының құлағына жетті үні.

Қайратпен жетіп келді ор басына,
Алмақ боп жан жолдасын құшағына.

- Мұстапа, тірімісін?

- Әу, тірімін.

Тілдесті әлсіз жатқан жолдасына.

Бар еді белінде ұзын жіп арқаны,
Зынданға тастай берді қайнап қаны.
Қармақтай шабак алған қара судан
Арзы қыз тарғыш алды Мұстапаны.

Бір-бірін тірі көріп қуанысты,
Көңілі бір демделіп уанысты.
Арзының арнап жүрген азығын жеп
Аш өзек есін жиып жұбанысты.

Күн батты, тау қалғыды, жел тынықты,
Түсірді теңіз тұман шымылдықты.
Табиғат маужырасып бәрі жым-жырт
Жұлдыз-ақ ым қағысып, көзін қысты.

Түсінген жұлдыздардың ымдарына,
Көңілдің әсер берген ырғағына.
Екі жас тау түнеді, тыным алып,
Жүректің сыр айтпақ боп жұмбағына.

Дем алып тамылжығын гүл мен орман,
Тәтті иіс бүркыратты жан-жағынан.
Қырымның ұл-қызы косылды деп
Шығармақ болды екеуін құмарынан.

Айкасты екі жастың қос білегі,
Лүпілдеп соқты Арзының жас жүрегі.
Отына махаббаттын бойы балкып,
Назданып Арзы сұлу мөлдіреді.

Жастардың араласты ыстық лебі,
Жігіттің сол емес пе тілегені.
Сағынған көптен бері ғашық жарын,
Мұстапа қысып сүйіп, күлімдеді.

Қос білек қосарлана құшақтасты,
Екі жас сүйісті де, мауқын басты.
Арзының өміріне осы бір түн
Өшпестей, ұмытылмастай нұрын шашты.

Бір болсын шықсақ төбе, өлсек шұңқыр
Дегендей төстеріне тос тақасты.
Жүрекке жара салған жаулары көп
Жолдарын құтылудың ақылдасты.

Құттықтап ғашықтардың махаббатын,
Жерден нұ, көктен жұлдыз шашу шашты.
Сол кезде таң сарғайып, торғай шырлап
Жап-жақтан көкек біткен, сұңқылдасты.

VIII

Тас тінтіп Мұстапаны іздеуші көп,
Қос кемпір тау аралап жүр кемсеңдеп.
Жау да іздеп, достар іздеп “Ай-Петриден”
Ертеден кешке дейін қылады ермек.

Өркеш тас үңірейіп зәрені алған
Кемпірді тігіркентті жылап барған.
Қос кемпір сүйретіліп жүре берді
Жанымыз артық па деп Мұстападан.

Қарғайды тау кездірген дұшпандарды
Қылсын деп сені құдай біздей зарлы.
Қарғысын адам, айуан жәндік түгіл,
Шың, құс, тас, таулар-дағы ұғып алды.

Қарғысы кемпірлердің мынау еді:
“Молдалар жүрегіңді жесін жегі,
Ұлдарың, балаларың, қатындарың,
Таланып нашарлардың болсын жемі.

У толсын өзегіңе, болсын талқан,
Мойнына көген түсіп, кепсін аңқаң...
Оралып аяғыңа кара жылан
Қаныңды сорып жүрсін қайда барсан.

Мырзақ-ау қарышыңа канжар кіріп,
Дірдектеп аспанға атсын қап-қара қан.
Қос кемпір енді қалай күн көреміз
Айрылып жас құлыншақ Мұстападан...”

Ішіне бурыл таудың түсті тұман,
Жамылды күңгірт көрпе қатын орман.
Қашаннан азық татпай қатты ашыққан
Қабанға оңай олжа түсті жолдан.

Тілегі аш қабанның болып қалды,
Үстіне екі кемпір келіп қалды.
Бас салды бір кемпірді “ә” дегенше,
Біреуі тасқа шықты қорғап жанды.

Жыртқыш аң бір кемпірді көкпар қылып,
Салып аң иығына кетті жүріп.
Ананың айкайлаған дауысына
Союу тіс бара жатыр сылқ-сылқ күліп.

Жауыздың озбырлығын көрген кезде,
“Ай-Петри” жер тістенді қабақ түйіп.
Қаңбақтай құйып құған кемпір кетті
Тау-тасқа домаланып басы тиіп.

Немене, шыңғырса да естуші еді жоқ,
Дос қайда тартып алар кісі жиып.
“Елің жоқ еркелейтін бұл жерде” деп,
Токтағты кеңірдегін бір-ақ қиып.

Аш қабан қос азуды көміп жатыр,
Тұмсықтап екі емшегін еміп жатыр.
Жүрегін жұлып алып сылқ еткізіп,
Езуден қызыл қанды төгіп жатыр.

Шешесі Мұстапаның сорлы кемпір,
Қаңғырған Мұстапа үшін шерлі кемпір.
Замана құрсауының қысуымен
Қабанға бір жолғы азық болды кемпір.

Бұл кемпір қабанға жем болмақ па еді,
Далада қан төгем деп ойлап па еді.
Бай-қожа есі кетіп құтырғанда
Құрығы күштілердің байлап берді.

Бұл кемпір құрбан болған көптің бірі,
Тарихқа өзек болған мұң мен жыры.
Айғақтар “Ай-Петридің” ала басы
Жазылған қызыл қанмен таптың сыры.

Қабаннан аман қалған зарлы Зейнеп,
Арзы мен Мұстапаны келеді іздеп.
Сол күні аман-есен балаларға
Қосылды шашын жайып, зар еңіреп.

Құшақтап Мұстапаны төкті жасын,
Естіртті қабан жеген сорлы анасын.
Қайғырып Мұстапа да жасын төгіп,
Оқ тиген қоңыр қаздай иді басын.

Жас кетті бәрінен де ағыл-тегіл,
Қамады қасқыр болып тұйық өмір.
Жасыған Зейнеп пенен Мұстапаға
Арзы қыз қайрат беріп айтты көңіл:

“Токта, апа, Мұстапа сен көп жасыма,
Жаситын жас жігітін жері осы ма?
Біз емес жылап жүрген елден ерек,
Жылаушы нашарлар көп бұл ғасырда.

Қырымның қуаттысы діншілдері,
Байлары, мырзалары, саудагері.
Жарлысы жапырылған жапырақтай
Жауғандап жардан құлап сынған белі.

Тар заман камалында талайлар бар,
Арты су, маңы батпақ, алды шың, жар.
Жер ауып, суға, отқа көмілген көп
Атылып, толып жатыр асылғандар.

Біз-дағы көп нашардың біреуіміз,
Ми қашқан, көз бозарған жүдеуіміз,
Қайыр жоқ Қырымдағы жауыздардан
Жалғанда жалғыз білек тіреуіміз.

Өмірде таста туып, таста өстік,
Су жайлап, суды еміп, суды кештік.
Сол еңбек, сол бейнетпен күн көреміз,
Қашайық, отырмайық күнді кеш қып...”

Алғанша аузын жиын “мұнда” деді,
Бұл келген бес қугыншы құлар еді.
Мырзактың бір достары Қожа деген
“Қашқындар, жүр қалаға, түрма” – деді.

Мұстапа орынынан ұшып тұрып,
Қанжарды Арзы әкелген алды жұлып.
“Жастанып жастығымды жатайын” деп,
Бүйректен жарқ еткізіп алды сұғып.

Өкіріп ұшып түсгі Қожа батыр,
Ішек-қарнын алып шықты қанжар батыл.
Төрт жігіт жанындағы түйдек-түйдек
Шокпармен Мұстапаны ұрып жатыр.

Жау - төртеу, бұлар - екеу қылар қайрат,
Алушы қаруларын келген сайлап.
Мылтықпен қара саннап атып салып
Ағашқа Мұстапаны қойды байлап.

Кемпір мен қызға әлі келмесіне,
Зорлыққа Арзы тағы көнбесіне.
Кемпірді қара таспен бастырған соң
Кім кепіл жаны ышқынып өлмесіне?

Төртеуі Арзыға кеп жабырласты,
“Сен, жеңгей, қорықпа” деп дабырласты.
Мертіккен арыстандай Мұстапаға
Көзінен жасын тогіп амандасты.

- Мұстапа, қош аман бол, көздің нұры,
Әлі де жолығармыз қалсаң тірі.
Егер де жолықпасак аңыз болар,
Арзы мен Мұстапаның зарлы жыры.

Мұстапа балдан тәтті сені сүйгем,
Жалғанда жарым сеңсің, саған тигем.
Тәңірім бұл сөзіме болсын айғақ
Өмірде сен деп олем, сен деп күйем...

Бойымда сенен қалған болса аманат,
Серт берем тапсыруға сау-саламат.
Егер де өліп кетсем борыш қылма
Батырым, бидайығым болат канат...

Тұрса да әлі құрып қозғала алмай,
Зарына жолдасының шыдар қалай?
Мұстапа бәйтеректі селкілдетті
Тұрар ма қаны қызып күйіп-жанбай.

- Жап жолдас, Арзы сәулем, кеттің менен
Қалар ем жаудан алып жара денем.
Бакыл бол көріспесек бұдан былай
Тенізге түсіп кеттің түңсіз терең.

Болмады көп сөйлеуге бұдан әрі,
Арзыны көтермелеп тартты бәрі.
Жаңғырып қала берді тау ішінде
Шырқырап шер тарқардың қайғылы әні.

Тыпырлап тас астында кемпір қалды,
Мұстапа ағызып тұр қызыл қанды.
Түйіліп қарға-құзгын, күрт-құмырсқа
Қан ұрттап ауызының дәмін алды.

Сауысқан көз майларын шұқиық деп,
Қаракүс тез өлсін деп жұтынып кеп.
Тышқандар азуларын салып жатыр
Болды деп үлкен тамақ кемпірді жеп.

IX

Қуанды Мырзак соққан мұрттан күліп,
Арзыны оңаша үйге қойды тығып.

Азғырып біреу-міреу жүрмесін деп
Қойыпты қара күнге күзеттіріп.

Мырзакқа Арзы сұлу емес риза,
“Некесіз” тағы харам жолыңуға.
Қыз десе Қырым жасы қандай құмар,
Жайылды бұл оқиға ой мен қырға.

Арзыны кеңес қылды мырза, бегі,
Бос белбеу, бота тірсек жігіттері.
Қырымда жаннан асқан сұлу бар деп
Естіді арғы жакта Түрік елі.

Түрік пен Қырым байы бәсекелес,
Бәстесу ел өмірі үшін емес.
Бакканы бірін-бірі алдап-арбау
Жер алғыш, сауда ашуға қызыл өнеш.

Түрікте даңқы шыққан Ғұсман мырза,
Бала үшін әйел іздеп жүрген бұл да.
Мұстапа, Арзы, Мырзак оқиғасы
Бір күні тиді мұның құлағына.

Ойлады сұлуды мен алайын деп,
Қисынын не қылғанда табайын деп.
“Қырымның талас қызын алды” деген
Тағы да ірі атаққа қалайын деп.

Шакырды Әли атты сұм жігітін,
Деді оған: сенен басқа көп жігітім.
Жұмсайын қиын-қыстау бір сапарға
Батырым, бас тартпастан барамысың?

- А, тақсыр, жолыңызға жаным құрбан,
Өлімге бар десең де дайын тұрам.
Жөніңді айт, батаңды бер мен әзірмін,
Қызметім құдай үшін сізге қылған.

- Жігітім, олай болса құлағың сал,
Теңіздің ар жағында Ресей бар.
Орыстың Қырым деген аралында
Ғажайып жан естідім мен қызығар.

Қырымда Арзы деген бір сұлу бар,
Таласқан талай мырза болып құмар.
Сол қызды құшақтатсаң тез әкеліп
Жалғанда арман бітіп, көңілім тынар.

Егер де осы қызды алып келсең,
Қолына ағаңыздың “Мә!” деп берсең,

Түріктің бас жігіті сен боласын
“Сыйға сый, сыраға бал” біле білсен.

Егер де орыс елі көтерілсе,
Ол қызды сол алады кімдер жеңсе.
Қалғанша қасық қаным соғысамын
Таймаймын қара басым жерге енгенше.

Қан тамған қылышына мен ер түрік,
Қандай жау мені жеңер қарсы тұрып.
Үркердей алаңдағы ел тең келе ме,
Кетерсің патшасын да жерге тығып

- Күп тақсыр, міндетіңді орындаймын,
Сіз үшін жау жағынан қорынбаймын.
Шейітіпсіз өле қалсақ хақ қасында
Таймаймыз дұшпан болса сығымдаймын.

Серт беріп Әли залым жүріп кетті,
Қасына үш палуан жігіт ертті.
Әрі ұры, әрі бұзық айлакерлер
Төртеуі Қырымға да келіп жетті.

Түрікте Ғұсман жатыр терен ойда,
Қырымның қызыл гүлі Арзы қайда?
Көркімен бар жігітті қызықтырған
Әлде үйде, әлде түзде, әлде байла...

Болмаса бір жігітке тимей ме екен,
Мырзаққа мойнын қаздай имей ме екен,
Қып-қызыл алма еріннен сүліктей боп
Құмартып қайта-қайта сүймей ме екен...

Сырласып әлдекіммен жатады екен,
Бал тілін қандай адам татады екен.
“Кел, сәулем, жаным-тәнім сен үшін” деп
Ақ төсін әлде кімге ашады екен?..

Болмаса теңін іздеп жылай ма екен,
Көл болып көздің жасын бұлай ма екен.
Өзімдей ел басшысы болмаған соң
Сөз салмай жамаңдарға шыдай ма екен.

Болмаса сүттен таза бала ма екен,
Ақыл мен көркі бірдей дана ма екен.
Самал жел сахарада сайрандауды
Көңіліне ертеңді-кеш алар ма екен.

Апырмау, біздің жакка келер ме екен,
Мен үшін жігіттерге көнер ме екен.

Болмаса қолын сілтеп бармаймын деп
Сарғайып ғашықтықтан өлер ме екен.

X

Төрт жігіт Арзы қызды іздеп тапты,
Таң қалды көрген жерде қолан шапты.
Бар сырып әбден біліп алғаннан соң
“Ғұсманға лайық...” деп ақылдасты.

Бір күні Әли кезеп келіп еді,
Қара күн есік ашпай жауап берді.
“Арзыға жолығуға рұқсат жоқ,
Қинама бұдан былай енді мені.

Білмейтін жан емессін тұра жолды,
Жоқшылық байламай ма жомарт қолды.
Нашарлық салдарынан торға түскен
Әзілді жаратпайды Арзы сорлы.”

- Шешетай, тез қайтамын тіліңді алам,
Болғанда Арзы балаң, мен де балаң.
Егер де қызға жаның ашыр болса
Қай күні бейнетінен мен құтқарам.

Нансаңыз Мұстапаның мен досымын,
Досымның тіліменен келіп тұрмын.
Сөйлестір оңаша үйге алып барып,
Жоқ еді қастық ойым, бұл шын сырым.”

Қарағым, олай болса қылма өкпе,
Арзыжан ерте шығар су жақ шетке.
Бұлаққа суға барар сөйлесерсің
Бірақ та өтірік айтып тентіретпе.

Қара күн жүгіріп кеп айтты жайып,
“Арзыжан, сүйінші бер қуантайын.
Бір түрік Мұстапаға жолығыпты
Таңертең аты-жөнін біл, қалқатайым...”

Арзы қыз осы кезде жүрген жүдеп,
Мырзақ та тынышын алған о деп, бұ деп.
Сол күні жекіп тұрып айтып кеткен
“Некемді саған ертең киямын” – деп.

Түшжырап терең теңіз ойға кетті,
Басынан өткен күнді елестетті.
Не пайда жалғыз тамшы рахат жоқ
Үшқыр ой қиыры жоқ тентіретті.

Улы ой ішін өртеп алаулатып,
Талдырды есін алды, қалжыратып.
Тенізге түнгі төнген қара тастай
Көгерді төмен қарап қалды катып.

Түн болды Қырым үстін түнек басты,
Қаптады қалың тұман қарашашты.
Тау қалқып, тас бұйығып, орман ұйықтап
Дел-сал боп гүлдер басын салбыратты.

Ұйқысыз аққан бұлақ жуып тасты,
Жол-жол боп “Ай-Петриден” төмен асты.
Қырымнан ертең Арзы кетеді деп
Біріне бірі айтып сумандасты.

Таң атты, күн де шықты, жел гүледі,
Мініп ап ағаш шөпті шу-шуледі.
Алысып жынды желмен келеді Арзы,
Қанбақтай желкұйынның еркіндегі.

Енкөйді бір бұлақтан су алмаққа,
Ойы алтау, көңілі жетсеу әр тарапта.
Кешегі түрік жігіт кездессе деп
Хабарын Мұстапаның сұрамаққа.

Шерлі қыз күрсінеді, тың тыңдайды,
Жел оған Мұстапа боп сыбырлайды.
Күздағы қайың, емен жапырағы
Жүзіндей ғашығының жымыңдайды.

Қыз келді терен түпсіз мұңға батып,
Бір жүріп, бір бөгеліп әрен басып.
Ақырын тас үстінен Әли келіп,
Сөйледі өлеңменен сырға тартып.

Әли:

- Сұлу қыз, гүлді жүзің неге солған?
Қасірет жас басыңнан неден болған?
Қайғының, қарашығым, жөнін айтшы,
Жанбысың шыға алмаған күрған тордан?

Арзы:

- Уа, жігіт, халім жаман, өмір бөтен,
Жөніңді айт нашарды аяр доспын десен.
Жоғалтқан Мұстапаны мен Арзы қыз
Сөйлеп бер сол жоғымды тауып берсен.

Егер де әзіл қуған адам болсан,
Айырмас ақ-қараны надан болсан.

Қаңғырма, жайына жүр, жолын әне,
Қосылмас үш қайнасан маған сорпан.

Әли:

- Болады аса надан Қырым бегі,
Қан ішкіш айуан мінез жігіттері.
Солардың арасында сіздей заттын
Толады уайымға жас жүрегі.

Ақ сүйек, асыл тұқым түрік елі,
Дұға алған пайғамбардан аргы тегі.
Діні асыл, жаны асыл араб жақын,
Жайлаған “Меке” менен “Мәдинені”.

Түріктің Ғұсман атты патшасы бар
Қақ жарып қара қылды әділ тұрар.
Жатады су түбінде асыл маржан
Патшамыз көркіңізге болған құмар.

Шырағым, таба алмайсың Мұстапаны
Бұлақтай көз алдында аққан қаны.
Қырымда байлауда көп жүре алмассың
Мекен қыл бұдан былай Түркияны.

Арзы:

- Түрікте жұмысым жоқ, бара алмаймын,
“Жүр” деген тіліңізді ала алмаймын.
Ғұсманның аяқ жылытар тоқалы боп,
Сақина сау басыма сала алмаймын.

Мұстапа көз алдымда қалған тірі,
Онсыз мен тұра алмаймын сөздің шыны.
Ол үшін отқа жансам арманым жоқ,
Патшаннан маған артық басқан ізі.

Бармаймын мақтасаң да Түркияна,
Ит бармас Ғұсман патша сүркияна.
Таяныш қаһарлы жүрт өрісім бар,
Өлемін Қырымның мен құшағында.

Қанымнан қымбат маған жерім, тауым,
Бөлемес қуанышқа елім жауып.
Былғама теңізіді, Әли аға,
Бермеймін өзім түгіл оймақ бауын.

Әли:

- Ей сұлу, қол сілтеме сөзді тыңда,
Жалынсам жалтарасың бұл шынын ба?
Баласы ер түріктің ашуланса
Тұруын екі талай бұл Қырымда.

Түріктің Ғұсман мырза ақ патшасы,
Бас иген еліміздің кәрі, жасы.
Сол Ғұсман сені алуға ғашық болды,
Жіберген елшісімін сөздің расы.

Ер жүрек, ежелден оқ етін тескен,
Тау кезгіш, тасты сүзіп, теңіз кешкен.
Ғашықтық дағуасына құрбан болып,
Талайдың осы жолда қанын ішкен.

Ғашықтық атамыздан қалған мирас,
Ғашыққа қандай жігіт жапынқимас.
Патшамыз сізге ғашық болған екен
Ендеше сізді әкетпей көңіл тынбас.

Шалқайма, қымбат сұлу, мойныңды бүр,
Жиекте сізге арнаған кемеріміз түр.
Сіз ханым, біз қызметші әр уақытта
Кемеге мінгізейік тезірек жүр.

Арзы:

- Ей жігіт, енді мені зорламаңыз,
Азаптан қоршап тұрған қорғамансыз.
Күш қылу айуанға да жараспайды
Қорғансыз қыз екен дер қорламансыз.

Мылжындап, құжақ жігіт әуре қылма,
Қызықпа Қырымдағы сұлу қызға.
Жат елге намыс сатып барғанымша
Өлейін теңізімде, Қырымымда.

Деді де Арзы аяндап жүре берді,
Шакырды Әли ымдап жігіттерді.
Төрт жігіт іліп ала жөнелгенде
Кемерде Арзы өзін бір-ақ көрді.

Шу деді жүйрік кеме суды тілді,
Артынан қуалады дауыл жылды.
“Қырымның қызын бүгін ұрладық” деп,
Толқындар масайрасып сылқ-сылқ күлді.

Жүрегі түріктердің әуізіледі,
Ризамын орындалды сертім деді.
Қырымның қырғауылын жер соқтырдым,
Әрқашан не істесем еркім деді.

Жем болған көк бөріге Қырым қызы,
Түскендей жерге ағып көк жұлдызы.
Торғайдай торға түскен жаутан қағып,
Қырыммен амандасқан мынау сөзі:

- Қош Қырым, көркем Қырым, гүлді Қырым,
Қоштасам деп ойлап па ем бұдан бұрын.
Қызылшыл күзғындарға тұтқын болды
Бауырында киігіндей жүрген қызың.

Білмедім аңқаулықпен жаудың сырын,
Барасың калып артта, қайран Қырым.
Түріктің тұтқыны боп кетіп барам,
Жетер ме Мұстапаға зарлы үнім.

Қош Қырым, етегің жаз, басың мұнар,
Кеудең қар, көкірегің сенің ызғар.
У ішкен су орныпа мен бір сорлы
Әлсізді азық қылды арсыз мұндар.

Шағылған ақ алмастай шыңда мұзың,
Жакпар тас, жантайысқан асқар құзың.
Түріктің жендетіне пенде болды
Қан жұтқан қайғыменен жетім қызың.

Қош тауым, аспан көкке басың барған,
Құшақтап Қара теңіз орап алған.
Жатқанда жанбасыңнан күс өте алмас.
Өкпенді күннің көзі емес шалған.

Қойныңды түрлі жәндік аралаған,
Мықтысы нашарларын жаралаған.
Қан ағып, жаны шығып жатыр өне,
Зар қағып көр аузында талай адам.

Қош Қырым, аю, кабан, арқар қашқан,
Секектеп құлан, бұлан бұлдырысқан.
Апай тос айғыр жалды арыстандар,
Құтырып ауызынан көбік шашқан.

Бауырыңда ойнақтаған бұғы-марал,
Ақ иық, сабау саусақ қайың мен тал.
Келгенде жылдың құсы жыл-жыл сайын,
Арзының зарлы даусын сонда есіңе ал.

Қош Қырым, туған елдің мекені сен,
Мейірімін, жылылығың апама тең.
Мұстапа құшағыңда калып барад,
Пана бол жаралы ерге етегің кең.

Талай жан Мұстападай еңіреген,
Жалтақтап жалғыздықтан жанын жеген.
Сендерге мұн-зарымды айта алмадым
Қош бол, қош, балықшылар бейнеттенген.

Қош бол, қош суды сүзген балықшылар,
Толқынды қарсы ұруға қайық шылар.
Қапыда қолға түскен Арзы қыздың
Қоштасқан шер тарқарын жаның ұғар.
Күшейсін жүректегі қайнаған кек,
Бас име жауыздарға ұлығым деп.
Бостандық нашарларға болсын тезірек
Зорайсын күннен-күнге талап-тілск.

XI

Шалқыған Қара теңіз түсі суық
Толқынды кетіп барад толқын қуып.
Көбігін аспанға атын асау теңіз,
Тулайды жиектегі тасты жуып.

Теңіздің жағасында сансыз адам,
Ау құрып, балық аршып, жыбырлаған.
Нан үшін жазы-қысы дамыл көрмей,
Жем іздеп, жүрек жалған, қыбырлаған.

Жиекте бір топ отыр дүрілдескен,
Бас иіп қайтар емес киын істен.
“Не өлу, не кек алу тезірек” деп,
Бірі айтып, бірі қостап бас изескен.

Ішінде осылардың Мұстапа бар.
Жүдеген жәбір көріп, кеткен ажар.
Қайғылы қара түнді жамылғандай,
Күрсініп ауыр-ауыр демін алар.

Күн қайда есін жияр балықшыға,
Ер қайда басшы болар өншен “күлға”.
Мұстапа оққа ұшып, тауда қалған,
Демеңдер қалай ғана келген мұнда.

Мұстана жауға тұтқын болды деген,
Сол күні достарына хабар берген.
Жолдасты жауға беріп қоймайық деп,
Өзді-өзді қаны қызып дүрілдеген.

Жиылып арасынан кісі бөлген,
Күзембай, Сейпі, Құрман, Секен деген.
Төрт жігіт қала ішінен сұрастырып,
“Месқорды” ертенді – кеш тынбай кезген.

Жан қалмады бұлар жүріп сұрамаған,
Достарын тірі табу болды арман.

Зынданға камалғанын білгеннен соң,
Бүркіттей тауды сүзіп аралаған.

Байлаулы Мұстапаны алды тауып,
Ес-түс жок ер басына төнген қауіп.
Байлаудан алып шықты азаматтар,
Кетіпті бар денесін қаны жауып.

Арқалап келе жатыр кезек-кезек,
Су сұрап жаралы жан қақты безек.
Бұлақтың басына кеп дем алысты,
Жігіттер кекті ашуын ішке тежеп.

Мұстапа есін жиып, көлін ашты,
Жар үшін өлімге де қиған басты.
Бейнетті бастан-аяқ сұрап біліп,
Ырза боп достарына құшақ ашты.

Мырзаққа өздерінше жаза бермек,
Я ұрмақ, я таламақ, я өлтірмек.
Бүгінгі Мұстапаға тиген сокқы,
Күні ертең бәрімізге тиер-ақ деп.

Жағада жұмыскерлер гүлей тұрсын,
Мырзақты мейлі өлтірсін, мейлі ұрсын.
Арзыны алам деген Мырзақ қайда,
Айталық соның жайып көңіл тынсын.

XII

Сал Мырзақ ұйқы көрмей ерте тұрды,
Киінді жібек киім түрлі-түрлі.
Қоқнып айнаға кеп бойын түзеп,
Көрінбек болды Арзыға аса құнды.

Тауықтың қоразындай қоқырайып,
Қарайды айбаттана шақырайып.
Әйтеуір Арзы қызға жағам ба деп,
Көрсетпек болды қызға өзін лайық.

Мысықтай сирек мұртыш сипап кезек,
Сықситып шегір көзін оқтай кезеп.
Отырды жапа-жалғыз кілем төсеп,
Бакытты адам болып елден-ерек.

Алдына Арзы келіп елестеді,
“Мырзақжан, меніменен кенес деді.

Өлгенше мен сенікі, сен менікі,
Қызығым басқа жанға емес” деді.

Елбектеп екі қолын ербеңдетіп,
Қол жайды құшақтауға мауқып басып.
Елеске көңіліндегі елегізіп,
Кірді ол “Арзыжан” деп есік ашып.

Арзы жоқ Мырзақ келсе сарайына,
Деді ол: “Шыққыр көзім нанайын ба?
Маскара жұрт алдында болдым ба рас,
Теңізге құлайын ба, отқа жанайын ба?”

Жар салды манайына “Атқа мін!” деп,
Арзыны табыңдар деп жылдам іздеп.
Ат шабыс өрт шыққандай болды қала,
Іздеуші түс-түс жактап шықты лек-лек.

Сайланған самаладай өңшен сандақ,
Астына жүйрік жорға мінген тандап.
“Мескорды” тас-талқан қып актарып жүр,
Құйындай бүркылдайды кара шаңдақ.

Қолында қаруы бар мылтық, найза,
Айбалта, айыр, көсеу, сойыл, сойда.
Топелтеп ерсілі-қарсылы далбаңдайды,
Айқай-шу, Арзы қайда, Арзы қайда?

Үйіне кара күннің шауып барып,
Сабалап шиідей қып басын жарып.
Арзыны табыңдар деп көрдей қысып,
Өкіртіп аттарының бауырына алып.

Кейбірі жас әйелге жетіп келіп,
Қысады Арзыны айт деп өршеленіп.
Тепкілеп, шаштан жұлып арсылдайды,
Жараған бұрадай боп екіленіп.

Кейбірі жас баланы алды ұстап,
Қорқырып, “Не көрдің?” деп сұрап қысты.
Кейбірін құлақ бұрап шынғыртады,
Кейбірін қорқытады отқа ұстап.

Көргенде балықшының балалары,
Жылайды қалмастай-ақ шыбын жаны.
Қайыршы, малшы, жалшы жан көрінсе,
Қасқырдай қойға тиген қуырады.

Босыған, қуғын көрген мал-жан түгіл,
Құстар да зар қағысты көрмей тыным.

Талайлар бұл шабыстан олжаланып,
Орнады талайларға ауыр шығын.

Мырзактың көзін басты балшық ірің,
“Мен сендік” дегендерге шашты пұлын.
Кой құнын ұстайтұғын орын келсе,
Кесектеп аямады аттың құнын.

Еңбексіз пайда болған дәулет пұлын,
Тап мұндай шашқан емес бұдан бұрын.
Сүзді де судың бойын, құздың ішін,
Қырымның табайық деп қыздың гүлін.

Қалмады бал ашпаған бақсы-балгер,
Бәрі де зікір салып Арзыны іздер.
Түрікке кеткен Арзы қайдан болсын,
Шатасып жын шақырып әуреленер.

Қобызшы қобыз тартып оршеленер,
Айқайлап өнеш созып текке терлер.
Бәрі де құрмалдық боп шалынғандай,
Күн болса “Мескор” жаққа Арзы келер.

Қуғыншы таудың ішін аралап кеп,
Қараса байлауында Мұстапа жоқ.
“Арзы ғой Мұстапаны күтқарушы”
Дейді де балықшыға ат қойды топ.

Бастығы қуғыншының – “күйеу Мырзак”,
Қырымды Арзы үшін талқан қылмақ.
“Балықшы не табады, не өледі” деп,
Жөнелді бүркыратып, шабуылдап.

Теніздің жағасына келді жетіп,
Манағы бір топ отыр гүжілдетіп.
Қарасы Мұстапаның көрінген соң,
Қамшының астына алды күмпілдетіп.

Төбелес, ұрыс-керіс болды майдан,
Балықшы қосылды кеп әлдеқайдан.
Ер өліп, жан жаралы болып қалды,
Тас-талқан қиратылды сауыт-сайман.

Екі топ кеткен кезде араласып,
Қолма-қол төбелесіп, жағаласып.
Балықшы келген жанды қалақпенен,
Түсірді топтай қылып жерге жаншып.

Ежелдеп Мұстапаның жауы Мырзак,
Түсірді қақ шекеден жалғыз-ақ сап.

Ағызды топ ішінде қара қанын,
Жауыздың өз қанжарын өзіне сап.

Мырзактың өз қанжары өзін жарды,
Қайраған Мұстапа үшін бұл қанжарды.
Ор қазып жазықсызға жүрген жауыз,
Орында өзі қазған өзі қалды.

Өкірген доңыздай боп Мырзақ жағты,
Қолынан Мұстапаның өлім тапты.
Шыдамай балықшының дүмпуіне,
Быт-шығ боп қалғандары елге қашты.

Мырзактың туысқаны молда, ишандар,
Тіреген патшаға арқа ылғи пандар.
Арасын ұлт, ру қырық пышак қып
Арадан жем түсірген арам жанлар.

Қашқандар молда, ишанға жылап барып,
Жығылды аяғына мұңын шағып.
“Қырылдық балықшылар құртады” деп
Жалынды жәрдем сұрап болысарлық.

Қырымның ишандары қайқы мұрын,
Нашардың тілеп жүрген қырылуын.
“Мырзактың құнын барын алып кел” деп
Татардың аттандырды жүз елуін.

Мес қарып молда, ишандар бірыңғай боп,
Келсе де бұлардан балықшы көп.
Сакталып Арзы кегі өмірлікке,
Төбелес күннен-күнге кетті үдеп.

Екі жак екі тап боп сойылдасқан,
Күні жоқ бір-біріне мойындасқан.
Құйылды Қара теңіз арнасына
Көзден жас, көкіректен қандар аққан.

Әлсіздер қызыл қанға белден батты,
Оқ тиген киіктей боп ақсаң қакты.
Жағасы Қара теңіз жанжалменен
Төбелес, ұрыс-керіс болып жатты.

XIII

Күні ыстық, тауы шынар түрік жері,
Аң аулап, ит жүгірткен жігіттері.
“Атамыз ер түріктің мирасы” деп
Жер үшін елді шапқан патша, бегі.

Әйелді кем ұстайды түрік елі,
Жігіттер сыбай-салтан өңкей сері.
Бір ерге алыс қатын аз деп санап,
Алуға жүзге дейін ерікті еді.

Түріктің қылышынан талай халық,
Еңкейген амалсыздан дінге барып.
Құртындай өлексенің көп бүлінді,
Сол дінге қазақ – тағы ұлап қалып.

Араб пен түрік тентек бірге шықты,
Нашар ел торғай болып жерге бүқты.
Құл ұстау, күн байлану, ел шабумен
Ағанды ол мезгілде түрік мықты.

Қоштасып Қырымменен мұнды Арзы,
Талайды таластырған құнды Арзы.
Қол күші, Қара теңіз толқынымен
Сақ етіп Түрікке де келіп қалды.

Қуанды Ғұсман патша ту көтеріп,
“Жар бол” – деп дін Ислам шу көтеріп.
Шаттанып есі шықты нокерлердің
Ғашығы патшасының Арзы келіп.

Арзыны Ғұсман сырттан сүйіп еді,
Дөңбекшіп сүйгендіктен күйіп еді.
Келмесе Арзы егер бұл сапарда
Қан төгіп алуға бел буып еді.

Қан төкпей ұрлықпенен Арзы келді,
Атағы солқылдатты қара жерді.
Арзының жана келген құрметіне
Той қылып, тамашалы шақырды елді

Той қылды, жиһазы артық палуан сайыс,
Айдады күндік жерге жүйрікті алыс.
Шашуға тойға әкелген сан жетпейді,
Дүниені төгіп жатыр жақын, алыс.

Біреу ат әкеп жатыр, біреу бие,
Біреу кой, біреу сиыр, біреу түйе.
Орамал, шаршы шашу, шапан-шатпақ
Әкелген алтын, күміс жүйс-жүйе.

Батырлар билеп кетті патша тойын,
Қызықпен қыздырмаққа көптің бойын...
Қалқан сап, сауыт киіп, тұлпар мініп
Көрсетті алуан-алуан түрлі ойын.

Биікке байлап қойып жамбы тасты,
Мергендер бытырлатып мылтық атты.
Кейбірі шауып келіп күміс алса,
Кейбірі желе жортып садақ тартты.

Бір жүйе ойын салған қыз-келіншек,
Қажымас әзілдесе сөзге еміншек.
Бозбала мұңайып кеп наз айтқанда
Құдайсып үн бермейді қыз еріншек.

Судырап көк құрақтай асыл киім,
Сұлу қыз акқу құстай ол бір жиым.
Қыз құмар жігіттері домбыралы,
Тартады он үш шекпен түрік күйін.

Ішінде осылардың Арзы жас гүл,
Болғанда өзге қарға Арзы бұлбұл.
Құмардан осы тойда шықты білем,
Сүйсем деп осы қызды шөлдеген тіл.

Мырзалар Арзыны кеп көріп жатыр,
Алтынды көрімдікке төгіп жатыр.
Қарттары күшіген бас қолын жайып
“Перзентті” бол деп бата беріп жатыр.

Той тарқап Ғұсманның да көңілі тынды,
Амалсыз Арзы көнді сертін бұзды.
Ғұсманның он бесінші әйелі Арзы
Бірінен көрген емес ұл мен қызды.

Өткізген бала сүймей ұзақ жылды,
Жүдеткен ел патшасын Ғұсман сынды.
Қаншама білдірмейін десе-дағы
Тағымды кім басады деп болған мұңды.

Қарт Ғұсман бір перзентке болған құмар,
Өзі өлсе тахытына не болар.
Түріктің әйелінен көңілі суып,
Арзыны алуында осы сыр бар.

Қиянат іске әйелдер қалай шыдар,
Бір күнде таңдап барып шын сүйген жар.
Сұлу деп алғандары су мұрын боп
Сарайдан қуылады еңіреп зар.

Бұл Ғұсман салтанатын адам жеңбес,
Болған жоқ сол заманда оған теңдес.
Арзының қолы осыған жетсе-дағы,
Мұстапа көкейінен кеткен емес.

Киіктей шынжырменен байлаудағы,
Сияқты Ғұсман оған жыртқыш тағы,
Егер де еріккендер сыр сұраса,
Үндемес байланғандай тіл мен жағы.

Есінен шығармайды Мұстапасын,
Төгеді көлдей қылып көздің жасын.
Үш жұма ойнап-күлген қымбат күндер,
Батады сындырғандай қабырғасын.

Аңсады “Ай-Петри”- “Әйбетерін”,
Қырымның қызыл гүлді қымбат жерін.
Топырағын туған өлке сағынады,
Арманы бір-ақ басу “Мескор” елін.

Сүйісу, сыйласу да өмір заңы,
Тамырлас махаббатпен тұқым дәні.
Ежелден екі жыныс, өсу ұрпақ
Өрбіген қос жыныстан адам бәрі.

Арзы қыз Мұстападан болған жүкті,
Арзыдан басқа оны кім біліпті.
Баланы Ғұсман Патша менікі деп
Мәз-мейрам көңілі оның көтеріпкі.

Толған соң айы-күні туды бала,
Қуанды түрік елі жүрек жара.
Арзының көзі түсіп езу тартты,
Тартқан айнымастан Мұстапаға.

Ұл туды, Мүбәрак деп атын қойды,
Шакырын елі-жұртын қылды тойды.
“Орнымды өзім өлсем басады” деп
Көңілінен Ғұсман патша қайғы жойды.

Түрікке тұтқын болып келген Арзы,
Торғайдай торға түсіп көнген Арзы.
Сарғайды Мұстапаны ойлай-ойлай,
Өмірден ауыр қайғы терген Арзы.

Қасіретін ауыраттты мынау бала,
Ұқсапты бір мұлтіксіз Мұстапаға.
Балаға қарайды да жасын төгер,
Қамқа тон, есеп емес алтын жаға.

Мақсаты Мұстапаны қашан көрем,
Ант айтқан аманатын қашан берем.
Кешегі тайғақ кешу тар жолдарда,
Деп еді “Арзы сәулем, саған сенем”.

Жүдеді жаралы жан шөптей солып,
Сияқты тұрған кісі безгек болып.
Түріктің патшасындай көңілді емес
Мастанған ат байланып, әруақ қонып.

Бір күні Ғұсман патша жөн сұрады,
- Не пәле, Арзы, саған ұшырады.
Қандай жап қаяу салды көңіліне
Гүлім сен, шаң тигізбес бақшадағы.

Егерде мен түрікке патша болсам,
Бұтаққа көңілім сүйген ұшып қонсам.
Түріктің аспандағы күні Ғұсман,
Қасында қызыл күннің Арзы - Шолпан.

Жүдейсің не себептен, Арзы ханым,
Жолында пидә сенің шыбын жаным.
Жасырма сырынды айт, ішіндегі
Мен болсам өмірдегі сүйген жарың.

Арзы терең ойлап, тесе қарап,
Басынан өткен күннің бәрін санап.
Ұлықсат Мұстапа үшін сұрамаққа,
Сөз тартып шу дегенде берді жауап:

- Ей патша, мен Қырымның киігімін,
Оқ тиген жүрегіме күйіндімін.
Ай едік бір уақытта тұтас туған,
Мен содан ұшып түскен қиындымын.

Жар болсаң мені сүйген сөзіме бақ,
Әділ жан қай күнде де әлсізге жақ.
Айтайын бір әңгіме көзім көрген,
Бұл сырға түсінерсіз өзіңіз-ақ.

Айтайын бір ғажапты көзім көрген,
Әңгіме мәңгі қалар маған ерген.
Жасымда тау аралап шығып едім,
Тау кезіп, аң аулаған көрдім мерген.

Бар екен екі киік осы тауда,
Кездескен талай аң, құс мықты жауға.
Азулы тырнақтыдан зәбір көрген,
Алыстан жоламайтын тор мен ауға.

Аңдыған не заманнан мерген күшті,
Сыбанып қос киіктің жолын тосты.
Кездесіп қос өкпеден көздегенде
Біреуі мұрттай болып ұшып түсті.

Сүр мерген мерекеге қалды батып,
Алған соң аңдып жүрген анын атын.
Киіктің тамағына пышак тигенде
Шулады тау, тас, орман қарғыс айтып.

Тағы да жүрген біреу тор сүйретіп,
Үстіне сол киіктің келді жетіп.
Киікті қалжыраған ұстап алды
Тор құрып жап-жағынан айла етіп.

Аңшының енді мәлім жан алары,
Бауыздап тамағынан қан алары.
Сары кездік кеңірдекке тақалғанда
Сол жерде буаз киік балалады.

Аңшының мейірі түсіп пышағын алды,
Үйіне қаусырмалап алып барды.
Біреуден екеу, екеуден үшеу артық
Деді де арнап бұған сарай салды.

Киікті баласымен асырады,
Қуанып олжасына тасынады.
Жаудыран сол киігің қарап отыр
Қабағы қай мезгілде ашылады.

Тілейді киік байғұс күнде-түнде,
“Босат деп бұл бұғаудан орман гүлге”.
Босанса жалғыз сағат тұруға жоқ
Ендігі іс сол аңшының ерік өзінде.

Арзының әңгімемен айтқан сөзі
Қырымға қайта кетпек келсе кезі.
Баласын Мүстапаның тапсырмақ боп
Жұмбақта торға түскен киік өзі.

Түсінді бұл жұмбаққа Ғұсман патша,
Ойланды болды өзіне таң-тамаша.
“Тұлыпқа мөңіреген сиырмын” деп,
Сөйледі өз көңілін өзі баса.

“Жалғанда жаралы жан екенмін мен,
Жұмбақ сөз маған тиген окпенен тең.
Сөнбесе бұл жұмбақ сөз тез арада,
Алтын бас болып қалар қоңызға жем.

Сырынды жаңа білдім долы қатын,
Түріктің шығармаксың жаман атын.
Ғұсманды масқаралап бермекпісің,
Қырымдық қалған байдың аманатыш...

Жылапдай отырушы ең ысқырынып,
Әншейін жүр екенсің іштен тынып.
Көрерміз мақсатыңа сен жетерсің,
Қырылса бірі қалмай қалың түрік”.

Деді де ызғарланып жүре берді,
Сыпырып маңдайынан аққан терді.
Қызарып екі көзі оттай жанып,
Әлиге ашуланып жетіп келді.

“Әй, Әли, сен ақымақ бұздың мені,
Қырымнан әкеп едің әлде нені.
Әкеліп буаз қызды қылдың мазақ,
Қоям ба енді тірі малғұн сені.

Тұр жылдам, көзден жоғалт Қырым қызын,
Теңізге тастап жібер көрсетпе ізін.
Ғұсманның баласы боп қала берсін
Қамап кет тұрған үйге анау ұлын.

Егерде тірі тұрса Арзы катын,
Күні ертең бүлінеді салтанатым.
“Мүбәрәк – ол Қырымның баласын” деп
Түріктің шығармай ма жаманатын.

Басыма қарап жүріп салма жара,
Жоғалсын серттен таймас жүзі қара.
Көзіне тірі жанның көрсетпестен
Тастаңдар сұға апарып түнде ғана”.

“Құп, таксыр” - деді Әли қол қусырып,
Қайтпайтын қан төгуден бұл бір бұзық.
Арзыны әкелудің арқасында
Шен алып, шекпен киіп, болған ұлық.

Шен үшін адалдыктан Әли безді,
Ғұсманның жай қоймасын тағы сезді.
Арзыны не қылғанмен өлтірмекке
Бел буып, қан ішуге жұмды көзді.

Қасына үш жігітін ертіп алып,
Сол түні Арзыны іздеп келді салып.
Сүркия ұсталдың ба деген жандай,
Жіберді жарқ еткізіп шамды жағып.

“Ия, Арзы, қымбат жангей, келдік сізге,
Келмесін әзіл сөз деп көңіліңізге.
Бұл дүние бір керуен көшіп кетер,
Тұрмайды мәңгі болып бәрімізге.

Көп созып не қыламыз сөздің артып,
Ғұсманның сізге бүгін көңілі салқын.
Жақыпның жақыпдығы осындайда,
Біз келдік орындамақ болып шартын.

Жұмбақпен сырыңызды білдіріңіз,
Білдірмей қанияда бүлдіріңіз.
Елімнен еріп келген бұл бала деп,
Сорлының алтын белін сындырыпсыз.

Мұндай сөз патша атына аса жаман,
Сіз емес жөн білмейтін мылқау адам.
Тазару үшін бұдан шарт айтамыз,
Шартымыз орындасаң мынау саған:

Қалдырып Мүбәрәкті үйіңізге,
Патшаға тез жүріңіз осы түнде.
Жығылсаң аяғына әзір барып,
Қалмайды ешбір кінә, Арзы, сізде.

- Күрбылар шаригатқа жүйрік емен,
Түріктің жолы десең мен де сенем.
Бірақ та Мүбәрәкты жасырмаймын,
Расын кімге болса айтып берем.

Мүбәрәк Ресейлік мынау тұрған,
Түрікке мұны, сірә, бала қылман.
Айтамын ақиқатты және де мен
Салсаң да аспа тұзақ мойнымыздан.

Баласыз патшаға мен бара алмаймын,
Жүр деген сөзге құлақ сала алмаймын.
Жіберсін ұнатпаса өз жеріме
Мен асау енді қарғып арандаймын.

Дариға, қайда менің Ресейім,
Бүлкілдер Қырым десе көмекейім.
Қанымның қас дұшпаны, түрік саған,
Қалмасын басым түгіл тебетейім.

Деп Арзы жолатиады маңайыша,
Пәленің сүрінген қыз талайына.
Боларын бір сұмдықтың көңілі сезіп,
Шакырды күтушісін сарайына.

Таң атты, жұрт ояңды, көз көбейді,
Тенізге сүйрелесе көрер дейді.
“Алдағы түнде болсын...” десті-дағы,
Төртеуі үйлеріне бет түзейді.

Әлидің келіншегі құлдың қызы,
Адам деп ескермейді ешкім мұны.
Жарына тыстан келген есік ашты,
Жалпылдап жалаң аяқ кетіп құны.

Дегенмен жас келіншек сұлу еді,
Түн ұзақ ұйқы көрмей шығып еді.
Кешіккен күйеуінің қылығынан
Кеткенін бір сұмдыққа біліп еді.

Әлиді қолға алды келе сала,
- Құрбыңнан өнерлі боп шықтың дара,
Қыз аңдып қырындамақ көңілің бар
Не қылдың? Не тындырдың, қандай зала?

- Ау қатын, сөзге құлақ салар болсаң,
Іс болды тым жасырын бір орасан.
Арзыны Ғұсман “жоғалт” дегеннен соң,
Төрт жігіт сонда болдық бұған папсаң.

Арзының бауырында емшек емген,
Жас бала оныменен бірге келген.
“Өзімнің белімнен бұл шыққан ұл” деп,
Балаға мейірі түсіп Ғұсман сенген.

Арзы бала жөнін қойған айтып,
Патшамыз ашуланып көңілі қайтып.
Бұл өсек басқа елдерге тарап кетсе,
Патшаның тірлігінен өлгені артық.

Ғұсманның бұл ашуы бойын кернеп,
Бұйырды бізге Арзыны тез өлтір деп.
Теңізге тастамақ боп барып елік,
Таң атып қалды, қайттық ертеңге деп.

Жалшы қыз шоқпыт киім жамылғаны,
Есікте жым-жырт тұрып сөз тыңдады.
Әлидің жаман ойып білді-дағы,
Арзыға айтайын деп аяңдады.

Тыңшы қыз жасырын сыр естіп алып,
Жөнелді безек қағып тұра салып.
Арзыға бастан аяқ мәлімдей кеп,
“Арзыжан, сақтан, – делі сөзім анық”.

- Бауырым, көп жақсылық қылдың маған,
Не айтайын, алла риза босып саған.
Қырымға енді аттандым, тез кетемін,
Тұрғанда бауырым бүгін, басым аман.

Айнымас ак жолынап Арзы берік,
Ерлігі ак жүрекке болған серік.
Ар үшін алтын орда керек қылмай,
Сарайдан қолын сілтеп шықты безіп.

Арзыға алтын сарай көрменеп тең,
Өзіне күркесі артық өсіп-өнген.
Күркеде Мұстапа бар жан-жолдасы,
Жалғанда тірі жүрсем келсем деген.

Қарт Ғұсман дәулетке мәз, көрсе қызар,
Болғанмен бүгін патша ертең тозар.
Қолында топты әйел тұтқыны бар,
Арзы да мұнда тұрып қалай оңар.

Түрікте Ғұсман топ-топ қатып алса,
Тұтқын боп Арзы ару тағы барса.
Ертеден кара кешке зар еңіреп,
Отырса атанар ма жақсы ханша.

Қыз сорлы күшті таптын айдауынан,
Қаңбақтай домалады дауыл қуған.
“Жалғыздың жары құдай” деген қайда,
Жаны ашыр Арзыда жоқ жақын туған.

Болғанда тұрмыс дауыл, Арзы қаңбақ.
Күн туды тағы да бір домаламақ.
Қайғыдап қансыраған Арзы ару,
Бұл сорлы баспана қып қайда бармақ.

Ер қайда қамқорлыққа алатұғын,
Ел қайда көзін қырын салатұғын.
Арзының арын сақтар бір адам жоқ,
Найза алып жауға қарсы шабатұғын.

Сондағы баратұғын жері Қырым,
Алмай ма қолтығына әлсіз қызын.
Қорғайтын әділдікті ак патша емес,
Левадия сарайында жатқан бұрын.

Арзылар жылағанда, сықтағанда,
Көрінер бәрі жеңіл үкпағанға.
Күңіреніп көрді бейнет, тартты азап,
Шыдады шыбын жаны шыкпағанға.

Патшаның әйелдері салып ойнақ,
Шақырып сүйгендерін тойын тойлап.
Жаралы ару жанын кім ұғады,
Кім білер жүргендерін нені ойлап...

Түрікте Ғұсман құрды сөн-салтанат,
Әйелді үйір-үйір қойды қамап.
Қырымда Левадия сарайында,
Шалқайып патша жатты елді қанап.
Жамылған қара түнді бүтін халық,
Күн көрді көп кедейлер аулап балық.
Мұстапа осылардың ортасында,
Өмірі зая болған кормей жарық.

XIV

Асау су аспанға атқан түсі суық,
Лепірген ойран салып, дауыл қуып.
Тамшысы дертке дауа десе-дағы,
Толқынға бара алмайтып байлар жуық.

Көк толқын арыстандай күркіреген,
Ұмтылып алға қарай дүркіреген.
Долданаса ауыр-ауыр аударылып,
Жатады кейде биік, кейде төмен.

Толқындар аунап, тулап бұйралаңып,
Тау-тасқа жиектегі соқты барып.
Солқ етіп зәресі ұшып ышқынады,
Қайықты кетсе дауыл қағып алып.

Жиегі асау судын көпіреді,
Сылқылдап тасты теуіп лепіреді.
Жабыла су құдайы келсе-дағы,
Жұтам деп бірден-бірге секіреді.

Ызалы Қарар теңіз көсіледі,
Тұзды су тулап ағып есіледі.
Тау-тасты ішке теуіп сырғытқандай,
Жағаны күнде жуып есіреді.

Қырымның солқылдатса тау мен жерін,
Қорқытып қалтыратты дөңес белін.
Көктеңіз қамшы қылып сабалады,
Тамаша табиғаттың асау желін.

Аспанды қалың қара бұлт қаптап,
Түнерді кететіндей езіп таптап.
Далбаңдап, дауылға еріп келе жатты,
Түнеді түн жамылып тауды жастап.

Таба алмай жанға сая болар орман,
Ізеді бір басына пана қорғап.

Жай түсіп, күн шатырлап, нөсер күйіп,
Жаралы ан менен күс ыңырысқан.

Мәусілеп бакшадағы тұрған жеміс,
Үзілді жерге түсті қалмай тегіс.
Тұқырған тоқсандағы кәрілер де,
Көрмеген бүгінгідей жыңды өзгеріс.

Қырда шу... Ойда талқан, суда алыс,
Табиғат бір-біріне шөлкем-шалыс.
Кіртиген қабақтары жануарлар
Шайқалды бастан миы болып налыс.

Дәл осы дауыл күні Арзы сорлы,
Қырымға тәуекел деп жүрмек болды.
Қысып ап Мүбәрәкті қолтығына,
Кемеге жетіп келіп, мінбек болды.

Өзгерген кейіпін адам танымастай,
Киімі алба-жұлба ілініп жай.
Аяған матростар орын берді,
Сыйлады жас ананы ас аямай.

Шүү... қойып кеме кетті араласып,
Шайқалды су бетінен майдан ашып.
Адасқан ақ маралдай Арзы сұлу,
Бобегін көкірегіне қойды басып.

Кемеле шайқалақтап Арзы келед,
Толқындай бір ойынан мың ой өред.
«Құлыным, әкеңді енді көресің» деп
Емізіп Мүбәрәкті еміренед.

Алдына Мұстапа кеп елестейді,
Сағындым. Келші, жаным, келші дейді.
Артынан Ғұсман, Әли қуып келіп,
Қылышын жаркылдатып ол сермейді.

Жан-жағын ажал бейнет алды қамап,
Шағардай жылан болып уы тарап.
Ғұсман мен Мырзақ шығып бір жағынан,
Қасқырдай қапды көздер түр анталап.

Бір жақтан молда шығып жол айтады,
Байлардың сөзін сөйлеп мол айтады.
«Сен арам әйелсің деп мұсылманға»
Қауіпті одан жаман зор айтады.

Артынан Әли келіп ақырады,
Шашынан ұстап суға батырады.

Түбі жоқ қорқынышты ой түйдек келіп,
Арзының басын мүлде қатырады.

Кемпі тонкергендей дауыл қатты,
Көк толқын жан-жағына жүлқып тартты.
Толқынмен Арзы ойы араласып,
Жүрегі жүз құбылып келе жатты.

XV

Мұстана Қырымда жүр балық аулап,
Басына түсті ауырлық өрттей қаулап.
Қайғырып Арзыны ойлап, шашы ағарып,
Түп болса ұйқы көрмей шығады аунап.

Жан бар ма Мұстанадай қайғы тартқан,
Басқаға мұндай қайғы емес батқан.
Бір емес неше түрлі ауыртпалық
Шаян боп Мұстапаны сорып жатқан.

Шешесін тау ішінде қабан желі,
Зейнеп те сол сапарда өліп еді.
Жоғалды жан жолдасы Арзы сұлу,
Көп тосты хабар-ошар бір келмеді.

Қаңғырды қара басы көп ойлаумен,
Кек, ашу еркін алып ойын керген.
Жалғыз-ақ төбелеске жаны құмар,
Ісі сол осы кезде қолдан келген.

Бұл кезде Қырым елі күнде жанжал,
Төбелес теңіз басы шулы камал.
Шығады жанжал, айқай жұмысшыдан
Жолыққан жоқшылыққа қандай амал.

Ақы аз, жұмысшыға тамақ та жоқ,
Күн-түні дамыт көрмейді жұмыс та көп.
Алатын еңбек ақысын талап етсе,
Үстем тап ұрып-соғып жаудырды оқ.

Ерегіс шайтан түртсе болып қалды,
Мұстапа осы кезде ойран салды.
Қалақпен кейбіреуін ұрып жығып,
Өшіккен кейбіреудің басын жарды.

Жігіт бар әлденеше Мұстанадай,
Шығарған дау-жанжалды талай-талай.
Өштескен полиция атаманды,
Шыныққан батыр болған сабай-сабай.

Бұларға бірлі-жарым әкім келсе,
Жұмысты тез бітір деп бұйрық берсе.
Тындамай жұмыскердің арыздарын,
Қылышын жаркылдатып келіп төнсе.

Шап беріп жұмыскерлер ұстап алып,
Дүресін ерсілі-қарсылы салып-салып.
Тас байлап биік жардан құлатқанда,
Жоғалады терең теңіз суға батып.

Бастайтын бұл жұмысты Мұстана еді,
Қостайтын тағы да мол жігіттері.
Қырымның залымдарын тауысамыз деп,
Өзара тауып алған ақылы еді.

Қырымның бастығының қанын тогіп,
Бәріне қарсы тұрып жауап беріп.
Соғысса ұзақ күнге қиналмайтын,
Басына өздерінің алмақ ерік.

Бір күні Қырымдағы барлық басшы,
Алдағы күндері үшін қосты басты.
Біртіндеп басшы адамдар жоқ болады,
Қандай да сыры бар деп ақылдасты.

Белгілі балықшылар төреге қас,
Күреспей төрелермен бұлар тұрмас.
Тезірек басшыларын ұстап алып,
Көздерін суға тастап жоймай болмас.

Жұмыскер арасына кірген желік,
Аузына тәубаларын келтірелік.
Бастығын ұстап алып дарға асып,
Тал түсте, ел алдында өлтірелік.

Сақтанар бұдан былай өздері де,
Жоғалар көсемінің көздері де.
Тезірек полиция атқа мінсін,
Босатпай құрық салсын сезгеніне.

Деді де қаулыменен бекітті істі,
Бір жерге топтастырды озбыр күшті.
Асынып қылыш, мылтық, айбалтасын,
Жан-жаққа полиция аттанысты.

Шаңқай түс, Мұстапалар қосында еді,
Тілектес жігіттері осында еді.
Сартылдап жарқ-жүрқ етіп шолғыншылар
Үстіне қапняда жетіп келді.

Ант ұрған келе сала байланысты,
- Сыпыра ит, отырсыңдар қойып істі.
Қырлағы ұлықтарға балық керек,
Тұрындар, бітіріндер бар жұмысты.

Мұстапа орнынан тұра келіп,
Селкілдеп бар денесін ашу керіп.
“Кетіндер, осы арадап өлмей тұрып,
Иттерді сен секілді жүрміз көріп.

Аштыктан ұзақ күнге жүре алмаймыз,
Сендердің не ойлайтындарыңды біле алмаймыз.
Ақырма, айуан құсап жөніңді айт,
Түр деген айкайыңа тұра алмаймыз”.

Деді де бірін аттан алды жұтып.
Жіберді ашуменен жерге ұрып.
Тағы да біреуіне ұмтылғанда,
Құлады оққа ұшып дымы құрып.

Қамалап жап-жағынан тұрып алып,
Жөнелді мойынына шылбыр салып.
Сонынан жұмыскерлер жүгіріп еді,
Құлатты мылтықпенен басып салып.

Қалмады жұмыскерлер шұбай берді,
Естіген жанның бәрі бұларға ерді.
Кокпар қып Мұстапаны полицейлер
Сүйретіп генералға алып келді.

Жаны бар Мұстапаның дәрмені жоқ,
Иығын тесіп өткен атылған оқ.
Генерал “Айтқыз - деді жолдастарын,
Айтпаса жанын шығар дүрені соқ!”

Полиция Мұстапаны дүреледі,
Деуші жоқ тоқтат енді, бұл өледі.
Қапшама азап шегіп қиналса да,
Мұстапа жалғыз ауыз үндемеді.

Үш күндей темір үйге қойды қамап,
Алады күнде үш мезгіл сабап-сабап.
“Қап төккіш Мұстапаға сот болады” деп,
Күн бұрып қойды елге жариялап.

Сот болды үш күннен соң Мұстапаға,
Бай, молла бәрі кепті тамашаға.
Жұмыскер, кедей, нашар қайыршылар,
Түспек боп бұлар келді арашаға.

Сот тұрып жұрт алдында айтты үкім,
“Патшаға қарсы болған бұзық үшін
Өлтіру жазасына бұйырамын
Дарға халық алдында тез асылсын!”

Жөнелді полицейлер тұтқынды айдап,
Дары тұр қыр басында қойған сайлап.
Ашулы жұмыскерлер келе жатыр,
Босатар Мұстапаны жолын ойлап.

Түтіккен кабактары қаны қайнап,
Алысады полицейлер кейін айдап.
Ажалдың ала туы көтерілген
Мұстапа дар түбіне барды жайлап.

Мұстапа шақыр-шұқыр тісін қайрап,
Кеудесін жаланаштап көзі жайнап.
Арқанға бас сұғардың нақ алдында,
Сөйледі көпшілікке қатты айқайлап.

“Жолдастар! Мен күштімін көп егестім,
Женем деп тар тұрмыста төбелестім.
Арзының қасіретіне шыдай алмай,
Мінекей, ақырында торға түстім.

Жолдастар! Алдарында мен өлемін,
Қорлыққа басымды имей жөнелемін.
Мен өлгенмен артымда миллион тірі,
Кегімді солар алар деп, білемін.

Қош достар, жауларыңнан жасқанбандар,
Жете алмайды бостандыққа жасқанғандар.
Қанын іш, қанаушының қапысын тап,
Шылбырды босатпаңдар, бос қалмаңдар!”

Сол кезде мойынға кеп түсті тұзақ;
Адамның тұра алмады жүзі шыдап.
Айқай... Шу... Қарғыс айтып зұлымдарға,
Жанжалмен тарады жұрт кейін шұбап.

Балықшылар бастықтан шықты безіп,
Кетеміз деп жиылды дүние кезіп.
Жазықсыз жаза тартқан Мұстапаның
Құнын алмай халі жоқ тұрар төзіп.

Патшаның жас баласы тұрды елеңдеп,
Дарға асқан жазалыны көремін деп.
Күлімдеп өз-өзінен мәз болады,
Құлдарға мен де жаза беремін деп.

Әкесі баласына күле қарап:
“Жауына жеткен күні болма олақ.
Жазала, жанын шығар соққыменен
Болмаса қолдан кетеді дәулет пен бақ”.

... Кіжініп жұмысшылар тасынады,
Ауыздық түспегенге басынады.
Егерде басшыларын дарға ассақ,
Бұзықтық су сепкендей басылады.

Мұстапа кеңірдектен асылғанда
Аузынан қанды көбік шашылғанда.
Тыпырлап аяқ-қолы тұрды ербеңдеп,
Екі көзі алақандай ашылғанда.

Ақ патша баласымен тұрды қарап,
Мұстапа жиырылады минут санап.
Қиналған жаны шықпай жас жігітті,
Мазактап күлкі етеді ол табалап.

XVI

Арзыға бұл оқиға емес мәлім,
Білмейді Мұстапаның асылғанын.
Жетем деп жан ұшырып келе жағыр,
Тапсырмақ жалғыз ұлы Мүбәрәгін.

Арзы ару Қырым жакка қашқан күні,
Бір әйел біліп қапты бұл сорлыны.
Ғұсманның жары қашты баланы алып,
Дегенді түрік біліп, жолды торды.

Тұрар ма Әли бұзық енді шыдап,
Бұрқанды бурадай боп қылмай тұрақ.
Мініп ап жел кемеге қуды Арзыны,
Ниеті қолға түссе талқан қылмақ.

Аямай жел кемені екпіндетті,
Ақ туып Түркияның желкілдетті.
Толқыннан басым болып Әли залым,
Кемені дірілдетіп, селкілдетті.

Аспанға теңіз қарғып тасынғанмен,
Тұтқынды қорғап толқын шашылғанмен.
Заманы қаулап тұрған Әли жауыз,
Қасқырдай қанды азуы, іздеген жем.

Асынып жалақтайды қанжар, қылыш,
Тайынар емес жаудан болса да ұрыс.

Қасында үш жолдасы бірге келеді,
Киініп шынжыр сауыт, болат құрыш.

Месқорға келіп қалды Арзы-дағы,
Түсуге үміттеніп жақындады.
Соңынан қуғыншы да келіп жетті,
Ашылған бұл сорлының қашан бағы?..

Кемеге “тоқтандар” деп әмір берді,
Іздеген қашқынымыз сенде деді.
Жау жетіп қалғандығын білгеннен соң,
Шыдамай Арзы бойы дірілдеді.

Жау жетті әлсіз жүрек соқты қатты,
Жау үні жан сезімін шымырлатты.
Қақтығыпекі кеме бір-біріне
Тенселіп қабырғадаң суға батты.

Секіріп бір кемеден бір кемеге,
Құныққан қуғыншылар дөңгелене.
Соқтығып сұман қағып сұрқиялар,
Топтанып келіп тұрды ашық жерге.

Арзыны алды сүйреп қуыстағы,
Адамның оңай екен суыспағы.
Қолынан Мүбәрәкті жұлып алып,
Әли де көкірек кере тынытады.

“Ей, қашқын, жүзі қара, шапшаңырақ,
Соңыма ер, Қырым саған болмас тұрақ.
Егерде қайсарлашып тіл алмасаң,
Төгіледі қара қаның көрші шыдап.

Ей, қашқын, құтылмассың енді бізден,
Кейін қайт, түрікке жүр – тілек сізден.
Егерде қарсылассаң безіреңдеп,
Жалғаннан жан боларсың күдер үзген.

Ей, қашқын, аяғыңды бас тұл боларсың,
Кесіліп қос бұрымың күн боларсың.
Егерде осы арада сыр шығарсаң,
Түгілген сабаудағы жүп боларсың.

Ей, қашқын, бұл арада сырынды ашпа,
Түріктің абыройын жерге баспа.
Жауына бас имеген түрікпіз біз,
Жазанды тарттырамын әзір саспа”.

Жиылды матростар бұл айкайға,
Аң-таң боп десті шулап: “жай ма, жай ма?”

Кемеге кірген жауды алды орап,
Басынасың кімді сен, басың қайда?

Арзы да бұдан кейін белең алып,
Қарады жауларына көзін салып.
Әли мен офицерге кезек қарап,
Сұрады бір-екі ауыз сөз жалынып.

“Кемеңің әміршісі офицері,
Ей, мырза, сікі ауыз сөз берші деді.
Түріктер содан кейін сойып жесін,
Қозыдай көгендегі тұрған мені”.

Қарады Әли сонда қабак түйіп,
Қораздай бар қайратын бойға жиып.
Мақташып Арзыны ұстап алғанына,
Көрінді “Ай-Петриден” өзі биік.

Арзы ару бар киімін шешіп алып,
Денесін белдемшемен жаба салып.
Шағылып ақ денесі күміс суға,
Отырды бір жар тасқа жүзіп барып.

Тарқатты тал жібектей кара шашын,
Ар көрді жауға июге ару басын.
Тұрса да өміріне қатер төніп,
Төкпеді кара көздің ыстық жасын.

Арзы отыр тұңғиықтап қарап күнге,
Кім білер күткен оны күн бе, түн бе?
Шолпандай жаркылдайды кара көзі,
Кім бар деп ара түсер өміріме.
Әлидің қарап тұрып есі шықты,
Дей берді: “Сөйле Арзы, сөйле, сөйле”.

Арзының қолтығында Мүбәрәгі,
Шырқырар судан қорқып сәби жаны.
Жабысып анасының арқасына,
Теңізге ыстық жасы тамшылады.

Жағада жүрген жандар көріп қалды,
Жалаңаш жан, жас баланы көзі шалды.
Арзыны түрік алып кеткеніне,
Ар көріп Қырым елі ызаланды.

Кенеттен кез боп қалған оқиғаға,
Жиылып жар басына қатын-бала.
Арзы- деп анау жартас үстіндегі,
Шулады жиылған жұрт көре сала.

Қара тас сегіз канат сегіз үйдей,
Жартасқа Арзы келіп дыбыс бермей.
Бір кезде тау көшіріп айқай салып,
Сойледі түйдек-түйдек қолын сермей.

“Уа, Қырым, асыл қоныс туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Адасқан жетім қызың келді қайтып,
Ұмытпай туған жерін, туған елін.

Елімді, жерімді де іздеп келдім,
Түріктің тұтқыны да болып көрдім.
Жат жұртқа қапылыста пенде болып,
Жете алмай самалыңа еңіредім.

Тұрмысың аман-есен “Ай-Петриім”,
Бауырына тағы айналып келдім сенің.
Жатырқап қалған болсаң таны мені,
Әйелі Мұстапаның Арзы менмін.

Тұрсын ба аман-есен, Мескор қалам,
Жылаған келді, міне, Арзы балаң.
Қызыңның кеудесінде шыбыны бар,
Ғашығым Мұстапаны қайдан табам?

Мұстапа жаным қайда, сүйген жарым?
Көре ме аман-есен Мүбәрәгін.
Ұрлатып Ғұсман патша алдырса да,
Әкелдім бөбегінді, алшы жаным.

Ғұсман да өзімсінді Мүбәрәкті,
Бұл зорлық қабырғама тастай батты.
Балаңды өз қолыңа тапсырам деп,
Баяғы сертпен Арзы саған тартты.

Мұстапа, көрінсеңші көзіме бір,
Сені іздеп сорлы Арзы зарланып тұр.
Бірге өлсек арманым жоқ осы арада,
Тіл қатпай сүйген жарым қай жакта жүр?

Жан сәулем, таянып тұр өлім маған,
Алып тұр қылқындырып жау жағадаң.
Түріктің топастарын келдім таптап,
Сен үшін өлер болсам мен садаған.

Бауырымда жалғыз ұлың құлыншағың,
Бір көріп ніскеші тұлымшағың.
Алдына ұлы-қызы келер ертең,
Жалғыздың жау ұрттаса ыстық қаның.

Әкеткен мені ұрлап Әли жауыз,
Артымнан қуып келіп тұр жалмауыз.
Ғұсманның қарғылаған төбегі ол,
Мылтығын кезеніп тұр қанды ауыз...”

Дегенде гүрс етті мылтық күшті,
Теңізге Арзы сұлу ұшып түсті.
Шыр-р-р етті бауырындағы жас бөбегі,
Қара су қағып алып бір-ақ жұтты.

Су бетін алып кетті қанды кобік,
Окка ұшып екі балғын қалды сөніп.
Күрсініп көк толқындар тулап жатты,
Арзының жібек шашын кезек өріп.

Толқындар ашуланып тасып,тулап,
Жауызға қарғыс айтты ұлап-шулап.
Арнасын “Ай-Петридің” солкылдатты,
Аспанға суын шашып будак-будак.

Қарайып кара бүлт келді төніп,
Күн беті айғызданды нұры сөніп.
Тау-тасты найзағайы атқылады,
Жер-коктің көкірегі күніреніп.

Жазықсыз екі жұлдыз суға батты,
Жас бөбек су астында иек қакты.
Күнірентіп Қырым кызы қайғы-зарын,
Тау, тас, шың, аң, құс, орман шулап жатты.

Қырым, 1934 жыл.



ШАХТЕР

I

Жазғы күн , Бурабайдың жағасында,
Тас сүйген күміс көлдің сағасында.
Отырды бір топ адам әңгіме айтып,
Жайқалған жасыл гүлдің арасында.

Біреуі орта бойлы, кара қасты,
Түлкі мұрт, қыран көзді, бурыл шашты.
Ашаң жүз, жар кабақты, төзімді ойлы,
Жасынан көрген жандай өмірді ашы.

Секілді темір тоқпақ жұдырығы,
Жотасы биік таудың бейне шыңы.
От ауыз, өндірістің жаны екенін,
Айтпай-ақ білдіріп тұр сыртқы түрі.

Біреуі орта жасты ауыл қарты,
Киінген киімдері ауыл салты.
Мал баққан, егін орған жан екенін,
Сыртынан айқындап тұр пішін қалпы.

Бәрі де дем алыста жүрген адам,
Бастапқы – көмірдегі Түсіп маман.
Колхозшы – қасындағы Кенже деген,
Салмақты, терең ойлы, сөзге сараң.

Өзгесі жас өрендер, жеті-сегіз,
Туғандай бір анадан бәрі де егіз.
Бұлардың күнделікті дәстүрі еді,
Тыңдайтын ертегіні ұшап-теңіз.

Бүгін де ағасына күлімдеп кеп,
Сұраған “тәтті әңгіме айтыңыз” деп,
Адамды айнала ұшқан қарлығаштай,
Жас ұлан бота көзді, бүлдірген бет.

Күміс көл күнге тосты сұлу тосін,
Көкшетау көлге малды сом денесін.
Үстінде сандық тастың кең отырып,
Бастады Түсіп маман әңгімесін.

- Жасымда көргенім жоқ мұндай заман,
Таудағы алғыр қыран – бүгінгі адам.
Жылым- жаз, күнім – алтын, айым – күміс,
Жел-жұпар, жайнаған гүл – шыр айналым.

Бел алған бакытты өмір сәнді күнім.
Бүлбүлдай еркін шығад бүгінгі үнім.
Ұшсам көк, қонсам жерім бәрі даяр,
Ұлымын ең бакытты жер жүзінің.

Құмығын баяғыда іркілуші ем,
Ашумен арыстандай сілкінуші ем.
Ойыма алғаным тілім жетпей,
Қойдай боп көгендеулі қылқынушы ем.

Мен бүгін неменеге іркілемін,
Бетім – күн, көзім – жұлдыз берік белім.
Жүндері жүз құлпырған жыл құсымен,
Жел болып, бұл көшірер шыққан демім.

Халқымның білегінде қайратымын,
Шахтымның өткір алмас қайласымын.
Ісім де, жүрегім де, әңгімем де,
Көмірдің сыры, жыры айтатыным.

Оқ өтпес Отанымның қорғанымын,
Мұхитың дариясындай тұлғалымын.
Болғанда төсім жайлау, төбем қыстау,
Халқымның әніндегі ырғағымен.

Қарттарым Алатаудың панасындай,
Жастарым ақ маралдың баласындай.
Немере – шөберелер өсіп келеді,
Желкілдеп Гүлстанның ағашындай.

Қыздарым қызыл гүлдей жайнап тұрған,
Келіндер бүлбұл күстай сайрап тұрған.
Көргенде осылардың қуанышып,
Ән шырқап, әңгіме айтып, құрам дұман.

Жүргенде жер астында забой айдап,
Төккенде кара жорға қуат-қайрат.
Келеді құлагыма даладағы,
Дауысы бозторғайдың ұшқан сайрап.

Қол салып күз алтынын қотарсам мен,
Желдетіп жердің астын қопарсам мен.
Үстінде трактормен алтын сеуіп,
Колхозшы күн күшақтап күлімдеген.

Шенберлеп шірей салып темір жолды,
Жүгіртсем жер астында вагондарды.
Комбайн жер үстінде гүж-гүж етіп,
Жанартғы астық жинап ой мен дөңді.

Шахты астын желпіндіріп салсам кіреп,
Төбесін тентек таудың қойсам тіреп.
Жер үсті бес түлік мал жылқы, түйе,
Қой, сиыр, шошқа өргеп топ-топ, лек-лек.

Екпіндеп электрлі балғаны алып,
Құлаштап тағы тауды бұзып жарып.
Жер үсті менің бауырларым,
Көркейген малын бағып, егін салып.

Лаулатсам жер астына темір күшін,
Қондырсам құз түбіне мотор құсын.
Шошиды жан-жақтағы жаудың жаны,
Аспанда күркіресе самолетім.

Шаттанып осыларға күн-күн өсем,
Жасарды қайта туып әке-шешем.
Орнатқан бізге осы бақыт күнін,
Шығар ма есімізден қайран көсем...

Өткізген талай қырлы Қарағандым,
Басында майдан болған Қаражардың.
Бұлт қонып, тұман түнеп тұрған кезде,
Көргенін баяндайын шахтерлардың.

II

Жүдеген гүл жапырақ күзгі мезгіл,
Құс қайтты жылы жаққа ағыл-тегіл.
Аспаннан анда-санда қар ұшқындап,
Бөрте бұлт, өтіп жатты ұлпа жеңіл.

Жұрдай боп Қарағанды тозан басқан,
Су кетіп шахталарға өңі қашқан.
Жарлының күркесіндей көмірлерді,
Құйын кеп жып ойнатып төгіп-шашқан.

Қойшыдай қайғы ойлаған азап-мехнат,
Кемірген қабырғасын тышқандар жеп.
Қылқиған мойыннан күзгын қонғап,
“Жалғанда мың жасайтын жалғыз мен” деп.

Жана алмай жыпылықтап жүргенде от,
Тұтанбай көрігіне су тиген жоқ.
Бұзылып доңғалағы сылқ-сылқ еткен,
Кемпірдің сексендегі тісіндей боп.

Балғаның даусы шықпай шыңқылдаған,
Көріктер күмпілдей ыңқылдаған.

“Осын да жетеді” деп дөң басында,
Қалықтап кара күстар мыңкылдаған.

Тырбаңдап темір мүжіп тышқан жүрген,
Тұрымтай түйіліп кеп торғайды ілген.
Төгіліп тостағанға құйған көже,
Ашудан бар депесі селкілдеген.

Кейін жоқ шахталарда арык малдай,
Жау тонап ұрып-ұрып кеткен жандай.
Әйелдер ташқа айдаған терлеп-тепшін,
Қар жауып қабағынан қыстай-жаздай.

Адамдар ер түспейтін болды есек,
Жұмсалған еңбек күште болмады есеп.
Қамалған абақтыға жандай болып,
Жүрегін жаралаған отқа төсеп.

Шахтада дел-сал болып жүретінбіз,
Құлақты айналаға түретінбіз.
“Большевик келе жатыр” десе біреу,
Қуанып мұртымыздан күлетінбіз.

Ағылшын Герверт бастық ат-тоны бар,
Желтанау жігіттері тура шабар.
Күндік жер Акмоланың дуанынан,
Не жаман, не жақсылық алған хабар.

Кермелеп керілетін атын қолдан,
Бай, құлак, мырза, шонжар оған қорған.
“Алдасып” анда, “әкпарын” мұнда айтқызар,
Почтавой “шолак пері” даяр болған.

Жүйрігін, жорғаларын дайындаған,
Жай келсе, шабысудан тайынбаған.
Қақпанға түсіруге қапылыста,
Шахтер мен кедей сырын байымдаған.

Қарабай – волосной ел билеген,
Қосылып ағылшынмен бізді илеген.
Қасқыр боп жеті атадан бермен қарай,
Еңкейіп еш адамға бас иеген.

Төрінде ағылшынның жатады бұл,
Жататын үйі жасыл, иісті гүл.
Сұраусыз “сайтанды” да кіргізбестен,
Осылай өмір өтті бірнеше жыл.

Ішеді тізе қосып арак-шарап,
Құшақтап әйелдерін шырақ-карақ.

Жұмыста жүрген бізге жаны ашымас,
Шөліркеп тандай катып, ерін жалап.

... Түн елі “өрт шықтылап” дауыл соқты,
Жай жатқан жүрек аттай тулап кетті
Далаға дуылдасып шыға келіп,
Мехцехтың сыртынан бір көрдік ортті.

Керемет керазу жел тізгін алған,
Үйрілтіп отты ойнатып ойнақ салған.
Астынан аяғыңның ұшқан шоқтар,
Қараңғы көк жүзінде лаулап жанған.

Өрт емес жалғыз ғана жұрттың таңы,
Дауысы зеңбіректің келді тағы.
Оқ даусы, адам даусы араласты,
Кім білсін, кімнің соры, кімнің бағы.

Қызарып таң шапағы келіп қалды,
Оятты ұйқысынан мал мен жанды.
Басайын шаңдағынды дегендей боп,
Сіркіреп жылы жанбыр бетке тамды.

Кобейді абыр-сабыр топтанған жан,
Жүгіріп Тұрсын, Жүсіп келді маған.

- Неменс, жаймысыңдар?
- Құдай ұрды.
- Мехцехтің бұзылыпты іші тамам.

Алкынып арыстандай ашу қысып,
Мехцехтің есігіне келсем үшып.
Күндегі күзетші жоқ үнсіз мылқау,
Колденец баспа темір жатыр түсіп.

Ішіне кірсек мехцех болған ойран,
Қираған станоктар қатар қойған.
Қайыстар жапырақтай туралыпты,
Бұрғы, егеу, қышқаштардың бәрін жойған.

Мехцехтің түрі түгел бұзылыпты,
Көріктер бауырдай боп тілініпті.
От қайрак омакаса жерге құлап,
Төс, балға күл құшақтап жығылыпты.

Айкайлап Шамғоп келді бөркін алып,
Ашумен екі беті оттай жанып.

- Не болды?
- Жұр, шахтада сұмдық бопты,
- Жүгіріп шахта ішіне жетіп бардық.

Шахтанын трубалары бұзылыпты,
Ташкалар төңкеріс жығылыпты.
Мыж-мыж боп өліп қалған екі шахтер,
Астына тас көмірдің тығылыпты.

Шахтанын түкпіріне келсек кіріп,
Будақтап ащы түтін жатыр шығып.
Бықсыған қағаз, жоңқа, сулы көмір,
Сөндірдік шекпенменен басып ұрып.

Өлгеннің бірі Қасым, бірі Семен.
Жасынан тас көмірді мекендеген.
Жыландай желкесіне мініп алған,
Күрескен қасқыр ауыз Герветпенен.

Еңбекпен қайнап өскен боздақтарым,
Көре алмай өлген қымбат алтын танып.
Қапыда қылышпенен шауып кетті...
Дегендей қарап тұрсаң аққан қанып.

Қасым ер аспандағы жұлдыз еді,
Жігіттің барып тұрған бір гүлі еді.
Құлазып өмірге өкпе айтқаныңда,
Серпілтіп күлдіретін бүлбұл еді.

Семен ер Ресейден жаяу келген,
Қуылған кедей еді қоныс жерден.
Паналап Қарағандыны отырғанда,
Әкесі көмір құлап шахтада өлген.

Күн шыға алып шықтық өліктерді,
Түкпірде жау қолынан өлген ерді.
Оларды кім өлтірді, кім салды ортті,
Білуге жидық барлық шахтерлерді.

Болды деп қожалардан осы сұмдық,
Үйіне ағылшынның келіп кірдік.
Қу мола қаныраған несіз үй,
Жандары қашып кеткен түнде бұғып.

Кек кернеп, тісін қайрап келген жігіт,
Гервертті өлтірмек еді табанда ұрып.
Есігі бар бөлменің ашық жатыр,
Тас қылып сарайларға салған құлып.

Бес-алты тауық-ақ жүр іздеп тамақ,
Инесін жоғалтқандай жерге қарап.
Әтеші сирек-сирек шақырады,
Дегендей қожам кетті бой тасалап.

Көк арба, көкала аттар зым-зия жоқ,
Қоңырау сырлы доға шылыя жоқ.
Пәуеске сырты кара, іші жасыл,
Солкылдақ тарангастар құлия жоқ.
Жайнағап жасауы жоқ, ыдысы жоқ,
Әбігер үй ішінің жұмысы жоқ.
Арсылдап алдынды орап жібермейтін,
Апсағай ақ төбеттің дыбысы жоқ.

II

Сарайдың құлыптарын бұзып кірдік,
Астығын алайық деп қойған тығып.
Қақпағын бір үнгірдің ашып қалсақ,
Екі адам олген жандай жатыр сұлық.
Герверттін жалшылары еңбек еткен,
Қар жастап, мұз тосеніп бейнет шеккен.
Маңайға хабар айтып қоймасын деп,
Шұқырға ұрып-ұрып салып кеткен.

Ағылшын ағаштай қып кеткен турап,
Өлікті көмдік жуып, таза орап.
Шнегтей жалаң-аяқ катын-бала,
Шырылдап балапандай қалды шулап.

Үзуге шама келмей темір торды,
Көрдік қой бәріміз де терең орды.
Қасымның жас кабірін құшағына ап,
Боздады бозінгендей ана сорлы.

- Есік алды мойылды,
Ішінде қоян жойылды.
Кешегі Қасым құлыным,
Бүгін жонға қойылды.

Әуесден ұшқан лашын,
Жаяр көкке құлашын.
Мені мұндай зарлатқан,
Жауыздар мендей жыласып.

Боздағым, кеттің ұзаққа,
Түсірді заман тозаққа.
Пай-пай, пай сүм дүние,
Салдың жолсыз тұраққа.

Есіктің алды қанды көл,
Қырылып жатқан жанды көр.

Торға түскен торғайдай,
Көзге түрткі болдык қор.

Қош, бақыл бол, жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым.
Құдай біздей боздатсын,
Өлтіргеннің ұл-қызын.

Басыма кара салайын,
Қабіріңе барайын.
Кешегі жүрген Қасымжан,
Сені қайдан табайын.

Тендік алар заман жоқ,
Сөзімді сөйлер адам жоқ.
Сөзімді сөйлер табылса,
Оларға да тиеді оқ.

Құлыным нар түйе еді,
Шіріді-ау жерде сүйегі,
Дүрілдеген зеңбірек,
Жауларға қашан тиеді...

Көрмеген өмірінде жайлы таныс,
Білмеген демалысты не жаз, не қыс.
Құшақтап жас қабірін баласының,
Еңкілдеп қала берді әке байғұс.

Әке! – деп шыр айналды балалары,
Көзінен қанды жасы сорғалады.
Айрылған ұясынан қоңыр қаздай,
Боздады «боздағым» деп сүйген жары.

Қасымның сүйген жары Жамал еді,
Жұдырықтай жалғыз қызбен қала берді.
Ай-күні жакындаған екі қабат,
Сорлының не боларын кім біледі.

Семеннің он жастағы ұлы қалды,
Пысықша аты Егор, салқын қанды.
Шешесі көпті көрген Мария мен,
Қалдырды Анфисадай сүйген жарды.

Кім білсін жетімдердің не боларын,
Сұм заман төгін-ақ тұр қарлы ызғарын.
Торғайдай тұрымтайдан бұғып жүрген,
Паналап күн кешіретер шахтыларын.

Немесе Қасымдай боп бұлар да өлер,
Тірісі жылап-сықтап тағы көмер.

Бірі боп көп бейіттің томпаяр да,
Құлдырап ай-жыл өтіп жерге енер.
Немесе бұлар –лағы бойын жазар,
Құтылып бұғалықтап бақыт табар.
Көрерміз келешекте не болғанып,
Әйтеуір жетімді естен шығармаңдар.
Тұрымтай торғайды ілсе аспандағы,
Шуылдап жетім қалар балапаны.
Дәл сондай ащы қайғы жұтып отыр,
Шахтердің жолдас, жакын туысканы.
Күн батты, түнек басты кара жерді,
Күзетіп қалды ата-ана екі көрді.
Қос қабір шөккен түйе секілді боп,
Үн бермей құба жонда қала берді.
Қан жылап, ана жайып аппақ шашын,
Күнiрентті құлазыған жолның басын.
Жабынқы көңіл қаяу адам түгіл,
Аң-құстың қайыстырды қабырғасын.

III

Түн бойы мылтық даусы гүрс-гүрс етті,
Таң ата тағы да атты зеңбіректі.
Жүрегі шахтерлердің аттай тулап,
«Азаттық алатын күн жетті» - десті.
Донбастың шахтерлері партизандар,
Оралды тау копарып, тас қазғандар.
Бакудың майын судай лақылдатып,
Ленадан алтын, күміс шығарғандар.
Еділдің кемесінің жүкшілері,
Ембінің нефті қазған еңбек ері.
Арқасын ершік тесіп жауыр қылған,
Омбының затонының жұмыскері.
Бұларға ерген кедей, сұсыз, жерсіз,
Тылтитыш көйлек киген жаға-жеңсіз .
Болғанда патша заңы елге түрме,
Тулақтай таяқ жеген ылғи теңсіз.
Барлығы Отан туын қолына алып,
Досым – деп келді бізге құшақ жайып.
Жаңбырдай жауған октың арасынан,
Келгенін қалайша біз ұмытайық.

Құшақтап сүйгендей боп айттық сырды,
Ертеден ішке толған мұң мен жырды.
Ауызға қуанғаннан сөз де түспей,
Дей бердім: «Герверт бізді отар қылды».

Командир Комиссаров откір сөзді,
Құттықтап бізді дос деп жауап берді.
Жұмысшы, жалшы, кедей біз өзіміз,
Құндықтан құтқаратын еңбекші елді.

Құл күліп Сарыарқаға бітті нішін,
Қуаныш кернеп кетті шахты ішін.
Қу дала, құлазыған құрғақ дала,
Сайратты сақау жатқан бұлбұл құсын.

Төгіле келді әскерге шаруалар,
Бөрікті, кепкелілер, тымақтылар.
Аралас, орыс, казак адуынды,
Әкелген бәрінің де шашуы бар.

Көбегай шаруаға басшы болған,
Деді ол: «Большевиктер бізге қорған.
Жанарсын алтын аркам еңбекпенен,
Жойылсын байдың бәрі бізді сорған...»

Кең қолтық көпті көрген ер данасы,
Тасқындап оған ерді елдің жасы.
«Қайырлы сапар болсын, Көбеке»-деп,
Қуанып құттықтады замандасы.

Жігіттер топ-тобымен келіп жатыр,
Еркімен әскерлікке еніп жатыр.
Үйретіп жауды жеңер қағиданы,
Командир винтовканы беріп жатыр.

Қойшығұл соның бірі батырағын,
Көрген соң бостандықтың анық тағын.
Әскерге алу үшін арыз берді,
Халқы үшін тұла бойын билеп ағын.

Шахтерлер бомба, кылыш, винтовка алдык,
Ойнайды аттарымыз орғып-қаргып.
Жүз шахтер арамыздан қосып беріп,
Өзгеміз ел қорғауға кейін қалдық.

* * *

Қыс өтті, жазғытұрғы мезгіл жетті,
Сай –сайдан су сарқырап көлге төкті.

Акку, қаз өзен-көлдің бойын жайлап,
Дуадақ, аккүр, бақа шөлге кетті.

Кедейлер көктемді ала қырға шықты,
Мінген ат көгалға аунап терін төкті.
Жайлауын Қарабайдың баса көктеп,
Көңілді шаруалар үйін тікті.

Қасымнап екіқабат қалған Жамал,
Жүрегі оттай болып жанған Жамал.
Кұндақтап жаңа туған жас баласын,
Қызылға ерулікпен барған Жамал.

Құттықтап большевиктің әскерлері,
Сәбидің атын Азат қойып еді.
Жас Азат дәл сол кезде сегіз айлық,
Баласы ата-ананың бесіктегі.

IV

Күз еді, күннің көзін бұлт басқан,
Қап-қалың көк көрпесі жерге ұласқан.
Жан, жәндік жабырқанқы әлденеге,
Қар жауып қабағынан ызғар шашқан.

Түн іші күздің қары ұшқындады,
Қоштасып өтті жаздың қу мен қазы.
Жамылып ақ көрпені қала берді,
Қуанған Қарағанды шахтерлері.

Күзетте екі кісі отыр едік,
Біріміз-бірімізге болып серік.
Алыстан ат дүбірі естіледі,
Дәл бізге келе жатқан секілденіп.

Құлаққа мұздай суық дүбір келді,
Бет алып шыққан бір топ біздің кенді.
Шошынып бой шымырлап жүрек тынып,
Ояттық ұйықтап жатқан шахтерлерді.

Даярлап аз қаруды қарсы жүрдік,
Көпірді барикада қып тосып тұрдық.
Дүсірлеп қалың жау да келе жатыр,
Шортандай жұтатұғын бізді қылғып.

Таң жақып, жау да келді мылтық кезеп,
Винтовка, пулеметтің огын тежеп.
Офицер қарсы алдында Қарабаймен,
Қанқұмар, кара қабан қанды шелек.

- Мен атам, - деді Жамал, - Қарабайды,
Тасалап бара жатып терең сайды.
Жүректен түйрей атып ұшырды аттан,
Тобеден түсіргендей найзағайды.

Екі жак мылтықтарын бытырлатты,
Жаяуды атты солдат баса шапты.
Ок тиген киіктеі боп құлап жатыр,
Құрбан кып біреу аяқ, біреу басты.

Окка ұштық, жараландық көнбедік біз,
Жүректе ерімейтін қатты кек мүз.
Уызға у құйылып жау жәбірлеп,
Еңіреді ата-ана, ұл менен қыз.

Атаман Анненковтың солдаттары,
Сияқты арсылдаған кара тазы.
Қарабай оған ерген кара қабан,
Бауырына басам депті ен арқаны.

Қан ішкіш, ел талағыш, арсыз банды,
Жазықсыз шахтерлерді атып салды.
Совдептің мүшесі сен қатын деп,
Жаралы Жамалды да ұстап алды.

Совдепші казактарға салды дүре,
Бұдақтап шаш жұлынды, істі күре,
Ақылы бірде кіріп, бірде шығып,
Жалаңаш жатыр Жамал жерді бүре.

Денесі астаудай боп кетгі ісіп,
Аямай дүреледі банды күшік.
Біздің де қол-аяқты бұғаулаған,
Жамалды кім айырмақ ара түсіп.

Шамғон мен маған банды тілін безеп,
Қамшымен сойды бізді кезек-кезек,
Сұрады қолды бұрап, отқа тосып,
«Совдептің бастықтары қайда жүр» деп.

Өлімге мақұл болдық сыр бермедік,
«Айтпаймыз өлтірсен де жонді» дедік.
Біз өлсек қанымызды ақтайтұғын,
Айбынды қайтпайтұғын тапқа сендік.

Тостық біз қызылдардың отрядын,
Хабарды береді деп дос-жар жақын.
Ес-түс жоқ, тірліктен де өлім таяу,
Өлімнен большевиктер құтқаратын.

Он шахтер, екеуі әйел дүре желік,
Шыбын жан шыдады оған тастай берік.
Апарып айсыз түнде атпақ болып,
Он жерге он адамды қойды керіп.

Түн болды, жердің бетін түнек басты,
Долы жел, күйын ойнап, шаңдақ шашты.
Тенкілеп, балағаттап офицерлер,
Қорлады қолға түскен көрі-жасты.

Байқаймыз бізге жакын өмір ақтық,
Күніреніп жылайды ана көзін жас қып.
Айдады ататұғын жерге қарай,
Шыңжырмен аяқ-қолды байлап тас қып.

Келеміз екі аяқты әрең басып,
Күн қайда құтылатын бұдан қашып.
Бес солдат артымыздан келе жатыр,
Даярлап винтовканың аузын ашып.

Бас алмай келе жатып екі аяғын,
Сөйлейді балалардың Жамал камын:
«Әкеден, шешеден жетім болып.
Ұяда қалды-ау екі балапаным.

Торына душар болдым айуандардың,
Мінеки, аққалы түр жылы қаным.
Отымен азат елдің бірге туған,
Қош сау бол, Мәриям мен Азат жаным».

Деп жылап Жамал көздің жасын іркіп,
Ақ сүтін емшегінің көкке бүркіп.
Аяңдап келе жатыр санап басып,
Оқ тиген құландай боп ақсай сылтып.

Келеміз жаралы жан ойға сүңгіп,
Жалаңаяқ кірт-кірт басып қарды қырбық.
Шахтадан оқ бойындай шыққан кезде,
Алтын ай алдымыздан шықты жылжып.

Қып-қызыл нұрын шашты гауһар шеті,
Серпілді біраз ғана жүрек дерті.
«Біз өлсек қанды көріп тұрсын» дейміз,
Қуә боп келешекте айдың беті.

Көзден от, көкіректен ақыл ұшты,
Шама жоқ бүлк етуге жаулар күшті.
Ататын солдаттарды ұстап, байлап,
Ауызын бірінің де ашқызбады.

Бес солдат соры қайнап қолға түсті,
Біреуі қашамын деп оққа ұшты.
Солдатты мықтап байлап болғаннан соң,
Барлығы бізге қарай жүгірісті.

Түр едік үріккен қойдай бұл кім десіп,
Сүм жүрек үміттенді тұрған шошып.
Босатты қолымызды байлауынан,
Түсірді кісендерді алмас кесіп.

Командир Комиссаров Көбетаймен,
Соңынан бір полк боп әскер ерген.
Хабарын Анненковтың естіген соң,
Токтаусыз күн-түн қатып бізге келген.

Түн өтіп, нұрын шашты таң да атты,
Майданға мекен болды біздің шахты.
Ақырған Анненковтың офицері,
Орына өзі қазған құлап жатты.

Отанға Совет бекіп болдық күшті,
Шахтерлер қолына алды билік істі.
Енді біз оқып мұнда келейік деп,
Омбыға Жамал, Егор аттанысты.

Мен шахтер, атым Тұсын көпті көрдім,
Осындай ауыр-ауыр кепті көрдім.
Кешегі таржол тайгак кешулерде,
Күресі болды осылай шахтерлердің.

Мына көз соны көрген әлі тірі,
Басталсын Қарағандының жаңа жыры.
Жағымды жаңа күйді тағы айтайын,
Таусылмас терең теңіз шахтер сыры.

V

Сіз бүгін Қарағанды көркін қара,
Өрлеген, өрістеген аспанды ала.
Жарқырап күндей болып электрі,
Секілді мың жасаған үлкен қала.

Қазақтың кең ордасы жаңа қала,
Орнатқан тамашалап совет қана.
Тас үйлер қабат-қабат қызыл төбе,
Көркейген нұрыменен бүкіл дала.

Қалайша қуаңбайын мен жүректен,
Қаланы бұл секілді көрем деп пе ем.

Арманда өлген жоқ па Қасым, Семен,
Кешегі тар заманда мекнатпен.

Шахтыдан шығып осы қалаға еңсем,
Шаттықпен көтерілді менің еңсем.
Теңіздей жігерімді тасытады,
Елімнің туы орнаған түрлі кеңсем.

Ортада бір қызыл үй күндей жайнап,
Қаланың өскеніне болған айғақ.
Қараймын маңдайына өткен сайын,
Тұрғандай шахта өмірі сонда сайрап.

Қуанып мен қаланы аралаймын,
Үлкен үй кіші үйіне аялдаймын.
Тел емген, тепкі көрмес мен еркетай,
Сыр айтам, сыр естимін, жыр жырлаймын.

Шахты іші менің үлкен бір мекенім,
Айдаймын машинамен көмір кенін.
Жүрегім, миым, көзім көмір үшін,
Көмірмен бірге туған өлен, жырым.

VI

Жазғы күн шұрын шапқан қызыл гүлге,
Шарбы бұлт кербезденген көк пен жерге.
Үйлердің терезесі жарқылдайды,
Айна боп алыстағы қыр мен белге.

Қаратау асты да шок, үсті де шок,
Құйылған ұлы еңбекпен жемісі көп.
Жұлдыздай аспандағы жарқылдаған,
Тау қойны самаладай электр ток.

Бір үй бар доң басында тауга серік,
Көңілім таудан биік келсем еніп.
Аққудай айдын қолден сүйрік тартқан,
Адамдар тауһар тасын отыр теріп.

Бойлары көк орлеген көңілденіп,
Киінген жібек, шұға әсемденіп.
Сыпайы, сұлу мінез жас жігіттер,
Тап-таза көк құрақтай шыққан өріп.

Студент бұл отырған көмір ері,
Қатпарлы қара таудың инженері.
Қырағы алтын қанат жас қырандар,
Қызыл үй – тау кенінің техникумы.

Жас талант денелері тастай берік,
Үйренген өнер, білім ойын түйіп.
Алдында отыр біреу бурыл шашты,
Тарихтың томдарынан сабақ беріп.

Тыңдайды оқушылар құлақ салып,
Жүткандай тау бұлағын мейірі қанып.
Сөздерін көсемдердің миға тоқып,
Түсірмей бір әрпін алар қағып.

Бурыл шаш сабақ берген Жамал жеңгей,
Әйел боп тауға шыққан өрлей-өрлей.
Елінің осы күнгі еңбек ері,
Өскен ол отан туын жауға бермей.

Оқыған қарт большевик білім терген,
Өмірден у мен сүтті бірдей емген.
Дала анам, елге білім емізем деп,
Мәскеуден тас көмірге былтыр келген.

Мәриям деген оның қымбат қызы,
Сияқты күлімдеген көк жұлдызы.
Бірінші және екінші шахтылардың,
Жүрегін жандандырған технигі.

VII

Бірінші шахты іші машиналы,
Шахтерлер билеп алған техниканы.
Алексей Стаханов әдісімен
Теніздей тулап жатыр көмір кені.

Жап-жарық лабы, штрек, электр шам,
Сияқты аппақ болып жазғы атқан таң.
Даланың таза ауасы гу-гу толқып,
Келеді түйдегімен жел тартқыштан.

Забойшы тас көмірмен алысады,
Бейне бір адам қыран, көмір тағы.
Дарияның тасып шыққан суындай боп,
Қайалар құзды бойлап жарысады.

Конвейер көмір айдар дүрсіл қағып,
Бірінен бірі шапшаң қағып алып.
Тулаған толқындалып кара сендер,
Вагонға өлсеңдетіп мінер барып.

Вагондар бірі келіп, бірі кетіп,
Тізіліп жарысайық кел-кел десіп.

Тұлпардай шауып шығып эстакатка,
Төгеді көмірлерін дүрсілдетіп.

Азулы жолбарыстай мәшинелер,
Қайратпен кара алтынның қойнына енер.
Қолына тиген жерін гүрс-гүрс шайнап,
Боратып тау-тау көмір казып берер.

Бәрін айт, бірін айт та кендерімді айт,
Сол кенге сіңіп жатқан еңбегімді айт.
Бәріне осы күштің қожа болған,
Ардақты шахтерлердей ерлерімді айт.

Ардақты шахтерлердің бірі - Азат,
Жоталы, бұлшық етті, шымыр қазақ.
Түндегі жаңа жанған электрдей,
Кенеттен өткір көзі қалса қарап.

Жиырмаға биыл келген жасы оның,
Сомдаған болат дерсін аяқ-қолын.
Он бестен бермен қарай алған сабак,
Қара алтын, пластының жүйе жолын.

Күрдасы алтын пұраын Октябрьдің,
Әкесі есінде ме, кім еді мұның?
Қасымнан іште қалған бала еді,
Ардақты жалғыз ұлы Жамалыңның.

Мінски, бұл да ер жетіп адам болды,
Білімге өрен жүйрік маман болды.
Әкесі Герверт сүмнан қаза тапса,
Баласы тау шыңына күс боп қонды.

Бұрын да талай Қасым өлетұғын,
Баласы жетімдікті көретұғын.
Жалшы боп өсе келе жер-су бітпесі,
Өмірі күнгірттікпен сөнетұғын.

Бүгін ол машинист, өмірі өртен,
Сенімді жауға қарсы шыкса ертең.
Бакытты, шатты дәурен дариясында,
Тоймайсын сыр, сипатын күнде қорсеп.

“Қасымға тартқан ер” деп ел айтады,
“Жамал да жақсы өсірді” деп айтады.
Дейтұғын “алтып анадан” мақал да бар,
Білмесе оны қазақ неге айтады.

Көзінің қарасындай жан серігін,
Жұмсап тұр, пластының қиын белін.

Тұлпардай тауға шапқан күтірлетіп,
Тұлатар болат ауыз тиген жерін.

Күркірер қара күздың жолбарысы,
Комірді шайнап жатыр азу тісі.
Сол кезде гүрс-гүрс етті бір “зеңбірек”,
Түтін боп сала берді шахты іші.

Денесін басып барад тасыр-тұсыр,
Токтатты машинасын жан ұшырып құр.
Жанары жабылды да қалды ашылмай,
Ілезде болған бір іс, күтпеген бұл.

Күз басып түншықтырды Азат ерді,
Сындыра қабырғасын жаншып ерді.
Әкетті есі-түсін мылқау бір күш,
Дегендей “сен мекен қыл қара жерді”.

Әр шахтер өздерінің учаскесін,
Менгеріп забойлаған салып күшін.
Қапыда құлап жатқан Азат ерді,
Жаны бір жолдастары қайдан білсін.

Дер еді күші болса “кісі шақыр”,
Тас көмір еркін алды ұлан-асыр,
Қапыда қыбын тауып қара балуан,
Азат пен машинаны басып жатыр.

Дәл бұрын кездеспейтін мұндай “керім”,
Қазғалы Қарағандының қымбат кені.
Неліктен бұл апатқа ұшырады,
Қылды ма “күдай” душар тентек жерін.

Себепсіз қара шыбын қақпас қанат,
Қалжыңға көнер жігіт емес Азат.
Күлайтын Қаратаудың реті бар,
Соңырақ баяндармын мен башайлап.

IX

Ашаң жүз, ұзын бойлы, қара қасты,
Қара көз, сом денелі, бұйра шашты,
Инженер Егор маман шахтамызда,
Бағынған оған көмір, жердің асты.

Баяғы Семеннің бұл бел баласы,
Ардақты еңбегімен ер данасы.
Электр, мотор, көмір тілін білген,
Жігітті күметтейді замандасы.

Жасынан Мәрияммен өсті бірге,
Мәскеуден бірдей келді тас көмірге.
Ойлайтын көптен бері жастықпенеп,
Мәрияммен шықсам-ай деп жана өмірге.

Мәриям сияқты оған шолпан жұлдыз,
Болмаса маңдайдағы асыл күндыз.
Ойласа Мәриямды айтар сөзі:
“Сұлу қыз, оқыған қыз, ақылды қыз...”

Көргенде Мәриямды жүрегі еріп,
Кернейді тұла бойын бір ой келіп.
“Ойыңды мен де білдім” дегендей боп,
Мәриям назданады қасын керіп.

Жүректің жұмбақтарың шешісе алмай,
Ой ойлап күн өткізді алты ай жаздай.
Егорды ұйықтатпайды елестеп кеп,
Мәриям казак қызы өрімталдай.

Елесі Мәриямның Егорға ермек,
Тұрғандай қоз алдында “маған кет” деп.
Ойымен жетсе-дағы, қолы жетпей,
Бірнеше ай шын жүрекпен жүрді шөлдеп.

Егор да Мәриямға жүр еді ұнап,
Ақылын, мамандығын зерттеп сынап.
Ер жеткен қыз болса да ерге тиер,
“Сүйем” деп жабысуы қиынырақ.

Өмірдің екеуі де ұл мен қызы,
Көркейсін күн нұрымен жастың гүлі.
Бір күні Егор қызды сүйемін деп,
Білдірген Мәриямға мынау сыры:

“... Мәриям жасымыздан жетім болдық,
Көмірде аш-жалаңаш жүрдік тондық.
Ержетіп ес білгенде бірге оқып,
Қырандай алтын қанат тауға қондық.

Мені еркек, сені қыз қып жаратыпты,
Адамды біздей жаннан таратыпты.
Тамаша таудай менің бақытыма,
Дәуірім сені маған қалатыпты.

Мен сені сүйдім... сүйдім, мұным анық,
Білесің кім екенім саған қанық.
Сен сүйсен “сүйем” деген хабарды бер,
Бір сөзің өміріме болсын азық”.

Хатгы оқып Мәриям: “Жігіт теңім” – деді,
Баска деп ол Егордан шегінбеді.
Жүрегі дүрсіл қағып, жүзі жайнап,
Көрінді адал жанмен берілгені.

“Сүйдім” деп жалғыз ауыз жауап жазды,
Қаршыға ілді көлден қоңыр қазды.
Өмірге өкпелі адам болмас еді,
Солардай қоса берсе сүйген жарды.

Дүнк етті “Мария, Егор қосылды” деп,
Айтқан жоқ Мәриямды “шоқынды” деп.
Екі жас махаббатты өмір құрды,
Бакыттың бесігіне бөленіп тек.

XI

Мәриям жас жігермен төгіп күшін,
Аралап жүргізетін шахты ісін.
Жүргенде күнбатыс жак штректе,
Естіді динамиттің бір дыбысын.

Құлағын күдіктеніп сала қалды,
Дүнк етіп гүрсілдеді шеткі лабы.
Динамит қойғызған жер жоқ еді деп,
Жүгіріп шет лабыға жетіп барды.

Үнілсе лабы іші тас-талқан,
Көсіліп көмір басқан жатыр бір жан.
Бауырым Азат деді шошып кетіп,
Азаттың мұнда екені мәлім оған.

“Жолдастар мұнда кел”деп айғай салды,
Қопарды құлап қалған қара жарды.
Бір сұмдық болған екен десіп шахтер,
Жүгіріп жан-жағынан келіп қалды.

Тау бұзып, тасты жарған кеннің ері,
Төгілді маңдайынан аққан тері.
Төбеден түншықтыра басып жатқан,
Көмірден алды Азат пен машинаны.

Бет-аузы, басы, көзі қып-қызыл қап,
Тос көмір ұрып, құлап жараланған.
Кірпігі қимылдайды, тіл қатпайды,
Снякты көз жанары бейне өлген жан.

XII

Бір күні Мәриям тұрса ертеменен,
Таң атып келе жатыр алаң-елең.
Егорды оятты да деді Мария:
“Бір жерге сен ұнатсаң барып келем”.

- Мәриям қандай жерге бармақ едің,
Болмайды қарсылығым істе менің.
Кешікпе жұмысыңнан кенже қалма,
Алыс па, жакын ба еді барар жерін?

- Запальщик Қортанбаев кеше түнде,
Жұмысқа келе алмады әлде неге.
Үйіне барып білгім келіп отыр,
Жұмыстан мен қалам деп уайым жеме.

Киініп шыға келсе үй алдына,
Малыңған көбік қарға жер, сай, жылға.
Сонарды сүйкей басып тартты Мәриям,
Аншыдай құсын алып шыққан қырға.

Көбік қар шыдамы жоқ жазғытұрғы,
Жүргенге оралғы емес тайыз түбі.
Мәриям келе жатса қарсы алдында,
Ап-айкын екі адамның жатыр ізі.

Таң атты аппақ болып жұрт та тұрды,
Екі із Мәрияммен бірге жүрді.
Дегендей із несін көрсетейін,
Үйіне Қортанбаев алып кірді.

Қақпадан жылдамырақ еніп еді,
Екі адам үйге қарай жүре берді.
Кес-кестеп алдын орап Қортанбаев
- Мария, неге ерте жүрсің деді.

- Сен кеше келмеген соң біле келдім,
Құлақты әр нәрсеге түре келдім.
Үйіне кіріп кеткен екі адам кім?
Шынды айт, өзің қайда барып келдің?

- Кеше өзім сырқаттанып жаттым үйде,
Қақсайды тұла бойым, желке, шүйде.
Жолаушы станциядан келіп түскен,
Екі адам жана ғана үйге кірген...

Қалтырап сөйлей алмай Қортанбаев,
Қояндай сасып, көзі адырайып.

Жыбырлап қолы-басы , тіл күрмеліп,
Үн бермей біраз тұрды томсырайып.

Бозарды беттің тамшы қаны қалмай,
Қушиды бар денесі кепкен талдай.
Болмаса кісі олтіріп тығып қойып,
Мәриям соны сезіп тұрған жаңдай.

Әлгі екі із, жаудың ізі түнде жүрген,
Ішіне қанжар байлап, сырты күлген.
Ол жау кім? Ол запальщик Қортанбаев,
Мәриям сұмдық шетін сезген, білген.

Зиянкес Қортанбаев көмірдегі,
Белгілі Қарабайдың баласы еді.
Жасырып ата-тегін, аты-жөнін,
Кіріскен бұлдіруге көптен бері.

Зиянкес іс қылады айла еппен,
Шахтаға жүрегінің уын төккен.
Азаттың көмір шабар лабасына,
Оп шакты динамитті қойып кеткен.

Динамит жарылған соң машинамен,
Кұлаған қара көмір тауменеп тең.
Бөрі жоқ десең шығар бөрік астынан,
Жаралы болған Азат сол себептен.

Мәриям запальщикке сезіктеніп,
Таңертең ерте тұрып білген келіп.
Түксініп Қортанбав қала берді,
Қой жейтін қорқау қасқыр секілденіп.

Үйге кеп Мәриямы инженердің,
Сөйлейді мәні-жайын күдікті іздің.
Бір пәле сол қуыста бар шығар,
Екеуі артын түйді осы сырдың...

Күлісіп, мәз-мейрам боп, асын ішіп,
Ақ бетген бірі сүйіп, бірі қысып.
Жайрандап жұмысына кете барды,
Мініп ап машинасын құстай ұшып.

Кеш болды екі маман үйге келді,
Мәриям Егорына тамақ берді.
«Егоржан, киноға біз баралық» деп,
Аққудай байпаң қағып қасын керді.

Аққудай алма мойын Мәриямын,
Сүйген кеуделегі шыбын жанын.

Егор да бетке қағып көрген емес,
«Барайық, барғың келсе – деді – жаным».

Киноға келе жатып екі ғашық,
Көңілі дариядай толқып, тасып.
Өмірін Қарағандының кеңеседі,
Өткен күн өздеріне тегіс машық.

Жөнекей екі абзал Жамалға кеп,
Сұрады киноға апай барайық деп,
Азат пен төртеу болып шықты Жамал,
Қызығын құлынының көрсін бе жек.

Кұмарта айкастырып қолды екеуі,
Киносын «Чапаевтың» көрді екеуі.
«Қапыда бейғамдыкпен өлді-ау ер,» - деп,
Таңдайып тық-тық қаға берді екеуі.

Қайтқанда Егор, Мәриям, Жамал, Азат,
Қаласын Қарағандының тамашалап.
Ертенін бұл қаланың елестетті,
Жаңадан бүрін жарған гүлге балап.

Күрестің мол жемісін көргеніне,
Еңбектің қызғалдақтай өнгеніне.
Қуанып қымбат жанлар келе жатыр,
Шахтаның алғыс айтып ерлеріне.

Таралы үйді-үйіне ойнап- күліп,
Ұйықтамақ ойларында жоқ еш күдік.
«Шығады жау жоқ десең жар астынан»,
Қиын ба аяқ асты шықса бүлік.

Мәриям үйге келіп төсек салып,
Егорын құшағына қысып алып.
Маужырап жаңа ғана ұйықтап еді,
Тарсылдап біреу кірді киіп-жарып.

- Қап, Егор, есік ашық қалған екен,
Тарсылдап кіріп жатыр кісі ботеп.
Күршегін арғы есіктің мықтап салды,
Тым-тырыс үн бермейді «бұл кім» десең.

Сөйткенше кіріп келді екі жалдап,
Құтырған қасқырдай боп төне қарап.
Егор да телефонды бұрап қалып,
Сұрады 25-ті екі қабат.

Бас салды бір «дию» кеп Мәриямды,
Көйлекшен күс төсекте жатқан жанды.

Қасқырдай қойып жеген домалатып,
Бүйірден қорқыратып пышақ салды.

Қыршын жас тулап қан боп қала берді,
Байламақ болды банды Егор ерді.
Алысты ұзақ мезгіл екеуімен,
Жау екеу шыдата ма акыры жеңді.

Айтқанда Түсін шахтер осы күйді,
Көл толқып, долданып тау, қабак түйді.
Кенеттен салқын жел де көтеріліп,
Қарағай, қайыңдардың басын иді.

Құс шулап қарғыс айтты жауыздарға,
Ақ көбік ұрды ашумен төсін жарға.
Жаулардың қылығына лағнат айтып,
Құс пен аң тарап жатты тауға, нуға.

Артына екі қолын мықтап байлап,
Шыныңды айт, өлтірем деп қашжар салды.
Сұрады Мәриям саған не айтғы деп
Таңертең келіп кеткен бізді абайлап.

Іздеді партбилетін «бересің» деп,
«Бермесен қазір, міне, өлесің» деп.
«Электр станцияның планын бер,
Қайтады сонда ғана біздегі кек».

Қасарып Егор отыр жауап бермей,
Жап-жаксы үйі болды қазған көрдей.
Жарылып қарсы алдында жатыр Мәриям,
Қапыда кетіп қолын сермей-сермей.

Қараңғы үй қан сасыған болды тұнық,
Бейғамдық ер мойнына салды құрық.
Телефон біраз ғана сылдырлап еді,
Бір банды трубкасын алды жұлып.

«25» телефонның номері еді,
Жамалға соғып еді білдіргелі.
Бас салды бандылар да оны сезіп,
Шақырып тілдесуге үлгірмеді.

Жамал да жаңа ғана ұйықтап жатқан,
Есігіп телефонды қатты қакқан.
«Бұл кім?» деп сұраса да әлденеше,
Еш жауап болмай қалды әлгі жақтан.

Жүрегі кобалжыды, күдіктенді,
Егорға өзі соқты телефонды.

Үн-түн жок жауап бермей калганнансоң,
Көңіліне түйдек-түйдек қауіп қонды.

Мылтығын оғы даяр қолына алып,
Егордың пәтеріне келді салып.
Не дыбыс шығар екен бұл үйден деп,
Құлағын сала қойды тұра қалып.

Тыңдады терезеден бұғып тұрып,
Еңтігіп біреу отыр алас ұрып.
Сөйле деп зорлағандай қараңғы үйде,
Жұдырықпен бір адамды біреу ұрып.

Тұрғандай осыларды көптен аңдып,
Бойына жиып алып күшін барлық.
Мылтықты үш қайтара басып салып,
Сындырып терезені түсті қарғып.

Ашынып Мәриямның өліміне,
Күйініп қыршын кеткен өміріне.
Қайғылы жараланған Егор жайын,
Білдірді НКВД бөліміне.

Шам жакты электрді бұрап қалып,
Үй іші күндізгідей болды жарық.
Жарылған ақ маралдай жатыр Мәриям,
Тастаған еді банды жана жарып.

Алма ерін қаны қашып көкшіл тартқан,
Ақша бет солғын гүлдей жерде жатқан.
Қап-қара екі қастың арасында,
Ашудың белгісі бар тастай қатқан.

Шып-шымыр бұлшық етті білек пен сан,
Айрылған аттай желген тамырлардан.
Кеудесі ақ маралдай құрылыпты,
Сом дене ақша қардай қып-қызыл қан.

Түкпірде екі жау түр үрейі ұшқан,
Жамал бар қарсы алдында оны қысқан.
Бүлк етсе сылқ еткізіп құлататын,
Наған түр ауызынан оты ұшқан.

Бандылар Қортапбаев, Нұрланбеков,
Мылтықтың ұшында түр құны кетіп.
Өздерін сезіп қалған Мәриямды,
Өлтірген қыршын жасты құрбан етіп.

ХІІІ

Дүр етті кочегарка таң білінді,
Алтын таң ыдыратты кара түнді.
Көркейген күреспенен Қарағанды,
Жарқырап нұрын шашып күндей күлді.

Машина күзды бұзып, киды тасты,
От бұрғы көмір төсін жыртып ашты.
Жауларға жауап бергіш мың-мың білек,
Теңіздей толкындалып, таудан асты.

Мінскей, Азат, Егор, Жамал анаң,
Шахтада қызыл күндей сүйікті адам.
Жырлайды осылардың маңдай терін,
Ми, жүрек, алтын сия, күміс қалам.

Қара алтын жер астында ұзақ жатқан,
Сілкініп адам затқа қойнын ашқан.
Азат пен Егор сынды жас күштілер,
Сол тауға электрден күміс таққан.

Көмір - тау, шахтерлері – көп қыран құс.
Бауырында машинасы, ол жолбарыс.
Албырт ер көмір тауын азуласа,
Тісінен ағылады алтын, құрыш.

Тау өрлеп тасты жарды қыран құсым,
Жайылды жер шарына өнер-күшім.
Ығымнан жүре алмайды күні бүгін,
Кешегі отар қылған сұм ағылшын.

Аяқтап Түсіп шахтер әңгімесін,
Желпінтті, мақтандырып тау тобесін.
Тулаған Бурабай да саябырлап,
Сүйгізді алтын күнге аппақ бетін.

Балалар әңгіме естіп шаттанысты,
Білгенге көмір күйіп мақтанысты.
Жаңғыртып Көкшетауды ән салғанда,
Әсем үн көгалды өрлеп, нуды құшты.

Аққу, қаз көлге қонды күміс қанат,
Денесін сылап-сипап, сілкіп тарап.
Тыңдаған көмір күйін колхозшы да,
Отырды сұлу көлге күле қарап...

АҚ КЕЛІН

Серуен

Өмірдеп көру болып калағаным,
Армансыз арқа бойын араладым.
Арканың белдеуі мен басқұрындай,
Көк Есіл, Қара Ертісті жағаладым.

Баянды, Қарқаралы, Көкшетауды,
Баураған туыс орыс, қазақ аулы,
Балам деп ақынды олар еркелетті,
Керей, Уақ, Арғын, Қыпшақ – тоқсан баулы.

Тілдескен күн мен айға қарт Баян тау,
Арқаға ұл мен қыздай алтын отау.
Гүлменен кестелепген айналасы,
Сайраған бұлбұлдары, бакша мен бау.

Асқарлап көк тіреген таудағы өркеш,
Түнеген төбесіне бұлттар кош-кош.
Дегендей менің жылы қойнымда өскен,
Баяғы Баян сұлу, Қозы Көрпеш.

Өлең мен ән бесігі – Баян тауын,
Қыс боран, жазда бетін жуған жауын.
Көктемде күміс канат аққу – қаздар,
Біледі арнап келіп есен-сауын.

Тосінде Жасыбайдың көлі күміс,
Сияқты қымыз құйған алтын ыдыс.
Сақтайды жаныңды сау, жасыңды ұзақ,
Арнасы тасқын дәулет өмірге ырыс.

Бауырында сабынды көл тасты жуган,
Жүз бұлақ жан-жағынан тынбай құйған.
Екі көл маңдайдағы екі көздей,
Жағасын меруертпен тепшіп жиған.

Атанған Баян аула, Жаман аула,
Малға күт екі аула алтын қауға.
Жаман деп еркелетіп ат қойған ел,
Туғанның арманы жоқ мұндай тауда.

Тау ұлы Сұлтан-Махмұт дарияны,
Жаны ақын Машһүр-Жүсіп қарияны.
Серуендеп тауап етпей өте алмаймын,
Әрі әнші, әрі сұлу Майраны.

Ақын да бір бала ғой серуенде,
Қызығар көремін деп қырға, көлге.
Баянның сырласатын жеңгесіндей,
«Ақ келін» оң жакта – орда елге.

«... Осы тау «Ақ келін» деп неге атанған?»
Дегенге, ел аузынап бізге қалған:
Ертеде ақ түйемен бір келіншек,
Түсіпті осы тауға отаулаған.

... Аркада Баян ауыл жері сұлу,
Айдышы ақ жамбыдай көлі сұлу.
Төсеген құс төсектей қалың кожим,
Егінді, көк майсалы белі сұлу.

Таулардың сайрап тұрған бұлбұл құсы,
Бұхардың кілеміндей жердің түсі.
Ызың-шу қояндының базарындай,
Аң менеп құсқа толған таудың іші.

Шың жартаc Ақбет таудың кең арнасын,
Ақтарып елім алған қазынасын.
Жүрегін ақындардың тербетеді,
Қалқыған төбесінде бүркіт, лашын.

Сәнді өлке алтын кілем жатыр жайып,
Бақытты жайлаған ел шалқыр байып.
Қозы емген құрақтарын көк жібектей,
Қос қорық, майлы қарта, кең бидайық.

Шүрегей ұшып өтпес шопті түбек,
Қыс боран, жаз ақ жаңбыр жатқан түнеп.
Қыры егін, ойы шабын, орманы үй,
Құт жайлау, алтын астық, күміс күзек.

Бәрі де Ақ келіннің есігінде,
Кені бар Ақ келіннің бесігінде.
Ор тауды орап алған зерлі өзен,
Келіннің белбеуіндей осы күнде.

Табиғат, шеберсін-ау өнері артқан,
Ақ келін бейне ана ұйықтап жатқан.
Қос қорық, кең бидайық малға, жанға,
Ананың емшегіндей уызы аққан.

Тау кезен тарам-тарам таза бұлақ,
Құлпырар жағасында жасыл құрақ.
Ауасы дертке шипа, жанға сая,
Адамда арман бар ма кылған тұрақ.

Қырандар

Өмірден білу болып қалағаным,
Туристей Баян еліп араладым.
Көрінді бір қызыл ту Ақ келіннен,
Жайнатып нұр шұғыласы кең алабын.

Жақындап келіп тудың алабына,
Нанбадым өз көзіме, қарадым да.
Шымырлап тұла бойым, жүрек тулап,
Дей бердім: «Кім бар мұнда, кім бар мұнда?»

Заңғар тау Ақ келіннің шығысы –
Кен алқап жасыл берен жердің түсі.
Тізілген қаздай қатар ақ шатырлар,
Дегендей ішімізде отан күші.

Көрінді топ жауыңгер атқа шапқан,
Қылышын ерсілі-қарсылы жаркылдатқан.
Арқырап арғымағы күстай ұшады,
Қояндай терең ордан бірақ атқан.

Бір жүйе жаяу солдат марштаған,
Кең алып адымдарын қарыштаған.
Қырандай саңқылдаған командирдің,
Дауысы тау тербетіп алыстаған.

Төбеде самолеттер жүрген ұшын,
Күркіреп бұлтты жарып, күнді құшып.
Аспаннан ағып кеткен жұлдыздардай,
Топ-топ жас парашутпен түсті жосын.

Түсіндім, лагері екен жауыңгердің,
Коркейткен Ақ келіннің бөктерлерін.
Ауылдың жаңа ұшқан түлектері,
Қорғаны Ұлы Отанның қызыл ерім.

Алдымнан қарсы шықты үш командир,
Отанын жаннан артық сүйген ерлер.
Секілді тау бүркіті қияпаты,
Белінде бес қаруы самсаған, көр.

Алдыңғы полковнигі арғымақты,
Мінгені қой мойынды, қоян жақты.
Аумаған жолбарыстың денесіндей,
Көкке атып, жер тарпыған күрең атты.

Командир Н. полкінде атқа мінген,
Тау жайлап жатқан қолды бастап жүрген.

Акқұба, ұзын бойлы, мұртты жігіт,
Жүзінен жауынгерлік сыр білінген.

Военный костюм киген сұр шұғадан,
Айнадай хром етік жалтыраған.
Советтік адал ұлдың бірі осы деп,
Төсінде Қызыл Жұлдыз жарқыраған.

Іліп жылы жүзбен амандастық,
Сыйластық құрметпенен қол алыстық.
Қай жерде, қай жылдарды болдык бірге,
Дегенді тіл қатпастан көп ойластық.

Командир аты Сергей Григорьев.
Ерлікпен даңқы шыққан батыр жігіт.
Басына аэродром баралық деп,
Ілесіп командирмен кеттім жүріп.

Аэродром – алқасындай алтын күннің,
Төріне көрік берген биік шыңның.
Самолет күркіреп кеп қонды ортаға,
Жез канат қанатындай Ақ келіннің.

Жиылды топ жауынгер осы жерге,
Тұлпары жер тарпыған, шапшын өрге.
Ойнайды мың бұралып жануарлар,
Қосылып билегендей оркестрге.

Бір жігіт аударыла түсті аттан,
Кескіні жылы ұшырап күлім қаққан.
Сергейге жетіп келіп баяндады,
Жігіт те омырауын жұлдыз таққан.

«Төртінші ротаның ол командирі,
Ұшырып мені аспанға сынап еді.
Саулығым, шапшандығым, алғырлығым,
Болуға парашютист ұнап еді...»

Жуантық, орта бойлы, кара бала,
Келіп тұр «көкке ұшам» деп осы араға.
Командир «Қойшығұлов ұлықсат» деп,
Жадырап жауап берді жас балаға.

Жас қыран Қойшығұлов Өтепберген,
Албырт ұл он тоғызға биыл келген.
Қорғайтын отанымды ер болам деп,
Тіленіп әскерлікке арыз берген.

Ол кеше «Жана қоныс» колхозынан,
Жүргізген болат табан тракторын.



«Ұяда нені көрсен, соны ілерсін»,
Дегендей белмек енді аспан сырын.

Сүйкімді ұл самолетке барып мінді,
Қуанған жас бөбектей мәз боп күлді.
Зырылдап пропеллер, мотор гулеп,
Жөнелді шырқай басып шаттық жырды.

Аспандап, ұзап кетті мұз балақ құс,
Көз қадап қуандық біз осы деп күш.
Сол кезде ойыма кеп түсе қалды,
Осыдан он жыл бұрын болған бір іс.

Міне, түр бір бұрышта жалғыз мола,
Күмбездеп жұлдыз қаккан мұнараға.
Басында құлпытасы, құрметті жан,
Япырым-ай, кім өлді екен бұл арада?

Самолет Ақ келінді асқарласын,
Көк жүзін қапатымен астарласын.
Түскенше Өтепперген парашюттан,
Шертелік жалғыз мола хикаясын.

Ақынның туысы жоқ, досы шындық,
Ақын емес шындықтан кетсе жылжып.
Ақын жыры өмірдің айғағы ғой,
Жатса да өзгермейтін талай жылдық.

Арман

Ертеде қазақ, қалмақ найзаласқан,
Таласы Сарыарқа еді-ау, емес аспан.
Женгені ұлын құл қып, қызын құң қып,
Қасқырдай козы оңгерген ала қашқан.

Қалмақты бір айкаста жеңіп қазақ,
Жауына көрсетіпті ауыр азап.
Қос батыр келе жатты тұлпар мінген,
Ығысып көшкен қалмақ жөнін қарап.

Күніреніп жылағандай қуқыл дала,
Аң-құспен амаңдасқан сай мен сала.
Батырлар бір сүрлеумен келе жатса,
Шырылдап жылап жатыр бір жас бала.

«Бұл бала маған болсын»- депті бірі,
Жоқ екен бұл батырдың бұрын ұлы.
«Баланы мен алам» – деп екіншісі,
Жерден ап қойнына тықты оны.

Қос батыр шындауылды кейін қалған,
Баланы алсам-ай деп етеді арман.
Таласып екі батыр бір балаға,
Жөнекей «төре бер» деп биге барған.

Сонда би жөн айтыпты батырларға,
Бөбекке таласынды ел мақұлдар ма.
«Екеуің асық қаржас, кім көп қакса,
Балаға әке болсын дауга қалма».

Баласыз батыр асық уыстады,
Шенгелдей алаканын қуыстады.
Үш рет лактырғанда бірден бірін,
Түсірмей жерге, түгел қағып алды.

Батырдың би құттықтап алаканын,
Қолына қондырыпты балапанын.
Асықты қаржуменен алғандықтан,
Қаржас деп атын қойған жас баланың.

Балалы батыр енді жер таңдаған,
Қаржасқа көрші-қолан ел қамдаған.
Таңдап ап Ақ келінді «күт мұнда» деп,
Бауырына тұлпарларын арқандаған.

Сол Қаржас рулы ел боп өсіп-өнген,
Айрылмай батыр таңдап қонған жерден.
Қаржастың ұрпағынан Шорман туып,
Шорманның балалары кім көрмеген?

Дүр Шорман, жуан Шорман, шонжар Шорман –
Атанып Сарыарканың биі болған.
Қыс қыстап Ақ келінге, күз күзектеп,
Ен жайлап құдай қалқып, қаздай орған.

Жаз жайлап Ақ келіннің қара келін,
Аунатқан құмайтына тайлақ, легін.
Нар шөгіп, аруак қонып, қотанына,
Құдайдай қолдаған би, хан мен бегін.

Сырлаған ақ үй тіккен сегіз қанат,
Төріне ілген айдай алтын сағат.
Қаршыға, бүркіт, лашын, жүйрік тазы,
Түп-түгел жиһаздалған сән-салтанат.

Алты мың жылқы біткен маңдайына,
Қант десе бал жағылған таңдайына.
Мың түйе, екі мың қой отарында,
Дүниенің тарығар ол қандайына?

Аркада бай атанған , қыдыр қонған,
Шорманда кырық, елуден жалшы болған.
Қонақ боп Шорман байға алғыс айтқан,
Патшаның баласы кеп Петрбордан.

Екі жүз кара шұбар арғымақтан,
Патшаның баласына тарту тарқан.
Патша да Петрборға шақырып ап,
Чин тағып, алтындаған шекпен жапқан.

Ауырып Шорман ұлы Зында мырза,
Өлген ол патшаның кең сарайында.
Баянға белін шешпей қайта оралған,
Зынданың сүйіктісі әнші Майра.

Ақ келін қос қорық пен кең бидайық,
Шорманның тұқымына болды лайық.
Қоныстас кедей ауыл келе алмады,
Қорық пен Ақ келінге малын жайып.

«Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық кылса.
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен жаяу Мұса.

Жерім жоқ, көлігім жоқ жаяу Мұса,
Көп ойлап елдің қамын болдым құса.
Шіркін-ай байды қойдай қуар едім,
Жаяудың жарқыраған күші туса».

Деп зарлап дүниеден акын да өткен,
Жарасы жүрегiнiң күнiренткен.
Акынның қол-аяғы кісендеулі,
Болса да тілін жанып қайғы шерткен.

Жас төгіп, жыр өргізіп домбырадан,
Күнiрентiп Ақ келiндi шырқаған ән.
Туған жер топырағынап түрткi көрiп,
«Дариға, Ақ келін» деп күйiп-жанған.

Шерлі акын жерді күшып шерткен арман,
Халықтың жүрегінде мәңгі қалған.
Осыдан он жыл бұрын Ақ келінде,
Ұрпағы сол акынның ән шырқаған.

Жүген

Жаяу қарт тауды кезіп күнiренген,
Теңдікті ала алмаған судан, жерден.

Ұрпағым, бұл қорлықты ұмытпа деп,
Жүгенін өлерінде елге берген.

Айпалып Ақ келіннің биік басын,
Тараған әніменен шыңның шашын.
Көзімдей сактанлар деп жарлы жаяу,
Қалдырған ауылына домбырасын.

Шілденің күм қыздырған ыстық кезі,
Жаныңды жадыратқан жаздың лебі.
Төріне қос қорықтың қосын тікті,
Шорманның шәрке киген шөпшілері.

Ертемен орақ даусы суылдады,
Келгендей шалғы шыққа жуынғалы.
Тенкиіп тартылған жол шөккен нардай,
Туралды қос қорықтың «қуырдағы».

Қымыз бен қымыран ішіп қолды қойған,
Жалшылар шыдата ма салмай ойран.
Желкесі кең қорықтың қалды жайрап,
Мырза жоқ сонша шөпке көзі тойған.

Жаяудың ауылынан кедейлері,
Бас болып Иген, Мейрам дегендері.
Мініп ап көк шолактың шоқтығына,
Қоздырды жер жөнінде әңгімені.

Күл болып қорлық көрген неше жылдан,
Шорманның жалшылары келді бұған.
Он екі жылқышы бар, бірі Садақ,
Балуан, әнші, шешен барып тұрған.

Ер Садақ жиырмаға жаңа кірген,
Үйінде Мұстапаның күл боп жүрген.
Шөп тасып қос қорықта жүрген шақта,
Әкесін бура басып ертеде өлген.

Демесен күл баласы көркем жігіт,
Сұлулар бір қарайтын мойын бұрып.
Ол барса қызойнаққа, ойын қызған,
Данғаза емес, сырын жүрер бүгіп.

Оқымай өссе-дағы бала жастан,
Ересек мектебінен сауат ашқан.
Қосында жылқышының газет қарап,
Байдан кек алу жолын іздеп баққан.

Сактап жүр бір кітапша теңеп жанға,
Сездірген емес оны мырза, паңға.

Сыртына алтынмен жазылған сөз:
«ВКП (б) уставы мен программа».

Сол жылы ауыл совет мүшесі еді,
Тойламак он жылдык совет елі.
«Байлардан жерді алатын мезгіл жетті»,
Деп қайнап жүретұғын Садақ кегі.

Аулында жаяу Мұса күнде жиын,
Шерткендей жұрт бас косып жердің күйін.
«Тобықтай түйіні бар токсап сөздің»,
Десе де, шеше қою болды-ау қиын.

Жылқышы Садақ тандап жүйрік мінді,
Ауылға хабар салып күн-түн жүрді.
Байлардан жерді тартып алайық деп,
Алкабын Ақ келіннің дүрліктірді.

Дүнк етті жылы хабар елден-елге,
Өшкені жанғандай боп жерсіздерге.
Баяғы Шорманға асқа жиналғандай,
Шұбырды атты, жаяу Ақ келінге.

Ду-дүбір сындырғандай таудың тасын,
Өр кеуде, отты сөздер болды басым.
Көшпелі Ақ келінде бір болыс ел,
Сыбанып бір кісідей косты басын.

Кек кернеп елдің келсеі, кәрі –жасын,
Алдырған ақ бүркіттей томағасын.
Шорманға обал ғой деп жағынғандар,
Лайықты алып жатты «сыбағасын».

Көзі ашық белсенділер бас болды елге,
Халықты қожа қылмақ болып жерге.
Өкілдер арызды алып аттанысты,
Москва, Қызылорда, Семейлерге.

Шорманов – бір жігіт бар оқып жүрген,
Кедейге іші мүз боп, сырты күлген.
Байларға палог ауыр түскен кезде,
Дәулетім шайқалар деп жаны күйген.

Жұртқа аян Шормановтың әйгілі аты,
Тарихта танбаланған аты-заты.
Қызғыштай көл қорыған шыжалақтап,
Үйіне талай келген жазған хаты.

Поштабай елді жиып күн-түн шапты,
Байлар да дірілдепті, жай жатпапты.

Соғылып телеграмма түс-тұсынан,
Ауылға сол бір жігіт келіп қапты.

Шорманның Майбек деген құйыршығы,
Көсе шал байды қорғап жыбыршыды.
Топка кең ағайындық бітім айтып,
Келіссек қайтеді деп ыңырысды.

Жас Садақ жалын атып «Кет сен!» – деді,
Даусына солқ еткендей таудың белі.
Ұрылған ұры мысық сияқты шал,
Өтірік мүсәпірсіп кемсеңдеді.

Төрдесті қызыл тулы, ақ үй кеңсе,
Кіргенде көтерілер көкке еңсе.
Барлық жер шаруаға деп жазылған,
Көсемнің сөзін оқыр мұнда келсе.

Жамал

Күн батты, тау бөктері күңгірттенді,
Молдіреп күміс шық жапты белді.
Шорманның қотанына ұбақ-шұбақ,
Мыңғырған түйе мен қой, сныр келді.

Ақ үйде сегіз канат отыр топ жан,
Кескіні жұртта қалған бөздей тозған.
Шегіне босір кірген Шормановтар,
Қалайша бере алады жерін қолдан?...

Бәрі де сөзін күтіп жүр Жақыптың,
Сездірді шайқаларын бақ пен құттың.
Пәледен құтқар дәсті қойдай маңырап,
Аузында тұрғандай боп нақ мылтықтың.

Жылан көз, қасқыр ауыз, жар қабақты,
Сұр Жақып төмен қарап ойға батты.
Халықты ит етінен жек көреді ол,
Бай кегін қайтаруға айла тапты.

- Қонакка, - деді активті шақырайық,
Қымыз бен майға әбден батырайық.
Былайшы жер мен суға жармаспауға,
Параға ақша алып қалсын байың.

Садақ пен қосшы ағасы келсін бірге,
Салармыз қазақшылық жұмсақ тілге.
Өзіне ат керек пе, шөп керек пе,
Кедейін шұлатпасын биыл бізге.

Азайтып бұдан былай барлық малды,
Еппенен таратайық жалшыларды.
Қалтаны қалыңдатар заман туды,
Сырғыт тез, сыр шашатын адамдырды.

«Күп» - десті бұл ақылға Шормановтар,
Қаншама пара берсе дәулеті бар.
Жықпашы іштен шалып, сырттан күліп,
Осыған бел байласты өншең сұмдар.

Қызарып көрініп тұр күн шапағы,
Көк түтін жер ошақтан бүркырады.
Бағлан семіз құлын бауыздалып,
Үстінде тал шыптаның қорқырады.

Күн бата Садақ жортып келе жатты,
Қатырған қамшыдай қып жирен атты.
Оязға өз қолынан қаулы апарып,
Оятқан жер алуға Баян жақты.

Бетке ұстап қоңыр тобел ауыл жақты,
Ұшыртып келе жатыр бір пар атты.
Көріңді көк пәуеске түймелеген,
Садақ та білейін деп тура шапты.

- Токтаңыз, - деді Садақ жанапайлап,
Атшы да ысқырады атты айдап.
Еңкейіп ат үстінен қарап еді,
Арбада бір қыз отыр көзі жайнап.

Таныды қыз Садақты, Садақ қызды,
Жұмбақты екеуіне жүріс түнгі.
- Жол болсын, Садақ саған,- деп сұлу қыз,
Сиқырлы көзін тастап, мойын бұрды.

- Жол болса, әлей болсын, қарындасым,
Желкенен түйіліпті сүмбіл шашың.
Әуелі өз жөніңді айтшы, қалқам,
Қазақта сыйлау бар ғой қыз ағасын.

- Мың біткен Шорман байдың мен қызымын,
Күн тимес маңдайдағы құндызымын.
Ерінген ас ішуге қайран басым,
Түн катып, ел арасын кезіп жүрмін.

- Қарындас атың Жамал, атаң Шорман,
Басыңа дәулет құсы ұзақ қонған.
Бой түзеп, шаш сылаудан аспаушы едің,
Түн катып жүретұғын не күн туған.

- Жүруші ек бала жастан ойнап-күліп,
Қайтейін Садақ сенен сырды бүгіп.
Қызыққан Ақ келінге тобыр кедей,
Жау екен, қолды салды жабық түріп.

Қол созған Жамал едім көктегі айға,
Байқашы, бойда жарам азғантай ма?
Атамның аруағына ара түсіп,
Келемін арыз айта ауылнайға.

- Белсене билегендей даудың басын,
Әкеңе кім жақын еді, қарындасым?
Кел деген ауылнайдың сөзі бар ма,
Білдірші сапарыңның сыр-сипатын.

- Сұм Жәкып қала жақтан келіп еді,
Кетеді дейді қолымыздан ата жері.
Барамын өтінбекке Қойшығұлға,
Жалғасын жең ұшынан келіскелі.

Сөз бердім Қойшығұлдың баласына,
Қарамай аласына, күласына.
Келін боп Қойшығұлға келмекшімін,
Намысқа қызбай қаным, шыдасын ба?..

Селк етті, Садақ ойлап істің артын,
Түсті де жетегіне байлады атын.
«Сен барсаң ауылнайға мен де барам»,
Деген соң қыз қуанды жүзі жарқын.

Жамалдың ерні алмадай, беті кардай,
Денесі құмға шыққан өрім талдай.
Саусағы сымға тартқан бейне күміс,
Сөйлесе сұңқылдағын бір жез таңдай.

Сөзінің көбі жұмбақ шот аяқты,
Сынайды алдыңды орап, зілі қатты.
Ары емес, қорғағаны – ата, аруақ,
Кедейден қызғанады мал мен бақты.

- Жөніңді айт, Садақ, - деді күлімсіреп,
Түн қатып неғып жүрсің, шаршап, жүдеп.
Жан едің заманың бір, қатар өскен,
Болса егер жақсылығың енді көрсет.

Жігітсің маған айтар бар ма тілек,
Мен айттым тілегімді түсінер деп.
Жас жастың тілегі бір дейді қазақ,
Тебіренер тас болмаса жастық жүрек.

- Жалғаннан жалғыз ғана тілегім бар,
Ол тілек азаттықа боламын зар.
Құтылсам жалшы деген жамаң аттан,
Табылар кедейден де сендей қыздар.
Келемін Керекудің қаласынан,
Елімнің сусын іштім шарасынан.
Қалайша жұрт намысын нанға сатам,
Шорманның қыз алам деп баласынан.

Газет

Көтеріп бастарына Ақ келінді,
Алуға Шормановтар су мен жерді.
Шақырған Сырым; қаржас қатарына,
Айдабол, Күлік атты рулы елді.

Қосылып Қанжығалы, Қаракесек,
Айырды байларменен мәңгі есеп.
Сары тау, Далбадағы кедейлер кеп,
Бізге де жер тиер деп күштіге ерсек.

Кенсе алды нін тірес лық толы жан,
Тыңдалы баяндама Қойшығұлдан.
Шаншу сөз Жамалға да жетіп жатыр,
Мөлініп босағада қарап тұрған.

Қойшығұл деді: «Жамал, бекер келдің,
Тасқынын баса алмайсын еңбекші елдің.
Параға сатылмайды ауыл Совет,
Иесі халық болмақ барлық жердің».

Ал, кедей, орташалар, көрдіңдер ме,
Байлардың тас-тақысын сездіндер ме.
Жуанды жүгендейтін болды мезгіл,
Тайталас тап намысы қызған кезде.

Қорланған ата-бабам ала алмай жер,
Мал бағып маңдайынан акса да тер.
Төбеге шығып төрге отырам десең,
Көсемнің жеңімпаздық туына ер.

Сол кезде көктің жүзі дірілдеді,
Ақ келін жаңғырығын күлімдеді.
Сүп-сүр боп босағада тұрған Жамал,
Бір сұмдық болды ғой деп күбірледі.

Аспанды аркалаған Аэроплан,
Қанаты бүлт серпілткен қызыл қыран.

Жаяудың ауылының төбесінде,
Айналды шырқағандай бір жаңа ән.

Лезде жоғарыдан жауды газет,
Жапқандай көптігінен тауды газет.
Үлкендер жасқа оқы деп жүгірісті,
Өлкеден әкеліпті қаулы газет.

Декрет деді халық, қуанышты,
Қазатком шешкен бүгін қиын істі.
Байлардан жер алынсын деген хабар,
Қырандай бөгелместен ілгері ұшты.

Қойшығұл газетті оқып саспай жайлап,
Бір топқа Садақ оқыды қатты айғайлап.
Бір топта таз Игібай оқып тұрған,
Шұғайып, Біталдар да жүр борбайлап.

Тілегі бұқараның орындалды,
Сүйінші, сүйіншілер жүрек жарды.
Ақ келін, қос қорықтың арналарын,
Сайраған бүлбүлдардың даусы алды.

Жамал қыз үкі тағып, пар ат жеккен,
Сәнденіп жасыл барқыт киген шекпен.
Садаққа жауған қағып қарай берді,
Сырымды сен аштың деп ішке бүккен.

Толқындап ел қозғалып шабын шапты,
Байлар да өзіне сай орын тапты.
Қойшығұл, Садақ, Иген, Ақытайлар,
Қорық пен Ақ келіннен қоныс тапты.

Қос қара ат қыздан алған салтанатты,
Қояндай ордап орғып, тастан атты.
Жамал да жаяу Мұса секілді боп,
Аяндап ауылына келе жатты.

Келеді терлеп-тегішіп сұлу жаяу,
Қайғымен екі аяғын басып баяу.
Күн ыстық, киім қалың, бойда ашу,
Шорманның ауылы әлі емес таяу.

Қан

Улаған тұла бойын ыза кернеп,
Қайткенде кедейден кек аламын деп.
Қарғайды ата-анасын кейде сұлу,
Сендердің таяғынды жеп келем деп.

Шыға кеп көлдененнен бір салт адам,
Қарында сойылы бар солқылдаған.
«Япырым-ау, Жамалмысың?» – деді тағы.
Жүгіртіп қызға келді алаулаған.

- Жаным-ау өзіміздің Қайнақпысың?
Атымның бірін мініп қайдан жүрсің?
Көріп ем кеше топтың ортасында
Жігітім, желікке күр өкпең күрсын.

- Ия, мен есіктегі Қайнақ қойшың,
Қыз жылап, жалшы күліп қайдан оңсын.
Іргесін отауыңның бастырмаушы ең,
Барасың қайда, бикеш, жолың болсын!

- Кұрдас-ау,- деді Жамал бағы сынып,
Бай келсе кетпек едім ұрып – жығып.
Ауылың осы жерден үш шақырым,
Жетерсін жаяу-жалпы сүйретіліп.

- Кұрдас деп, Қайнақ, саған жалынамын,
Қорласаң қаным қызып, қамығамын.
Жас-жастың тілеуі бір деген еді,
Басқалар болса, өтініп неғыламын.

Алмас па, қыздың тілін сендей жігіт,
Жасыңнан жақсылықтан үзбе үміт.
Біреулер көрсе бізді өсек етер,
Тезірек апарып сал мінгестіріп.

- Қойшығұл елге ауылнай үлкен ағам,
Байларға болыспа деп айтқан маған.
Шырмалып шылауында жүргенімді,
Ол сезсе, алдына ертең қалай барам.

- Қойшығұл саған да аға, маған да аға,
Біздерді кім түсінер осы арада.
Басыңда билігің жоқ болса байғұс,
Жүрс бек, зорлайтұғын бар ма шара.

Осылай аңқау Қайнақ тілге алданды,
Сиқырлы қыздың сөзі қармақ салды.
Басында билігің жоқ деген сөзге,
Шынымен Қайнақ сондай намыстанды.

Жамалды ат үстінен алды тартып,
Қыз мінді, атқа қарғып, қулығы артып.
Қояды ауық-ауық әзілдесіп,
Қыз қысса аш белінен, жігіт балқып.

Мінгесіп Қайнақ, Жамал келе жатты,
Шекіте аяндатып жүйрік атты.
Бір қызып, бір суынып, бір дірілдеп,
Залым қыз, жамандықты ойлап тапты.

Жас Қайнақ қызға сеніп қапы қалды,
Кенеттен бүйірін басып ыңыраңды.
Сездірмей сиқырлы қыз көк кездікті,
Бүйірден жарк еткізіп сұғып алды.

Әлсіреп Қайнақ аттан түсті құлап,
Топырағын туған жердің күшты сұлап.
«Байлардан кек алатын немесің ғой»,
Деген қыз, желе жортып кетті ұзап.

Мінекей, Қайнақ қойшы өлген жері,
Жұлдыздай жас жігіттің сөнген жері.
Тұрғандай бәрін бізге баян етіп,
Алабас, Далба, Ақ келін самал желі.

Түбекте мынау тұрған жалғыз мола,
Жұлдызы күнді сүйген ақ мұнара.
Қайнаққа орнатылған ескерткіш тас,
Жазылған шежіредей осы арада.

Осы ой кенет маған сонда келген,
Он жылда ел де өзгерген, жер де өзгерген.
Дәл анау лагер тұрған кең алқапта,
Ауылын Шорман байдың көзім көрген.

* * *

Самолет келіп қалды көкті жарып,
Жиғанша ой-өрісін кең толғанып.
Көрселік көктен түскен жігіттерді,
Аспанның ақ түйғынын қолына алып.

Ақша бүлт Ақ келіннің ақ жаулығы,
Екпіні самолеттің желпіп мұны.
Түйенің шудасындай желкідетті,
Көрсін деп Қойшығұлдың сүйікті ұлы.

✓

Бәріміз самолетке карап тұрмыз,
Осындай көкте ұшсын деп барлық ұл-қыз.
Аспаннан парашютшы лып етті әне,
Сияқты ағып түскен жарық жұлдыз.

Мінекей аэродром, әне лагерь,
Жылқышы Садақ бүгін бас командир.
Ауылнай Қойшыгүлдан туған бала,
Жаркылдап қыран құстай көкте ұшып жүр.

Жігіті Ақ келіннің жылдың құсы,
Тасыған бейне теңіз еңбек күші.
Жерінің үсті алтын, асты күміс,
Ән мен күй, ой тербеткен таудың іші.

Ән салдым жотасында Ақ келіннің,
Өскенін тамашалап туған елдің.
Ақтауға дәмін, тұзын аз да болса,
Жүрекке атын жаздым жақсы елімнің.

1934 жыл



ҒАШЫҚ ЖАР

Соғыста жүрген ғашық жар,
Сақтаулы саған сырым бар.
Ақ жүзінді көруге,
Сағынамын болдым зар.

«Ғашық жарым кешікті»,
Деп ашамын есікті.
Ұлы жолда серігім,
Жаудың жолын кесіпті.

Темірден құрақ құраймын,
Шәйімен белді қынаймын.
Майдандағы ғашығым,
Амандығын сұраймын.

Қолымда орақ ай жүзді,
Мінгенім дала дүлділі.
Бұлт жамылып, мұз төсеп,
Өткіздім төрт жыл өмірді.

Жібек шашымды тараймын,
Жолыңа жаным қараймын.
Түнде көкке көз сүзіп,
Жүзидыздарды санаймын.

Ләззат алып сөйлескен,
«Сүй, жан сәулем, сүй» дескен.
Қышапқа салған қылыштай,
Ойыма ойың үйлескен.

Ғашық жарым, толғанам,
Ой тербетіп қозғалам.
Қаламыңды қалдырған,
Мұңайып келіп қолға алам.

Кетіп ең қанды соғысқа,
Ел аттанған жорыққа.
Уатасың түсімде,
Деп: «Сәулешім, қорықпа...».

Неміс кәпір қауіпті,
Оғынан қырғын тауыпты.
Германия жерінде,
Қаннан жаңбыр жауыпты.

Көптен келмей сене хат,
Қоңыр қаздай қаңкылдап.

Ауыл манын айналам,
Сенсіз маған өмір жат.

Айтшы, көңілім жайлансын,
Сындырып неміс найзасын.
Қанып шашып жүрмісін,
Қайдасың, жаным, қайдасың?

Не блендаж, не окопте,
Не орманда, не шепте
Отырмысың жау торып,
Көзің тігіп жер-көкке.

Алыс қанды кешуде,
Мені алдың ба есіңе.
Тілдестің бе ойыңмен
Тосінді тақап тосіме.

Жарың үшін күйдіңбе,
Мұңданып бас идің бе?
Қиыр кезген қиялмен,
Тілімнен менің сүйдің бе?

Ұяннан дәм таттың ба,
Махаббат отын жақтың ба?
Автоматты мықтап ұстап
Окопта оймен жаттың ба..?

Әлде өзіңе ок тиіп,
Қақ жүрекке дөп тиіп,
Атылған ғазал киіктей,
Жатырмысың бүкшініп.

«Қайың ба екен, гал ма екен,
Айыр ма екен, нар ма екен,
Үйде туып, төрде өлген
Жігітте арман бар ма екен».

Деп айтушы еді бұрынғы,
Білдірші, жаным, сырынды.
Халық үшін шейіт болып,
Ұшырып тәңнен шыбынды.

Әлде түсіп тұтқынға,
Қанды көбік жұттың ба?
Әлде көкке күс болып,
Самолетпен ұштың ба?

Мамық тосек, балғын жар,
Елден таңдап алған жар.

Осыны ойлап толғанам,
Жазшы, жарым, бір хабар.

Жамбасыма тас салып,
Темір қазық жастанып.
Қырманда құба қыл естідім,
Отыру арам баптанып.

Сеп – көктегі қыраным,
Мен – жердегі шырағың.
От үрлеп шокты сырамын,
Жеңісін үшін сыңарым.

Қарағай құлап дауылдан,
Жыртылып жабық ауылдан.
Өртенсе де өзегім,
Белім берік ауырған.

Ессе желі құбыланың,
Елеңдейді құлагым,
Жеңісін үшін өткелде
Сырғамды қайық қыламын.

Жорғалары тайпалаған
Көк шалғыны жайқалғап.
Құтты қоныс қуанды,
Құтылам деп неміс сайқалдан.

Жері алтын топырақ,
Суы көусар бал-бұлақ.
Сені көптен күтеді,
Бау-бақша, гүл жапырақ.

Бір жағы атқан таңдай боп,
Бір жағы қызыл қандай боп,
Алма да сені күтеді,
Сағынған ғашық жардай боп.

Ешкім мені үркітпей,
Ұя басар бүркіттей.
Тұғырдамын түлеусіз,
Жүрегім ашиды іркіттей.

Маған серік кәрі де,
Жемістердің дәні де,
Сағынып сені жырласам
Үн қосады әніме.

Кигенім кірсіз белдемше,
Тосамын аман келгенше.

Еибегім – сенің қаруың,
Оң қолымды бергенше.

Ақ некеге , иманға
Ел үшін жанын қиғанға,
Опасыздық етпеспін
Ұқсап құдай ұрғанға.

«Орнына сенің бір қурай»
Деуші әйел бар сұмырай,
Тәуба ... оларды жібермес,
«Екі аруак бір құдай».

Ант ал, жаным, жарыннап
Мен емеспін азғын жан.
Тазамын зәмзәм суындай
Міне, құран, міне иман.

Опасызға өмір бір тұтам,
Опалы жаңды пір тұтам.
Әкем ерім болсын да,
Ұямды бұзып жылжысам.

Сенсіз өмір қайғы-дерт,
Жүрегімде берген ссрт.
Жаттын қойны-суық қор
Жатқа еріп болман кара бет.

Жасағаным жарылғап,
Басымызға қонсын бақ.
Немісті құртып тезінен,
Құшақтасар болсын шақ!

Жеңіп неміс кәпірді,
Атаншы Отан батыры,
Келешекке үлгі қып
Жырласын қазақ ақыны.

Ерісін майдан мұз жүрек,
Жазылсын балқып тас білек.
Арқалармын бөбектей
Соғыстан келсең мүгедек.

Аяқ-қолсыз келсең де,
Көзіңді қоса берсең де,
Көрсен қызар қонылтық
Айырбастаман «көркемге».

Қолсыз келсең, қолың - мен,
Көзсіз келсең көзің – мен.

Жаным-төнім садаға,
Жалғыз ауыз сөзіңнен.

Жайлауына көңілдің –
Ел конатын болды күн,
«Мен – қоңыр қаз, сен – лашын,
Тояттай бер, жарқыным».

Соғыста жүрген ғашық жар,
Сақатулы саған сөзім бар.
Ақ жүзінді коруге,
Ауылда мен болдым зар.

Нұрын сепсе алтын күн,
Бір күнгідей болмас мұң.
Сәлем жазған, хат күткен,
Сүйген жарың – Сәулешің.

1943 жыл



АЛТЫН АРҚА

«Арқаның асылы
Не?.. – десе, кімде-кім.
«Асылы - астығы»
Деп жауап беремін.

Кездім мен жер шарып,
Бармадым тек айға.
Асты-үсті қазыпалы,
Аркадай жер қайда...

Жаннатай көремін,
Арқанын арайын.
Гүлстап дер едім,
Жасыл гүл жаз айын.

Аркада Ақсуат,
Дәнді өлке, данқы зор.
Отанға ол қуат,
Достарым келіп қор.

Бір кезде құлазып,
Жым-жырт боп жататын.
Қасқыр да жол азық,
Таба алмай қататын.

II

Қарашы, бүгін кеп,
Ол – совхоз ордасы.
Қуанам, күлімдеп,
Сол совхоз сөз басы.

Ақсуат дөңінде,
Жас қала нұрлапған.
«Түсім бе, өңім бе»,
Деп ұзақ ойланам.

Сене алмай көзіме,
Жап-жаққа қараймын.
Күбірлеп өзіме,
Бақытқа балаймын.

Емірене сүйіп күн,
Даласы шалқыған.
Қыс күміс, жаз алтын,
Бетінен қалқыған.

Тамаша бұл белес,
Сияқты көз жанар.
Орнатқан қала емес,
Періште, пайғамбар.

Сәнді үйлер – салтанат,
Самсаған қаладай.
Мөлдіреп қарап тұр,
Күлген жас баладай.

Қоймалар, сарайлар,
Қаз-қатар тізілген.
Ғасырлар, сан жылдар,
Ақсуат көрмеген.

Гүлденген жағалай,
Көшесін қарашы.
Егілген қарағай,
Алма, өрік ағашы.

Жамыраған көп шыбық,
Жер емген жапырақ.
Ол – бақша көк шыбық,
Жайқалар ертең – ақ.

Нұрлы аспан тұр қарап,
Бақшаға, әр үйге.
Көгершін ақ қанат,
Құттықтар төбеде.

Қызыл ту желбіреп,
Күлдірген белесті.
«Тыңға жан кірді» деп
Ай, жұлдыз кеңесті.

III

Арқада бүгін той,
Қуаныш, шаттық ән.
Тербеліп жүрек ой,
Дене еріп, балқыған.

Ақсуат өлкесі,
Ұлы той ұласқан.
Өлкемнің еркесі,
Сияқты өр аспан.

Көңілді барлық жұрт,
Ойдағы-қырдағы.

Тасыған бақыт, құт,
Толкынды тыңдағы.

Көшеде, үйде де
Құттықтап, қол қысу.
Сөзде де, істе де,
Сезілмес іш пысу.

Әзіл, паз, мереке,
Құда да, құрбыда.
Құдаша, жеңеше,
Ұқсайды бұлбұлға.

Жайнаған жас қоныс,
Тарқамас қалың топ.
Кім қазақ, кім орыс,
Айырып жату жоқ.

Домбыра, сырнаймен,
Сырласқан орман, гүз.
Вальспен билеген,
Жас жігіт, сұлу қыз.

Совхоздың аймағы,
Қиырсыз жазық тың.
Тың жерді жайдары,
Өмірге өктем тым.

Орденді, медальді,
Көп ұл-қыз осында.
Көрдім мен оларды,
Егіннің қосында.

Біркелкі боз бала,
Секілді жас егін.
«Рахмет, жер ана»,
Дегендей бал сезім.

IV

Айтайын, әндейін,
Тойлаған елімді.
Айтайын мен кейін,
Шалкытып көңілді.

Ақсуат совхозы,
Орнатқан клубты.
Мәдениет ошағы,
Салтанат құрыпты.

Клуб кең арқадай,
Бакыттың сарайы.
Кім өтер байқамай,
Жұлдызды арайлы.

Қайнаған қалың жұрт,
Күндіз-түн думанды.
Тым сұлу бір жігіт,
Би билеп ырғалды.

Ыстық қол, отты леп,
Жалынды, жанды сөз.
Лүпілдеп қос жүрек,
Мөлдірер қара көз.

Жалынды махаббат,
Жігіттің ойында.
Тұрғандай бір ләззат,
Арудың бойында.

Орыс та, қазақ та,
Жас өндірі білегі от.
Жан берген алапка,
Қолында күдірет.

Екінші бәрі де,
Көркейткен арқаны.
Өсірер әлі де,
Алтын төс алқаны.
Қақ жарып сол көпті,
Келеді екі жас.
Кім келді, кім кетті,
Сезбестей көңілі мас.

Айнаға қаранып,
Түзесті бой-басын.
Аққудай таранып,
Сипады қыз шашын.

Отырды қыз-жігіт,
Күлімдеп көздері.
Не дерін кім біледі,
Шаттықта өздері.

Қолға қол жабысып,
Сабырлы саусақтар.
Бір жазып, бір қысып,
Құмартқан ғашық жар.

Неміз бар жастардың,
Жасырын сырында.
Баруға жаскандым,
Дегендей бұрылма.

Сүйіскен неткен жан,
Қарамай өзгеге.
Көруге жаралған,
Кінә жоқ көзге де.

Тапыдым Ержанды,
Совхозда жұмысшы.
Тас қазды, үй салды,
Цемент те күйысты.

V

Денесі болаттай,
Аққұба жас жігіт.
Қалатын ұнатпай,
Сөйлесең аптығып.

Сабырлы, саналы,
Ойлы адам секілді.
Жалт етіп қарады,
Желп етіп кекілі.

Жасқа тән албырттық,
Сезесің көзіңнен.
Сезілмей салғырттық,
Сөзінен, өзінен.

Шайпау тіл шалағай,
Жан да емес күйгелек.
Қылық жоқ одағай,
Соктықпас кимелеп.

Еңбекке, үлгіге,
Жстелер кұрбыны.
Үйде де, түзде де,
Сыпайы бір сырлы.

Ержанды қыз көрген,
Ақсуат бойында.
Тобымен игерген,
Кең алқап қойнында.

Ұстаған көктемде,
Трактор тізгінін.

Тыңға алтын сепкенде,
Алды еді-ау күрбының.

Күз келді күлімдеп,
Комбайн жарысты.
Қыз, жігіт, келіншек,
Өсірді, табысты.

Барабап сорабы,
Дән басып қызғанда.
Ержанның орағы,
Жаркылдап шықты алға.

Заулатып комбайн,
Қырда күн батқызды.
Озат боп әрдайым,
Лебінен тас қызды.

Шыкпастай есімнен,
Мол егін толқыны.
Сары алтын көсілген,
Теңіздей толқылы.

Арка мен Ақсуат,
Көтерді еңсесін.
Отанға бел қуат,
Дегізді өлкесін.

Жер жапқан егінді,
Орғанның бірі – Ержан.
Толтырған тоғанды,
Ол жиған алтын дән.

Тәкаппар табиғат,
Сынады Ержанды.
Жаңбыры сабалап,
Дауылы долданды.

Жігерлі, білекті,
Ер неге тоқтасын.
Жеңілген күз кетті,
Жня алмай көз жасын.

Мандайдан ағызған,
Ашы тер жазы-қыс.
Сол термен табылған,
Абырой, бақ-ырыс.

Қуантқан достарды,
Бүгінгі телеграмм.

Көгеріп тостарды,
Шырқалды әдемі ән.

Ержанның еңбегін,
Бағалап облыс.
Қызыл ту бергенін,
Есітті барлық дос.

Дизельдей салмақты,
Ержанның мінезі.
Құрбыға ардақты,
Көпірме жок сөзі.

VI

Бұл қай қыз? – бұл Қорлан,
Ақ маңдай қара қас.
Сүйсініп көрген жан,
Қол созған талай жас.

Қара көз, қыр мұрын,
Қара шаш, қаз мойын.
Ақша бет, алма еріп.
Кеуделі, от қойын.

Міні жок дененің,
Жайлы үнді, жылы жүз.
“Періште” дегеннің,
Дәл өзі - осы қыз.

Айдынның қуындай,
Сымбатты, ақ жарқын.
Қия тас шыңындай,
Нық ұстар қыз салтын.

Сөздері тартымды,
Шебері тілдің де.
Сен де ойла артыңды,
Қыз сырын білдің бе?

Әдепті, оқыған,
Пушкинді, Абайды.
Келгенде осыған,
Тілге тіл жамайды.

“Құралай”, “Сұлу шаш”,
Жырларын жаттаған.
Қойылып ықылас,
Әр сөзіп баптаған.

Махаббат сонарын,
Солардап қуғандай.
Жұмсамай желге арын,
Нак нұрдан туғандай.

Еңбекте ер атанған,
Еркесі өмірдің.
Бұл да озған қатардап,
Батыры елімнің.

Бөлеген данкқа,
Өз жерін, өз елін.
Аянбай халыққа,
Көрсеткен көмегін.

Елімнің ордені,
Жарқырап төсінде.
Апырай, кім болды,
Дегенім есімде.

VII

Әлі отыр қыз, жігіт,
Сағаты минуттай.
Сырласты тынымсыз,
Қалардай түн жетпей.

“Қыз жігіт тоты үнді,
Сикырлы, тылсымды”.
Деуші еді бұрынғы,
Қыз неге күрсінді?

Ж і г і т:
Сүйгенім – Қорланым,
Неге ауыр күрсіндің?
Аямай жар жанын,
Қандай у ұсындың.

Қ ы з:
Күрсіну мәнісін,
Сұрама өтінем.
Манызсыз сен үшін,
Бір іске өкінем.

Ж і г і т:
Сүйгенім, сүйемін,
Жанымның досысың.
Сырыңды білемін,
Жүрегім қосылсын.

Қ ы з:
Сүй Ержан, тәтті тіл,
Сен үшін жаралған.
Өзің сүй, өзің біл,
Қолыңды қаға алман.

Бірақ та шын болсын,
Жалғанға жаным қас.
Мейілі кім болсын,
Үяға қона алмас.

Ж і гі т:
Граниттей берік пе,
Япырым-ау, қыз жаны.
Сенімсіз желікпе,
Болдым бәй монтаны.

Жалынам, өтінем,
Айтшы не өкініш.
Өзіңнің дертке ем,
Шипасыз неткен іс.

Үмітім қиылып,
Күдікті ой түйемін.
Айтпасан, күйініп,
Жасиды сүйегім.

Қ ы з:
Жастықпен айтасың,
Күйрік жап сен емес.
Жапырған жай тасың,
Ерге арбау жөн емес.

Ж і гі т:
Жап сәулем, алдаудан –
Тамшы жоқ қапымда:
Қарғанам... қарғанам,
Ырны жоқ арымда.

Қинадың Қорланым,
Айтшы не өкініш.
Жүрегімді біл, жаным.
Өртер бұл бекініс.

Қ ы з:
Тыңда, Ержан, айтайың,
Өкініш себебін.
Қызғаныш қайтейін,
Көнесің ... сенемін.

Мектепте дәл он жыл,
Оқыдык біз бірге.
Қызықты жастык күн,
Жарасты өмірге.

Сен Ердан мен Қорлан,
Атандык жігіт, қыз.
Тұтанды от арадан,
Сүйістік күдісіз.

Махаббат шын достык,
Толыксып тұрғанда.
Еңбекпен тоғыстык,
Ән салдык қырманда.

Шоп шаптын шілдеде,
Жамылдык жапырақ.
Қарайтын біздерге,
Жұлдыз-ақ бакылап.

Күзеттік койды да,
Ұрыдан, бөріден.
От жактың ойыма,
Жанымдай көріндің.

Екі жыл өткенде,
Сен кеттің алыстап.
Жиырма жас жеткенде,
Мен жүрдім қалыс қап.

Сиякты көрген түс,
Қызыктар жылжыды.
Мен болдым қыран күс,
Жоғалған тұғыры.

Ұзақ түн кестелеп,
Орамал арнадым.
Деп жүрдім ескерер,
Бірақ хат жазбадың.

Демедің күт мені,
Уәдеңді аттадың.
Сағынып күн-түні,
Қиналды жас жаным.

Үзілді күдерім,
Кесілген тамырдай.
Томсарып жүдедім,
Киіктің лағындай.

Дегенмен түсіндім,
Сенің де жайыңды.
Ұшырдың құсыңды,
Тартпа енді, уайымды.

Міне, Ержан, орамал,
Өзіне арналған.
Сағынсаң колыңа ал,
Белгі деп Қорланнан.

Ж і г і т:
Қорланжап, сен түсін,
Кетпедім қол сілтеп.
Халқымның көркі үшін,
Жіберді оқы деп.

Құнарлы арқаның,
Ашам деп есігін.
Екі жыл шайқадым,
Егіннің бесігін.

Түсінші, қалқам-ай,
Көтердім ауыр жүк.
Жүріппін байқамай,
Жастықты ұмытып.

Кешірім сұраймын,
Қорланым, арманым.
Қалайша шыдаймын,
Кешір деп зарлаймын.

Бұл шыным, жан сырым,
Көктемдей жасайық.
Жана өмір есігін,
Совхозда ашайық.

Қ ы з:
Ер Ержан, енді сен,
Мені ұмыт, күдер үз.
Жүрген күн сенімен,
Үйқыда көрген түс.

Сен дикан қырдағы,
Жасартқан арқаны.
Сен бүгін тыңдағы,
Егіннің маршалы.

Мен колхоз қызымын,
Фермада мал баққан.

Саусақта жүзігім,
Көзінен сүт аққан.

Атандым ардақты,
Алдымда жарқын жол.
Деген сөз мал бакты,
Мен үшін бакыт ол.

Жігітсің басын жас,
Алдыңнан қызық көр.
Менімен амандас,
Қош, жаным, қолың бер.

Ж і г і т:
Жүруші ем бейхабар,
Не гажап, суық сөз.
Сүйдің бе, баска жар,
Бір асыл болып кез?

Қыз:
Ия, Ержан, гапу ет,
Кездесті бір герой.
Жазыпты күдірет,
О да ер өзіндей.

VIII

Сол кезде бір жігіт,
Зал жактан келеді.
Қарасты көз тігіп,
“Мынау кім?” демеді.

Ордені, жұлдызы,
Жайнатқан кеудесін.
Күлімдеп нұр жүзі,
Қорланды көрген соң.

Таныды Иванды,
Ержан да алыстан.
Қолтықтап Қорланды,
Қарсы жүрді басып паң.

Сабырлы, салқын қан –
Қасиет ерге тән.
- Кел, Иван, кел Иван,
Деп шықты алдынан

Қолдасты, сауласты,
Достықпен сөйлесті.
“Бойымнан мін тапшы”
Дегендей келбетті.

Қ ы з:
Құрметті, дос Ержан,
Бірге он жыл оқыған.
Шын сүйіп қосылған,
Жігітім осы Иван.

Ж і г і т:
Байкадым арасын,
Жақынмен алыстың.
Солай көзқарасың,
Қалай тез таныстың?

Дегенде Ержанның,
Жүрегі тулады.
Қиғаны-ау Қорланның,
Бірге өскен туғалы.

Адам гой, емес тас,
Бір мұздап, бір күйді.
Көзге кеп ыстық жас,
От шалды ой, миды.

Неге тіс кайрасын,
Жендірді ақылға.
Қыз тапты айласын,
Күйректік мақұл ма...

Қ ы з:
Москва – ұлы орда,
Жүрегі халықтың.
Көрмеде болғанда,
Иванмен таныстым.

Сергесв бұл Иван,
Сары жігіт дембелше.
ФЗУ-да оқыған,
Бұл жаққа келгенше.

Аязды арқаның,
Боратып ақ қарын.
Тігіп ап шатырын,
Жайпатты нұр шамын.

Ғасырлар ұйықтаған,
Ақсуат жанданып
Дегендей петкен жан,
Қараған танданып.

Сол күнде осы Иван:
«Біз Отап ұлымыз,
Ақсуат, гүр, оян,
Нұр берді күніңіз».

Деп руль ұстап ед,
Мінгені трактор.
Айтарым осы тек,
Екеуің таныс кел.

И в а н:

- Да, Ержан, гапу ет,
Мен келдім Қорланға.
«Орысқа кетті» деп
Өкінбе, қорланба.

Қазақтың кызына,
Үйлену армамым,
Тапсыр нан-тұзыңа,
Айтқаннан танбадым.

Қара көз, алма бет,
Өмірлік қанатым.
Күшіміз бүгін ед,
Некеге баратын.

Қ ы з:
Дүниенің үстінде,
Сен Иван сүйгенім.
Кремль ішінде,
Балда би биледім.

Әрі би, әрі ант,
Кремльде жүргенім.
Туым деп – махаббат,
Жүрегіңе ілгемін.

Кел, Ержан, кел Иван,
Қалтқысыз алыс қол.
Жаңа өмір біз күрген,
Бакытқа болсын жол.

* * *

Жарқырап атты таң,
Тың бойы нұрланды.
Клубта шырқалды ән,
Құттықтап Қорланды.

Желпіді Ақсуат,
Қамысты, құрақты.
Өсіп сән-салтанат,
Тойға той ұласты.

1956 жыл

ҚАЖЫМҰҚАН

Қызылжар бұл аймақтың карт қаласы,
Ауылдың осында өскен көп баласы.
Өмірге жолдама алып қанат қаққан,
Қазақтың жүздеп-мыңдап қарлығашы.

Ол ұзақ ертегі ғой тыңдар шалдан,
Ол сұрлеу керуен мен көштен қалған.
Сол көште күш атасы Қажымұқан,
Бақытты замананы еткен арман.

Бұл күнде отырсам да жұмсақ төрде,
Көшпелі киіз үйде туғам мен де.
Айналып қарай берем сол себепті,
Елімнен шыққан талай кемеңгерге.

* * *

Есімде дәл осыдан қырық жыл бұрын,
Тыңдадым Қажекеннің қызық сырын.
Ол шертті өмірінен сан ертегі,
Ішінде Қызылжардың бақшасының.

Отырмыз Балуанды ортаға ала,
Қария, ер, әйелдер, қыз-бозбала.
Сапырған сары қымыз бал татыған,
Қолында Қажекеннің шағын шара.

Батырдың серуені бір бұл емес,
Қыдырып шаһар ішін құрар кеңес.
Сый-сияпат қонақ жай көршілерден,
Батырға әзір тұрар ергелі-кеш.

Ну орман, таза ауа, жасыл бақша,
Хош ніс адам демін ішке тартса.
Қай ақын мұны мақтап жырламайды,
Жанырағы көк теректің көкті жапса.

Көркем-ау гүл бақшасы Қызылжардың,
Тігілген отауы бұл өнер әннің.
Қызығын қысқа күнде қырық көрген жан,
Дейді ғой: «Тамашаға тоя алмадым».

Мырза еді Қызылжарлық ағайындар,
Су десең бал сырасы болған даяр.
«Яшасын Қажымұқан баһодыр» деп,
Ел іші дәм мен тұзын емес аяр.

Қарсы алды ел Қажекенді жайып күшак,
Біреулер тоқты сойып, біреу түсак.
Сары қымыз саба-саба келіп жетті.
Пар-пар атпен ауылдан керуенге үксеп.

- Қызылжар, - дейді балуан – Туған қалам,
Күреске белді бекем бұған қалам.
Жылында бір келмесем сағынамын,
Қазақ, татар өзімнің інім, ағам.

Келгенде олар барын тосар маған,
Жомарт ел тоғысады Қызылжардан.
Біз кетеміз циркті думандатып,
Жеңіспей беріспейтін асыл арман.

Жігіттер жиналыпты әлдеқайдан,
Қарауыл, керей, уақ, атығайдан.
Саятшы, домбырашы, балуан, әнші,
Құрметтеп бәрі маған күшак жайған.

Бакшаның жұрт отырды көгалында,
Бағылап еті менен қымыз алда.
Тізелес Қажекен мен Үкілі Ыбырай,
Ән қосқан сегіз перне домбыраға.

Көп күрес Қызылжарда болмақ деген,
Хабарға балуандар көңіл бөлген.
Европа, Россия, Шығыс елден,
Қаһарман чемпионының көбі келген.

Дүниеге даңқы шыққан медаль тағып,
Ағылшын чемпионы Рааза алып.
Француз чемпионы Альберт Дальтон,
Өткендей тауды бұзып, тасты жарып.

«Красный», «Черный», маска атанған бар,
Бас-бетін перделеген балуандар.
Шатский, Миша Буров, Брагиндер,
Жауырыны жерге тимес қаһармандар.

Тағы бір Түркияның Мұхамеді,
Торсықтай сан білектің бұлшық еті.
Ұзындық, жуандығы бірдей кесек,
Адамның өзгеше бір кереметі.

Және бар Украинаның Гайдамағы,
Он пұттан артық дескен ер салмағы.
Бұлардың ортасында Қажымұқан,
Дүниелік жүлдегерлер балуаны.

Япыр-ай, бөлек-бөлек неткен дене,
Отырдым қайран қалып көппен мен де.
Піл көрген жас баладай қарай бердім,
Мұндай да жап бар-ау деп дүниеде.

Батыс пен Шығыс елін түгел кезген,
Өткен ер «Барсақелмес» теңіздерден.
Дәм-тұзын татып өскен Қызылжарға,
Бұл жолы шақырумен арнап келген.

Қазақтың қаны қызар күрес десе,
Ішкені ас болмайды күреспесе.
Ауылдың сауын айтқан тойларынан...
Бұл жиын асып кеткен әлденеше...

Қажымұқанның тұлғасы

Қажымұқан – күш атасы, ел баласы,
Ей десе намыс бермес, ер данасы.
Жүп-жуан бас-мойыны бейне күмбез,
Жауырыны Көкшетаудың тақта тасы.

Көзі үлкен ала майлы, қалың кабак,
Шолпандай бұлттан шыққан қалса қарап.
Байқайды тәкаппарды нығымен,
Бір өзін жүргендерді жүзге балап.

Көп адам нығынан келмейді оның,
Оқжетпес шыңы-ау дерсің жота-жоның.
Еменнің түбіріндей жұдырығы,
Қос атан жаза алмайды екі қолын.
Кескіні кара торы, қалың бетті,
Ат жакты, мұрынды да, ер келбетті.
Күрестен құлақ шұнақ, ерні жырық,
Желке-алкым тас құмандай кесек етті.

Санындай жас бураның екі саны,
Күбідей жұмырланған балтырлары.
Шынығып шымырланған ұлы дене,
Секілді кереге тас, кеуде алабы.

Көп шыққан айқастарға, жекпе-жекке,
Бұж-бұж боп таңба түскен екі бетке.
Түсірген тәйкесінен талайларды,
Тобық пен шынтағы ұқсас болар тоске.

Салмақты мінезі бар, сөзі қысқа,
Әзілге аз айтса да өткір ұста.

Ақылдың ой-сананың иесі ол,
Сезімтал, ұқсас ұшқыр қыран құсқа.

Жібермес ол намысын, ата салтып,
Сүйеді, құрметтейді туған халқып.
Спорттық әңгіменің жариясындай,
Мақтайды ұстаздарын тарихта алтын.

Күрестің французша сырын білген,
Күшіне тәсіл серік мың түрленген.
Ұстазы Поддубный балуан орыс,
«Қажымұқан менің жолдас, досым» деген.

Поддубный оқытқандай жас баланы,
Қасынап Қажымұқанды тастамады.
Бұлардың күресі мен өнерлерін,
Көзінен қорді дүние патшалары.

Дәулерін басқалардың алып ұрып,
Көрмеген өмірінде сағы сынып.
Қырық сегіз мемлекеттен медаль алып,
Көрсеткен топ алдына, қадау шығып.

Медальдар алтын, күміс әр ел таққан,
Кеудесін саусылдатып түгел жапқан.
Деседі бұған теңдес адам болмас,
Өрен жан өздігінен өнер тапқан.

Айкаста екі талай ашуланса,
Бұрқырар қаңтардағы ақ боранша.
Алысса қарсыласын алып-соғып,
Басады әрсі-күрсі қарт бұраша.

Жықса да «жан жеңбесті» ол мақтанбас,
Сүрінсе тісін қайрап кек сақтамас.
Масаның ызыңындай емес оған,
Балуандар ішіндегі көп бақталас.

Иманы жүрегінде ел намысы,
Қажымұқан кен даланың қыран құсы.
«Шығыстың Мұханұра» деп атаған,
Сүйсінген батыстағы үлкен-кіші.

Қажыекең дарынды адам туған артық,
Бөтелген батыр емес күшін сарқып.
Ел-теңіз киыры жоқ жер шарында,
Бетінде жүрді балуан қаздай қалқып.

Сакталған бойында бар ақындығы,
Жауатын өткіншідей тақыр жылы.

Салғанда таразыға өлең күшті,
Көрінер қара күштің басымдығы.

Қажымұқанмын қазақты күшім асқан,
Балуандықтан айтатын бір-ақ дастан.
«Орыс балуан» атанып он екі жыл,
Жиырма төрт патшалықтың жерін басқан.

Жиырма төрт патшалықты араладым,
Бахауди кеше таудай жараладым.
Жүрегімді жылытқан қызығы мол,
Туған жердей ыстықты таба алмадым.

Болып өстім несібем менің түзден,
Кім бар екен елінен күдер үзген.
Есіме туған елім түскен шақта,
Жас домалап түседі екі көзден.

Қаласын кездім талай дүниенің,
Таныттым мені туған қазақ елін.
Үстімнен жүкті автобус жүрген шақта,
Сонда да қайыспаған қайран белім.

Жайылған жер дүниеге менің ісім,
Адамды таңдандырған қара күшім.
Ойлаған өлтіруге Сары Кик-Кидің,
Сыпырған түлкідей қып бас терісін.

Бетінде терең ойдың шежіресі,
Азаптың таптап өткен керуен көші.
Жау тауда жалғыз ұшқан жас бүркіттей,
Түлемей, тимей өскен өз үлесі.

Белгі бар маңдайында тамырланған,
«Болды деп өгей бала өмір жазған».
Октябрь таңы атқанда қайта туды,
Толғанда қырық алтыға Мұқан ағаң...

Ыбырайдың ырғағы

Бақшаның әлі отырмыз көгалында,
Бөленіп қызық думан, ән мен жырға.
Түсуге бір суретке келген жандай,
Қоршап тұр Қажыекенді ұл да, қыз да.

Тамаша ойып-күлкі, сайран-сауық,
Ыбырай әлденеге көңілі ауып.
Бетіне балуанның қарай берді,
Шертіп қап домбырасын ауық-ауық.

Ақынға өлең оңай сылдыр сөзден,
Тіл – бакша, өлең – бүлбүл ұшып келген,
Ой –сыншы, ән - өлшеуіш, жұрт – төреші
Ми – зергер, алтын-күміс қосып орген.

Жыр құсы – жылдың құсы Ыбырайда,
Ырғақтап жөнеледі ол осындайда.
Жаңғырып қала, бакша тебіренді,
Ыбыекен шырқағанда ащы айқайға.

- Құмар ем тілдесуге өзіменен,
Біз қайық, ел аумаытып берік кемем.
Тіліме тиек етіп шертер едім,
Әңгіме – бір сыр айтсын асыл берен.

Туысқан біз атығай, карауылмыз,
Қоныстас керей, уақ бір ауылмыз.
Сәулетті Советімдей сыйлаған жоқ,
Ақын мен балуанды патша жауыз.

Күншілдер бар ғой бізді бакылаған,
Өтірікпен өзін ғана асыраған.
Салдақы қатындардай осек айтып,
Әркімге жағымпаз боп жакындаған.

«Өлеңмен екі окпенді қалқытайын,
Дененді қорғасындай балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді-ай,
Азырақ шалкымамды шалқытайын.

Деуші едім тап өзіндей жаксыларға,
Таңдамай мұны кәрі, жас тұрар ма.
Алпыс пен жетпіс жастың арасында,
Жаксы адам, мендей қартты басқа ұрар ма?

Денең бар Нухтың мінген кемесіндей,
Мұртың бар қыран құстың жебесіндей.
Жұрт келді тыңдағалы кеңесінді,
Өзіңе Сарыарканың белесіндей».

Қ а ж ы м ү қ а н :

- Өтінем, мен де сізден, ақын аға,
Жаны ақын қазағым сен, асыл аға.
Шерт дейсіз қай тараптан әңгімені,
Ойынның түсіндірші затын, аға.

Ы б ы р а й :

- Қажымұқан, жөн сұраймын кім ұлысың,
Руыңды, атаңды айтшы көңілім тынсын.
Қай жерде туып-өстің, қайда болдың,
Баймысың, жыртық тонды кедеймісің?

Аркада мен Үкілі Ыбыраймын,
Төрт момын ортасында жорға таймын.
Ойласам, қазағымның шежіресін,
Сен мақтан, сен қаһарман, сен де айбын.

Қ а ж ы м ү к а н :

«Қараөткел», Есіл өзен бір өткелі,
Өткелден ат суарып, кім өтпеді.
Ақмола шағын қала жиегінде,
Қайысқан Қара ормандай қыр беттегі.

Туыппын сол Есілдің жағасында,
Көшпелі арғын, қыпшақ арасында.
Көшпелі ұлы атамды Ернак балуан,
Бай емес, байға қонсы қарашы да.

Өзімдей «Қараөткелдің» балалары,
Ауылда далаң-дүлен жүрді бәрі.
«Ақсүйек» ойнап, дырду күресетін,
Тұратын тамашалап жас пен кәрі.

Аспандап алтыбақан тебілгенде,
Қыздармен қызық көріп жүрдім мен де.
Балаға қой күзету бір ганибет,
Жарысу о да думан айлы түнде.

Ауылдың асау құнан дөнендерін,
Құйрықтан бір ұстасам жібермедім.
«Иықтан тастау» түрлі күреспенен,
Шынықты тастай болып білеск, белім.

Күреске мені құдай қылған құмар,
Болмады белдеспесем қолімім тынар.
Баланы жекпе-жекке топтап атып,
Жабылып келсе, үйдім ұмар-жұмар.

Ойын-той, ас пен айт көп ауылдарда,
Бас қоспас қыз-бозбала ауыл бар ма?
Өзімнен мүшелі үлкен болса-дағы,
Қызығып жүрдім талай балуандарға.

«Балаға әке сыншы» дегендейін,
Күреске – деді атам, балам бейім.
Үйретті тәсілдерді күрестегі,
Үйіру, іштен шалу, тастау кейін.

Сүймедім «жалшы» деген жамап атты,
Көп жастар жалшылықтың зәрін тартты.
«Қу бала, ілген төк, қолға су құй»
Дегені бәйбішенің жанға батты.

Мен әсте білдірмедім жоктығымды,
Жек кордім сүм кедейлік жексұрынды.
Күресем, өлен айтам, атқа шабам.
Котерді ойын-күлкі шоктығымды.

Балуанға ат пен шекпен болды даяр,
Қазақ жоқ намысынан малын аяр.
Балуан, акын зергер – ел еркесі,
Бұларға жұрттың бәрі күшак жаяр.

Біздің үй керегесі селкілдеген,
Шанырақ, уықтары қысық төмен.
Туырлық, үздік, түндік шүрк-шүрк тесік,
Алғанда жұлдыз санап ішіне енген.

Байлардың үйі тұрды нағыз торде,
Ақ кигіз жұмыртқадай әсем мүлде.
Үй жығып, үй тігуші жалшы, жарлы,
Бай, мырза қарап тұрады, осы жөн бе?

Қойшықұл, Құрман қойшы құрдастарым,
Кетеді ерте айдап байдың малын.
Жастанып суыр қазған сары балшықты,
Далада кордім талай ұйықтағанын.

Көз сүзім бақыт іздеп елге, желге,
Тайпандап жүргендерден өзім кем бе?
Орманды кезген арық арыстандай,
Ойландым аттануға баска жерге.

Бар әлі тамыр орыс қартан Иван,
Ұста боп балға соғып темір қиған.
Пар, пар ат пәуескемен шауып өтер,
Қожамыз қыңыр қалпақ пара жиған.

Менде жоқ саудагердей жүйрік жорға,
Жаяуымн құлазыған ұзын жолда.
Айналам мен сияқты терең ойлы,
Әкемдей қарап тұрған тау мен жон да.

Дала кең, жол шетіне жетпейді көз,
Көліктер былқ-сылқ етіп баспайды тез.
Төбеде айналады қара құстар,
Ылдида қорқақ қоян болады кез.

Мен жеккен өгіз, түйе, аттар арық,
Ашамай, мойындырақ сынық жарық.
Бұканың тілі құлаш шығады да,
Жануар таяк жейді жатып алып.

Шалқайып «Шортандының» жатыр көлі,
Жайлаған баяғыдан ауыл оны.
Күрескен жанды көріп тойды ауылдан,
Қайратым қоздырады жолда мені.

Сайрайды қырда торғай көкке шығып,
Үндері жанды тербеп жүз құбылып.
Тап беріп жағалтай күс ұмтылғанда,
Бозторғай құтылады жерге бұғып.

Ақкөлде қаз тобымен өріледі,
Үшуға аққу ару ерінеді.
Қожасы айдын көлдің мен дегендей,
«Әу-әу» деп әуіп-әуіп те керіледі.

Сұраймын Көкшетаудан шын кедей кім?
Өзгермес жұлдыздар ма, ай менен күн.
Орман-тау жасыл кілем сипатында,
Тұман да дел-сал болып, маужырап күн.

Ежелден жер мен көкте дәулет кие,
Сен ғана «кедей» деген сөзге не.
Кеп менің карт анамдай кейін қалған,
Сүйеді Көкше мені емірене.

Шықпаған бұған дейін басына ешкім,
Көрінді бөрте бөркі Оқжетпестің.
Айнақол Бурабайға мақтанады,
Тірегі мен болам деп жер мен көктің.

Осы оймен аяндаймын қала жаққа,
Алдымда не бар, сор ма, әлде бақ па?
Ұйықтасам түсте көрем ата-анамды,
Отырған көзің сүзіп сағанаққа.

Сол кезде он сегізде менің жасым,
Қамалдың сындырамын қара тасын.
Жаксы үміт, ауыр азап, елесі көп,
Сенерім денсаулығым, күш-қуатым.

Деп жұртқа Ақмола айтқан жиһанкез шал,
Ойым жоқ көп жинауға дүние –мал.
Мақсатым күшімді елге көрсету боп,
Сәтті ме, сәтсіз бе ол, боламын дал.

Білмеппен «но» деуге де орыс тілін,
Әттеген-ай, үйренсемші соны бұрын.
Қаңғырдым бір жұмадай көше аралап,
Тапқаным қапқаным болмай жұғын.

Біз көрдік Қызылжардың тамашасын,
Базар бар, кірсең оған адасасың.
Қайнаған құмырскадай сауда малы,
Сартта – сұрт алақаннан қатар басың.

Сатады біреу күшін, біреу сүтін,
Ақшасыз табылмайды саумал жұтым.
Алдына қасапшының топ-тобымен,
Әкеп түр әркім қаз бен тауық құсын.

Нан іздеп жиналыпты әлдеқайдан,
Қайыршы алым-жұлым қолын жайған.
Жарымжан, ақсақ, соқыр, шалақ, пұшық,
Сұрайды садақаны жарлы, байдан.

* * *

- Жаз еді жапға жайлы сапар шықсақ,
Жер кілем орман жасыл торғынға ұқсап.
Құлпыртқан Қиыр Шығыс ну орманы,
Қонаққа кел дегендей бізді нұсқап.

Күреске шақырды елі күншығыстың,
Салмағын олшемек боп барлық күштің.
Келеміз өзенді аттап, теңізді өрлеп,
Ұшырған баласындай қыран құстың.

Харбинге барып тұңғыш күрес бастап,
Сенімін туған елдің жүрдік ақтап.
Жапон мен моңғол, корей балуандарын,
Жықтық біз жауырындарын жерге таптап.

Толкытып біз келеміз теңіз бойын,
Көңіл шат арамызда күлкі-ойын.
Мәлімсіз әр жүректе бір түйін бар,
Қай түрлі болар деген алдағы ойын.

Жеткенше Токиоға кеме жүзіп,
Толқынды қарсыласқан толқын ұрып.
Портта қаптаған жан құмырскадай,
Әйелдер гүл ұсынды көзі күліп.

Батыстан түрік, неміс, француздар,
Чемпион жер шарында атағы бар.
Кейбірі жүлдездей боп жымындаса,
Қабағы кейбірінің қарлы ызғар.

Поддубный Иван, Карон менің досым,
Көп жылдар бірге тіккен күрес қосын.

Үйреткен әліппені ұстазымдай,
Па, шіркін, адал достар сондай болсын.

Халайық бас изеді бізді сыйлап,
Әкелді Рикшалар ұзын сирақ.
Арбакеш рикшасы жаяу адам,
Сүйремек қонақтарды жанын қинап.

Отырдық арбакешке амалсыздан,
Ылайық болмаған соң дәстүр бұзған.
Жалаң бас, жалаң аяқ қу табандар,
Ызғытып сүйреп келеді, ойдан-қырдан.

Желаяк болса-дағы жүйрік мықты,
Қанбақтай ұшырар ма балуан жүкті.
Жеткенше қонақ үйге желе жортып,
Көзден жас, маңдайынан тері шықты.

Бөгелдік жүйріктерді тыныстатып,
Шығарған бұл «законды» қандай пысық.
Орыстың мейірімді мінезіне,
Қарттары қарап тұрды таңырқасып.

Күресі Токионың қызық керім,
Шандаттым өзім-дағы жапон төрін.
Қояндай домалаған балуаны,
Намыской жігітіне болды өлім.

Бөгелдік қонақ үйде тағы бір күн,
Маған дәл жылдай болды сондағы түн.
Түсімде теңіздің бір ақ аюы,
«Жеймін» деп шаба берді дүркін-дүркін.

Таңертен келдік күрес цирігіне,
Гүр-р етті ойнап жапон гимні де.
Кірді де әлде іштен император,
Оралды ой баскамызға жүйе-жүйе.

Сахнаға шыға келді бір балуан,
Денесі бейне бір тас өте алуан.
Қара мұрт, мысық көзді, бұйра шашты,
Темірдей жаңа шыққан от-жалыннан.

Достарым танымады кім екенін,
Мен ғана тани қойдым жапон еріп.
Парижде бір күресіп жыққаным бар,
«Чемпион Сары Кик-Ки осы» делім.

Қол соқты чемпионға жнылған қоп,
Кілемде Сары Кик-Ки жалғыз тұр тек.

Төреші бұл айқастың аты-жөнін
Атады «Айкас жию-житсу» деп.

«Жию-житсу» жапондарда күпия іс, ✓
Бұған керек сарқылмас айла мен күш.
Өлтіресің, не өлесің айқасында,
Француз күресі емес, соғыс-ұрыс.

«Апатка шығасыңдар қазір қайсың,
Құныңды өле кетсең, сұрамайсың.
Не істесе чемпионның еркі өзінде,
Өкінбе, бәріңе де, айттым айқын».

Тым-тырыс балуандар қалды үнсіз,
Оңай ма екі дайда олу күнсыз.
Таласып өмір, өлім жұрт алдында,
Тұрғандай тас қорғанда бітеу жолсыз.

- Жұрт неге үндемейді? – дедім күліп,
Қарадым достарыма мойын бұрып.
Айқасқа тез баруға шешіндім мен.
Жасаған тәуекел деп ұшып тұрып.

- Қой, барма, - деді маған Карон-Иван,
Байқасам кескіні бар мені аяған.
Тындамай Сары Кик-Киге мен де келдім,
Менменсіп ақ аюдай жеке тұрған.

Байқаймын төрешінің сенімі зор,
Айқасқан Сары Кик-Кимен болады қор.
Алуға жығылғанның кегін бүгін,
Орыстың балуанына күрғандай тор.

Мектебі жапондардың жасырылған,
Балуанды адастырмақ ақылынан.
Орыстар қан жұтсын деп, күтеді үміт,
Өзінің адам жеңбес батырынан.

Сары Кик-Ки жамандауға сыймайтұғын,
Жазықсыз болса, өлімге қимайтұғын.
Қолма-қол белдесуге келе қалса,
Ондайдан үркіп айыл жимайтұғын.

Сары Кик-Ки палуан емес, жуас баяу,
Әзір түр «өлтірем» деп маған таяу.
Тамұқтан шыққан, отты «күрзілі» жан,
Аманда өзіне, ажал-ондайды аяу.

Батырдың көзін жанған шок па дерсің,
Қайратпен сездірмейді іштегі өртін.

Сымбатты, төні тастай сұлу жігіт,
Жигандай бұған барлық жапон коркін.

Қапжардай қайрап қойған ып-ыңғайлы,
Жыландай адамға атар өте сайлы.
Жаратқан жайырақ беріп жүйрік аттай,
Таппадым денесінен артық майды.

Тұрды ол «қазір сені өлтірем» деп,
Кездестім айдаһарға мен жекпе-жек.
Чемпион мені танып, түсті есіне,
Баяғы Париждағы жығылған кек...

Тым менмен төбесімен көкті ұрғандай,
Қолында атылатын оқ тұрғандай.
Ресей балуанын тез өлтіріп,
Жапонға бәйге әперем деп тұрғандай.

Атады окты көзі мойынымды,
Дегендей көрсетемін ойынымды.
Жапоннан казак неге таяк жесін,
Даярлап тұрмын «тоқпақ сойылымды».

Екеуіміз екі шетте тұр ек қатып,
Сары Кик-Ки жолбарыстай келді атып.
Сарт етіп алқымыма салды қолды,
Жүлуға кенірдекті бір-ақ тартып.

Жібердім қанды тырнақ қолын қағып,
Қуандым бұл өлімнен аман қалып.
Жапондар батырына соқты алақан,
Шыққанға шабуылға тым қуанып.

«Жаса» деп айғайлады Сары Кик - Киге,
Лактырды қыздар гүлді үйме-жүйме.
«Қажымұқан» деуші залда бір адам жоқ,
Бұрадай тісті қайрап тұрмын мен де.

Күшейтті шабуылды есер батыр,
Басыма орнатпақ боп заман акыр.
Сахнадан қарап тұрған Поддубный,
Дегендей болды: «Жаудан кетпе қапыл».

Досымның көзі қайрат берді маған,
Бір адым жақындадым «жауға» тамап.
Андып ол талмау жерді зыр жүгірді,
Қой жейтін аш қасқырдай жалаң-жалаң.

Ілезде аяғыма шап берді ол,
Лактырып жіберуге сілтедім қол.

Тіземнен көз ілеспей қағып откен,
Көзімнен от жарк етті білгенім сол.

Ұрғандай қанды қылыш қырыменен,
Талықсып ауырып тұр он жақ тізем.
Сырқырап бара жатқан табаныма,
Батады тастай болып кара кілем.

«Кик-Ки» деп шуылдады залдағылар,
Балуанға құдайындай жалбарынар.
Бажылдап менің соккы бергеніме,
Ыза боп, біреу күлер, біреу жылар.

Басыма жау мысықтай, міне, кетті,
Я ханнан, атқан октан шапшан епті.
«Жолбарыс» құлағымға салды ауызын,
Сығымдап қос саусағы кеңірдекті.

Ызалы мен де ұмтылдым көк қасқырға,
Ертеден ұлып жүрген аш қасқырға.
Ол шайнап құлағымды жұлқылап жүр,
Мен карап тұрайын ба, қан басқырға.

Сол қолым желкесіне қонды мықтап,
Он қолым беті-аузын түрді уыстап.
Бүркіттей он саусақпен бүріп басын,
«Әуп» деп жерге ұрдым жыным ұстап.

Бет-мұрны түгелімен сыпырылып,
Қопарылып көзге келді жымқырылып.
Төбесі жұмыртқадай сытырлады,
Ырылдап айуан жатты дымы құрып.

Көзді ашып-жұмғанша-ақ бәрі де тез,
Жан жегіш жолбарысқа болыппын кез.
Жұлғанын құлағымды көрді түгел,
Циркте кірпік қақпай тігілген көз.

Құлақтан қан төгілді аяғыма,
Сары Кик-Ки жауыз мені аяды ма?
Жосаға малынгандай шыға келдім,
Өзім де келсем керек «бажайыма».

Қуанды өз достарым қолымды ұстап,
Оларға тұрмын олжа жанға ұксап.
«Сыбағасын алды ғой» делі Ивандар,
Жығылған Сары Кик –Киді қолмен нұсқап.

Дыбыс жоқ Сары Кик-Киде білген жандай,
Шыдай ма балуанына адам бармай.

Зембілге тез салды да, алып кетті,
Тарады ел, циркте де бірі қалмай.

Токкендей тілеулестер көзінен жас,
Құскандай жүректен у қан аралас.
Басылып су сепкендей лепірмелер,
Салбырап кетіп барады қайғылы бас.

Құйындай қимылыма жүзі жылып,
Мысқылмен Поддубный Иван күліп:
- Жапондар алды бізден «сыбағасын»,
Жүретін көптен бері дәме кылып.

Сары Кик-Ки аренадап шыққан кезде,
Шамдары жарқыраған сөнді лезде.
Құлағым шұнақ болған себебі сол,
Жапонмен жекпе-жекте кездескенде».

Аркалап ел намысын, ауыр жүгін,
Өмірден өтті талай асыл буын.
Қазақтың кара күші – Қажымұқаны,
Есімі аңыз болып қалған бүгін.

1968 жыл



САРЫАРҚАҒА САЯХАТ

*«... Уә, әне сыңқылдаған аққу екен,
Біреуге сәлем десем айтар ма екен?
Әй, аққу, сәлем айт сен жолыққанға,
Сарыарқа сансыз сұлу біздің мекен!»*

(Сәкен)

Қызылжар

Мен білем карт шаһардың шежіресін,
Айдаған, орыс, казак керуен көшін.
Ертеде жұтынған ол тырнаға үксап,
Шоқыған жыртқыш күстар, көзін, төсін.

Бұл күнде Қызылжарым қызыл гүлді,
Орнатқан қолмен ерлер ай мен күнді.
Кешегі жалшы, жарлы балалары,
Тасытқан өзендей ғып ән мен жырды.

Бола ма бұл қалаға қуанбасқа,
Ойланбай көрген адам тұра алмас та,
Ғарышкер Шаталовтай батыр туған,
Ұл-қызы аты шыққан одан басқа.

Жасарған жаңа қала тамашалы,
Төбесі аспанменен таласады.
Қыздардай шолпы таққан бұрымына,
Электр нұрлары кіл жарасады.

Орнаған ғажап сарай, алып құрылыс,
Бір кірсең, шыққын келмес, сәнді тұрмыс.
Азығың, киімдерің «мені ал», деп тұр,
Жол берсең даяр тұлпар, көп «күран күс».

Зауытта күндіз-түні қызған енбек,
Моторлар жарысады жайып өрнек,
Бір адам мың тылсымды жырлатады,
Мың тылсым миллион күшті шайқап, тербеп.

Көшесі бейне көктем, көркем таза,
Бес қабат, алты қабат үй күміс жаға.
Жан-жақтан саяхаттап келген қонақ,
Үксатар әсем қала – Астанаға.

Уа, достар, біз аттандық аралауға,
Арқанын ой мен қырын саралауға.
Қара Ертіс, көк Есілдің атырабын,
Бүгінгі көкжиектен бағалауға.

Бұл жолмен Сарыарқаны саяхаттап,
Алатау, Сыр, Оралды өттік аттап,
Сары алтын, кара алтындар эшелонмен,
Жүреді ертелі – кеш мыңдап сап-сап !...

Білеміз Валериан Куйбышевты,
Дауылпаз Петербордан ұшып шықты,
Кешегі төңкерістің жемісі деп,
Қызылжарда теңдіктің туын тікті.

Қазақтың досы болды Валериан,
Көп жүрді қиын-қыстау жолда қиян,
“Әу, казак сен де азат ел болдың! – деп,
Босатты еңбекші ерді бұғауынан.

Келгенде Сутюшевтің кошесіне,
Кәрімді есіңе алмай өтесің бе?
Есімі революционер жас жігіттің,
Әр үйдің жазылуы түр шекесінде.

Жолдасы ол Валериан Куйбышевтың,
(Басканда Қызылжарды қараңғы түн).
Халқы үшін Кәрім аға қиды жанын,
Кезінде көтерілген ақ бандиттің.

Сутюшев Кәрім ата шежіреде,
Жазылған алтынменен ұксап күнге.
Жалынды жарқын бейне, өрлі дауыс,
Жасайды мәңгі ұзақ елмен бірге.

Кәрімді байлап – матап сүйреткен жау,
Пышақтап қабырғасын күйреткен жау,
Солардың жүрегі мен ой, арманы,
Қызылжар қайта жасап тұрған мынау.

Толқыны төңкерістің соққан қала,
Қансырады көп түсіп оқтан жара,
«Қапша алыс қалса да ұмытпаң!» деп
Әлдилейді сәбиін бүгінгі ана.

Зауытта, фабрикада еңбек ері,
Ғалымдар ұлы өмірдің инженері.
Болаттай шыңдалған жас ұл мен қыздар,
Өрлеген өндірісті меңгереді.

Қызылжар – білімге орда алтын бесік,
Қараша қаздай өрен ашқан есік.
Қазақтың жас өспірім болашағы,
Емендей көкке бойлап барады өсіп.

Қуанар Қызылжарға ой мен қырым,
Именбей арқалады ғасыр жүгін.
Ұрпақтар көз нұрындай күзетеді,
Тарихтың беттері деп оны бүгін.

Достарым, бұл қалаға жаңа келген,
Балалар, көпей туып, кешең сезген,
Қарт қала «көктен түсті» деп ойлама,
Ойлама келді екен деп басқа өлкеден.

Қызылжар-көк Есiлдiн жары емес пе?
Күйдiрген кiрпiштей жар бар емес пе?
Еркiндiк ерлiк аңсап соғысқанда,
Қызыл шың жар боп қатқан қан емес пе?!

Арқаның ақ жүрегі

Арқаның алтын айдар ұлдары бар,
Әндерін жан тербеткен елім тыңдар,
Иіліп сәлем берем «аруағына»,
Жолында саяхаттың жазып жырлар.

Шоканын кім білмейді Көкшетаудың,
Жастарым, сенің ағаң, сенің баурың.
Жетектеп көрші елдерге таныстырды ол
Түйемен көшіп жүрген қазақ қауымын.

Қапалы өз халқының көңілін бөлген,
Шырлаған бозторғайдай көктен төнген,
Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай,
Елге арнап өмір бойы ән, жыр өрген.

Далада білім дәнін егуші кім,
Дос санап орыс халқын сенуші кім?
Құтқарып миды шіріткен «иман-шарттан»,
Балаға Әліппені беруші кім?

- Ол ұстаз, Ыбырай гой Алтынсарин,
Алғашқы мұғалімі кеп Арқаның,
Орыстың Әліппесін “бұл-білім” деп,
Далаға жайған жасыл жапырағын.

“Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалаң”.

Дейді Абай Шыңғыс тауы төбесінде,
Ойланар оты бар жан кеудесінде,
Ақынның асыл әні шырқалады
Аспанда, жерде, теңіз кемесінде.

Ұқсаған қараңғыда туған айға,
Ерте өткен Сұлтанмахмұт, Мұса, Майра,
Көкшетау, Баянауыл тастарында,
Хикая, ғазалары азгантай ма?

Қажымұқан – қазақтың ол мақтанышы,
Бар еді балуанның пілдей күші,
Француз, ағылшынның чемпионы,
Жығылған Альтоны мен Ра-агосы.

Күресті ол Арканың көп қаласында,
Жайылды даңқы елдің арасында,
Дер едім: “Қажымұқандай балуан бол!”
Бүгінгі қазағымның баласына.

Арканың ақ жүрегі міне осылар,
Көкшенің шынарындай ел досы бар,
Бұлақтың бітіп жатқан көзі ашылды,
Қара Ертіс, көк Есілдей үн қосылар.

Оқушым, терең ойлап түсін мені,
Ақынның іштен шыққан жыр ғой кені,
Сол кеннің шығуына себеп болған,
Міне түр Сарыарканың ардақты ері

Сәкен бейнесі

...Аққудай сұнғақ бойлы жауырынды,
Тұңғыық кара көзі терен сырлы.
Ақылға, ойға біткен бет бейнесі,
Қалың қас, қыран қабак батыр сынды.

Атжақты, аққұба жүз қияпатты,
Отырса, тұрса да ол парасатты.
Даусы зор, сөзі кесек, тау тасындай,
Жастарға қайырымды махаббатты.

Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, мінезі ауыр,
Жаксы ат пен саяхатты көрген тәуір.
“Мен-менге” мырза, байға бұрылмайтын,
Жалшы, жарлы жанды қылған бауыр.

Бойына біткен сымбат, сұлу пандық,
Жарасқан жүрісіне кербез, салдык.
“Жеті өлшеп бір кесуді” әдет еткен,
Басқан ізін өзінің жүрген аңдып.

Төл басы арқадағы өлең, жырдың,
Еркесі кен маралдай байтақ қырдың.
Күн жүзбен күлімсіреп карап тұрған-
Сейфуллин, акын аға Сәкен біздің.

Ол біздің әдебиет ұстазымыз,
Мақтан қып бетке әуелі ұстарымыз.
Ізгілік қағиданы канат етіп,
Ұшырған кең өлкеге құстары біз.

Халқы үшін жанын пидә етті Сәкен,
Бір кезде жау қолында кетті Сәкен.
Ақмола түрмесінде ұзақ жатып,
От жырын жалындатып шертті Сәкен.

“Түсің суық, төнің шойын жалаңаш,
Өлшеген нан, кара суды қылып ас,
Тұрмыс лажын жер астынан іздеген,
Күндіз-түні алысканың көмір тас”.

Деп Сәкен Қарағанды шахтерлерін,
Құшақтап беттен сүйді елден бұрын.
Көңіл оты ұшқындап, жарқыл қағып,
Ариады жанар таудай сәлем жырын.

Сарыарқа Гүлстанды алтын аймақ,
Ақынның бесігі бұл тұрған жайнап.
Барсам да қай орманға, қай бақшаға,
Сәкеннің бүлбүлдары тұрар сайрап...

“Арқаның кербез сұлу Көкшетауды,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бүлттар келіп,
Жүреді біліп-кегіп есен-сауын”.

Деген ән жаңғырыққан тауды аралап,
Бейне бір ансамбльдей сән-салтанат.
Көкте аққу, көлде қаздар шуылдасып,
Үн қосар қыран құстар болат канат.

Бұл әнді даладағы малшы айтады,
Құсбегі, мерген, сергек аңшы айтады.
Торіне Абылайын отырғызған
Көрікті Көкшетаудың халқы айтады.

Ертіс тасып келеді...

Арканың жан жүрегі Қарағанды,
Отымен Ұлы Отанның шамы жанды,
Баяғы туырылған тақыр дала,
Береді бүгін сансыз алтын дәнді.

Қара Ертіс жау қызыққан талай бұрын,
Ұстасы осы күнде трактордың,
Қырында Балғабай жүр еңбек ері,
Қой жайып, тау қып үйген жібек жүнін.

Мен кордім саяхатты ұшан теңіз,
Өркештей өр Ертіспен туып егіз.
“Қара алтын кайдасың!” деп күркірейді,
Ертегі ел аузында ол жаңа аңыз.

Көрмеген мұндай суды құбақан қыр,
Өзенге деп тұрғандай: “Мұртыңды бұр
Кереку-Қарағанды аймағында,
Жана өзен қойшыға-хор, малшыға-жыр!

Тіл түгіл толтыра алмас тамашасын,
Үнілді түн өзенге, жайып шашын.
Шомылып сансыз жұлдыз толқынына,
Көмірін шашу етті Екібасым.

Аспапмен астасқандай өзен шеті,
Долданып, күрсанады толқып төсі,
Тосады ерулігін-дастарханды,
Жомарт жер Баянауыл, Шідергі.

Күміс су нұрлы күнмен құшақтасқан,
Біздің күш желге қарсы алға басқан,
Зәмзәмнен қымбаттырақ мөлдір сусын,
Бакытты Сарыарқаның келе жатқан...

Асты алтын, үсті малға, алтын қауға,
Толықсыр сайын түз де, бақша-бауға.
“Кел Ертіс, көктем аймен канаттаса!”
Деп тосты Жезқазған да, Теміртау да.

Бейімбет бейнесі

“Көрікті ауыл, көңілді ауыл жұмақтай,
Ішсең тоймас қымызы кәусар бұлақтай.
Орыс, ноғай байларынан бездіріп,
Тартат мені лебіменеп шыдатпай”.

-Деп еді ғой ардақты аға Бейімбет,
Саяхаттан қалдыра алман оны шет.
Обағашның озеніндей өлеңі,
Ауылымен тілдесіп түр бетпе-бет.

Бекен даусы Сарыарқада мәңгілік,
“Шұғаны” біз шыркап жүрміз ән қылып,
“Жалбыр” менен “Мырқымбайға” аяулы,
Кір жақты екен қай жексұрын әңгүдік?!

Қаршығадай әсем қакқан қанатын,
Қалам алса құшак қағаз жазатын.
Жай сөйлесе, бес минуттан асырмай,
Қарт бүркіттей өз орнына баратын.

Уа, дариға, Бекем алтын аға еді,
Жүрегі оның аппак сүттей пәк еді.
Маңдай шашын қос саусақпен бұрайтын,
Біз ұмытпас бір әдеті бар еді.

Күйған болат секілді еді-ау денесі,
Деуші едік біз: “Бекем дала кемесі”.
Жаны жібек жолдас жүр ғой бізбенеп,
“Мырқынбай-әй, сорлысың ғой” демекші.

Мырқынбайға “Бөлісте” ат жектірген,
Сарыарқаны “Келей, ал!” деп көп жүрген.
“Бөліс” менің ақылыма ой күйіп,
“Кәмпескені” мен де қолдап өткізгем.

* * *

Алыстан көз жіберіп туған жерге,
Аттанар саяхатшы жаз да, күз де,
Ақкудай қараша қаз алдындағы,
Сәкен мен Бейімбет те ұшар бірге.

Арқада бай менен батыр да өткен,
Күн мен ай өлмес айғақ бізге жеткен.
Ғасырлар тұрмыс құрған қазақ жұрты,
Мәңгілік ел туғызып, жерді өзгерткен.

Ақынның әні қалар, тәні көшер,
Домбыра, кобыз қырда гүлдей өсер.
Осымен саяхатты жамыраттым,
Бұл мүмкін соңғы “сірге мәлдіретер”.

“Бөліс” – Бейімбеттің 1917 жылы шыққан поэмасы.

“Кәмпеске” – Ғ.Малдыбаевтың 1928 жылы басылған поэмасы.

ТӨРТ БАТЫР

I

“От пен су – тілсіз жау” деп айтқан қазақ,
Халықтың мақалы бұл емес мазак.
“Борі жоқ десең шығар бөрік астынан”
Күн туды ер басына көруге азап.

Мұхитты сапарлаған төрт жас жігіт,
Кетіпті дауыл айдап, суға ығып,
Баржысы Тынық мұхит толқынында,
Жүріпті бірде шығып, бірде бұғып.

Ілезде баржыны жел кетті айдап,
Бола ма тоқтауына ағатайлап.
Қар, жаңбыр, тұман түгел төпеледі,
Қап-қара түнек теңіз, аспан-аймақ.

Штурвалды ұстап Асхат жанталасты,
“Жұтам” деп, толқын қаптап апталасты.
Мотордың бар күшімен тартса жөнге,
Жел, толқын ырық бермей ала қашты.

Жан салып көмектесті дос, жолдасы,
Асхатты делі олар “жас қолбасшы”
Үшеуі үш армия солдаты боп,
Белдесіп жау-толқынмен қарсыласты.

Не пайда, қалды мотор жансызданып,
Қайықты жел “күдайы” биледі анық.
Сапырылыс, сабалаған сансыз күздар,
Жан қалар енді бұдан қайда барып.

Білгендей сарқылғанын жанар майы,
Жынданды сағат сайын ауа райы.
Сұрапыл боран ұрды, сүріндірді,
Көрінбей көктін күні, түннің айы.

Ақырып қарлы боран аласұрған,
Баржыны пәрменімен күні-түні ұрған.
Соккалы “шайтан тауға” айдағанда,
Баржаны Асхат батыр әрең бұрған.

II

Жиырма үші февральдің - әскер күні,
Өткізбес мейрамдамай қалай мұны.

Қалдығын темекінің бөліп тартып,
Көрінді шылымның сәл көк түтүні.

Баржыда ертеңіне той жасасты,
Картоп пен май түйірін әрен тапты.
Төртеуі тойға арнап тағам жасап,
Ән шырқап, көңілдене жыр жырласты.

Бөлісті азықтарын әрбір күнге,
(Тоюға қарын керіп үйде жүр ме?)
Келісті ақылдасып төрт жас қыран,
Тағамды бір татуға екі күнше.

- Жігіттер, - деді Асхат жолдастарға, -
Ұзадық дауыл айдап амал бар ма?
Көк теңіз тұтқындады бізді еріксіз,
Хауіп пен қатер күшті әлі де алда

Той күні Ұлы Отанға ант етелік,
Қорқу жоқ, қобалжу жоқ, жүректе – ерлік.
Адалдық, достық көмек, шыдамдылық,
Батылдык – отаншылық бізге серік.

Федотов деді: - Сенім, қайрат – қамал,
Жұта алмас ұлыса да толқын тажал,
Ер жүрек жігіттерден жеңілгенді
Естімес бұдан былай арсыз ажал.

Жастарға тағы қызық той кездесті,
- Анатолий, сенің туған күнің, - десті.
- Артық іш бір жұтым су туған күні,
- Ырымда саулығыңа, болсын тосты.
- Рахмет, - деді Толик көзі күліп –
Достардың жылы лебін тұрмын ұғып.
Барғанда елімізге аман-есен,
Саулыққа көтерерміз біз тік тұрып.

Ішелік суды бөліп амал қанша,
Толқын жел қамағанда азулы аңша.
Шыдалық қиындыққа, күреселік
Ел сүйгіш өзіміздің адамдарша.

Қамады күні-түні тынбай аштық,
Дауыл да үдей түсті жанға қас қып.
Табиғат мылқау, дүлей күркірейді,
Иә, оған бас имек пе қайрат-жастық.

III

Қарайды суға, аспанға көз талғанша,
Дегендей алып күс кеп тартып алса,
Алыста көрінсе де пароходтар
Дауысын естімейді айғай салса.

Өр толкын бейнесіндей тау мен жардың,
Баржыны түншықтырып, орайды алдын.
Айбары мұз мұхиттың зәрлі, суық,
Тамшысын оқ па дерсін жаңбыр қардың.

Үксайды қаһар толкын шың, асқарға,
Қайықты доптай атар кейде аспанға.
Дүниені қылғығандай баржы түгіл,
Арандап “аузын” мұхит кең ашқанда.

Толкын - тау кейде шайқап, кейде ұрып,
Күркіреп, буырканып, бүктеп бүріп.
Ойнаған өрікпенен кара аюдай,
Қайықты қаппақылдап, қысып сығып.

Тені жоқ, шын сұрапыл бұл тілсіз жау,
Су емес, көшіп жүрген секілді тау,
Төрт солдат тірлік үшін жанталаса,
Деседі: “төңкереді-ау, төңкереді-ау”.

Қаңбақтай кейде баржы ағады ықтап,
Дәу толкын әлде аудармақ, әлде жұтпақ.
Сездірмес шошынғанын құрбы-достар,
Қолынан бір-бірінің мықтап ұстап.

Өлімнен адам бар ма қорықпайтын,
Су толса қаютаға өлуі айқын.
Тек біздің батыр елдің ұрпақтары
Өлімді ойлап сірә торықпайтын.

Қайықтың қандай қатер аунағаны,
Келеді төбесіне жастар жаны.
Жалаңаш су ішінде тулағандай,
Мұхиттың кара “албасты” мыстандары.

Не келіп жас жүрекке не кетпейді,
Қорыкса, ел көзіне елестейді,
Ата-ана, туыс-достар қолын созып,
“Қорықпа сен ержүрек түлек” дейді.

IV

Қанатсыз, қарусыз күй, қандай ауыр,
Мұхитқа мазақ па еді біздің дәуір.
Арманда бармақ тістеп келе жатыр,
Түтқын боп дүлей күшке солдат - бауыр.

Жылжыған күндер өтті, түндер өтті,
Аранын ашып міне аштық жетті.
Қанекей қолда не бар азық қылар,
Дегендей төрт жас қыран кенес шертті.

Өтеді жылдай болып тәулік-сағат,
Адамға ас жемесе бар ма тағат.
Бір шалар тамақ жонін ойлағандай,
Отырды төрт жас қыран үнсіз қарап.

- Мен таптым, - деді Филипп – сырнайымыз,
Ендігі жеуге біздің ынғайлымыз.
Тілінде семіз қойдың терісі бар,
Оллаһи, жесек аш боп тұрмаймыз біз.

Сырнайдың тілі болды тәтті тамақ,
Тағам боп қуат берді бойға тарап.
Тәулікке бір жұтым су, бәрі бірдей
Ішеді айран менен сүтке балап.

... Ауызға бір ілетін тамақ бар ма,
Жоқ. Онда жадырамас қабактар да.
Сең соққан балықтай боп отыр жастар
Аштықтан тегінде ауыр азап бар ма?

Сағындық досымызды теңіздегі,
Сағындық олар туыс, егіз еді.
Қиырсыз мұхит бізді байлап тұр ма
Оларға: “төрт күрбы өлді” дегізгелі.

Қарайды күн күлімдеп жігіттерге,
Дегендей барарсындар ертең елге.
Тулайды толқындай боп жас жүректер
Жетсек деп аман-есен туган жерге.

Беретін дос-досына жәрдем көмек,
Жүретін бірін-бірі сүйеп, демеп.
Ол қайда, денесіне киім де ауыр
Жұмалап татпаған соң тамақ-корек.

Тұзақтай қысып төнді су көгені,
Кемиді күннен – күнге қол көмегі.

Өмір мен өлім талас келді таяу,
Дегендей: “Кімді енді, кім женеді?”

Әлі су, әлі топан, қайда дала,
Көз шалмас кенедей де жалғыз кара.
Арқаусыз жан мен дене ауыр тартып
Үн – түнсіз жатты ерлер каютада.

Япыр-ай, өтті-ау қысаң тағы төрт күн,
Иванның құлағына жетті бір үн.
Сенделіп каютадан шыкса тысқа,
“Көмекке келдік” дейді көкте әлдекім.

Шама жоқ жүгіруге тіл күрмелген,
Білді Иван дос келгенін жан сезіммен,
Жас орыс есін жиын көтерді қол
Белгімен “кел, достарым, құтқар” деген.

Ымдады ол каютаға қайта кіріп,
Дірілдеп екі ерні, өң құбылып.
Сөйтсе де, қуанғанның белгісі бар,
Қураған жүдеу бетке қан жүгіріп.

Тұрғызды жолдастарын демеп Иван,
Секілді ол қазір барлық күшін жиған.
Төртеуі әрең-әрең шықты тысқа,
Адамдай аурудан жана тұрған.

Төбеден қорді жастар вертолетті,
Мұхитты қорқытқандай шүйіп өтті.
Сол кезде Асхат сержант талып түсіп,
Иванның көзінен жас ыршып кетті.

Кешікпей сержант енді есін жиыды,
Сонда да киімін ол әрең киді.
Әлде оңі, әлде түсі жылы сезім,
Әйтеуір тұңғыш жәрдем қолға тиді.

Вертолет салбыратты арқан-саты,
Жабысты кезек-кезек совет жасы...
Болғанда қырық тоғыз күн ұшты аспанға
Орыстың топандағы үш солдаты.

Құтқарған – Американың адал ұлы,
“Рахмет” деді оларға жердің жүзі.
Аңыз боп төрт өреннің ғажап ісі,
Жайылды дүниеге ерлер сыры.

Осылай кең тарады ерлер данқы,
Баулыған батырлыққа – дәстүр, салты
Жырлайды төрт солдаттың өңгімесін,
Бүгінгі жер шарының жас пен қарты.

АЛТЫН БАЛЫҚ

(Халық аңызы)

Болыпты баяғыда бір бай патша,
Симапты сарайына қазына, ақша.
Төбесі күмбезделген, зәулім биік –
Ордада отырыпты алтын тақта.

Патшаның ұл мен қызы сарайында,
Жүріпті күтушілер карауында.
Еркенің ермегі үйден табылған соң,
Болмапты басқа бала маңайында.

Көршінің баласымен ойнамайды,
Өмірден «кем болам», - деп ойламайды.
Кедейдің баласы оған барар еді-ау,
Қылышты күзетшіден қорғалайды.

Арқаға қағып қойып патша ұлын:
“Тағыма не-сен” деп айтар шынын.
Сезгені баласының ес білгелі –
“Әкемдей патша болам” – деген ұғым.

Қоркалы көшенің көп баласынан,
“Біреуі ұра ма” деп арасынан.
Айт, тойда жақындарын паналайды,
Көздері шыға жаздап шарасынан.

Патшаның қырық күл, қырық күн есігінде,
Мал баққан, сауын сауған үйде, түзде.
Болыпты қырық уәзірі бас кесері,
Табактас тізелесі жүрген бірге.

Атшабар уәзірі Танқы пұшық,
Танауы бір жорықта түскен үсіп.
Өсекшіл, әрі күншіл жағымпаз жан,
Әлімге патша айдаса, кетер ұшып.

Қахарлы патшы елге салық салған,
Мал, алтын жиһаздардан алым алған.
Малы жоқ, алтыны жоқ кедейлерді,
Жұмсауға әр жыл сайын айдап барған.

Сіңірі шыққан кедей Көлеке шал,
Бітпеген өз басына береке – мал.
Кәсібі – күні-түні балық аулау,
Өйткені, күнкөріске керек амал...

Кәрі шал жүрді үнемі аулап балық,
Дарияға, қара суға ауып салып.
Ілінсін мейлі шортан, мейлі шабақ,
Патшаға Танқы уәзір барады алып.

Қасында – жалғыз ұлы Ыбырайым,
Бақылап теңіз лебін, күн райын,
Патшаға балық аулап тырмысады,
Ұмытып елдің ішін, үйі-жайын...

Танқының үйлеріндей шалда үй жоқ,
Киетін киім, тамақ, күй мұнда жоқ.
Жер қазып шыммен жапқан қара күрке,
Жоқшылық шіркін бетке басқандай шок.

Тұрғаны “Қазығұрт” тауы қолтығы кең,
Болғалы қазақ, қазақ қылған мекен.
Тарихта Түркстанның топырағы –
Сарқылмас тамаша көп шежіре екен.

Жолдасы қарияның жалғыз бала,
Келеді ерте тұрып қармақ сала.
Үйренді суга жүзіп жас басынан,
Туған жер, таныс, ыстық сай мен сала.

Көшенің көп баласы бұған серік,
Балықты олар да, аулар үнемі келіп.
Жүзуде, малту, сүңгу өнерінде
Жүреді Ыбырайым көмек беріп.

Патшаның баласындай торықпайды,
“Жалғызбын, жарлымын” , - деп қорықпайды.
Қармақ сап, жұтпа ойнатып, ауып құрып,
Еңбекпен өткізеді жыл мен айды.

Ай қалып жыл жылжумен өмір өтті,
Ыбырайым он төрт жасқа келіп жетті.
Балықтай су бойында жүзуменен,
Денесі шып-шымыр боп сүйді еңбекті.

Көктемде күміс өзен кетер тасып,
Керуендей аппақ сендер жардан асып.
Ау салып қаза құрып тоқтауларға,
Жүреді Ыбырайым әнге басып.

-“Таси бер, бұрқана бер, көк өзенім,
Бетінде тербетілген мен бөбегім.
Қайығым, қалағыммен, ау балығым
Жігерлі көңілімде бар өленім!...”

Шабактар тоқымада бүлкілдейді,
Құйрығын алабұға сілкілейді.
Ауызын біреуі ашып, бірі жұмып,
“Әу бала, бізді суға жібер”, - дейді.

Дегендей “патша ұрсады” Ыбырайым,
Моңкіген балықтарға қарар дәйім.
Балалық мінез сырттай сезілсе де,
Көк сендей көңілінде бар ұайым.

Өйткені ұстаса да, қанша балық,
Түлкідей уәзірлер алар қағып.
Патшаға ертелі-кеш апарады,
Ыбырайым санын соғып, қалар налып.

Өзіндей балалар жүр үйлерінде,
Сияқты қызыл түлкі күйлерінде.
Мініске аты, кесе киім табылады,
Бағады қаз бен тауық, үйрегін де.

Үйі анау, Ыбырайымның бейне апан,
Бітеді төсек орын бұған қашан?
Тамағы қара көже, қатқан балық,
Қаңтардың аязындай өмір қатаң.

Көлеке сұм заманның сорлы шалы,
Бір құшақ ақ қамыстай мұрт, сақалы.
Денесі кәрі еменнің тамырындай,
Мойнынан арылмаған балық қағы.

Мінекей, келді әкесі малман басып
Түрі бар тұрған құздай тұман басып.
Саусағы дірілдейді, тізе қалт-қалт,
Жан барма кәріліктен кеткен қашып.

Әкеге баласының түсті көзі
Көріктің желіндей бар алған демі.
Қолында аса таяқ дуанадай
Ол дағы бір жолдасы өмірдегі.

Баласы әкесіне тұрды қарап,
Жүрегі шалды аяп, алап-жылап.
Балалық мейірімі түсіп, айтты
Селкілдеп тұрған шалды жапы аяп.

Әке жан, құлағың сал, сөзім тыңда
Әкеге қызмет ету-парыз ұлға.
Үйде отыр, жапыңды күт бұдан былай
Жұмысты мен істеймін суда, қырда.

Қартайып жеттің әке бұл шамаға,
Ау салып мен шығайын тамашаға.
Патшаға балықты да мен берейін,
Басқа адам әке, саған қарасама.

- О, балам! Жүзден асты менің жасым,
Ыстыққа күйді, мұзға тоңды басым.
Патшаға қызмет ету оңай емес,
Жеткен жоқ балам әлі сенің жасың.

Ерте әлі – деді кария көзін сүртіп,
Орнаған жасымнан-ақ маған кырсық.
Көрмесем коленкенді тұра алмаймын,
Патша да ашуланып жүрер ұрсып.

Балықты аулау әке, емес қиын,
Жас жанның жарығы ол да тапса күйін.
Патшаға “жарай ма?” деп сынап мені,
Патша айтсын екеуімізге сөз түйінін.

Патшаға келді екеуі ертенінде,
Патша отыр тактың ең көркемінде.
Қолында алтын таяқ, кигені асыл,
Пішіні қара аюдай төнген түнде.

Күзет тұр есігінде қылыш ұстап,
Адамдай табанынан қаққан мықтап.
Табак пен тамақ әкеп күн қыздар жүр,
Бастарын төмен иіп, қорқып, ықтап.

Безенген суреттермен сарай іші,
Сайрап тұр бір жағында бұлбұл құсы.
Дюдың, періштенің, перілердің,
Салынған гүл ішіне түрлі түсі.

Жалынып “жіберші” деп күзетшіге,
Шалменен бала кірді үй ішіне.
Қасқырдай қойды көрген көзін тікті,
Үніліп зілді патша “күл” түсіне.

Тағзымғып патшасына Көлеке шал:
“Қартайдым” деді – менде азайды хал.
“Балам жас, өзім кәрі, балықшы едім,
Уа, патша, осыны ойлап боламын дал”.

Патшаның қасында отыр ерке ұлы,
Борсықтың күшігіндей оның түрі.
Жуан бас, екі көзі сығырайған,
Секілді саңырауқұлақ жұдырығы.

Қойынты ұлдың атын Жуанбас деп,
Мәз-мәйрам масайраған тәтті ас жеп.
Ойнатқан алтын, күміс жұмыртқамен,
Алтыннан басқаға ол уанбас деп.

Сөйледі әкесінен бұрын бала,
Ей әке, мына алжыған шалды қара.
Айнытпай жүрегімді айдап шықшы,
Балықты бізге әкелсін бала ғана.

Сөзіне баласының мәз боп патша,
“Бұл шалды айдап шығу аз” деп патша.
Сары ала таяғымен сартылдатып,
Сарайдан қуды ұрып басқа-басқа.

Кірпідей тікірейді сақал мұрты,
Торсықтай кеуіп кетті майлы ұрты.
Патша, бай, төре, мырза ол заманда,
Құл, жалшы, кедейді үру – ата салты.

- Ей бала, балықты аула бұдан былай,
Құл етіп берді сені маған күдай.
Баламның баласына мәңгі құлсың,
“Жаспын” деп келе көрме жәрдем сұрай.

Томсарып Ыбырайым кетті шығып,
Алғандай бүйіріне найза сұғып.
Ау салды дарияға дамыл алмай,
Кеш жатып пысық бала ерте тұрып.

Кемпір, шал жүреді озен жиегінде,
Тілегі – жалғыз ұлы күн де, түн де.
Балаға балық асып, тамақ берсе,
Екеуі ортаға алып күркесінде.

Бала да бірде жұмыс, бірде ойын,
Ойынға жастық шақта бар ма тойым.
Сөйтсе де, балықты ол көп аулайды,
Шалдан да ұзақ кезіп судың бойын.

Ілінді ел аузына жап-жас бала,
Балықты мол аулауда озды дара.
Ақ балық, қара балық, шорағай, шортан,
Ұнады арам тамақ, патшаға да.

Бір күні ауын күрды ерте барып,
Сойтті де кете барды ойын салып.
Қарап жүр копадан қаз жұмыртқасын,
Қасына бір топ бала ертіп алып.

Тауыпты жұмыртканың талайларын,
Ұстапты қаз, үйректің балаларын.
“Нұр жауар талаптыға” деген мақал,
Силады анасына жигандарын.

Әкесі айтты: “Балам, ауына бар”
Секілді алдымыз су, артымыз жар.
Бәрі жоқ деме, шығар бөрік астынан,
Артыңнан пұшық үзір карап тұрар.

Ыбырайым “күп!” деп әке тілін алып,
Жүрегі оттай тулап, жүзі жанып.
Қараса дариядағы құрған ауын,
Ғажайып оралтыпты алтын балық.

Көп бала таңырқады мұны көріп,
Біразы Ыбырайымға келді еріп.
Күркені күн нұрындай жарқыратты,
Табактай алтын балық келгенде еніп.

Шіркін-ай, неткен ғажап алтын балық,
Түс емес, көз алдында оңі анық.
“Жасаған бізге дәулет жіберді” деп,
Алдына ата-ананың келді алып.

Мінекей, теңіз жатыр толқындатып,
Күн нұры су бетінде жалқынданып.
Дәл бүгін жалғыз шыққап Ыбырайым,
Ұстады жолы болып алтын балық.

- Ей, ата, бұл өмірден күдер үзбе,
Келгендей айдан ұшып балық бізге.
Анама қойлек, жаулық киім берер
Қарасар төсек-орын тозған кезде.

- Жалғанда қымбат, әке, мұндай балық,
Патша бұл еңбегімді күндайды анық.

- Қайырсыз патшаға емес, суға жібер, -
Деді шал бала сөзін тыңдап алып.

“Токта, ойлан, балам”, - деді Көлекке карт
Патшаға апарудан аяғың тарт.
Көлденең күншіл жандар дұшпан болар
Құлдарға тарту беру еместі – салт.

“Жеті өлше, бір рет кес” саспа балам,
Балықты дарияға таста балам.
Жүгініп Жуанбасқа жағынсаңда,
Көр қазір күндей жүріп басқа адам.

- Әу, әке, қандай жау бар маған даяр,
Кімдер бар зіл патшадан силық аяр.
Балықты дарияға мен жіберсем,
Күні ертең көрген бала жүртқа жаяр.

Жөптеді кемпірі де шалдың сөзін:
“Қарағым жоғалды ғой жалғыз қызым.
Сол қусап бір пәлеге тап боларсың,
Патшаға сый-құрмет деп анар өзін.

Кемпір-шал осыны айтып күрсінді ауыр,
Басқандай кара тас боп сұмрай дәуір.
Баланың болашағын қайғырады,
Емес пе бала – жүрек, бала - бауыр.

“Тәуекел” деп шықты үйден Ыбырайым,
Болса да алды жұмбақ, жоқ уайым.
Күндей боп жарқыраған алтын балық
Патшаның нұrlандырды кең сарайын.

- Ассалаумағалейкум, тақсыр патша.
Бала едім ілінбеген жақсы атқа...
Тарту ғып алтын балық алып келдім,
Қу тамақ өзімізге тапшы уақта...

Патша мен баласы оның қуанбас па,
Дөндеген силық алып Жуанбас та,
“Әй әке, алтын балық менікі” деп,
Жүгірді қарамастан ішкен асқа.

- Ұзақ жыл патша болдым халайыққа,
Ісінді ұқсатпаймын балалыққа.
Хан, ханша, мырза, бидің таргулары,
Бәрі де жеткен емес бұл балыққа.

Деп патша сүйінгенен тұрды ұшып,
Балықты ұстап көрді құты түсіп.
Алдырды алтын қайық, бұлақ суын,
Жіберіп уәзірін таңқы пұшық.

Патша айтты: маған байлық, алтын балық,
Ыбырайым ерке ұлыма силады анық.
“Сига-сый, сыраға бал” деген мақал,
Құл бала кету керек ырым алып.

Мінгірлеп қутыңдады таңқы пұшық,
Ішіне күншілдіктің шоғы түсіп.
Көре алмай Ыбырайымның силағанын,
Орнынан “я патшам” деп тұрды ұшып.

Біз уәзір ақылдасар сегіз едік,
Бәріміз патшамыздың қамын жедік.
Сегіз күн ақылдасып, біз айталық,
Жас құлды қуантуға ырым беріп.

- Пұшығым, ақылдас,- деп патша қалды,
Ыбырайым терен оймен кете барды.
Бұл жәйді естігенде Көлекке шал,
Сескеніп, басын шайқап, күйіп - жанды.

Сумандап пұшық барды сегізіне,
Қашаннан қиянатшыл серігіне.
Сөйледі алтын балық әңгімесін,
Ор қазбақ Ыбырайымның өліміне.

Сегіз күн, сегіз уәзір әңгімесі,
“Сый берем” деген патша уәдесі.
Уәзірдің баласынан асып тұған,
Ыбырайым болды олардың бүгінгі өші.

Жиылды уәзірлердің балалары,
Жүрегін күншілдік дерт жаралады.
“Ыбырайым бізден асып кете ме “ деп,
Пұшықты бөлтіріктей жағалады.

Пұшықтың баласы бар он үш жаста,
Тоймайды шошқадай-ақ ішер асқа.
Еріншек, күншіл, кесір, мылжың сотқар,
Бұл маңда ұры да аз содан басқа.

Жексұрын бұл баланың аты Талпақ,
Быртиған аяқ, қолы, беті жалпақ.
Жапжалға, төбелеске бейім тұрған,
Шапраш, бітік тапау, сөзі жалтақ.

Жандай ол жаратылған төбелеске,
/Кім білсін, барлық бала соған өш пе?/
Бастары бес баланың қосылса егер,
Саусағы жүрер оның бір өкеште.

Жекпе-жек Ыбырайымға әлі келмес,
Топпақтай екі-үш бала оны жеңбес.
Сондықтан жалынады әкесіне,
“Жер тап – деп Ыбырайымға, - барса келмес”.

Уәзірлер ақыл тапты ұзақ ойлап,
Бұл жерге Ыбырайымды емес қоймақ.
Жағынып патшасына кеңес беріп,
Қайткенде жас баланың көзін жоймақ.

Патшаға тәжім етіп танқы пұшық,
Қыюлап қақпап құрып, тұзақ пішіп.
Ақылын сегіз күннің баяндады,
Патшаның екі аяғын бірдей құшып.

- Я, патшам, алла саған бакыт берген,
Біз канат – құйрығың ғой, соңына ерген.
Кеңесіп біз қорыттық – алтын балық,
Дарияда екеу болар деген сөзбен.

- Меніңше, екеу шығар алтын балық,
Тегінде, кеткен болар толқын алып,-
Деді уәзір арам ойын бүгіп қалып,-
Соны осы Ыбырайым келсін алып.

Көрелік сыйдың жайын содан кейін,
Құл бала қайда қашпақ Ыбырайым.
Ұлына алтын балық сый тартқанда,
Сіз сыйсыз қалушыңыз, бізге уайым.

Патша айтты: «Ыбырайымды шақыр жылдам,
Қызметін аяқтасын бізге қылған.
Серігін алтын балық тауып әкелсін,
Жүрмесін мені алдап құдай үрған”.

Қу пұшық Ыбырайымды алып келді,
Өжет ұл жең сыбанып, бұған белді.
“Бұл балық екеу шығар дарияда,
Алып кел” деп патша оған бұйрық берді.

Томсарын Ыбырайым шығып кетті,
Ата мен анасына әңгіме етті.
“Жасаған жар болсын”, - деп жалғызына,
Кемпір-шал көздің жасын көлдей төкті.

Ата, анам көзің жасын бекер төкпе,
Ізденбей, енбектенбей жүру ең пе?
Табармын алтын балық, алтын канат,
Бар болса, дарияда, жерде, көкте.

- Бармасам бұл сапарға елім не дер?
Балықты тапсам – солар көңілденер.
Жалғыз-ақ, анам, сенен тілегім бар:
Ақ сүтіннен жолыма нан илеп бер.

Ананың сүті тәтті бұл жалғанда,
Татпаған ана сүтін сірә арманда.
Бидайдан асыл азық өмірде жоқ,
Нан қымбат, адамға да, айуанға да.

Кеше мен ұстағанда алтын балық,
Бір түйір қатқан нанды тауып алып,
Үгітіп ауды айнала шашқан едім,
Тағам жоқ наннан артық, сенімді анық.

Бұл – ақыл кездесетін өте сирек,
Болсайшы бала осындай ойлы, зирек.
“Ақ сүтім – ақ жолыңа бастасын” деп,
Анасы сүтімен нап берді илеп.

Батырдай жауға шабар Ыбырайым,
Сенеді өз күшіне, жоқ уайым.
Ау, кармақ, шокпар, қақпан, қанжар, тұзақ
Бәрі де арқалауға болды дайын.

Батасын берді ұлына ата, ана,
Оттаңда ыстық іштен шыққан бала.
Іздеуге алтын балық жөнелді ол,
Шығарып салған Қазығұрттың тауы ғана.

Жас бала туған жерден кетті ұзап,
Жағалап өзендерді жібек құрак.
Адамның бейне жүйке тамырындай,
Өзенге құйып жатыр күміс бұлақ.

Қаншама сапырса да, дарияны,
Аңсатқан алтын балық табылмады.
Сонда да қанатынан қайырылмас,
Қылыштай қынаптағы бабындағы.

Теренге, тайызға да ауын құрып,
Жапанда суды сауып, зыр жүгіріп.
Тамызда күм құырған қыдырумен,
Табанын тас жеп қойды мыж-мыж тіліп.

Найзағай жарқылдайды бұлт шықса,
Не болмақ жайдың оғы жерге тықса.
Аспанда күркірейді баланы “іздеп”,
Ыбырайым сексеуілге келіп ықса.

Бәрі жау жиһан кезген күс пен аңның,
Қорғаны – сенім, күші, жалғыз жанның.
Сескеніп қасқырлардан түн шағында,
Қонады қойынында, биік жардың.

Таң атса дарияны тағы сүзіп,
Толқынды толқын қуса, бірге қуып.
Шыныққан күнге күйіп шымыр дене,
Демейді мынау жылы, мынау суық.

Далада қойдай ерген азулы аң,
Арыстан, жолбарыс пен қасқыр, қабан.
Жолдассыз жорықтағы жас баланың,
Ақылы – құтқаратын ажалынан.

Бір күні Ыбырайымды көрді Арыстан,
Жемек боп түрілдеп ол қуды алыстан.
Ыбырайым суға түсіп, аудан өтіп,
Көкжалға қарап тұрды, бір жар тастан.

Арыстан періп кетті суға жүзіп,
Жетпекші жар тасқа о да ауды үзіп.
Шілбиген ауға келіп шырматылды,
Алақан соғып бала тұрды күліп.

Ауды алып шықты арыстан күм үстіне,
Сенсе де, қиратам деп өз күшіне.
Оралды шым-шытырық аңғал асау,
Тыпырлап жатты сабаз ау ішінде.

Жас бала ұрып алды жыртқыш аңды,
Еріксе, терісіне кейде оранды.
Кей кезде тері ішіне жусан тығып,
Балалық салтын құрып ойнап та алды.

Аулайды қоян, түлкі құрып дүзак,
Сонда да дариядан кетпес ұзап.
Табылмас алтын түгіл күміс балық,
Азапқа жүрсе дағы жаны шыдап.

Бір күні батыр бала шаршап қатты,
Дарияның жағасында ұйықтап қапты.
Қаңғырған аш қарағұс тап берді де,
Көтеріп күз басына бірақ тартты.

Қос тырнақ бірі санда, бірі қолда,
Шошынған бала есін жиды зорға.
Кеудесін қарағұстың қақ айырмақ,
Қанжары беліндегі тисе қолға.

Қарағұс қап іздеген қарны ашып,
Баланы күз басында бүріп, басып.
Шіркіннің үлкендігін байқап көрсе,
Алып күс алты қанат үйдей лашық.

Қорыққан Ыбырайым жанталасып,
Қанжарға қолы тиді тұрған қашық.
Жарқ етті қарағұстың кеудесіне,
Кетер ме құста болса, енді қашып.

Жемсауы тілінген күс аспанға ұшты,
Қансырап бір мезгілде жерге түсті.
Бала жүр әлі күнге тырнағында,
Кім көрген тырнақтыда мұндай күшті.

Баланы босатпады бүрген тырнақ,
Қысылса кім кеп жедел жәрдем қылмақ
Таяктай союу өтсе, өкпесіне,
Кешікпей көр, кебінсіз көзін жұмбақ.

Бала да, қарағұста шала жансар,
Жатқанда, шоқуга оны құстар ансар.
Қалықтап төбесіне, айнала ұшты,
Шағала, ала қарға, құзғын құстар.

Бір кезде Ыбырайым жиса есіп,
Қып-қызыл қан бояған бар денесін.
Ақ қабан қарағұсты шайнап жатыр,
Дей берді: “жесе жесін, жесе жесін”.

Жарадан тұра алмады сүйретіліп,
Қарнымен негімен жерді сызып.
Дарияның кемеріне жетті де әрең,
Оқ тиген ақ маралдай жағты сұлық.

Теңселер “кел” дегендей судағы ау,
Елестер көзін жұмса, Қазығұрт тау.
Жүрегі елжіреген ата-анасы,
Сол тауда өлде өлі, әлде есен-сау.

Қызарып күн шығады шашып нұрын,
Таң қуған жер сарнайды ызың-ызын.
Алыста домалайды қаңбақ, селеу,
Панасын іздегендей сай мен құздың.

Жер мен көк арасында шұбап құйып,
Барады көкпар етіп өрмекші үйін.
Үріккен ор қоянды орай соғып,
Құм атып, топырақ шашып берген сиын.

Кей кезде қап-қара бұлт жерді жауып,
Күркіреп оттар жайнап ауық-ауық.
Шөлдеген қыр мен құзды сусындатар,
Жанбыр мен жұмыртқадай бұршақ жауып.

Көп күндер оттай ыстық, дала тымық,
Көлкілдер жүйрік сағым зыр жүгіріп.
Қанаты, жүні күйіп, жерді құшар,
Аң, құстар аузын ашып, дымы құрып.

Түннің де түсі суық шошынғандай,
Бар ажал түнде түгел қосылғандай.
Тіріліп қабырынан өлген жандар,
Дарияның жағасында отырғандай.

Естілер сары жыланның ысқырғаны,
Ол шақса, киналмай ма адам жаны.
Астында аяулы айдың беп-белгілі,
Бұркылдар жылан жүрсе жердің шаңы.

Сары күрт, кара күрт көп осы манда,
Улатар зәрін төксе, жөндік, жанға.
Кім білсін не іздейтінін құрғылардың,
Жыбырлап, ұйқысы жоқ, ұзақ таңға.

Құбыжық, қатерлерді түгел көріп,
Жұлдыз, күн, жар тас, суды етіп серік.
Ыбырайым – жаралы жан жатқан мынау,
Жарасы жүруіне бермей ерік.

Тек қана жас баланың сырласы аз,
Дарияны өрлей ұшқан аққу мен қаз.
Қарлығаш қанатымен жара емдеген,
Бозторғай ән шырқаған аспанда мәз.

Қоңыр қаз қаңқылдаған анасындай,
Аққулар жаркылдаған атасындай.
Үйректер айнала ұшқан көңлін аулар,
Үйдегі асық-кеней, сақасындай.

Молдіреп дос құстарға жаралы жан,
Төгеді жүрегінен қайғылы әп.
“Көрем бе Қазығұртты, ата, анамды,
Тауып ап алтын балық дариядан!”

Күн өтті, ай да өтті, тұрды бала,
Жазылды у тырнақтан түскен жара.
Қарағым талаптан деп құшақ жайды,
Баяғы күніренген дария, дала.

Жердегі ең асыл дәм, ардақты дән,
Ананың ақ сүтімен илеген нан.
Таусылды сү бетіне себуменен,
Қалар ма қиыры жоқ дариядан.

Ең соңғы түйір нанды суға малып,
Ыбырайым ауын құрды кейіп барып.
Әйтсеуір үміт, қиял, еңбек бейнет,
Кім білсін бар ма, жоқ па алтын балық.

Жар таста жатты ұйықтамай түні бойы,
“Не істеймін қайда барам? – терең ойы.
Шыққалы “Қазығұрттан” үш ай өтті,
Сүзілді армансыз-ақ өзен бойы.

Бір жатып, бір тұрады карап айға,
Үшқыр ой, ойға, қырға тарамай ма?
Алды жар, арты батпақ тұманды өмір,
Үлкенге баланы да санамай ма?

Демей ме құрбыларым: “Құл баласың,
Қалайша патша алдына бара аласың?
Таппас па ен мықты болсаң алтын балық,
Даярды ғана аудап сен табасың...

Демей ме: “Ауға іліккен алтын балық”,
Патшаның бақытына келген балық.
Айдады патша бағы, құлдың соры,
Ұялмай келіп тұрсың енді нағып?”

Демей ме: “Ыбырайым, мақтанба енді
Патшаға қызметке аттанба енді
Сенен де патша алдыңда, біз ардақты
Алдадың, уәзірді, барлық елді...”

Осы оймен көзінен жас мөлтілдеді
Күншілдер жүрегіне болды жегі
Пыс-с-с... етіп кеткен екен шаршап бала
Боз торғай көкке шырқап “түр, түр” делі.

Көтерді басын тастан Ыбырайым
Аспаннан көрді “соңғы” туган айын
Денсесі дір-дір етіп жетті суға
Ең соңғы айтпақшы боп бұйымтайын.

Ол ауды тартарын да тартпасын да
Біле алмай тұрды ұзақ жар басында
Мінскей дәл тоқсан күн ауы алдады
Шіркінді мақтасын ба, қарғасын ба?!

Қалайша мақтар еңбек жанбай шықса
Ең соңғы үмітті де, жерге тықса
Ананың ақ сүті мен қымбат напды
Еріккен шортан, шабақ, қылғып жүтса.

Қалайша қарғар досы – кендір ауды
Анасы сыйырды емес, соны сауды
Болмай ма қарғағандай ата-анасын
Қарғаса жүз бір көзді егіз бауды.

Толғанып , тоқсан ойлап әрең жеткен
От ұшқан жанарымен суды тескен
Созғанда ауды өзіне әрең-әрең
Көрінді бір қызыл шок жарқ-жүрқ еткен.

Жағаға келді балық керуені
Ортада алтын балық көрінеді
“Жасаған, я жасаған, бере гөр!” деп
Қуанған көзінен жас төгіледі.

Тапкандай ат басындай қызыл алтын
Балықты алды бала оттай жалқын
“Қазығұрт, қайдасың!” деп тартты үйіне
Таяк қып қарағұстың бір қанатын.

Шығарып салды: қаз бен аққу, үйрек
Жылқышы, таукүдірет тұмсығы имек.
Қарлығаш, қызғыш, тарғақ, бозторғайлар
Құттықтап, қанатымен көкте билен.

Жүрегі қуанышты бала батыр
“Жендім – деп қиын жолды келе жатыр.
Алыстан мұнарлашып қарт Қазығұрт
Көрінді әкесіндей жаны ашыр.

“Өлді” – деп Ыбырайымды жүрген пұшық
Қайғырды “тірі екен” деп мұрнын шұқып.
“Құлыным, аман-есен жеттің бе елге...”
Жылады ата, анасы бірдей құшып.

Қуанды патша, балық келгеніне.
Баланың ерлік іске төзгеніне.
Қауқылдай шып көңілден айтып салды:
“ Ылайық- деп-осы бала уәзірге!”

Уәзірлер күншілдікпен ақылдасты,
Тырнадай өнеш созып жақындасты.
Баланы “барса, келмес” жолға айдап,
Жіберу ебін тауып, мақұлдасты.

Патшаға кымбат тарту – алтын балық,
Таңданды ол Ыбырайымға қайран қалып.
Бастады бір пәлеге тағы пұшық,
Баланы сарайдағы көре салып.

- Я, патшам, әмірінде біз – уәзір,
Қоссаң да, нендей іске бәрі де әзір.
Өмірлі алтын балық болу үшін,
Алтын су іздеу керек бұған қазір.

Бұлғары шаһарында алтын су бар,
Ыбырайым балық тапқан, суды табар.
Ойнаса, алтын суда алтын балық,
Сарайдың айналасы күндей жанар.

Барк етті “макүл – ак” деп надан патша,
“Балаға кеп сый бермек, суды тапса.
Ат басы, ер басымен не көрмейді,
Пұшығым, сен серік бол, үйде жатпа!”

Амалсыз көнді бұған тапқы пұшық,
/Жүрсе оған пәле бар ма жанын күтіп/
Балаға ор қазып ед, айламенен,
Мінекей, күлауға түр, өзі түсіп.

Патшадан жүйрік мінді, алтын алды,
Сапарға шықты екеуі киып жанды.
Қайғы жоқ, талап күшті Ыбырайымда,
Шаркедей сорлы пұшық жүдеп қалды.

Бет қойып күнбатысқа ұзақ жүрді,
Келеді көктей өтіп қызыл құмды,
Шөлейтте көлігі оліп, қалды жаяу,
Ит пұшық өлер жерін жаңа білді.

Бұлғары шаһары ол қайда екен
Қандай жан ол шаһарда қылған мекен
Сезбейді еш хабарын жолаушылар
Білмеген елді адам іздей ме екен.

Сүм пұшық арам айла қарастырып
Баланы кетпекші де адастырып
Әйтеуір ебін тауып өлтірмекші
Шөлдетіп, не болмаса, мүлде аш қылып.

Көп жүрді жанды қинап кара құмда
Құс ұшпас, құлан өтпес, жалаң қырда
Күн, құм, ай, жұлдыз ғана серіктері
Шалынбас кездеріне жан ырымға.

Келеді аяқтарын әрең басып
Шөлікпен таңдай қатып қарны ашып
Жапанда кездесті бір адам басы
Қу бастан қорқып құм да кеткен қашып.

Кесер бас жатыр тілсіз, қаусап жағы
Ұяға қона берді күн шапағы
Шаршаған екі жаяу басты көріп
Таңдады осы жерде қоналқаны.

Қонақты құм жастаған басты ұйқы
Дарияға, қонақ деуге жоқ та сиқы
Ыбырайым қолтақпақтай өңсіз бала
Пұшықта бүкірейген бір шал күйкі.

Түсіне Ыбырайымның кірді қу бас
Алдында жас жігіт боп тұрды қу бас
Ыбырайым сәлем беріп қарап тұрса
Жалғанда бұдан сұлу адам тумас.

Мінгені ақ арғымақ, керім тұлпар
Белінде екі жүзді көк зүлфікар
Кигені темір қалқан, болат сауыт
Қаһары тауды бұзып, тасты қырқар.

Сәлем ап Ыбырайым түсті аттан
Ақ жүзі ағасындай күлім қаққан
Демесең жапандағы жалғыз жігіт
Лебі бар махаббаттың отын жаққан.

Жетелеп оң қолымен Ыбыраймды
Сыр айтып ең далада ұзақ жүрді
Өзі кім? Сапары не? Мақсаты не?
Ақтарды, бұлақтайғып арман, мұңды.

Көк тұлпар құмды тарпып пысқырғанда
Нұр шашып келіп қалған жазғы таңда
Оянса түсі екен Ыбырайымның
Ұқсады ол, жігіттен айырылғанда.

Бас жатты “әлгі жігіт – мен” дегендей
Бас емес бейне адам олмегендей
Жаңағы жігіт әлі көз алдында
Жан сыры бетпақ бойын өрлегендей.

Құрметтен батыр бала сол қу басты
Жанғой деп көрген бұ да өмірді ашы.
Қанжармен “қазақ” деген белгі салып
Қазандай әкеп қойды белгі тасты.

Кебін ғып басқа орады орамалын
Қадады құламастай пайза сабын
Жан жүрсе, алыс жерден көрінуге
Біреуін байлап кетті дағаранын.

Жігіт кім? Сапары не? Арманы не?
Одағы ұзақ дастан мол әңгіме
Жолына Ыбыраймды жөнелтелік
“Оқушым, неге бөген кеттің?” деме.

Күн ыстық әуе айналып, жерге түскен
Жол да жоқ, сұм пұшықта әрі күш кем
Ыбырайым арқалады “өледі-ау” деп
Ол пұшық сұсында да артық ішкен.

Бір шаһар көзге ілекті әлде қайда
Шаһар ма, әлде көкте тұған ай ма
Әйтеуір бұлдырайды көз ұшында,
Бермекші бара қалса қандай пайда.

Шаһарға жакындады мал көрінді
Мал бакқан желмаямен шал көрінді
Қарт малшы қарсы шығып амандасты
Дей берді “бейшаралар, ал демінді”.

Малшыға “түйенді бер” – деді пұшық
Келейін анау жатқан суға түсіп
Шамам жоқ, әрі шөлдеп, жанып барам
Сілемді қатырды “алла” күні ысып.

“Барагой” деп шал байгүс түйе берді
Сауабын алмақшы боп оған сенді
Қу пұшық желмаямен желіп барып
Жайқалған жапырақты қамысқа енді.

Кешікті желмаямен кеткен пұшық
Ол пұшық сол кеткеннен қашты-ұшып
Сан соғып екеуі де қала берді
Кеш болды, отыра ма оны күтіп.

Ыбырайым жөнін айтты қарияға:
-Алтын су іздеп шықтым жазыраға
Бұлғары су деген бар жер үстінде
Көргенің, естігенің, сірә бар ма?

Мен келдім жүз он жасқа, балам тыңда
Ондай су естігем жоқ, жер-жиһанда
Дүниенің аралдарын араладым
Алтын су кездескен жоқ еш бір жанға.

Ендеше жүгір балам, теңізге бар
Кеме түр алты айшылық жолға шығар
Міндағы сол кемеге теңізден от
Баласын тынғылықты, сөзімді ұғар.

Ей балам, саған берер кеңесім сол:
Алдында екі шаһар, екі үлкен жол
Жолменен жүре берсен алтын тау бар
Мұратқа тау ішінде жетеді қол.

Сол таудың арасында алтын шаһар,
Шаһарды билеп тұрған патша қыз бар
Айнадай айналасы кырық кез қорған
Алтын су мүмкін балам сонда шығар.

Тыңдады Ыбырайым шалдың сөзін
Бекітті қиын жолға бала өзін
Қырандай қияға ұшқан зымырап кеп
Кемеге отырды ер, сол жас өрім.

Теңізден өтті бала алты ай жүріп
Денесін шынықтырды суға жүзіп
Алдында екі шаһар алтын тау бар
Арасы әрқайсысының жүз күншілдік.

Ай санап, күнге қарап аман өтті
Жол бойы қауып, қатер бейнет шекті
Қорганып, азулы аңнан, жауыз құстан
Қорғанға кырық кез биік келіп жетті.

Жел құйын көтермеске қорған биік
Амалдап ағаштарды жалғап ніп
Шықты әрен тас қорғанның төбесіне
Сияқты жаңа ұшқан бала ақ иық.

Секіріп Ыбырайым түсті ішке
Сенеді ол, бойындағы ақыл-күшке
Жолменен жалғыз аяқ келе жатыр
Деп қарап: “бұл көргенім өң бе, түс пе?”

Көрінді желкілдеген күміс құрак
Астында ағып жатыр алтын бұлақ
“Бұлғары су – дегені осы екен” деп
Кетпеді қуанғаннан аз-ақ құлап.

Шомылды алтын суға батыр бала
Еншідей бір өзіне тиген дара
Көзіне осы сәтте елестеді
“Қазығұрт” сағынышты ата-ана.

Сол кезде арғы жақтан келді бір қыз
Қолында алтын құман, бейне жұлдыз
Бұралып тал шыбықтай бойы жеткен
Сызылып тұра қалды үнсіз, тілсіз.

Қатып тұр, көзін қадап бейтанысқа,
Дегендей жын ба, адам ба, әлде құс па.
-Әу, жігіт, - деді ақырып жөніңді айтшы
Бұлғары суды аттап бері шық та.

Жас батыр жөнін айтты бөтен қызға
Жол сырын бүгетін ұл, тегі бұл ма?
Осындай ер жүректі болса жастар
Емес пе болуы анық елге тұлға.

Ұл айтты: затым қазақ ерлік қуған
Мекенім “Қазығұрт” тауы бабам туған
Көлеке, Қамқа атты ата-анам бар
Баламын зіл патшаға қызмет қылған.

Ұстадым екі бірдей алтын балық
Патшаға мен силадым алып барып.
Алтын су сол балыққа іздеп келдім
Зәру су – мына бұлақ жатқан ағып.

Қыз айтты: мұнда адамзат келмеуші еді
Су түгіл шаһарды да көрмеуші еді
Қарағым, өзін үйде жүрген шақта
Қарт анаң, Көлеке атаң не деуші еді?

-Шыққалы мен үйімнен үш жыл болды
Көрмедім содан бері жақсы жолды.
Ата, анам не айтқанын білмек түгіл
Құлазып жел, құм, сорып жүзім солды.

- Шырағым әр сөзіне болдым құмар
Естісем бір жақсы сөз көңлім тышар
Қаншама арып-ашып келсеңдағы
Бір сөзі көкейінде жүрген шығар...

- Ол ырас, көкейімде бір сөзі бар
Баланы келес қылса, көрші құлдар
“Құлыным жүзінді бір көрмедім” деп
Ата, анам жасын төгіп еңреген зар.

Мұны естіп қыз көзінен төкті жасын
Бала аң-таң сұлу қыздың сүйеп басын
Қарағым бауырым деп құшақ жайып
Орады мойнына қара шашын.

- Дариға! ата, анам туған жерім
Соларды ойлауменен еңіредім
Келгелі бұл шаһарға он жыл өтті
Өмірдің нұрлы таңын бір көрмедім.

Қызы мен Көлекенің атым Қамар
Күн бар ма, ол жұртымды маған табар
Перілер мені ұрлап алып келген
Жүрегім ойлағанда от боп жанар.

Аман ба? Әке, шешем, туған елім
Аман ба қарт “Қазығұрт” туған жерім
Келдің бе бұл қамалға көкпен ұшып
Үш жаста қалып қойған інім менін.

-Бәрі аман! әке-шешен қымбат ел де,
Елге жүр, бұдан былай маған ер де.
Жат елде жан сақтауда қасиет жоқ
Баралық қайта айналып туған жерге.

-Бауырым, демінді ал үйіме жүр,
Өскенше ақыл, бойың қолымда тұр.
Перілер сезіп қалса өлтіреді
Еш жанға сезілмесін біздегі сыр.

-Суды алып тайып тұрсақ, көреді кім?
Салуға бойды аулаққа жетпей ме түн.
Жеткенше көк теңізге болсын азық,
Егерде туыс болсаң, маған сен шын.

-Тайсақ та пері бізді құтқармайды
Сүзеді аспандағы күн мен айды
Кетерміз бір дос тауып пері мініп
Қалмаспыз пері ішінде басы-байлы.

Бәрі қыз тұратын жан бұл шаһарда
Бауырым ең әуелі осыны аңда
Тұруға ер адамға ұлықсат жоқ
Қол қойған қыз перілер осы заңға.

Осындай теріс екен пері діні
Адамға жазбағанды “күдай” мұны
Мол алып алтын суды пері қызбен
Кетерміз жыл құсымен келер жылы.

-Егерде ерді өлтірер болса пері
Сактайсың қай орынға тәте мені?
Сезілсем сүйегімді күл етпей ме?
Қоя ма масайратып тірі сені.

Қарағым сені қыздай киіндірем
Жібекпен көйлегіңе кесте тігем
“Елімнен ала келген қызым ед” деп
Астыңа тосап қоям қызыл кілем.

Елінен айрылғаннан күш кетеді
Арманда өту – бармақ тістеді.
Перілер сені ұрлап әкелгенде,
Адамның қызы саған не істеді.

Ырас-ау елсіз жаннан күш кетеді
Арманда жүру – бармақ тістетеді.
Перілер мені ұрлап әкелгелі,
Патшаға тәтті тамақ істетеді.

Қыз патша менен жейді тәтті тамақ
Беремін мейрамдарда арақ-шарап.
Бағынам бұйрығына амалым не
Қоямын жұма сайын басын тарап.

Інісін алып келді бөлмесіне
Ыбырайым амалсыздан көнбесін бе?
Күнін қызға ұқсап бастан-аяқ
Кім кепіл пері сезіп білмесіне.

Бар еді Қамардың да бір дос қызы
Пері де болса, көркем оның жүзі.
Сол еді Қамарды ұрлап әкелуші
Жер түгіл оған таныс, көк жұлдызы.

Әйгілі Шолақ пері аталатын
Біледі адам, пері бар қаласын
Күніне жүз құбылып он өзгеріп
Аң, күс боп, шаш ал десе, бас алатын.

Ұзақ ай Қамарменен бірге тұрған
Жалғанда пері өтпейді одан жылдам.
Жалғыз-ақ патшасымен жаны қарсы
“Заңым!” деп ер біткенді түгел қырған.

Сездірді Ыбырайымды соған ғана
“Қыз емес – деді оған – бұл ер бала”
Зіл патша өмірімен мұнда келген
Елімде тосып отыр ата, ана.

Жамандық ойдан аулақ Шолақ пері
“Көрінбей жүре берсін қонақ” – деді
Бізге де бір керегі болар мұның
Алыста тұрсадағы адам елі.

Бір күні еппен келіп Шолақ пері
Қамарға: - деді – достым, сездің нені?
У беріп қыз патшаны өлтірелік
Шаһардың бірдей өссін қыз бен ері.

Шолақ ау күнді өткіздік ойнай-күле
Мұндай сөз сездірмедің бірге жүре
У беріп өлтіргенде қапылыста
Білдірші патша қыздың жазасы не?

Жойсак біз қыз патшаның көзін жылдам
Жазасы ұзақ жылдар ерді қырған
Адамнан алдырамыз елге тұқым
Ініндей ержүректі, талапты ұлдан.

Шолақ жан бұл сырынды кім біледі
Қастандық пәнде жапын бүлдіреді
Өлтірсең қыз патшаны күні бүгін
Уәзірі оның заңын жүргізеді.

- Жок! Қамар қырық уәзірі маған серік
Бұл сырды мықтап түйдік дұрыс көріп
Тамақты әзірлеуші сен болған соң
Әдейі айтып тұрмын саған сеніп.

Қарадық қасыменен қабағына
Перілер өсіп өніп тарады ма?
Өмірге қарсы болған патша қыздың
Тамақ пен у салайық табағына.

-Шолақ-ау шыда, деді Қамар тұрып
Емес қой жанды өлтіру жақсы қылық
Ақылмен патшаныңды көндіріңіз
Шығарсын – ерді өлтірмес жаңа тұрып.

Өмірі болашағын ұқса патша
Әуелі ерге өзі шыкса патша
Ініңіз оған күйеу болар ма екен?
Бұрылар басқа жол жоқ бұдан басқа.

- Жасаған! Ыбырайымды қалай көрмек
Шошырмын алмас қылыш жерге сермен
Бауырым ұнатсаңдар өздерің айт
“Бір адам келді ғажап, сізге тең” деп.

- Білдірмей Ыбырайым ас даярласын
Қозғалық осы ақылмен істің басын
Ер ісін сездіреді дәмді тамақ
Барамыз бәрімізде шақырған соң.

Биһабар бұл жұмыстан Ыбырайым
Үйренді ол ас пісіру барлық жәйін
Бір күні тәтесі үйде болмағанда
Патшаның ішер асын қылды дайын.

Тәтесі келіп көрді патша асын
Жасапты балдай тәтті сыбағасын
Күндегі тамағынан дәмді, таза,
Қуанып алып барды ұнаған соң.

Қыз патша асты искеді, сезді нені?
Томсарып аз отырды үндемеді
Қылышын қолына алып бір уақытта
“Мына асты кім даярлап берді” – деді.

Шығып тұр ердің исі ас маңында
Адамдар ерге шығад дер шағында
Басыңды кеспей тұрып расыңды айт
Балаң ба, қасындағы жап-жарың ба?

-Таксырай балам да жоқ, жарым да емес
Жар, бала мен тұтқынға қайдан теңдес
Елімнен мені іздеп інім келген
Ол – батыр, пері қыздан өлем демес.

-Ақымақ екен інің – деді патша
Бағынар мына қылыш басын шапса
Бар жылдам сол ініңді мұнда алып кел
Елімді аздырады ұзақ жатса.

Жүгіріп келді үйіне Қамар жылап,
Інісін өлтірер деп жасын бұлап
Тылсыммен Шолакқа да берді хабар
Қапыда кетпеуіне жарға құлап.

Ыбырайым киіп алған қыз киімін
Патша алды ер жігітке емес киын
Саспады тәтесімен келді аяндап
Дегендей корейінші қыздың сиын.

Жалында жас жігітті көрді патша
Көтеріп қанды қылыш келді патша
Қылышын Ыбырайым алды жұлып
Басқанша жалғыз қадам жерді патша.

Тағына патша барып құлап түсті
“Жоқ екен адамзаттан басқа күшті
Басымды қазір шауып тастай ма деп
Жүрегі дүрсіл қағып зәресі үшты.

Ыбырайым сылқ-сылқ күлді қыз патшаға
“Басымды кессең патша, қылышың мә”
Ер жігіт қорықпайды, қорқытады
Ылайық па қаңға шөлкеу ару қызға.

Ес жиып сыйқырсыған қызда күлді
Ақырын шертіп қалды бір тал гүлді
Сол кезде жетіп келді Шолак пері
“Зынданға сал!” деп оған бұйрық қылды.

Адамды тез апарып зынданға сал
Бұл адам әрі өмір, әрі ажал
Пері емес, күс та емес ұшатұғын
Болмады бұған тоте бізді қамал.

-Я патшам! – деді күліп Ыбырайым
Білесіз жасағанның күн мен айын
Күн менен ай болмаса өмір бар ма?
Тірлік жоқ қараңғылық болса дәйім.

Ерлі күн, қызды айға бағалаймын
Жақсы өмір осылар деп шамалаймын
Жалғанда ұл мен қыз бірдей өссін
Бірінғай қызды өмірге санамаймын.

Әзілдік – ортақ адам, періге де
Тек қана аң шындыққа беріле ме
“Бір тосу аққан суға” ойлан патша
Ер қаны судай текке тогіле ме?

Оллаһи бөгет емес маған зындан
Біз – адам зындан тұрсын, тауды бұзған
Ерлерді мен сияқты өсірмесем
Құрисын, кепке ұзамай қыз антұрған.

Жігіттің сөзі батты қыз жанына
Сүйсінді кірпік қақпай тұрғанына
Қаскиған қарсы алдында адамзаттың
Қонбеді қанды қылыш ырғағына.

Ойланып тағында отырды қыз
Жігітке қадалды көз, құбылды жүз
Ер деген сөз жалын боп жабысты оған
Болса да ер атаулы бұрын көк мүз.

Денесін билеп кетті ыстық үміт
Елестеп ер мен жігіт қатар тұрып.
Адамға ақыл ойы құлады оның
Бетінде махаббаттың қаны жүзіп.

-Сөз тыңда – деді – патша, Шолақ пері
Айкаста жеңді мына адам, мені
Босатып өз еліне бұдан былай
Қоямын күзетшіге Шолақ сені.

Ұлықсат, тәтесімен тұрсын бірге
Оңаша бір үй бер де, толтыр гүлге
Қонғандай көкейіме адам сөзі
Шабуыл жасау керек ескі дінге.

Жас жігіт “рахмет!” деп берді қолын
Лактырып жүрегіне көздің шоғын
“Батырым, кел қасыма қонақасы іш!”
Патша қыз оң жағынан ұсынды орын.

Жігіттің қызға тиді отты лебі
Сүйсінді Қамар менен Шолақ пері
Өмірдің жана тойы басталғандай
Төртеуі дастарқаннан тәтті ас жеді.

Тарады үйлеріне таркады ашу
Талапты жасқа жоқ қой мойып жасу
Туысқан тәтесінде тұра берді
Тетігі қолда, оңай ауылға асу.

Патша қыз жатқандай ол қоламтада
Па шіркіні күйдірген от оңалта ма
Күбірлеп “күдайышап” сұрағандай
Жігітті бездіре ме, оралта ма.

Ғашықтық отын сезген, Шолақ келіп
Патшаға бір түн бойы болды серік
Сыр тартты Ыбырайымды мақтай сөйлеп
Дегендей ерді таңдау – сіздегі ерік.

-Шолақ-ау – деді патша – айтшы анығын
Барады күйіп-жанып жан тамырым
Сүйеме Ыбырайым пері қызын
Ол сүйсе, мен сүйемін, мен – жарымым.

-Сүйеді патша сені – деді Шолақ
Ол бізге бақыт үшін келген қонақ.
Некенді қидырудың камын ойлап
Түйіні махаббаттың патшам сол-ақ.

Ендеше Шолақ пері молдаға үш
Өзіндей тез ұша алмас, пері мен күс
Мешітке азан айта шақыр молда
Аркалап сарайыма алып кеп түс.

Қутындап Шолақ пері кетті пысып
Суылдап көкті жарып, бұлтты құшып
“Алласын” анда “акбарын” мұнда айтқызып
Молдасын алып келді желдей ұшып.

Ерлердің қанын төккен ұзақ жылға
Ескі әдет доғарылды енді мұнда
Ермен қыз өсіп өніп ел болғандай
Еріктің туын берді Ыбырайымға.

Ыбырайым сағыныпты туған елін
“Қазығұрт” ата, ана қымбат жерін
Жас батыр, жүйрік Шолақ ерлеп көкті
Жөнелді Қамар менен пері келін.

Үл мен қыз мініп аспанға ұшты
Пері зат ұзаққа ұшқан неткен күшті
Бір көлдің алтын суы аркасында
“Қазығұрт” қолтығына келіп түсті.

Қуанып шықты алдынан ата, ана
Қосылды “өлді” деген қыз бен бата
Үн косты зарлы жанға жамырыған
“Қазығұрт” ұшан дария, бетпак дала.

Алтын су симай патша сарайына
Жайылды гүл бакшалы маңайына
Жарқылдап алтын балық жүрді жүзіп
Бұл аңыз жайылды елдің талайына.

Тарады құрмет даңқы барлық жанға
Патшаның ерді ұнатпас орны бар ма?
Жігітті бас уәзірге таңдап қойып
Үй мен мал сұлық берді кемпір, шалға.

Қу пұшық – опасыз жан кеткен қашып
Жолдасқа қастық қылған зұлым жасық
Ұстап ап Шолақ пері “Сыбаған” деп
Танауынан бәйтерекке қойды асып.

Осылай Ыбырайым ерлік етті
Аралап тамашалап жер мен көкті
Кешікпей патшаны тақтан қуып
Ыбырайым, елді өзі билеп кетті.

Ашылды ерлік іспен ердің бағы
Той қылды адам пері екі жағы
Есімнен өмірімде қалар емес
Тойғаным осы тойда меніңдағы.

1956 жыл



АҚЫЛДЫ ҚЫЗ

(аңыз)

Бұл қазақ баяғыдан бері қазақ
Үлкен үй, отау-ауыл елі қазақ.
Сарыарқа, Жетісу мен Сырдария,
Ақжайық даласының дені қазақ.

Бұл қазақ көпті көрген кәрі қазақ,
Түйемен көшкен ауыл бәрі қазақ.
Хан, сұлтан, патша билеп тұрған кезде
Қазақтың көргенінің көбі де азап.

Бұл қазақ о заманнан батыр қазақ
Қобызды, домбыралы ақын қазақ.
Анасы көп қазақтың – ардақты әйел
Шежіресін ұрпағының отыр карап...

Санаған үш әйелді бір еркекке,
Алдауыш шариғатқа жүре ме өкпе.
Ғасырлар қалың малдың күні болған
Әйелді ардақтамау ақынға еп пе?

Қырандай болашақты болжайды ақын,
Еске алып өткен күнді толғайды ақын.
Абақты болған қазақ баласына,
Қайрусыз зар заманын қарғайды ақын.

Атанған даңқы зор ел – Қазақстан
Бұл кезде дауылпаздай аспапта ұшқан.
Ғасырлық тарихына қараса елім,
Болыпты-ау хан бишігі қызға дұшпан.

Ол заман бүгінгідей аяды ма,
Адам деп әйелдерді санады ма?
Әжемдер бас қосқанда айтатұғын
Бар еді бір ертегі баяғыда...

Қорлаған хан заманы анамызды,
Зорлаған хан заманы бабамызды,
Жырладым көне заман шежіресін
Өлшеуге ескі жаңа арамызды.

Қайырымды қарт анамның қазынасы,
Секілді өзінің дәл аппақ шашы,
Айтайын елдің өткен оқиғасын,
Оқушым түзер, болса بازیнасы.

Жинаған әңгіме көп ойында ана,
Өткен күн ұршығындай қолында ана.
Сөйлегі көргеніңнен ұрпағыңа,
Қазақтың бақыт шашқан тойында, ана.

-Халықтың хикаялы ертегісі.
Сияқты ой-қиялдың ерке құсы.
Жүреді бірден-бірге ұшып-қопып,
Тыңдайды құмарлана елдің іші.

Болыпты бір жауыз хан Қара тауда,
Бастаған жасауылын зорлық-дауға.
Аты Аю, арын малға айырбастап,
Мал үшін құрбан еткен елді жауға.

Бар екен он екі әйел Аю ханда,
Көп әйел алу дәстүр сол заманда.
“Мың ділдә беремін” деп жар салыпты,
Үш ауыз жұмбағымды шешкен жанға.

Егерде әйел шешсе бұл жұмбақты,
Аю хан жақсы жанды тағы алмақшы.
Ұл тапса, он үшінші ханышасы,
Оң жаққа отау тікпек салтанатты.

Сондағы аю ханның үш жұмбағы,
“Не нәрсе тәтті ішінде тәтті тағы?
Не нәрсе қатты ішінде өте қатты?
Не нәрсе ауырдың ең ауырырағы?”

Мың ділдә, шешкен жанға берем алтын,
Қатыссын, қапы қалмай жалпы халқым.
Кімде-кім табамын деп таба алмаса,
Дарға асып, көрсетемін ханның салтын”.

Жұмбақты естіген жан салды сынға,
Хан сөзі өтірік пе, әлде шын ба...
Ұмытты кейбір жылпос дар ағашын,
Қулардың қызыққаны бір мың ділдә.

Тәттіде бар ма сірә балдан тәтті,
Қаттыда, жоқ дүнісде, тастан қатты.
Ауырда темір менен шойын ауыр,
Деп әркім өздерінше жорып жатты.

Талайдың “таппадың” деп басын алды,
Талайды дар ағашқа асып салды.
Қан сасып хан ордасы жатты солай,
Халықтың үрейі ұшып, қалтырады.

Ойнаған сағымменен хан ордасы,
Би-батыр, хан қасында жар жолдасы.
Ордадан қашық емес жарлы ауыл бар,
Қырынды қырық шанырақ шаруасы.

Қырық үйден сол жиынға бір шал барды,
Сакалын сипап, сөзге құлақ салды.
Үш түрлі жұмбақ жайын о да есітіп,
Көрді де дар ағашын аң-таң қалды.

“Қауға шал” деп атаған елі оны,
Түспеген иығынан жыртық тоны.
Бар малы: шолақ есек, тұкыл ешкі,
Төрт қанат қара лашық жатар орны.

Үйіне шал айналып келді кешке,
Үш ауыз хан жұмбағын сақтап еске.
Деді шал “Ханға-дағы зауал келер,
Жазықсыз адамдардың қанын төксе”.

Бар еді өлгі шалдың жалғыз қызы,
Жайнаған жазғы күндей нұрлы жүзі.
Бұрылып әкесіне сұрақ қойды,
Шалынып құлағына шалдың сөзі.

-Әке, сен таңырқайсың әлдепеге,
Тұрғандай бір ғажап іс көңілінде.
Айтсаңшы, жаңа хабар естіп келсең,
Көрдің бе көрмегенді өмірінде?

Бұл сөзге шал ойланып жауап берді:
-Қарағым, бір сұмдықты көзім көрді.
Аю хан жұмбақ айтып, жүртты жиып,
Бассалып таппағанын өлтіреді.

Қарағым, хан ерігіп айтқан жұмбақ,
Жұмбағын “мың ділдә” деп қойған күндап.
“Тәтті”, “қатты”, “ауырдың” сырын тап деп
Халықтың ой-санасын жатыр шырмап.

Осыны шешкен адам алтып алад,
Шешем деп, шеше алмаған ажал табад.
Секілді ханның алды қазулы көр,
Оңады қайда барып сорлы қазақ.

Қыз естіп бұл хабарды қалды ойлап,
От шашты қара көзі, жүзі жайнап,
Күлімдеп әкесіне келді жакын,
Шаш бауын қос бұрымның сәндеп байлап.

Қыз айтты: “Бұл жұмбақтың шешуі оңай
Хан тілін ділмарсыған кесу оңай.
Бар-дағы – мен шешем, - деп хабарлаңыз
Сондағы айтатұғын жауап былай:

-Ең тәтті – дүниеде сүйген жарың,
Ең қатты – жоқшылықтың тартқан зарын.
Ең ауыр - өз аузыңнан берген уәде,
Мойнымда таба алмасам әке қаның.

-Жалғызым, жай отырсақ жақсы болар,
Әкенің сөзіне кім құлақ кояр...
Өлгенше дарға асылып, жай өлейін,
Шықса егер сөзден шашау көзімді ояр.

-Әкежан, тілімді ал, қорықпаңыз,
Өмірден үмітті бол, торықпаңыз.
Жазықсыз жаныңды алса, халқың көрер,
Бізден де болашаққа қалсын аңыз.

Әкесін сүйрегендей салды жолға,
Шал байғұс екі аяғын басты зорға.
Ауылдан қызы қарап қала берді,
Көрінді аздан кейін алтын орда.

Шал барып мәлімдеді залым ханға,
Жұмбақтың бар шешуі әзір шалда.
“Таппасаң басыңды алам, сорлы шал” деп,
Қылышын жалақтатып отырды ол да.

-Кел, ей шал, сөйле,-деді хан зекіріп,
Төбеттей қанға тойған түр кекіріп.
Шошыған көк бөріден қозыдай боп,
Сөйледі “хан тақсырлап” шал өтініп.

-Тәттінің ең тәттісі – сүйген жарың,
Қатты сол – жоқшылықтың тартсаң зарын.
Ауырдың ең ауыры – берген уәде.
Тапқаным менің ойлап осы, ханым.

-Шал, таптың, - деп таңырқап хан да күлді,
Сенбеді сезіктене қарап тұрды.

-Сикын жоқ жұмбақ шешер, айт шыныңды, -
Деді ол ақтармаққа ішкі сырды.

Жендеттер жан-жағынан көк найзалы,
Ақырып, шал үрейін хан да алды.
Қылышты жалақтатып жасауылдар,
“Шыныңды айт” деп арсылдап өлек салды.

Деген соң “басынды алам” шал қысылды,
Дірілдеп жасын төгіп жан ұшырды.
“Үйдегі жалғыз қызым айтып ед” деп,
Ақтарды қорқақ сорлы барлық сырды.

Айтқызды барлық шынын шалды қысып,
Жіберді “қызды әкел” деп нөкер қосып.
Аяулы Айша қызды алып келді,
Шал сорлы “аһ” ұрады зәресі ұшып.

Хан көрді, келген қызға мойын бұрды,
Танданды туған жан деп қандай нұрлы.
Алма бет, ақша маңдай, бота көзді,
Үксатты келбетіне раушан гүлді.

Сабырлы, жүзі жарқын атқан тандай,
Аузынан шыққан сөзі тамған балдай.
Хан отыр қызды көріп, есі шығып,
Ыржандап қарай беред жынданғандай.

Кәрі хан сыланады мұртын сипап,
Қуанды орнады деп әйелден бақ.
Күнініп ордасына отыр сыймай,
Жарқырап басында тәж, астында тақ.

Қараса мұздан суық ала көзі,
Дөрекі түрпідей нақ айтқан сөзі.
Тер сасып шүйде желке, семіз беті,
Қабандай кара төбел ханның өзі.

Қолында темір таяқ, белде қылыш,
Еңтігіп екі нықтан алар тыныс.
Секілді кеудесі мұз, жүрегі тас,
Демес ол, еш адамның ісі дұрыс.

Бір кезде хан күрсініп алды демін,
Жүрегі дүрсілдейді алмай тыным.
Сақалын сапсаңдатып қызға келді,
Айтпақ боп көңіліндегі барлық мұңын.

-Сұлу қыз, тақиялы, кос бұрымды,
Өзіме айт, басқа емес, бар сырынды.
Қатты мен тәтті, ауырды қалай білдің?
Ақтаршы ыриясыз бар шыпынды?

Жалтақтап, жарамсақ боп ықпа менен,
Аяйтын мал-басым жоқ, қалқам, сенен.
Шыныңды айт, көргеннен-ақ шып берілдім,
Мен сенем, бола қоймас жүзім төмен...

-Хан тақсыр, катем болса кешір мені,
Сізбенеп айтысудың келмес жөні.
“Көрдiк деп қартайғанда жалғыз бала”
Ата – анам жақсы көрдi жандай мені.

Екеуі аялады, әлпештеді,
Жатқанда ортасына алды мені.
Таңертең ірге жақтан оянушы ем,
Келсе де құшақтаудың маған жөні.

Көрседі қандай жақсы жаныменен,
Болмайды жардан тәтті бала деген.
Осы ой көкірегіме қалған бекіп,
Кешіңіз, тақсыр, ката болса менен.

Ең қатты дүниеде – жоқтық шіркін,
Әкемнің жақын досы келді бір күн.
Беруге сол досына ас таппады,
Бар болса, кимақшы еді, мал мен мүлкін.

Жоқтықтың қатты екенін білдім содан,
Әр адам “бар болам” деп қинайды жан.
“Жоққа жүйрік жетпейді” дейді халық,
Жалған десең өзің айт, шындығын, хан?

Дүниеде ең ауыр зат берген уағда,
Мал ара тұра алмайды ұят-арға.
Тақсыр-ау, жұмбағыңды шешкен болсам,
Жараспас екі сөйлеу сіздей ханға...

Егерде “шешілген жоқ” десең, тақсыр,
Амал жоқ, анау дарға мені тапсыр.
Әкемнің жазығы жоқ жан беретін,
Жазаның ең ауырын маған жапсыр.

“Тіліңді тәңір кессін” дегенде хан,
Шу етті қызды қоршап тұрған көп жан.
Осының бір сұмдығы болады-ау деп
Кенеттен кетті қорқып жас балдырған.

Жас қызға ақылы мол жұрт таң қалды,
“Алтынды қыз алар” деп кете барды.
Кірді де ордасына хан зекіріп,
Алдырды дедектетіп байғұс шалды.

Хан сонда сөз сөйледі шалға қарап,
Сақалын саусағымен баптап тарап.
Сұрланып қанын ішке тартып апты,
Шал отыр бір минутын жылға санап.

- Қауға шал, қызыңды бер маған деді,
Айдатам қалың малды саған деді.
Өзінді бір тайпа елге би ғып қоям,
Болады өмірінде су мен жері.

Шал отыр амалсыздан ханға көніп,
Бұршақ жас сақалынан ақты өріп.
Таксырдан басқа сөзге тілі келмей,
Кұшақтап хан аяғын жатты шөгіп.

-Хан таксыр, ақылдасып келейінші,
Қызым не ұйғарады білейінші.
“Тимеймін” десе менде зорлар хал жоқ,
Бала үшін жанымды мен берейінші.

Жіберді бір сағатқа ерік беріп.
Жылады сорлы әке қызын көріп.
-Хан сені қалап отыр, жан жүрегім,
Бармасаң өлімге өзім тұрмын көніп.

Еңіреді шерлі әке қызын құшып,
Қыз да отыр бұл сұмдықтан үрейі ұшып.
Түскенше хан торына пепде болып,
Онан да өлмеймін бе суға түсіп.

Сол кезде ақ шашты ана қарғап ханды,
Дертінен жалғызының күйіп-жанды.
Жас-көрі бауырымдап қыз соңынан
Шұбырып шал үйіне бәрі барды.

Қыз айтты: «ханға бар да беремін» де,
Не десең бұйрығыңа көнемін де.
Бірақ та шарт қағазға мөрінді бас,
Қыз көнбесе, қолыңнан өлемін де.

-Қырық үйіміз, балық қақтап, су сақтаған,
Көргені ылғи бейнет, күні қараң.
Қырық үйге қырық арба ас, мүлік берсін
Тойынсын ауыл-аймақ, атам, анам.

Қырық үйге қырық кигіз үй және берсін,
Мәз болып, бар жақылым қызық көрсін.
Аң да көп, аңшы да Аю ханда,
Ішінен таңдап маған аң да берсін.

Шын сүйсе ханзада соған көнсін,
Қалың малға: он сегіз козы берсін.
Жиырма көк қылшықты бөрі менен
Отыз жолбарыс, қырық арыстан, елу түлкі келсін.

Алпыс арқан, әкелсін жетпіс шідер,
Сексен пұт қаны кепкен жүрек берер.
Тоқсан пұт қу сүйек пен бір кемпір-шал,
Оларды хан-ханшадай киіндірер.

Некемді мұңсыз жапға қидырамын,
Хан алса осы шартпен ризамын.
Бұл шартты орындамас болса сгер,
Хан көрмес “сүйдім” деген қыз дидарын.

Қауға шал қалбаң-құлбаң жетті ханға,
Хан естіп қыздың сөзін қуанғанда.
Қыз сұраған дүниені тез жина деп,
Тапсырды бұйрықпенен барлық жанға.

Қуанды қыз сөзіне есуас хан,
Тереңге бара ала ма ондай надан.
Аттанды аңшылары аңдарды іздеп,
Мәз болған ханның ойы “жас қыз алам”.

Жіберді қыз шартына мөріп басып,
Қазнаны шашып жатыр, аузын ашып.
Бір жерде атағы зор мұңсыз би бар,
Дегенге жүрмек болды белден асып.

Сол биге қидырмақ ол некелерін,
Шақырды қызбен бірге кедей елін,
Қамдатып жол жабдығын уәзірлерге,
Кешікпей жүрмек болып буды бслін.

Қырық үйі, қырық түйе жүк мүлік алды,
Ақырып, айбат шегіп аң да барды.
“Ақылы бір әйелдің қырық түйеге –
жүк бопты” деген мақал содан қалды.

Жүк артып, алтын күміс жүріп кетті,
Талай бір асулардан өрлей өтті.
Жол шыққан хан нөкері кобыз тартып,
Жол бойы “Боз інгенді” безілдетті.

Қыз келед ақ желеңін желпи тастап,
Хан келед керуеннің алдын бастап.
Қояды ауық-ауық қызға қарап,
Сездірмей көз қиығын ұрлап тастап.

Еліне іздеген би жетті аман,
Қыз ойлар болады деп қандай заман.
Хан жазған “Бикешім” деп әзіл айтса,
Кісідей қиналар қыз пышақ салған.

Сол елге жолаушылар келіп қалды,
Аю хан мұңсыз биге кісі салды.
Босатып би сарайын салтанатты,
Құрметтеп қонақтарды қарсы алды.

Мұңсыз би ханға келіп сәлем берді,
Көрісіп екеуі де құшақ керді.
Хан келген шаруасын баян етіп,
Жасырмай бар сырларын айтып берді.

Сонда би мұртынан бір қойды күліп,
-Келіпсіз біздің үйге суыт жүріп,
Ұқпайсыз қыз сөзінде мағна бар,
Берейін қаласаңыз түсіндіріп.

Хан сонда елең етті биге қарап,
Би отыр Аю ханның алдын орап.
Қызды да осы араға шақырып ап,
Әр сөзін тексерісті талдап қарап.

Мұңсыз би ойға батып көп толғанды,
Астарлы қыз сөзіне назар салды.
Шешен қыз, шебер ойлы ақылымен,
Жат елге апқау ханды алып барды.

-Аю хан, қыз жеңіпті ақылынды,
Білмепсің ақыл айтқан жақынынды.
Жас қызды жар етпексің, ойлашы өзің,
Қайтесің үйдегі көп қатынынды?

Қалың мал қыз сұраған бәрі жұмбақ,
Берейін өзім шешіп, отыр тыңдап.
“Он сегіз қозысы оның” он сегіз жас,
“Он сегіз жас, хан, сенде қайдан болмақ?”

Жиырмада жігіт деген көк жал бөрі,
Отызда жолбарыстан кем бе түрі.
Қырық жаста арыстандай айбаттанып,
Елуде түлкідей нақ жүрген жері.

Алпыста сен бір атсың арқандаулы,
Жетпісте түскен шідер жібек баулы.
Сексенде қуат кеміп, тамыр кебер,
Токсаңда қу сүйегің кімге аяулы?

Безбені кәріліктің баса қалса,
Боянып жасарады адам қанша.
Мысалы: жай шал қисе ханның тәжін,
Айырма айтарлықтай бар ма сонша?

Некенді кидырмақсың мұңсыз жанға,
Мұңсыз жан жер үстінде сірә бар ма...
Танысаң сөз аңғарын ханкесі,
Мына мен, іздеп келген мұңсыз жан ба?

Жоқ шығар бұл жалғанда менен мұңды,
Өткіздім қайғыменен талай жылды.
Дарига, жанымды ұғар адамым жоқ,
Амалсыз бүгіп келем ішкі сырды.

Баламның ақылдысы өліп кетті,
Ақылсызы қоздырды қайғы-дертті.
Қайғыдан өлмейді адам, соны білдім,
Жас төкпей күңіренетін заман жетті.

Сырқат боп жатып алды сүйген жарым,
Өзіммен бірге ойлайтын елдің қамын.
Қайғым көп айта берсем, ханкесі,
“Мұңсыз” деп келген бидің іші жалын...

Сөзіме менің айтқан құлағың сал,
Мына қыз кинасаң да болмайды жар.
Басына бостандық бер әділ болсаң,
Орнына түспек емес шашылған мал.

Қыз саған лайық емес, сөзім тыңда,
Баланың қатары ғой, қара, шын ба?
Біреудің көз жасына қалма бекер,
Табылар өзіне тең жігіт қызға.

-Құп, ата, - деді де қыз тұра келді,
Әділдік бар екенін көзім көрді.
Қаламын осы елдің қойнында, - деп
Әдеппен тұрды да қыз жүре берді.

Ашулы оқты көзбен қызды атып,
Хан қалды басын төмен салбыратып.
“Құсы ұшып, тас қайрағы суға кеткен”
Кісідей тіл қатпастан қалды қатып.

Жігіттен Аю хапға келген еріп,
Табылды қалатын ер қызға серік.
Солардан өсіп-өнген бір тайпа ел
Бар ауыл сол бір шет ел өскен-өніп.

1960 жыл

ТОЙ ТОЛҒАУЫ

Ата-анам менің сұлу туған далам,
Тойыңды құттықтауға келдім саған.
Ақындық ақ жүрекпен махаббатты,
Қолыңды қысам қарттар ұл-қыз балам!

Солтүстік Қазақстан облысы,
Сияқты коктемдегі жылдың құсы.
Көп ұлттың өкіліне мекен болған,
Көтерген сол халықтың қуат-күші.

Құрметті менің өскен Қызылжарым,
Ақынның туысысың осы бәрің.
Алдына ақын ағаң тартты бүгін,
Алтып табақ ыдыспен жырдың балын.

Торкалы той үстінде есеп берсең,
Қырандай көкте қалқыр оймен енсем.
Дауылдай үш дәуірдің айғағы біз,
Тарихтың бетін бүгін ашып көрсең.

Біз көрдік феодалдық дәуір қағын,
Елімнің күң-құл болып ескен шағын.
Ақтоқты, Ақан сері, Біржан-Сара,
Шежіресі феодалдық замананың.

Біз көрдік капиталист ез дәуірін,
Патша ұлық қан жылатқан өз қауымын.
Ақшаға алтын-күміс қызыққаннан,
Сәудегер байлар сатқан қала, ауылын.

Үшінші дәуір осы гүлді өмірін,
Қаратқан күндей жайнап жердің жүзін,
Перзенті бұл дәуірдің тойшы халық,
Жұлдыздай осы жүрген ұл мен қызым.

Анамдай әлдилеген Қызылжарым,
Бауырында көк Есілдің жаққан шамың.
Хордағы әнші қыздар секілді боп,
Тарихты жырлады өзен күміс ағын.

Топырағы жандай қымбат туған жердің,
Сәлемін айта келдім қырдағы елдің.
Бауырлас осы отырған тойшыларым,
Жырымды, жүрегімді саған бердім.

Баяғы қарт бақшасы Қызылжардың,
Жасарған шапағындай алтын таңың.

Ордасы ән мен күйдің сурет нұрдың,
Сайраған бұлбұлы сен жастар балғын.

Ауылда, селолар да ұксап бұған,
Өмірге, еңбекке де жасап план.
Электр моторлардың арқасында,
Жол ашық десе егер көкке шығам.

Комбайн, тракторлар егін шапса,
Сол жұмбақ тұлпарларға жастар патша.
Қалайша жүрек жарып қуанбайсың,
Бүгінгі қалың егін төсін жапса.

Сұлудай балқып, толқып тұрғанда егін,
Оруға сыбағанды егінші елім.
Көмекке Қызылжарым барар ертең,
От білек қыз беп өсем жігіттерім.

Патшалық тамық заман әлі есімде,
Жүргемін жас шағымда ел көшінде.
Жар кешкен жалаң аяқ жалшы бала,
Аязда, борандарда жел өтінде.

Еске алсын қариялар өткен күнін,
Сарыарқа, қазақ халқы қандай бұрын?
Тарихтың бетіне жұрт салсын көзін,
Қарсы алғанда ұлы той елу жылын.

Көз көрген екі дүние бізге анық,
Жастарға өткен заман әлі таных.
Ұрпақтар таныссын деп кер заманмен,
Суретін ескі дүние жүрмін жазып.

Сарыарқа, Сарытеңіз ұлан байтақ,
Қазақтың кең даласын тұрсаң байқап.
Данышпан Абай ақын сол далада,
Жырымен падандықты өткен жайқап.

Горькийдің дауылпазы мені оятқан,
Ізімен Маяковский қалам тартқам.
Сол екі әдебиет батырлары,
Жырларын пулемет қып жауына атқан.

Солардың жүрегiнен шыққан сурет,
Революция дауылпазы ұшқан гулеп,
Дүниеде адамзаттар тұрса жасап,
Үндері мәңгі-бақи жасай бермек.

Абайдың, Ыбырайдың замандарын,
Мен-дағы көрдім, ұзақ абайладым.

Еске алсам көк Есілдің тасқынындай,
Денемді, жүрегімді билейді ағын.

Елу жылдан арғы өмір қалай өтті?
Десеңіз қасірет басқан жер мен көкті.
Астында көк тұманның арсылдаған,
Көргемін көкжал бөрі бай мен бекті.

Олар айтты, мықты күш жалғыз құдай,
Құдайға орынбасар патша мен бай.
Олармен молла, қожа дастархандас,
Орнына кедейлердің жалғыз қурай.

Олар айтты, жер-судың иесі біз,
Адамдардың әулие киесі біз.
Хауа ата, Хауа анадан бермен қарай,
Кедей-есек, адамның түйесі біз.

Дейтұғын, кедей жалшы қылған құдай,
Жүре бер құл-күн болып көп сұмырай.
Жаралған артық болып бай мен мырза,
Патшаның самұрығы қонған тұғырындай.

Дейтұғып, бай манап жер-су қожасы,
Алланың тобы барлық адам басы.
Басыңа тебе берсең домалай бер,
Заманның әйел-еркек қариясы.

Дейтұғын, бай моллаға қарсы келме,
Үш әйел бір еркекке тұрады елде.
Қос қатын бес қатынды бай мен мырза,
Отырсың ақ ордада, жұмсақ төрде.

Дейтұғын, правосыз малсыз адам,
Сайлауға, сайлануға баспас қадам.
Ауылнай, болыснай, би, аға сұлтан,
Уысында осылардың ауыл, қалам.

Сол күнде ауыл нанға жарыды ма?
Нансыздар жылады да, налыды да.
«Мука бар?», «Хлеб кушайт», «катын-бала»,
Деп барған деревнялық тамырына.

Балалар оқымаған өскен надан,
Қай күнде білімсіздің күні қараң.
Молданы көзін сүзген, жүзін бұзған,
Ұстаған қараңғы ауыл бірен-саран,

«Иман шарт», «әптиекке» көзін сүзіп,
Сәбилер отыратын езіп-мыжып.

Үш жылда хат танымай, қол қоя алмай,
Кітабын жыртатұғын мүжіп-мүжіп.

Молдалар ақ сәлделі ұстап құран,
Ысқырған балаларға бейне жылан.
«Бергенге жұмақ, бермеске тамық бар» деп,
Жинаған өтірікті одан-бұдан.

Ұзақ күн ораза ұстап әйел-еркек,
Атанған оразасы «көпір» , «гентек».
Молда мен кемпір-шалдың көзін алдап,
Тамақты ұрлап ішкен қыз-келіншек.

Бақытты бұл заманда елдің жасы,
Көп ұлт жазғы күндей ықыласы.
Украин, орыс-қазақ, татар, башқұрт,
Бірі аға, бірі бейне қарындасы.

Ұлы Отан даңқы зор ел Қазақстан,
Білімі, өнері де құстай ұшқан.
Теңіздің тасқынындай күш-жігермен,
Жарыста жан аямай озып шыққан!

1967 жыл



ҚОРҚЫТ БАБА

(ел аузынан)

Аңызда – оның ұлты оғыз-қыпшақ,
Жасынан көрді талай бейнет қыспақ.
Сонда да жасындайын жарқылдады,
Жаманға қас, жақсыға жайып құшақ.

Ержетті күйші Қорқыт он жасында
Мүшесі мыс па, әлде қорғасын ба?
Көтерер төбесіне доптай жеңіл –
Далапың жартасын да, тау-тасын да.

Мекені – Қаратаудың айналасы,
Тау емес онда жалғыз бар жартасы.
Сол тастың төбесінде тартылады
Қорқыттың қыл қобызы – жан жолдасы.

Жас Қорқыт өзі батыр, өзі мерген,
Айналып күзды, тасты жүре берген.
Аң аулап, күс ұшырып келе жатып,
Бір ғажап оқиғаны көзі көрген.

Қазандай бір қара тас емес биік,
Тұрғандай жалғыз адам әрең сиып.
Үстінде осы тастың бір бас жатыр
Сақалы тастан төмен жерге тиіп.

Әлде өңі, әлде түсі жас баланың,
Тағы үңілді уқалап қас-қабағын.
Адамдай күресетін жақындады,
Адымдап қара тастың тақталарын.

- Ассалаумағалейкум, - деді басқа,
Кескен бас жалт қарады шөккен таста.
Кәдімгі адам басы, денесі жоқ,
Кездескен Қорқыт бұған таң қалмас па?

Құйылған бейне шойын адам басы,
Бір құшақ ақ матадай сақал-шашы.
Көзі отты, жүзі ойлы, тілі орамды,
Адамның байсалды бір қариясы.

Бас:

- Уағалайкумассәлем, балам! - деді
Көңілің әр тарапқа алаң ба еді?
Жатыр ем о дүниенің түкпірінде
Әдейі іздеп шықтым бүгін сені.

- Ей, қу бас, - деді Қорқыт, - жансың неткен,
Күнсіз жер, айсыз тасты мекен еткен.
Айтшы өзің адамбысың, перімісің,
Қу бассың, өзге денең қайда кеткен?

-Ей, Қорқыт, - деді қу бас тебіреніп,
Мен сенің атаң болам жатқан өліп.
Жалғанда өлім атты жалмауыз бар
Сол жұтты, кете бардым мен де көніп.

Аң, құсты, малды, жанды өлім құртар,
Құрт-құмырсқа, бақа-шаян бәрін жұтар.
Байды да, батырды да қуып жетіп,
Осы өлім жығып тастап, басын қырқар.

Қорқыт:

-Өлімге болдың ба әлде өзің бейім,
Білгізші аты-жөніңді “ата” дейін.
Сен менің рас туған атам болсаң,
Төбеме өле-өлгенше көтерейін.

Бас:

-Батыр ем мың кісіні жалғыз жайлар,
Піл менен жолбарысты қойдай байлар.
Жеткенде екі жүзге демім бітті.
Өлімге қандай адам қару сайлар.

Мал айдап, тау жайлаған атам қазақ,
Түспеген белден канжар, колдан садақ.
Жұлдыздай жұрағатым қайнап есіп,
Дүниеге қазақ атым кетер тарап.

Мен өлдім, сен өлмеудің ізде жолын,
Өлме, өс, өмір болсын ендігі орын.
Бақыт тап, күреспен өс-батам саған
Ай-күнге жетер болсын созған қолың.

Қалдырдым, балам, саған алтын сақа,
Әкелік жүрегімнен бердім бата.
Сақада мың батырдың қуаты бар,
Көрмейсің ол тұрғанда зорлық-жапа.

Жан едің жарғақ киген жетім бала
Жеңетін сені жалғыз өлім ғана.
Қамшы ғып найзағайды, дауылды ат қып,
Ел баста, саған мекен мынау дала.

Мұны айтып қу бас төмен домалапты,
Соңынан Қорқыт тұра қуалапты.

Астына мынау тастың кіріп кетіп,
Сол қу бас, үңсіз, тілсіз жатып апты...

Ойланып Қорқыт батыр кетті шауып,
Қу бастың сөзі өлімнен берді қауіп.
Қай елге барса Қорқыт, қазылған көр
Алдынан шыға берді ауық-ауық.

Көп көрді әзірленген көрді Қорқыт
Ойланды, толғанды да ұзақ толқып
Сол кезде бір қарт ана ақыл берді
Жан екен көпті көрген шын кең қолтық.

-Уа, Қорқыт, қырық жыл болды білем сені,
Сен сдің даладағы елдің ері.
Қорқудан, қашудан да ат басын тарт,
Мезгілсіз бітпес, сірә, адам демі.

Мінекей жасым келді екі жүзге,
Жалғанда жаны тәтті жалғыз біз бе.
Өлімнен мен де ықтадым, құтыла алмай,
Ұстайды әлде үйде, әлде түзде.

Қорқыт, сен Қаратаудың тасындайсың,
Жадырап бұлтсыз күндей ашылғайсың.
Аулыңа жаулар келіп жайлап жатыр
Тез барып жерге бәрін батырғайсың.

Басына Қаратаудың бұлт ұласып,
Мал мен жан азан-қазан жүр адасып.
Киіктей аю қуған мына мен де,
Жерімнен желі тартқан шықтым қашып.

-Рас па, әже, тауға жау келді ме?
-Қарағым, мекеніне жау келді де.
Көп елді бөрідей боп жатыр талап,
Шынымен елің малға тенселді ме?

Берейін зәм-зәм судай ақ батамды,
Жой, балам, көңілдегі бар қапанды.
Дұшпанды жүндей түттер батырым бол,
Еліңе әулие атан ақ сақалды.

Бата алып анасынан Қорқыт кетті,
Жер үшін дене жанып, жүрек кекті.
Желдіртіп жел маясын алты күнде,
Алты айлық Қаратауға келіп жетті.

Ер Қорқыт арыстан боп келген жауға,
Қырыпты топ-тобымен Қаратауда.

**Қарахан қауымының қалғандары,
Сұрапты қорыққанынан басқа сауға.**

**Қартайып жүзге Қорқыт жеткен шақта,
Мәңгілік не болған жақсы атаққа.
Атапты туған елі данышпан деп,
Құрметпен отырғызып құрмет-таққа.**

**Қалайша данышпан деп атамасын,
Болжайды күн ілгері дос пен қасын.
Толғайды, күй төгеді қобызынан,
Шолиды кең даланы, таудың басын.**

**Мекендеп Қаратаудың айналасын,
Сақтаған көз нұрындай түйір тасын.
Айналып қарт қырандай есіне алар,
Атаның тау астында жатқан басын.**

**Еліне әрі қорған, әрі дана,
Үлкенге – бала, жасқа туыс-аға.
Қақ жарған кара қылды әділ Қорқыт
Нашарға Қаратаудың болған пана.**

**Асқақта жасы жүзден Қорқыт батыр,
Кез болды баяғы өлім – заманақыр.
Күйшінің даңқы мәңгі арта берсін
Сол Қорқыт қастарында, міне жатыр.**

**Сап-сап... Бұл – Қорқыттың ескерткіші,
Орнатқан ескерткіші күйдің күші.
Қалыпты алтын асық тас астында
Алуға еш адамның жетпей күші.**

**Асықтың алшысы – алтын, бүгі-күміс,
Тәйкесі-фосфорит боп, жігі-құрыш.
Жайылған тау астына теңіздей боп,
Алуға адамдарда болмаған күш.**

**Кешегі жаңа заман таңы атқанда,
Шапағат шұғыласын таратқанда.
Қорқыттың қобызы да түрегелді,
Шірікін күй тебіренбей тек жатқан ба?**

**Сол күйде – Қорқыт баба тілегі бар,
Мыңмен жалғыз алысқан білегі бар.
Сол күйде – еш сөнбейтін алау сынды,
Ақылгөй Қорқыт баба жүрегі бар...**

КӨРҰҒЫЛЫ

(аңыз-дастан)

Қадірлі оқырман! “Көрұғылы батырдың” аңызы бүкіл шығыс елдеріне ертеден аян дүние. “Көрұғылы” біздің ұлттан шыққан адам деп қазақ та, өзбек те, азербайжан да, түрікпен мен тәжік, қарақалпақ та айтады. Бірақ, ғылым жүзінде тексеріліп, қай ұлттан шыққаны жөнінде қортынды жасалғанын көргеміз жоқ.

Сөйтсе де, қазақ халқының аузындағы “Көрұғылы батыр” жайлы аңыздың жасөспірімдерге бір вариантын көрсетуді мақұл көрдік. Жинаушы: Ғалым Малдыбаев.

I бөлім

Ертегі-өлең – өткен заман айнасы,
Келешекке тиеді оның пайдасы.
“Көрұғылы” хикаясын білгендер,
Сай-сүйекті сырқырата сайрашы.

Ерте күнде соғыс болған көп елде,
Соғыс болса, жан қырылар деген бе.
Қазақ, түрік, түрікпендер соғысып,
Бірін-бірі қосақтаған көгенге.

Көп соғыста батыр болған Мұндыбек,
Ешбір адам пар келмеген жекпе-жек.
Садақ тартып, қылыш шауып, найзалап,
Қанын шашып жауларынан алған кек.

Бұл жалғанда Мұндыбек көп соғысқан,
Бір майданда басым болған көп дұшпан.
Түтқын болып Мұндыбек ер түрікке,
Сарбаздары қойдай шулап ығысқан.

Мұндыбекті тасқа байлап қояды,
Бос болса, ол, жауды үнемі жояды.
Көзі болса, тұлпар мініп қашад деп,
Екі көзін үңірейтіп ояды.

Мұндыбек ол Толыбай батыр баласы,
Ер Толыбай Күншығыстың данасы.
Толыбай атын ұмытпайды аспандай,
Азия мен Қазақстан даласы.

Жау қолында қала берді Мұндыбек,
Ел-жұрты күрсінеді қайғы жеп.

Сүйген жары – алма мойын Алтыншаш,
Екі қабат қалған сорлы еңіреп.

“Жар кеткен соң, жан кетеді” деген бар,
Алтыншашты қамалады қайғы зар.
Төсек тартып жатып алды сарғайып,
Секілді боп бурасы өлген ақша нар.

Сегіз айлық баласы бар ішінде,
Өлетінін білді Алтыншаш түсінде.
Бозұғланды шақырып ап сөйледі,
Аманат айтып, бақұлдасқан пішінде.

-Уа, Бозұғлан, кеттім дерттен оңалмай,
Тәуір болып бұл науқастан тұра алмай.
Айы толып ішімдегі қозымды,
Өтіп барам мезгілінде таба алмай.

Ақыреттің саудасына көнерміз,
Ертең бесін уақытында өлерміз.
Бір айдан соң күні толып туады,
Біз молада бір перзентті көрерміз.

Күннен күнге жүре алмадым мен-мендеп,
Мені ойлама бұл дүниеде жүрер деп.
Бір айдан соң күні толып туады,
Тұмай кетті ішімде бір жүгірмек.

Отыз бірде бұл науқасқа хас қылдың,
Пенде көңілін қозғалмастай тас қылдың.
Бір айдан соң туатығын қозымды,
Жалғыз бауырым Бозұғланға тапсырдым.

Осыны айтып көзін жұмды Алтыншаш,
Екі бетте қала берді қатқан жас.
Көмді апасын тауға апарып Бозұғлан,
Ескерткіш қып басына үйді түрлі тас.

Бір айдан соң Алтыншашқа жан бітті,
Жасағаны өлген жанды тебіrentті,
Суық көрде шырылдады жас бала,
Мола көрді еркек күрсақ перзентті.

Бұл ғажайып уақиғаға сал құлақ,
Ана төсінен аға берді бір бұлақ,
Бұлақ болған қамқор ана емшегі,
Бала емшекті еме берді аймалап.

Жата берді ол, анасының қасында,
Шәрәп берді “Пірлері” кеп басына,

✓
“Көрұғылы” деп ұл балаға ат қойып,
Келді бөбек снді жеті жасына.

Дүйсенбі күні бала көрден шығады,
Айналаға толғап мойын бұрады.
Жалғыз қара көрінбеді көзіне,
Қайран болып түсінбей ол тұрады.

Еш тақыты Көрұғылының болмады,
Жерді, күнді, айды, аспанды толғады.
Бір моладан бір молаға секіріп,
“Шәмбіл” – бектің шахары деп ойнады.

-Я, жасаған айтқанымды хош көрсең,
Бұл дүниенің бойын маған бос берсең,
Аға Сұлтан патша болып Түрікменге,
Сау-саламат жүз жиырма жас берсең...

Саған талап жасағаным, жараспас,
Көрұғылы бек айтар сөзден адаспас.
Дос боларлық адам берсең қасыма,
Доссыз адам, жалғыз дара жараспас.

II бөлім

Келе жатып Бозұғлан ер даладан,
Аса жүрді осы жолда моладан.
Құмға басқан жалпақ із көрді де,
Бар-ау -деді ұзындығы он табан.

Бұл молаға әр күн сайын келетін,
Апасының сөзін еске ап жүретін.
Алтыншаштың сөзі қашан болар деп,
Көздің жасын ат жалына төгетін.

-Кез келдім де бұл молаға еңіредім,
Тілегімді күдіретім бермедім.
Жеті жылдай көрде жатқан Сұлтаным,
Көріселік, мұнды болған жиенім.

Кез келдім де, бұл молаға зарладым,
Алды-артымнан туған екен қорғаным.
Сенің шешсе – менің апам Алтыншаш,
Келші бермен Көрұғылым, арланым.

Сырттан торып көп моланы күңіrentті,
Күндіз-түні онбес айдай күзетті.
Бір шықпады Көрұғылы бек моладан,
Тағы төрт ай арасында күн өтті...

Алтыншы айда күйген тауға қайтады,
“Қашан көрем жиенімді” айтары,
Көзі жасты қабырғасы сөгіліп,
Іздің жөнін терең оймен байқады.

-Жүрегімде қасіреттің мұны бар,
Апам тапқан баласының ізі бар.
Көрден шыққан көр баласы қай жерде,
Мен жауы ма көрден-көрге тығылар?

Тауды кезген диуанадай Бозұғлан,
Жүрегінен өткендей боп көк жылан.
Көрұғлыны қайғырып кеп үйіне,
Сұрады ақыл Ақбілек жан-жарынан.

-Уа, Ақбілек, мынау іске нетермін,
Көр күзетіп шаш ағарды күні-түн.
Жиенімді таба алмай мен сандалдым,
Сен ойланшы, қандай ақыл айтарсың.

-Бозұғлан ер, жисіңе күштарсың,
Бұл қайғыдан құдай өзі құтқарсын.
Апаңыздың моласына алма төк,
Ақырында тұлпарыңмен ұстарсын.

Ақбілектің ақылын құп алады,
Екі қапшық алма артына салады.
Күйген тауда Алтыншаштың моласы,
Төгейін деп алманы алып барады.

Қызыл алма төге берді шұбатып,
Күлдей қылып тасты уатып жол салып ,
Алмаларын арқандай ғып төкті де,
Бір тасада жаты өзі қыр асып.

Көрұғылы бек моласынан шығады,
Назар салып аз толғанып тұрады.
Қызыл алма ісі жарып мұрынын,
Қызықтырды теру болды құмары.

Жеді, толды алмаға ұлдың стегі,
Бірте-бірте талай қырдан өтеді.
Талма түстің шағында осы жас бала,
Тосып жатқан Бозұғланға жетеді.

Нағашысы атқа мініп ұмтылды,
Екпінінен таудың бұлты жыртылды.
Көзден ғайып Көрұғылы жөнелді,
Қыран құстай бала қашып құтылды.

Ұшып келді апасының жанына,
Біреу қылыш тақағандай қанына.
Келсе, жатыр көр аузында Арыстан,
Жуытпады Көрұғлының маңына.

-Уа, жануар, қашып келдім алыстан,
Қуып келеді ізімменен бір дұшпан,
Жалғаншының кескінінен қорқамын,
Көрге еруге жол берсейші арыстан.

Мен білемін арыстандай затыңды,
Ұстап берме қуғыншыға басымды,
Адам заттай маған жауап қайтаршы,
Тез білдіріші жұртқа аян атыңды.

-Маған келіп ей Көрұғылы еңіредің,
Жеті жылдай сені қолдап жүр едім.
Арыстан деп қате қалма Көрұғылы,
Мен жәрдемші жас баланың “пірі” едім.

Қаша берме Көрұғылы далаға,
Ана сүйіп енді ему харәм да,
Жеті жылдай көрде жүрген Сұлтаным,
Қуып жүрген Бозұғландай ағаң да.

Бұл мезгілде Бозұғлан да жетеді,
Көре-сала бала қорқып кетеді,
Бет алдына зыта берді жас ұлан,
Шөгірлінің тауларынан өтеді.

Қара тұлпар су күйғандай терледі,
Дүбірлетіп таудан-тауға өрледі,
Жеткізбестей болғаннан соң Көрұғылы,
“Пірі” біліп бала ісіне көнбеді.

Жас баланың аяқ-қолын түсады,
Көрұғылы болып қалды құсалы .
Жапан түзде жалғыз жатқан жиенін,
Бозұғлан кеп аттан түсіп құшады.

Көрұғылы:

-Ұстамаққа мені адам зат зарма еді,
Мені ұстатып, құдай саған жар ма еді,
Ерте қуып, түсте жетіп ұстадың,
Менде кеткен әкең құны бар ма еді?

Бозұғлан:

- Нашарладың сен боларсың панасы,
Сені ұстадым, бітер жүрек жарасы.
Сенде менің әкем құны кеткен жоқ,
Мен боламын Бозұғландай нағашы.

Көрұғылы:

-Көрде жатып сиынғаным пір еді,
Жеті жылдай пірлер қолдап жүр еді.
Бұл сөзіңе мен нанбаймын адамзат,
Білсең айтшы, менің атам кім еді?

Бозұғлан:

-Бас айғағым көктегі алтын күн мен ай,
“Болдым-зар” деп аталды мекен-жай.
Арғы атанды білдірейін Көрұғылы...
Тұлпар мінген торғауытты Толыбай.

Іздегені ата-бабаң жау еді,
Мекендері “болдым-зардың” тауы еді.
Бергі атанды мен айтайын Көрұғылы,
Жағалбайлы жұрттан асқан дәу еді.

Еліне еткен ата-бабаң көп еңбек,
Сенің әкең жау-жаулаған Мұңдыбек.
Сенің шешең, менің апам – Алтыншаш,
Енді таны көрден шыққан жүгірмек.

Көрұғылы:

-Уа, Бозұғлан, құлағың сал сөзіме,
Мен жас бала душар болдым кезінде.
Қол-аяғымды енді шешші нағашы,
Мен де серік бұдан былай өзіңе.

Жас жиені ағасына ереді,
Тұңғыш рет тұлпар мініп келеді.
Қос жанары тауда қалған молада,
Ыстық жасты анасы үшін төгеді.

Көрұғылы:

-Уа, нағашы, мен молаға енейін,
Ең соңғы рет анамды бір көрейін.
Жеті жылдай бағып еді жалғызын,
Тым болмаса амандасып келейін.

Бозұғлан:

-Жахандағы жалғыз ағаш шынарым,
“Көрге енейін” деген сөзді шығардың.
Бір көрген соң, мені алдайсың, шықпайсың,
Жібермеймін, жаламашы, шырағым.

Көрұғылы:

-Қайран анам, бара алмадым басыңа,
Билігім жоқ, көрген күнім осы ма.

Он үш жаста халық билеп Хан болып,
“Шамбылбиді” орнатармын басыңа.

Өлген анам енді тірі қайтпайсың,
Біздер үшін пірге арыз айтқайсың.
Жеті жылдай жатып едім баурында,
Қысылғанда жәрдемші боп жатқайсың.

Жүз жиырма бес құдай берді жасымды,
Жүз мың жаудан тартпа деді басыңды.
Ақ сүтінді мен ақтармын ана жан,
Таудай жасап ескерткіш жар тасыңды.

III бөлім

Қара тұлпар Бозұғланның мінгені,
Жел-дауылдай желе жортып жүргені,
Баланы әкеп Ақбілекке тапсырды,
-Ренжітпе күт, қадірін біл, - деді.

Бозұғлап ер жас күннен аң құмар,
Аң құмаса, көңілінде шер тұрар.
Садақ алып, қылыш байлап шығарда,
Жас жиенін әйеліне тапсырар.

Аң ғана аулап тау қойнында жатпады,
Өз елінің тиыштығы баққаны.
Жер-суына көз алартқан жау болса,
Қолын ертіп, құмдай илеп таптады.

Айлар өтті, жылдар өтті... Бозұғлан,
Қайтып келді аулап жүрген аңынан.
Кеңес айтты Көрұғылы дай балаға,
Жау көрдім деп Шөгірлінің тауынан.

-Уа, қорғаным, Көрұғылы бек баласың,
Жас та болсаң ақылға кең данасың.
Шөгірліде қырық бір адам жау көрдім,
Жұмсамаққа келді соғап пағашың.

-Анда жүріп адам шықпас тау көрдім,
Тау ішінде қаруланған жау көрдім,
Аяқтары сүйретіліп піл мінген,
Анау-мынау осал емес, дәу көрдім.

Қара тұлпар астына ат берейін,
Қызығынды қалқам сенің көрейін.
Сол жауларды қыр да ат тонын алып кел,
Үстем болсын дұшпандардан мерейін.

-Аға айтса, қалай бармай тұрайын,
Найзағайдай жауды төбеге ұрайын,
Тұлпарың бер, қалқан сауыт, қару бер,
Аңдып жүрген жауды қойдай қырайын.

Қалқан, сауыт, қару берді балаға,
Тұңғыш рет аттанарда далаға.
Бірде-бірі сауыт қалқан симады,
Сиған киім Бозұғандай ағаға.

Қылып қымқа, садақ болды шыбықтай,
Найза да елсіз козы ұстайтын құрықтай.
Айбалтаның сабы таяқ сияқты,
Болсадағы ұзындығы сырықтай.

Өзі бала денесі зор алыптай,
Қару-жарак ренжітгі жарытпай.
Киімі қайда екі дайда киетін,
Жаудың оғын денесіне дарытпай.

Ер Бозұғлан бұған да ақыл табады,
Кем болған соң, өзіне киім жарағы,
“Әкең сенің Мұндыбектен мұра” деп,
Тассандыққа баланы алып барады.

Деген мақал “талапты ерге нұр жауар”,
Азаматқа іздегені табылар.
Он түйеге жүк болғандай сандыққа,
Ұлға лайық қалқан сауыт қару бар.

Осыны айтып, сандықтың ауызын ашады,
Сауыт киіп бала судай тасады.
Тұлпар мініп, қару алып Көрұғылы
Шөгірлінің тауларынан асады.

Талмау тұста бала жауға жолықты,
Тұңғыш корді айқасатын жорықты.
Еңгезердей Көрұғлыны көргенде,
Қырық бір жігіт қалтырасып қорықты.

Қырық бір жігіт, бастығы оның – Сапабек,
Сәлем берді Көрұғлыға батыр деп,
“Көрұғылы даңқынды естіп алыстан,
Дос болғалы іздеп келе жатыр ек”.

-Сен дос болсаң, мен достықтан қашпаймын,
Достың қанын жазықсыздан шашпаймын.
“Жауды қырам” деп кетіп ем ағама,
Сол сертімді енді қалай сақтаймын?

-Олай болса кеңесіме құлақ сал,
Кімге опа берер дейсің дүние, мал.
Киімімізді қанға бұлғап берейін,
Қырық бір атты, қырық бір тонды түгел ал.

✓ Шөгірлінің айналасы құла түз,
Тау панамыз, серуендедік шын мен күз.
“Ханның ісі қараға да түседі”
Бір күніңе біз де керек болармыз.

Көрұғылы мұны мақұл табады,
Ат пен тонын, қаруларын алады.
Төс тақасып, қол алысып дос болып,
Амандасып Сапабек ер қалады.

Бір биені сый ғып тағы береді,
Өзі буаз үйдей жануар денелі.
Мұрттан күліп Көрұғылы қуанды,
“Тұлпар, бие, тұлпар табат” деп еді.

Көрұғылы бұл биені сынады,
“Тұлпар” деді көңіліне ұнады.
Тұлпар құлын туып осы биеден,
Баптап күтіп міну болды құмары.

Тауды, тасты дірілдетіп дүбірі,
Келді үйіне бала батыр Көрұғылы.
Шықты алдымен нағашысы Бозұғлан,
Келдің бе – деп, маңдайымның жұлдызы.

-Аман келдім,-деді батыр күлімдеп,
Бір сапардан мен әкелген олжа көп.
Аға, саған бар олжаны сыйладым,
Не істесең де, ерік өзінде сөзім жоқ.

Өмір жылжып өте берді ағындай,
Өсу менен өзгеруден жаңылмай.
Ойландырды Көрұғылы баланы,
Дәл бүгінге тұлпар бір ат табылмай.

Бозұғлан ер кете барды аңына,
Бұл сапары соры ма, әлде бағы ма?
Шаңқай түсте ала айғырлы бір адам,
Шауып келді Көрұғылының жанына.

Бұл жаханның жылқысы емес айғыры,
Тау мен күзды құл қылғандай айбыны.
Алты айлықты алты басар аяғы,
Бір мінген жан жойғандай бар қайғыны.

Қос құлағы көлге біткен құрақтай,
Екі көзі жанып тұрған шырақтай.
Танауынан шыққан лебі бүркырап,
Тасты жарып аққан күміс бұлақтай.

Мінген адам сияқтанды ханзада,
Жақын барды Көрұғылы бек жас бала.
-Тұлпарыңның жүрісін мен көрейін,
“Беріңізші бір мінуге жақсы аға”.

Не қалауың болса, сізге берейін,
Аз ғана жер желіп-шауып көрейін.
Ат таба алмай жаяу жүрген жас едім,
Жас тұлпарды бір терлетіп келейін.

-Мақұл, деді күлімсіреп Ханзада:
Ақбілекті тез корсетші, сен бала.
Содан кейін тұлпарымды көресің,
Шырақ сенен қалағаным сол ғана.

Көрұғылы жүгіріп Ақбілекке келеді,
Хан қалауын келіп айта береді:
-Апатайым, бір көрінші қонаққа,
Ат мінейін мен керемет денелі.

-Қой қарағым, - деді Ақбілек, - қызықпа,
Кездеспейін ондай ұры бұзыққа.
Райхан атты ол түріктің ханы ғой,
Ағаңмен өш, түсірмекші ол құдыққа.

Мінгені айғыр “Қират” деген тұлпарды,
Ол хан маған көп уақыттан іңкәрді.
Мені корсе алып қашып кетеді,
Жетпес оған ұшырсаң да сұңқарды.

Көрұғылы көп жалынды, қоймады,
Көңілі қалар деп Ақбілек ойланды.
Амалсыздан бір сен үшін барайын,
Бірақ, қалқам, түрсың мені жойғалы.

Ақбілекті алып шықты үйінен,
Қара бұлттай хан түйілді бүйірден.
Бірақ көрді Көрұғылы жеңгесін,
Көз ұшында күшті құйын үйірген.

Кете барды қаны пезер хан долы,
Қателесті Көрұғылы бұл жолы.
Ағасына не айтады ертең келгенде,
Қайғырды ұл үзілгендей оң қолы.

Ақбілекті алып кетті жауыз хан,
Неше жылдай қасқырдай-ақ аңдыған.
Жете алмады қусадағы Көрұғылы,
Бозұғланға жүгірді ол жалма-жан.

Тауды кезіп, тауып алды ағасын,
Тыя алмады күйінгеннен көз жасын.
“Жау әкетті Ақбілекті жеңгенді,
Жете алмадым аты жүйрік болған соң”.

Бозұғлан ер сабыр етті бұл іске,
Не көрмейді ердің басы тірлікте.
Алты жылдан кейін іздеп табарсың,
“Сабыр түбі сары алтын” ғой бүлік етпе.

-Келер жылы тұлпар бие құлындар,
Тұлпар құлын тауып берсе не мұң бар.
Ел мен ерге қызығушы Райханның
Шахары да тас-талқан боп бұзылар.

Аяндатып мақпал қара тұлпарды,
Саңқылдатып қолға ұстаған сұңқарды,
Інісімен Бозұғлан келсе үйге
Ақбілектің орнын ғана сипады.

Өткен өмір жазғы түскен сағымдай,
Өтеді өмір өз заңынан жаңылмай.
“Қара тұяқ қорында үнем жатыр ма”,
“Ақ түйенің қарны бір түн жарылмай”.

Он ай өтті тұлпар бие толғатты,
Көрұғылының ісін құдай оңдатты.
Қалдырар ма атсыз жаяу өмірі,
Көрұғылыдай бала батыр боздақты.

Міне, болды жас жігіттің тілегі,
Қуанышты Бозұғлан мен жиені.
Тұлпар құлын іріліктен туа алмай,
Амалсыздан жарып алды биені.

Ала құлын ат болам деп секірді,
Күміс күйрық ақ алтыннан кекілді.
Жетім қалды енесінен жануар,
Жетім қалған Көрұғылы секілді.

IV бөлім

Бір, екі, үш, төрт, бесінші жыл өтті,
Он үш жасқа Көрұғылы да кеп жетті.

Ақбілекті іздеуіне жарарлық,
Қос жетімек осылайша ер жетті.

Ала тұлпар әсем басты аяғын,
Ел көшкендей екі арасы жаянын.
Шоқтығына жеткізе алмай Бозұғлан,
Өлшегенде он бес құлаш таяғын.

Сом болаттан тағалапты тұяғын,
Алтынменен безендірді тұрманып.
Ақ жамбының күмісінен ойдырды,
Мойындағы қоңыраулы тұмарын.

“Барса келмес” жолы жасқа қиын-ды,
Осы жолға бола етек-жең жиылды.
Ақбілекті жаудан тартып алмақ боп,
Киіп алды, сауыт сайман киімді.

-“Жолың болсын сенің” деді Бозұғлан,
Тәңір қаксын дұшпандардың оғынан.
Шылбырыңнан жетелесін пірілерің,
Ер Мұндыбек ере жүрсін соңыңнан.

Батыр бала тартты түрік еліне,
Таныс емес “Барса келмес” жеріне,
Алты күнде келіп жетті аламен
Қырық күншілік қара құмның жеріне.

Үшқан күспен ала тұлпар жарысты,
Көбік шашып ауыздықпен алысты.
Тасты уатып, құмды ұшырып дауылдай,
Жүрген сайын үдеттірді шабысты.

Жеті күнде жол болды алыс қара құм,
Қанды көбік ақты аузынан аланың,
Бір дария өткелі жоқ болды кез,
Көзі тұнды мұны көріп баланың.

-Енді қалай бұл дариядан өтемін,
Ақбілекке қай уақытта жетермін.
Ала тұлпар осы арада сен қалсаң,
Өзім жүзіп асау суды кешермін.

Мен де жетім, сен де жетім өсіп ек,
Екі жетім жігіт болып жетіп ек.
Қош айтысар күн болды ма тұлпарым,
Екі құлың, екі боздақ жетімек.

Осы кезде тұлпар тілге келеді,
Жүректілік бізге қуат береді.

**Қорқытпашы Көрұғылы қарғамын,
Мықтан ұста өзің досым дсені.**

**Шауып келіп ала бесті секірді,
Жел көтерді құйрық жалды кекілді.
Арғы бетке жолбарыстай дүрс өтті,
Батыр атқан садақ оғы секілді.**

**Тәуекелге бел байлаған жас бала,
Келіп кірді салтанатты қалаға.
Хан сарайын біліп алды сұраумен,
Атын тықты оңашалық молаға.**

**-Көрұғылы молада өскен бала едім,
Ала тұлпар саған жолда аға едім,
Мен келгенше осы арадан қозғалма,
Ақбілекті аман алып келермін.**

**Сауыт-сайман бәрін тықты молаға,
Сол тар жерде ақыл таппай болама
Диуана боп аса ұстап қолына,
Зікір айтып келді сарай қораға.**

**“Ая ханым, уа-я-маннан ха-ху-хақ,
Шахар кезген мен диуана ісім ақ.
Мен диуана жеңешемді іздеген,
Аса таяк жоғымда сен іздеп тап.**

**Биік таудай менің мінген тұлпарым,
Сарайда бар менің дос пен дұшпаным.
Менің даусым жетер ме екен желменен,
Тыңда жеңгем, тыңда абзал іңкәрім.**

**Диуананың дауысы келді сарайға,
Ақбілек те көзін салды маңайға.
Елін, жерін сүйген адам қашанда,
Хан ордасын өз үйіне балай ма.**

**Көрұғылының дауысын танып Ақбілек,
Алып шықты оңашаға жетелеп,
Дұшпандардан кек алуға дана әйел,
Көрұғылыға ақыл берді былай деп:**

**-Жан бауырым, алты жыл мен тұрғалы,
Тіке тұрып сарайға жұмыс қылғалы,
Ел-жұртын ардақтаған жеңешен,
Өлтірсе де, ханға мойын бұрмады.**

**-Қорлап мені салып қойды жұмысқа,
Уа, дариға елсіз тұрмыс тұрмыс па.**

Хан сарайын жуам үнемі сыпырып
“Ізім біліп жүрген мен бір құмырсқа”.

-Қалқам ойлан мені қалдыр бұл жолы,
Талаптанса, текке кетпес ер қолы.
Осы ханның бойжеткен қызы бар,
Елге апар ең әуелі сен соны.

-Содан кейін маған тағы келерсің,
Бак тәуекел түріктерді жеңерсің,
Саған қастық істеп жүрген Райханның
Басын итке күні ертең теңерсің.

Атыңа бар, мен де артыңнан барамын,
Қыздың қыбын өзім ептеп табамын.
Өліп кетсем мақұл болсын Бозұғлан,
Тірі болсам, кегін солай аламын.

Мақұл көрді Көрұғылы бұл істі,
Ауыр көрмес екі араға жүрісті.
Жеңгесі үшін алыссынбақ ойы бар,
Араласа батыс пенен шығысты.

Келді атына қуанышты Көрұғылы
Таптым деді жау әкеткен тұғырымды,
Келді артынан Ақбілек те кешікпей,
Күндей сұлу қасына ертіп бір қызды.

Мінді атына бала батыр жар бол -деп,
Амандасты жасын төгіп Ақбілек.
Бүркіттей боп жөнелгенде қызды алып,
Екі үкісі кете барды желкілдеп.

-“Қыз жоқ, қыз жоқ, қайда кетті, қыз қайда?”
Деген сөзге ел бүйірі қызбай ма?
Іздеп шықты бастығы хан “Қират” пен
Бозбалалар”тоқта” десті, тындай ма?

Хан ашулы, жұрт ызалы, ел кекті,
Өшті, қасты жанның бәрін тергесті.
Даңғазалар атқа қамшы басады,
Айқайыменен ел көшті де, жау жетті.

Қазған ордай ізі жатыр аланың,
Шаңы әлі басылған жоқ даланың,
Арыстандай долданған хан жөнелді,
Ыңғайлап ап қорамсақ пен садағын.

Шауып келеді үзенгісі сыртылдап,
Айыл тұрман алтындаған жарқылдап.

Омыраудан акқан тері “Қираттың”,
Қолтығында томар судай шалпылдап.

Көрұғылы дариядан өтіп ед,
Ат шалдырып жауды тосып отыр ед.
Бергі жақтан хан да жетті дарияға,
Жауар бүлттай кабак түйіп күркіреп.

Хан қараса арғы жақта ала тұр,
Ат қасында бір дәу адам және тұр,
Қыран құстың қасындағы қырғидай,
Ханның қызы Күнекей сұлу бала тұр.

Хан таныды Көрұғылы екенін,
Тұра қуса өзін қуып жетерін.
Кейін қайтты қорыққаннан салбырай,
Деген ой қалды “басын кесемін”.

Сарайына келді ашумен Райхан,
Қар жауғандай қабағы мен қасынан.
Ақбілекті ұрып әкеп салғызды,
Терең зындан казып таудың басынан.

Көрұғылы аман келді жеріне,
Қызды берді Бозұғландай еріне,
Ақбілекті тағы да әкеп есен-сау,
Қондырсам деп “Шөгірлінің көгіне”.

Аттың терің құрғатпастан аттанды,
Бозұғлан да інісіне шаттанды.
Түрік ханы Ақбілекті қорлаған,
Өзі барсын, өзі құрған қақпанды.

Ала тұлпар екі араны жол қылды,
Құс ере алмай қара күмда болдырды.
Атқан оқтай ағып келеді жануар,
Көрұғланның көңілін көкке қондырды,

Дариядан тағы да аман өтеді,
Шақырғандай хан сарайы көкегі,
Ақбілекті зынданда деп естіді,
Мәлім емес қайсы жақта екені.

Үш күн ұдай ойды-қырды кезеді,
“Өлді ғой” деп көздің жасын төгеді.
Тауды аралап келе жатса, ертемен,
Ала тұлпар Ақбілекті сезеді.

-Көк тіреген “шөгірлідей” таңым-ай,
Күркіреген, көк өсірген жауын-ай,

Күн нұрына арқа тосып жайылған,
Бозұғланның төрт түлікті сауын-ай.

Тірісінде Көрұғылы іздеп келе ме,
Тау ішінде бұл зынданды көрер ме,
“Ер қанаты – ат” деуші еді бабамыз,
Ала тұлпар баламдай ед, сезер ме?

Мен жатырмын тас құдықта қамығып,
Кең даланы бір көруге зарығып.
Көрұғылы келсе дағы, таба алмай,
Жүрген болар қасірет шегіп жабығып.

Осы үнге тұлпар құлақ салады,
Көрұғылыны зынданға алып барады.
Күзетшіні көре салып Көрұғылы,
Тауықтай ғып басын жұлып алады.

Көрұғылы бек адамзаттың шынары,
Ақбілекті көріп, көңілі тынады.
Бұлттан шыққан күндей болып жарық етіп,
Жеңгесі де зынданнан тез шығады.

Тартты екеуі ел-жұртына есен-сау,
Қалды артында жанған орттей сөнбес дау.
Өлтіргендей әкелерін Көрұғылы,
Тек жатар ма қызы кеткен түрік жау.

Шаттықпенен келді екеуі жеріне,
Үйін тікті “шөгірлінің” көгіне
Алғыс айтты, баға берді Бозұғлан,
Көрұғлыдай асқан батыр еріне.

Екеу еді, төртеу болды Бозұғлан,
Шөгірліге қоныс салды жаңадан.
Шыр-айнала тастан қорған соқтырды,
Жаулар бар деп айналада аңдыған.

Бозұғлан той ғып елін шақырды,
Таныстырды Көрұғылы бек батырды.
Шашу шашты, бата берді ел жұрты:
“Дүшпаныңа орнат заман ақырды”.

Өмір сүрді Бозұғлан ер ел бағып,
Ала-кұла көрмей бәрін тең бағып.
“Шөгірлінің” шыңынан ол көздейді,
Жау бар ма деп, ақылменен толғанып.

V бөлім

✓
Бозұғлан бек шындауылда түр еді,
Будақтаған қалың шаңды көреді.
Жер қайысқан құмырсқадай қалың жау,
“Шөгірліге” кара бұлттай тонеді.

Сырнай-керней тартып келед қаптап жан,
Арғымағы ойнақтаған, қарғыған.
Өрттей ыстық шыдар емес бітіне,
Көрұғлыдай ер болмаса топ жарған.

Бозұғлан ер хабар берді еліне,
-“Жау келді жұрт, қол салуға жеріңе”.
Күш сынасар жаңа майдан болар деп,
Кенес айтты Көрұғлыдай еріне.

Көрұғылы: тыңда - деді нағашым,
Жау көп болса, сен де досты табасың.
“Шөгірліде” Сапабек ер досым бар,
Мекен еткен таудың биік саласын.

Өзің көрген қырық бір жігіт есен сау,
Мекені оның Шөгірлі де асқар тау.
Сол уақытта, саған жалған айтып ем,
Дос етуге шыға қалса, сырттан жау.

Сапабекке мен тезірек барайын,
Жау хабарың сол арқылы алайын.
Жау ма, дос па әлі бізге мәлімсіз,
Түрік болса, өзім жалғыз шабайын.

Осыны айтып кете барды аттанып,
Тұлпар мініп, сауыт киіп баптанып.
Сапабекті тауып алды шынардан,
Жүреді екен бұлардағы сақтанып.

Амандасып, қоштасты да Сапабек,
Артық туған батыр еді, ержүрек,
Тобын бастап қалың қолға жөнелді,
Кім болса да, жауабын мен берем деп.

Жолбарыстай тайсалмады Сапабек,
Шыға келді таудай біреу жекпе-жек.
-Көрұғлыны өлтіруге келдім мен,
Сол Көрұғлы батыр сен бе шын өлмек?

-Көрұғылының өзі емеспін, досымын,
Жел жағында панасымын, қосының.

Тізгін тежей еліңе қайт болар қам,
Үзеңгіден асып барып, тоқымын.

Тастай тиді осы бір сөз зар жаққа,
Найза ұмтылар Сапабекке салмаққа.
Ат үстінен ер Сапабек лақтырды,
Балықтай ғып іліп алған қармаққа.

Келе берді кешке дейін жекпе-жек,
Ұра берді топтай етіп Сапабек.
Мен-менсінген талай зар жақ жер қапты,
Бұдан артық бәлем саған не керек.

Жекпе-жекке барған алды “сыбаға”,
Жеке барып “жеңемін” деп тұра ма,
Түс-тұсынан Сапабекке ат қойды,
Келгендей-ақ тісін қайрап күн ала.

Қалың түрік құмырскадай қайнады,
Дәл құтырған иттей көзі жайнады.
Қылыш шауып, шокпар ұрып жан-жақтан,
Салып жатыр айбалта мен найзаны.

Күнгі соғыс, түнгі айкасқа ұласты,
Қансыраған түрік шулап жыласты.
Арыстандай айбатты ер қырып жүр,
Дұшпандардан аруағы бір асты.

Он күн, он түн соғыс салды Сапабек,
Найзағайдай қаруы ойнап күркіреп.
Он бірінші күн болғанды түріктер,
Қашты еліне күмдай болып дүркіреп.

Қыра берді қалған жауды батырың,
Деуші жан жоқ: “тоқта, жетер, ақырын”
“Шогірліні” тартып алам деушілер,
Жамылыпты қызыл қанға шатырын.

Бес мың түрік келген екен сауытты,
Сапабектен бәрі қырғын тауыпты.
“Көрұғлының досы бізді қырды” – деп,
Бес-алтауы Райханға шауыпты.

VI бөлім

Ашуланып бұл хабарға Райхан,
Он мың қолды жинап алды жалма-жан.
Безергенді қол басығып жіберді,
Ол барған жер болатұғын қызыл қан.

Он екі мың қолды бастап Безерген,
“Шөгірліні” аламын деп кезеңнен.
Жауын жеңбей келген смес, ол шыкса,
Жан жеңбейтін батыр еді ол ежелден.

Тығыз жүріп, Шөгірліге жетеді,
Екпіндері жел-құйындай оседі.
Алдарынан шауып шығып Сапабек,
Мың адамды тағы қырып өтеді.

Бұл қырғынға ашуланды Безерген,
Деп ойламас “бір батырдан өлмесмен”
Өзі келді Сапабекке оңаша,
Батыр ма ол екі дайда бөгелген.

БЕЗЕРГЕН:

Я, батырым, сабырлық қыл азырақ,
Мына сөзге ой жіберіп, сал құлақ.
Көрұғылы батыр сен бе, жөніңді айт,
Күшің басым, тұра алмадым мен шыдап.

САПАБЕК:

- Көрұғылының өзі емеспін, досымын,
Жел жағында папасымын қосының,
Батыр болсаң ат-жөніңді өзің де айт,
Қара тастай кескініңнен шошыдым.

БЕЗЕРГЕН:

-Менің атым дүниеге аян Безерген,
Мен безерсем, тау мен тасың жерге енген.
Бір көруге Көрұғылыны құмармын,
Елім сеніп айқасуға жіберген...

Көрұғылы асқап мықты батыр ма?
Сырттан ғана мен таныспын атына.
Қандай-қандай өнері бар досыңның,
Айтшы маған соны құдай хақыңа.

САПАБЕК:

-Тең келмейсің Көрұғылы батырға,
Тең келем деп қалма заман ақырға.
Көрұғылының өнерін мен айтайын,
Соны істесен, Безерген ер құп тыңда.

-Ту биені Көрұғылы сойғызар,
Төбесіне қара қазан қойғызар.
Аяғының астына от жақтырып,
Ет піскен соң алпыс адамды тойғызар.

Қара қазан төбесіне қойдырар,
Күрзі менеп жүз жігітке ұрғызар.
Жан-жағынан күрзіменен соққызып,
Сол қазанды парша-парша сындырар.

Батырлығын мен айтайын келелі,
Қандай алуан оған теңдес келеді.
Аузын ашып, саған садақ тартқызып,
Атқан оқты тістеп қайта береді.

Безерген де, ту биені сойғызды,
Тізесіне қара қазан қойғызды.
Тақымының астынан от жаққызып,
Жүз түрікті піскен етке тойғызды.

Төбесіне бұл да қазан тұрғызды,
Жүз түрікке шокпарымен ұрғызды.
Бір күн, бір түн күрзіменен соққызып,
Сол қазанда парша-парша қылғызды.

-Садағын тарт, мен ауымды ашайын,
Тандайымнан оғың өтсе жатайын,
Тісіменен оқты қағып алмасам,
Шөгірлі де қара жерге батайын.

Аузын ашты, садақ тартты Сапабек,
Бәлем түрік, ит өлімін берем деп.
Атқан оқты қағып алып тісімен,
Қайта берді Безерген өр көкірек.

Сапабек ер Безергенге таң қалды,
Ебің тауып өлтіруге қамданды.
Байқаусызда қорамсакқа қол салып,
Садағымен тарытып өтті аңғалды.

Сауытына дарымады атқан оқ,
Сүм Безерген бөздерді елең еткен жоқ.
Сапабекті садағымен тартқанда,
Қайран сабаз аттан ұшты құстай боп.

Аруағы Безергеннің асады,
Мұны көрген түрік судай тасады.
Сапабектің аты ұстатпай түрікке,
Қырық жігіттің мекеніне қашады.

Келген атты Көрұғылы да көреді,
Бозұғланнан бата алып келеді.
Шөгірліге құлар жауды қыруға,
Ала атпенен жауар бұлттай төнеді.

Сүм Безерген оттай қаулай жанады,
Сағы суға жетеді оның адамы.
Жолбарыстай тиді жауға Көрүғлан,
Күркіреген даусы жерді жарады.

Дүрліктірді арыстандай жан-жақты,
Аттан ұшты талай топ-топ ардақты.
Жеке батыр төбе-төбе қырып жүр,
Өртегендей желді күні қанбақты.

Он екі мың күнде болды сап,
Тізесінен қанда жүрді арғымақ.
Қалың қолға тиді қанды топалаң,
Тірі қалған Безерген ед жалғыззақ.

Тұрды орнынан Безерген ер безеріп,
Ашуменен екі ерін кезеріп.
Тоғыз батпан сауыт киіп үстіне,
Көрүғылымен соғысуға кезеніп.

Батыр аңғырт деген рас ежелден,
Сынамақ ед Көрүғылыны Безерген,
Сынаймын деп барлық қолын қырғызды,
Жалғыз қалды бүкіл түрік елінен.

Көзі түсті Көрүғылыдай батырға,
Ығысса ол қол бастаған батыр ма,
Садақпенен шірене тартып жіберді,
Келтірмесін Көрүғылыны жақынға.

Атқан оғы Көрүғылыға жетпеді,
Жетсе дағы киімінен өтпеді.
Найза салды Көрүғылы шауып кеп,
Қу түрікті жермен жексеп еткелі.

Найзаласты екі балуан ұзақ күн,
Қылыштасты шапқыласты болды түн.
Келесі күн ат үстіне алысты,
Тозаңдай боп көкке ұшты таспен күм.

Қара түрік қахарланып тасады,
Ауруға Көрүғлыдан асады.
Ат үстінен жұлып алып баладай,
Тақымына екі бүктеп басады.

Көрүғланға болды шығу қиынды,
“Әу пірлерім кел” деп іле сиынды,
Көр ішінде асыраған достары,
Арыстан боп сол араға жиылды.

Безергенді шыр-айнала камады,
Қорқып түрік естен мүлдем танады.
Есін білмей аттан құлап жатқанда,
Көрұғылы біраз демін алады.

Бір тәулікте есін жиды Безерген,
Көрұғылы отыр қылыш тақап кезенген.
Аяғына басын ұрып қуанды,
Құтқардың деп Көрұғылы өлімнен.

Көргендерім бұл жалғанда көп еді,
Арыстандар мені адам демеді.
Көрұғылы жаным қалды сенімен,
Сен болмасаң, жабылып кеп жеп еді.

Дос болайық Көрұғылы құп көрсен,
Қаза жетсе олеміз ғой күні ертең.
Көп адамның қанын төктік екеуміз,
Сол да жетер, рұх дұшпан демесең.

Көрұғылы ала атына мінеді,
Өлгендерді көп аралап жүреді.
Бір обаның төбесінде теңкиіп,
Өліп жатқан Сапабекті көреді.

Жас батырдың көзі оттай жайнады,
Жүрек, тамыр қыж-қыж тулап қайнады.
Қанды-қанмен жуайын деп ашумен,
Безергенге ажал оғын сайлады.

Ала атымен құйындатып шауып кеп,
Өлер жердің қара түрік, осы деп,
Алты құлаш оқ садақты тартқанда,
Алмас оғы жүрегіне тиді деп.

Құламады сондадағы Безерген,
Мұндай батыр туған емес ежелден.
Көрұғылыдай талап ерді өлтіріп,
Ата-тонын олжа қылып кенелген.

Көрұғылы аттан жұлып алады,
Екі бүктеп тізесіне салады.
Жан берудің ақырғы ашуы,
Үйдей тасты айқайменен жарады.

Жүрегінде атқан оқ түр қадалып,
Сөз айтады қара батыр сазарып,
Сапабекті мен қолымнан өлтірдім,
Арманыңнан шық, сен де қанға қан алып.

Көрұғылы саған күшім келеді,
Өлтірсем де, маған тимес комегі.
Мен өлейін Көрұғылы сен тірі қал,
Өлтіргенмен дариға не өнеді.

Көрұғылы менен күшті емессің,
Алғашқыда сынайын деп егестім.
Сенеп баска жанның оғы өтпеуші еді,
Безергенді жығып кеттім демессің.

Мен өлсем де ішімде жок қайғы зар,
Дәл өзіндей артымда он бір інім бар.
Он үш жасқа жаңа толған бала едің,
Көрден шыққан жалғыз едің, тірі қал.

Осыны айтып Көрұғылыны босатты,
Жүректегі оқ тұла бойын мұздатты.
Достық қолын Көрұғылыға ұсынып,
Безерген ер келмес сапар жол тартты.

Безергеннің бетін таспен жабады,
Түріктерге жалғыз өзі шабады.
Райханның алтындаған сарайын,
Анасының басына әкеп салады.

Осылайша ертегіден сөз қапты,
Ел жырауы ел батырдан қозғапты.
Хан шахарын түгелімен көшіріп,
Шөгірлінің тауына әкеп орнатты.

Батыр болсаң, Көрұғылыдай батыр бол,
Жақын болсаң, Безергендей жақын бол.
Ер шекіспей бекіспейді қашанда,
Сол ерлерден кейінгіге қалған жол.

Анасына айтқан сертін ақтаған,
Ана үшін тиыш ұйықтап жатпаған.
Көрұғылының жауынгерлік өлеңін,
Шығыс халқы көз нұрындай сақтаған.

Сондықтан мен осы өлеңді жинадым,
Асыл сөзді жай тастауға қимадым.
Ертегіні сендер айтып жүруге,
Жас балалар еңбегімді силадым...

1968 жыл

АЛТЫН ЕЛІК

(Шығыс халық ертегісінің ізімен)

Шаң жүкпас тұяғындай арғымақтың,
Қызық қой ертегісі жырау қарттың.
Бір айтқан әңгімесі есімде әлі
Балалар сендер үшін қалам тарттым.

Болыпты баяғыда алтын елік,
Бітпеген аң мен құсқа ондай көрік.
Денесі сүліктен де сұлуырақ
Жібек жүн, алтын тұяқ тастай берік.

Ақ бауыр, керкұла ақ мойны ұзын,
Көзі шам, лағыл маржан тіс пен мұрын.
Адамзат жаралғалы дүниеге,
Мұндай аң көрген емес сірә бұрын.

Жүгірсе айшылықты алты басқан,
Адамша сөйлеп кетсе тілі дастан.
Жалғанда жан несі қиянатсыз,
Өсірген сылап-сипап жер мен аспан.

Шашырап тұяғынан нұрлы алтын,
Түнде де жарық қылар алды-артын.
Тамаша табиғаттың сипатымен,
Жайыпты ел ішінде қымбат даңқын.

Болыпты сол заманда Раджа бек,
Дәулетті, тәж-тағы өскен үдеп.
Дүниеге көзі тоймас қанағатсыз,
Жан екен семірген ол тек олжа жеп.

Естіпті елік жайын бек Раджа,
Жиһанты маңайына бай мен мырза.
Ұстауға сол елікті аттаныпты,
Мініп ап топтан озған жүйрік жорға.

Секіріп таудан тауға жүрген елік
Ойлап па келеді деп жаулар төніп.
Раджа көзі шыққыр қорқау қасқыр,
Бір тұстан байқап қапты оны көріп.

Жабыла бәрі ат қойды жас елікке,
Қамалап ұстаймыз деп көп желікпе.
Сартылдап найза-садақ келе жатыр,
Көз салса алтын елік төңірекке.

Жер жыртып калың орман койнауында,
Жүр еді өгіз жеккен жалғыз бала.
Елікті қашып келген көрді дағы
Қосына жасырып ол болды пана.

Ізімен жау еліктің қуып келіп,
Балаға суық Раджа тұрды тоніп.
Қылышын жарқылдатып нөкерлері,
Сұрады қайда десіп алтын елік.

-Әй, бала елікті көрсет жылдам,
Елікті жасырдың сен құдай ұрған.
-Жоқ тақсыр, көре алмадым ондай аңды,
Баламын жерді жыртып еңбек қылған.

Даурығып айғайлаған Раджы бектің,
Алдаумен басқа жаққа бұрды бетіп.
Шапқылап атой салып кетті көп жау,
Арасын шаңдақ қылып жер меп көктің.

Жазасыз момын елік шығып қостан,
Қараса лағып барад қуған дұшпан.
“Жақсылыққа-жақсылық мен де етермін,
Рахмет саған бала, мен ұмытпан”.

Көкшеде тау койнында мекенім бар,
Іздеп келсең зәруің бәрі болар.
Бұл орнымды еш жапға айта көрме,
Естіп қалса жендеттер мені құртар.

Елік кетті орғытып өз жөніне,
Раджы жүр сене алмай өз көзіне.
Ашуланып балаға тағы келді,
Расы ма білмейміз ермегі ме?

-Қу бала, алдадың сен бізді бекер,
Талай күн әуре болдық, енді жетер.
Жасырдың сен елікті, ал айтпасаң,
Мынау қылыш басынды бір-ақ кесер.

Мына қосқа ол елік кірген шығар,
Саған алтын айтпа деп берген шығар.
Сөзді доғар ордама тезірек кел,
Бала ажал төбеңнен төнген шығар.

Және он ділдә күн төлеу әкслесің,
Әкелмесең алтынды - тағы олесің.
Кедей бала керексіз саған алтын,
Алтын жесе дәл мендей жуан жесін.

Қала берді жас бала жыламсырап,
Адамы жоқ алатын арашалап.
Қорқа, қорқа, барды ол хан сарайына,
Өлтірсе де амал жоқ, көнді шыдап.

Раджы отыр тағында өгіздей боп,
Баста сәлде, тақия, үкілі шок.
Табан құшақ сакалы сарыкамыстай,
Қос әйел бар қасында басқа адам жоқ.

Әкел бермен алтынды ей қу бала,
Осы кезде баскесері келді және
Менде алтын жоқ я таксыр бере тұғын,
Қуә болсын ай менен күн тау мен дала.

Болмаса тауып әкел елігіңді,
Таппасан отқа жағам сендей сұмды.
Алдап кетсен шаптырам жендетіме,
Іздеушің жоқ жетімек бас құныңды.

Бір жексұрын шал сол жерде жетіп келіп:
“Бұл баламен рас дос алтын елік.
Егін салған орманның алқабында,
Менде жүрмін көзімен талай көріп”.

“О, қу бала, ендеше бар елікке,
Аңнан алтын әкелсең маған көп пе.
Бар басыңды кесермін дейді жендет,
Сойлесуге уақыт жоқ, сөз көбейтпе”.

Бала шықты сарайдан қайғыланып,
Қарсыласса қылыштан сый алары анық.
Соқасы мен өгізі қалды орманда,
Аң мен күс күзетті оны барып.

Бір жолбарыс баланы іздеп келіп,
Кел маған мін, боламын саған серік.
“Жаксылыққа-жаксылық жасамақпын,
Шығарып ең құдықтан қолыңды беріп”.

Аулап жүріп Раджы күс пен аңды,
Жолбарысты құдыққа құлатқан-ды.
Төрт баласы адасып жылағанда,
Осы бала асырап, уатқан-ды.

Жолбарысқа мініп ол жөнелгенде,
Жексұрын шал жасырын ерді бірге.
Бүкпалап баладан ол келе жатыр,
Еліктен алмақ ол да олжа бірге.

Бір тауға кеп жолбарыс қала берді,
Келе жатқан баланы піл де көрді.
“Жаксылыққа-жаксылық жасамақпын,
Кел маған мін, тек нұсқа барар жерді”.

Бұл пілді де Раджы атқан еді,
Жазасыз піл жүре алмай жатқан еді.
Садақ оғын тісімен жұлып алып,
Бала сонда пілден дос тапқан еді.

Бала келді еліктің мекеніне,
Алтын елік жатқан-ды төсегінде.
Не ішейін, не кейін демеді ол,
Сайрандап өскен таудың етегінде.

- Кел достым, кел егінші деді елік,
Балаға оттай ыстық қолын беріп.
Он алтын Раджыға сыйға тартсам,
Риза боп айтқаныңа жүрер еріп.

Егер де мен өзіңе керек болсам,
Қорықсан, қуғын көрсен, дала қонсаң,
Мінекей сыбызғыны әуелет сен,
Мен даяр қызметіңе әлдеқашан.

Бұл сөзді естіп қалған шал жексұрын,
Сарайға жан ұшырып тартты бұрын.
Бала да бөгелместен табыс етті,
Құн төлеу сұраған деп бектің пұлын.

Ал сонда Раджы бек ашуданды,
“Сен бала қимадың ба маған анды.
Басыңды отап шауып түсірейін,
Қиясың сол аң үшін өзің жанды”.

Сол сәтте жексұрын шал жүгіріп кеп,
-Дат тақсыр, балада бар бір керемет.
Балаға Елік берді саз сыбызғы
Тартқанда сыбызғыны елік келмек.

Баладан тартып алды сыбызғыны,
Тоймайтын дүниеге жер құзғыны.
Өңеші үзілгендей тартқан шақта.
Сарайдың алдында ойнап елік жүрді.

Баланы өлтірем деп тұрған кезде,
Қасиетті алтын елік келді сөзге:
“Я, тақсыр, босат мынау жас баланы,
Өзіңе бұл жалғанда керегі не?”

“Ойбай-ау, маған керек қап-қап алтын,
Алтынды жия беру менің салтым.
Егер сен тілегімді қабыл алсаң,
Дәл осы саған қояр менің шартым”.

Алтынды шашты елік төрт-бес рет,
Жабылды уәзірлері түйдек-түйдек.
Таласып жерге шашқан сары алтынға,
Күшейтті төбелесті бек пен жендет.

Козі тоймай алтынды уыстады,
Толды қалта, койын-қоныш қуыстары.
Бірін-бірі төпелеп, жұдырықтап,
Қызық болды-ау алысып-жұлысқаны.

“Әкел-әкел” дей берді бек Раджа,
Белуардан алтынға емес риза.
Кеудесінен келсе де аппақ алтын,
Айғайлайды әкел деп тағы да.

Алтын басты Раджаның бар денесін,
Ұрмай-соқпай жас бала алды өшін.
Салмағына алтынның түншыққан бек,
“Құтқарыңдар мені” деп созды өңешін.

Алтын басып өлтірді Раджаны,
Қанағатсыз жауға алтын бұйырмады.
Жексұрын шал, жендеттерден сырғып түсіп,
Жер қойнына бар алтын домалады.

Бала мен алтын елік кетті ойнап,
Егін сап, аң-құс аулап, орман бойлап.
Еңбек пен адалдықтың арқасында,
Ел болып өскен-өнген ұзақ тойлап.

Қызық-ау жырау қарттың ертегісі,
Орманның рас дейді аң мен құсы.
Балалар зорлық қандай, достық қандай,
Кім болды сол заманның бақыттысы?

1970 жыл

АҚ ЛАҚ ПЕН ҚАРАҚҰС

(өлең-ертегі)

Болыпты екі бала баяғыда
Сүйенген бір-бірінің саяғына.
Аңдыған осы екеуін тағы ашқарақ,
Жүріпті бір қарақұс маңайында.

Мекені қалың орман, тал мен қайың,
Көрсеткен өрең-мәрең күн мен айып,
Мал етіп жіберуге балаларды,
Қарақұс “дұға” оқыған әр күн сайын.

Кім білген қарақұстың дуакерін,
Құс емес мыстан кемпір киген кебін.
Ұл, қызды адам емес, мал ғып қойып,
Жемекші керегінде тауып ебін...

Ер бала аты Лиман торт-ақ жаста,
Жарымаған киер киім, ішер асқа.
Қорғайтын пәле-жәле қауіптерден,
Тәтесі Айман ғапа, кім бар басқа?

Дуа ғып көлді мыстан ылайлаған,
Қу түмсық қан ішуге құмарланған.
Төңкерген қара қазан секілді боп,
Төбеде жұма сайын шыр-р...айналған.

Айман қыз қорқып жүрер қара құстан,
Екенін қайдан білсін кемпір мыстан,
Інімді бүріп алып жеп қояр деп,
Залымды көрген сайын зәресі ұшқан.

Ау салып шағын көлге су сақтаған.
Балығын күн көзіне мол қақтаған.
Ерке өскен егіз қозы Айман, Лиман,
Айрылған жас шағында ата-анадан.

Тағы да бала батыр осы манда,
Қожадай қасиетті ну орманға.
Мінгені ақ арғымақ, қолда садақ,
Қорған боп жаны ашыған жан мен малға.

Береді баларға аң мен құсын,
Кім білсін бұл мырзалық немене үшін?
Әйтеуір туысындай желеп-жебер,
Дегендей сендер менің еншілесім.

Бір күні Лиман бала ойнап жүріп,
Көлге кеп қамыс тартып, сүйрік жұлып.
Бала ғой, ойнады ма, ерікті ме,
Су жұтты екі - үш рет бейкам тұрып.

Балаға зиянды су салды бүлік,
Жүруге манағыдай бермеді ерік.
Мыстанның дуакерлік айласымен,
Аппак лак бола қалды дүр сілкініп.

Лак сорлы зытып келді төтесіне,
Мал болып адамдықтың есесіне.
Жылап кеп Айман лақты сипап көрсе,
Қос мүйіз пайда бопты шекесіне.

Не пайда төккенменен көздің жасын,
Қимайды амалы жоқ бауырласын,
Мең-зең боп ауыр қайғы батып жанға,
Сөккендей сүм қаракүс қабырғасын.

Аппак лак сөйлемейді, маңырайды,
Ойнақтап үйдің маңын жағалайды.
Дариға, көршілердің балалары,
“Бұл жай лак...” адам ғой деп қарамайды.

Осыған намыстанған Айман сорлы,
Қыдырып ауыл-үйге бармас болды,
“Жалғанда нәзік жанды бауырым” деп,
Құшақтап аймалайды оңды-солды.

Бір күні Лиман-ақ лак ойнап кетіп,
Ойнақтап талай нудан кетті отіп,
Білмеймін ажалы ма, бейнеті ме,
Қаракүс тас төбеден келді жетіп.

Лып етіп, тік көтерді тырнағымен,
Тырнағы бүріп алған найзамен тең,
Ішінде қалың орман апаны бар,
Жан түгіл, мал қамаса сиғандай кең.

Қаракүс үйіне келіп кемпір болды,
Жүп-жуан бір айдаһар қасқыр өңді,
Бүкеңдеп жап-жас лақты аркандады,
Кешікпей жем болар ма, сәби сорлы?

Зар илеп Айман да жүр тауды кезіп,
Отырар заман қайда оған төзіп,
Қасқыр ма, қаракүс па лақты әкеткен,
Аяғы жетпес жерді оймен сезіп.

Жас қызға ұзақ жүру қандай ауыр,
Соғады бұршақ, жаңбыр, күйып дауыл.
Қабындай жүрегіңнің қоршап тұрған,
Қымбат қой өзіңменен туыс бауыр.

Кезді қыз “Лиманым!...” деп ойды-қырды,
Шарлады тауды-тасты, орман, күзды.
Күн жүрді, түн жүгірді әлсіреді,
Жеткенде бір алқапқа қыз жығылды.

Кірпігі қимылдамас, білмеді есін,
Қара тас басқандай боп жас денесін.
Туыстың жолы сондай қиын екен,
Басыңа түскенде-ақ сезінесің.

Дариға-ау батыр қайда арғымақты,
Есіне алмай жүр ме қос боздақты?
Осындай қысылғанда қол бермесе,
Не керек қор ғып оған батыр атты?

-Жоқ, жоқ, ол расында батыр жігіт,
“Қап!...” дейді, ұл мен қызды іздеп жүріп.
“Бөрі жоқ” деме-шығар бөрік астынан,-
дейді ол қандай дұшпан салды кұрық?”

Жас батыр арғымаққа басты қамшы,
Қыз үшін жанарынан ақты тамшы.
“Өкпесін қолына алып зыр жүгірген,-
бір қызды көрдік...” дейді аңшы, малшы.

Жас шөпті құшып Айман жығылыпты,
Батыр да көре сала аттан түсті.
Отырды алдына алып мың толғанып,
Болар ма ауыр қасірет бұдан күшті.

Ес кірді бір мезгілде Айман қызға,
Сіресіп жатыр еді ұқсап мұзға.
Ол кезде “дуа” ішкендер көп еді ғой,
Жығылған қайғылы орға жалғыз бұл ма?

Айманды үйіне алып жігіт кетті,
Лиман жоқ, жер жұтты ма, кім әкетті?
Көз жасын орамалмен сүртті дағы,
Жас батыр ұлды іздеуге бұрды бетті.

Құстар көп мекендеген мыстан үйін,
Күнде ойын, аң мен құсқа күнде жиын.
Ақ лақты ортаға алып ойнап жүріп,
Жабылып тістеп қиды арқан жібін.

Марка лак босады да тұра қашты,
Аралап шыбын-шіркей тау мен тасты.
Аңдыған ертелі-кеш мыстан кемпір,
Сол сәтте ұйықтап қалып қара басты.

Түткын лак зырлап қашты, әлдеқайда,
Ойысты таудан-тауға, сайдан сайға.
Жарысып қарлығаштар келе жатыр,
Достары жан ашитын азғантай ма?

Бір кезде батыр бала көрді мұны,
Аппақ лак, алды-арты күс, ығы-жығы.
“Көтеріп ал” дегендей еңкейді аты,
Дос еді балаға да ақ дүлділі.

Сол шақта дәл төбеге келді мыстан,
Қарақүс жалп-жалп етіп аспанда ұшқан.
Сайраған сандуғаштай жас перзентті,
Лак қылып маңыратқан осы дұшпан.

Батырға қимылдарлық келді кезек,
Кім тұрмақ қайратты ерді жолдан бөген.
Кезеңіп қарақүске тартты садақ
Отты оғы кете барды қағып безек.

Жалп етіп қара мыстан жерге түсті,
Өзімен бірге дуа көккесі ұшты,
Ақ лак бір сілкініп бала болды,
Дуадан садақ оғы болды күшті.

1970 жыл



ҚОШАН ҚАРТТЫҢ ӘНГІМЕСІ

Жолаушы Сарыарқаға шықтық заулап,
Қарсы алды егін, шапқы өскен қаулап.
Бәрі де қыздайқарап тұр поездға,
Қөз салды көкпен талас Көкшетау дақ.

Сарыарқа, Сары теңіз, Көкше арал,
Ойнаған бауырында бұғы, марал.
Жамылған жасыл таулар орман, гүлді,
Даланың жасауындай береді ажар.

Көкшетау күнді сүйіп, ай тіреген,
Бурабай көл аруы – мөлдіреген.
Сұлудың шолпы таққан тұлымындай,
Қарағай, қайың кірсіз жасыл берен.

Рельсті солқылдатқан поезда екпін,
Дегендей әп тауына жаңа жеттің.
Өткенін жырлағандай кербез таудың,
Зымыраған доңғалағы ұзын көштің.

Сүйенген диуанадай таяғына,
«Оқ жетпес» тұрған сарнап баяғыда.
Түгі жоқ төбесінде құйын ойпап,
Бауырын борсық жайлап аяды ма?

Ол күнде корген адам Бурабайды,
Бұл күнде араласа, танымайды.
Жаңа өмір, жаңа тұрмыс нұр сәулетін,
Жалғанның жәннаты деп бағалайды.

Тұман, бұлт қонып Көкше аралына,
Таң ата будақ-будақ тарады да.
Орнады аққу, қаздай шомылуға,
Аспанның көк сырлы, кең табағына.

Аралдың батырындай шың – «Оқжетпес»,
Күзетіп тұр аймағын көзі ілікпес.
Киінген торғауытты жіксіз көк тас,
Найзағай оқ жаудырса, бір мыңқ етпес.

Кей кезде шөгіп жатыр тұман мен бұлт,
Тұрмайды ол қусаң-дағы басқа ұрып.
Көкшенің бір тал мұртын бұра алмайды,
Есрафил сүрін үрсе, дауыл тұрып.

Аңғары – аңға қоныс найза қия,
Бөлектеу шатқалды күз қыранға ұя.
Жебелеп жүрегінді тербетеді,
«Тас қазан», «Қабан құлак», «Ақбас бура».

Бәрінің ортасында тұр Бурабай,
Құмартқан құшақтауға сұлуындай.
Келеді құлағына толқып үні,
Сол қыздың «сүйдім» деген жан сырындай.

Кейде көл жуар сипап таудың шашын,
Кейде көл жуар шыңның қабырғасын.
Ұмытып өзге өмір мен дүниені,
Кетесің тамашалап күз арасын.

Орда орны алаш ханы Абылайдың,
Сұсты хап, көзі отындай найзағайдың.
Үңгірі Кене ханның суық көрдей,
Көргенде еске түсер ескі кайғың.

Суылдап поезд асты Бурабайдан,
Нұр алған күндіз күннеп, түнде айдан.
Иісі сапырылған сары қымыздың,
Мұрынды жарып кірді әлдеқайдан.

Қосылды бізге жомарт жолаушылар,
Курортта болған қарт пен жігіт, қыздар.
Демалған егіншілер, шопан, шахтер,
Атақты халық ақыны Қошан да бар.

- Ал, қария, демалыспыз Бурабайда,
Бөлепті сізді мұнда қымыз, майға.
Деймін де Қошекеңнен өтінсін,
Шертуге жақсы әңгіме осындайда.

Қостайды мені қарттар қасындағы,
Алшита киіп бөркін басындағы.
Серісі арқа елінің ақын Қошан,
Жасарған жнырмасыншы ғасырдағы.

Алпысты аттап өткен кәрі шопан,
Домбырашы, сөз зергері ақын Қошан.
Коз тікті, мұнарланған Көкшетауға,
Отырдық «Не айтады?...» деп алқа-қотан.

Қолында сырласқандай домбырасы,
Келе ме домбырасыз ән нақышы.
Кенеттен жүректерді күй боп тербеп,
Жөнелді күмбір қағып шалдың даусы.

Десендер «жолаушыға жол қысқарсын»,
Ертегі айтып берсін жырау қартың.
«Әңгімең – ала тұяқ» деп күйдірме,
Тындаушым, айтпас бұрын қояр шартым.

Демалып бір жасымда Бурабайда,
Көп екен ертегі – аңыз бұл маңайда.
«Оқжетпес» өркешінде ертегі айтып,
Біз болдық кездескендей Абылайға.

Абылай билеп арқа сахарасын,
Өрлеткен ұзақ жылдар өрге тасын.
Келгенде хан алдына жер, су сұрап,
Көрші елдің дарға асқан көрі-жасын.

Ордалы ел орта жүзде Абылай хан,
Аюдай ақырғанда жұрт шошыпған.
Болыпты жүз батыры, бірі Бұлан,
Айламен көзге түскен кіл тосыннан.

Жер үшін қазақ, қалмақ араз болған,
Жолына орлар қазып, соққан қорған.
Садақтар сағасынан қанға бөгіп,
Оқ тескен қалқан құрап, сауыт тозған.

От жанып айбалтадан, қормасақтан,
Ер-тоқым алынбаған тұлпар аттан.
Қазақтың кең даласын қорғап ерлер,
Дұшпанның жерін шаң қып бүркыратқан.

Бір жер бар Сарыарқада «Қалмақ қырған»,
Баянның тауларына жақын тұрған.
Айшала Керегетас киіз үйдей,
Құстар әрең өтер биік шыннан.

Жалғыз жол, жалғыз есік бұл камалда,
Шынар тас асу бермес бір де адамға.
Қалмақтар бір соғыста кіріп бұған,
Қазақты жолатпаған мүлде маңға.

Көп қазақ белдеулене тұрған аңдып,
Қалмақтар өлтіріпті түссе қарғып.
Өткенде үш ай – тоқсан ассыз шөлде,
Қарауыл құлап өлген тұрған қалғып.

Қалмақтың қол басшысы батыр Қорай,
Егесте тізе бұғу бола ма оңай.
«Жер үшін қырғын тапты талай ер» деп,
Айтады Керегетас жөнің солай.

Тағы да Сарыарқада көп «Сарыоба»,
Қазак пен қалмақтардың сүйегі ол да.
Соғыста тау төбе қып көме салған,
Тоқтай ма жаугершілік оған бола.

Жасынан канға құмар жат мінезбен,
Үнемі тояттауға жау іздеген.
Түсіріп шаңырағын оргасына,
Сұлуын, малын талап алып келген.

Батыры Абылайдың Бұлан еді,
Дау десе, жанжал десе құмар еді.
Шықканда жекпе-жекке жұлып алып,
Айламен алысқанын жығар еді.

Жау шапқан жас арыстан Абылайлап,
Алмаспен суарылған найза сайлап.
Қанды көз жауын көрсе, от боп жанған,
Жынданған бурадай боп тісін қайрап.

Көп қолға жүрексінбей сеніп кірген,
Бөрідей қойға тиген бөріктірген.
Найзасын алды-артына бірдей сілтеп,
Талайдың ішек-қарнын сүйреткізген.

Жаңбырдай жаудырады садақ оғын,
Бұзады бұрын барып жайдың торын.
Барса да күншығысқа, күнбатысқа,
Бөгеген жан болмапты оның жолын.

Батырдың қара аюдай түсі суық,
Маңына момын адам келмес жуық.
Қаңтардай қаһарымен караса егер,
Кісінің тастағандай тілін буып.

Салты бар әрі аңғал, әрі ызғар,
Құрбыға сөзі дауыл, үні мұз-қар.
Білмейсің қас екенін, дос екенін,
Сезбейсің бойында оның нендей сыр бар.

Ат мінсе, аң деп шығар қара бұлттай,
Ашады оразасын қанды ұрттай.
Көресің қағысқанды қанжығада,
Тоқталмас қарсыласқан жанды құртпай.

Ел шауып Абылайды асыраған,
Таланған – ауыл, қала қансыраған.
Шөлдесе, сусыны оның адам қаны,
Қасқырдай қан ішпесе, аңсыраған.

Жылаған бала уаңған дыбысынан,
Тұлғасы дәудей мықты – арыс тұрған,
Жұмсайды «барса келмес» жорықтарға,
Абылай – қол бастаған алып қыран.

Ел шауып Шыңғыс ханды еліктеген,
Жылы жоқ жарактанып желікпеген.
Ордаға орыс халқын жауға санап,
Баласы алты алаштың серік деген.

Қазандай қайнар қаны «соғыс» десе,
Хан қолдап, не сойқанды ол істесе.
Қатардап асып ханға жағынуға,
Лаулаған отқа кірген әлденеше.

Сүйінген ерлігіне Абылай хан,
Сондықтан артық көрген басқалардан.
Жорыққа бармай қалса бір себеппен,
Ханға да болды қайғы асқан арман.

Қалмақ пен казак ұзақ ерегiскен,
Кездесе жеке-жеке төбелескен.
Таласып Сарыарқаға айлар-жылдар,
Соғысып бір-бірінің қанын ішкен.

Қалмақтың сұлу қызы Сана еді,
Сұм тағдыр басқа сласа, бар ма емі?
Қалмактан бір соғыста жеңіліп қап,
Сананы хан батырға сыйлап еді.

Жас қызды алды батыр не сырменеп,
Бар ма әлде жастық дәме қызыл гүлден.
Болмаса, ата салты күн ете ме,
Әйтеуір мінгестіріп алып келген.

Білмеймін бек кызыма, хан қызы ма,
Ұқсайды көктің шолпан жұлдызына.
Қанбақтай дауыл айдап сайға тыққан,
Әлде бір жарлы жанның жалғызы ма.

Жасы бар он алтыда - ажары айдай,
Бетінің қызылы алма, ағы таңдай.
Барқыт шаш, акқу мойын, уыз білек,
Ақ еті сопардағы ұлша қардай.

Сөйлесе тілі балдай ерке қыздың,
Күлкісі күлдіреді көк жұлдызын.
Жыласа жердің бетін түн басады,
Боласың естігендей көрден мұнды ұн,

Тұзақта тұтқын болған қыз жас өрім,
Ылайық таңдауға елдің батыр, бегін.
Қырдағы құба төбел қыздар түгіл,
Жүз қызға «махшардағы» бермес едім.

Дариға, Сана қызда жоқ-ай пұксан,
Десең де: «баяғы ол ата дұшпан».
Шорт кесіп қос бұрымын құрым байлап,
Мазақтап «күң қылмақ» деп жерге тыққан.

Долы қыз шу дегенде бағынбаған,
Жоғалып екі күндей табылмаған.
Ат-жөнін көрдей қысып сұраса да,
Тіл қатып сырын шешіп жарылмаған.

Жасаған болды ма онда жастарда ерік,
Шықпаған арашашы қызға серік.
«Бос жүрсе қалмағына қашады» деп,
Сіріде алты ай тұрған қатып-семіп.

Бұланға деген сұлу жалынбаймын,
Қорласаң дауыл күнгі жалындаймын.
«Жібекті ұстай алмай, жүн еткенге,
Сынаптай сырғып кетсем, табылмаймын».

Бір жанмын ерге серік, күң деме сен,
Далаға жұпар шашқан гүл боп өсем.
Қалайша уысында тұра аламып,
Сен мені өзіңменен бір демесең.

Батырдың кірін жуып, күлін төгіп,
Мал сауып, күрт қайнатып, өрмек өріп.
Жүдеді Сана ару күннен-күнге,
Тіледі бір күдайдан өзіне ерік.

Бұланның інісі бар Қыран атты,
Жас жігіт майда мінез, инабатты.
«Ағасы секілді емес» – дейтұғын жұрт,
Санаға жылы шырай махаббатты.

Нұр жүзі жас Қыранның шыққан күндей,
Әр сөзі бақшадағы қызыл гүлдей.
Күлшелі жас баладай ауыл үйге,
Жүре алмас змандаспен ойнап-күлмей.

Қобызшы, домбырашы, өзі әнші,
Әрі ерке ауылына, әрі малшы.
Қүспегі, мерген, сыншы, қайырымды,
Ол күнгі жастан мұндай тауып алшы.

«Корғұлы», «Қорқыт» күйін аңыратқан,
Аунатып «Бозайғырды» азынатқан.
«Ботасыз боз інгеннің» күйін тартып,
Боздатып, бұршақтатып, жамыратқан.

Болмаған күрескенде теңдесі де,
Атанған «түйе балуан» он бесінде.
Ақ құба, бүркіт кабак, марал көзді,
Сүмбідей мін жоқ екен келбетінде.

Топ-толық жауырынды, қыр мұрынды,
Бір сырлы, ақ жарқын жас сегіз қырлы.
Құдайдың ұлы Ғайса пайғамбардай,
Қаскиған ақ маңдайлы күндей нұрлы.

Әр сөзі тал жібектей, мінез қандай,
Ақ жүрек қараңғыда жаққан шамдай.
«Шіркін-ай, менін жарым болар ма еді» деп,
Көрген қыз тұрады екен көзін алмай.

Балға мен Балғын оның ата-анасы,
Алпыс пен жетпіс беске келген жасы.
Әйтеуір елден озбас, көштен қалмас,
Бүркіттей «сары шолақ» шаруасы.

Жүреді Бұлан батыр жорық жолда,
Жияды тартып-шауып жүйрік жорға.
Бұл малдар ысқырса жау, соқса желге,
Кетеді, тұрған емес үнемі қолда.

Бірі қыз, бірі жігіт Сана, Қыран,
Бұланның алдында олар бүккан қоян.
Қалтарыс, оқыс келсе Бұлан ылғи:
- Қарама, қалмақ қызы көзіңді оям.

Деп зекіп ұрысады сұлу қызға,
Бұланның жүрегі отсыз, тас па, мұз ба,
Болмаса сынамаққа айта ма екен,
Мұны ойлап Сана сұлу терең мұңға.

Болмаса Абылайдан бата алмайма,
Қас батыр кейде емен боп қасармай ма?
“Ер Бұлан күңіне қол созбас” деген,
Қаңқу мен өсек сөзден аса алмай ма?

Әйтеуір Бұлан сыры қызға жұмбақ,
Тіл қатпай жігіт қалай тағат қылмақ.
Кіретін құшағына Сана да жоқ,
Өзін де, жүрегін де жүрттан ұрлап.

Жас Қыран кірсіз таза, алтын кесек,
Санаға туысымен бірге есеп.
Қыздырар қызық шақ та келді міне,
Жүретін жан жүрегін отқа көсеп.

Бөгде адам үрлемей-ақ жанған баста,
Оты бар махаббаттың екі жаста.
Кірмейді екеуінің құлағына,
Деген сөз: “ұлты басқа, діні басқа”.

Тамшыдан басталған ой өзендей боп,
Орманды кесіп өткен кезеңдей боп.
Орныға берді Қыран ақылына,
Үшқыннан өртке айналған сезілмей от.

Кемпір-шал ортасында осы екі гүл,
Өткізді бастарынан тағы бір жыл.
Он жеті, он сегізге жасы жетіп,
Жияды Сана, Қыран жасырын сыр.

Көзіне көзі түссе, екі жастың,
Кереді жүректерін оттай тасқын.
Айтуға ойлаганын тіл бармайды,
Дегендей көңіл кілтін өзі ашсын.

Бір-бірін ойлай қалса болады мас,
Секілді егіз бота – құрбы-құрдас.
Жалғыз-ақ қарақаттай көзде жазу,
Деп тұрар: жұмбақ кілтін сен бұрын аш”.

Отырған мезгіл еді ел жайлауды,
Қой қырды, түйе сорда, бие бауда,
Ән салып аққу-қаздар қолді айналған,
Сұраған құсбегіден қыздар сауға.

Боз үйі алты қанат Балға шалдың,
Ұқсамас ордасына малшылардың.
Қонаққа бәйбішенің қолы да ашық,
Демейді “мынау қыпшақ, мынау арғын”.

Көшкенде қазақ арба қарттың көші,
Жүйрік ат, бүркіт, тазы – артық досы.
Қолынан бәйбішенің кеткен емес,
Ыс шалған қара торсық қалпында осы.

Көркейткен сырлы тұғыр босағаны,
Тұғырда қара бүркіт томағалы.
Шыға алмай шығыршықты шуда баудан,
Қыранға абақтыдай болды жазы.

Бір күні...ұшып келді қос қарлығаш,
Жинады шаңыраққа балшық, қыл, шаш.
Ілезде жасады да жаңа ұяны,
Екеуі осы ұяда қосады бас.

Санаға деді Қыран:- Көрмеісің,
Айтқалы тұрғанымды сеземісің.
Құс-тағы құшақтасып өмір кешпек,
Жасаған жарастырып өрен ісін.

Қыз:

-Қыран-ау, не айтпак едің, құсты нұсқап,
Қиын ғой жұмбақ сөзді тіпті де ұқпақ.
Басынан тұман кетпес сорлы жаппан,
Деп не едің серік болар күшті шықпақ.

Жігіт:

-Қарлығаш құрлы бар ғой бізде қанат,
Жаркыным, жүрме мені жатқа санап.
Өнімде, түсімде де көрерім сен,
Түлкідей айналамды ой жүрер қамап.

Түсімде қызыл шолақ түлкі қуам,
Шаншылса бүріп жатпас бала қыран.
Айырап араларын бір ителгі,
Жорысам не айтар едің, Сана, бұған?

Қыз:

-Сен қуған қызыл түлкі мен емес пе,
Бүре алмай жүрген қыран сен емес пе.
Ителгі – Бұлан батыр айыратын,
Жорысам деп осылай жон емес пе?

Қос қозы ойға ортақ, балдан тәтті,
Осылай бастады ыстық махаббатты.
Көрмесе бірін-бірі тұра алмайды,
Түн болса көздерінен ұйқы қашты.

Қос жүрек күннен-күнге жақындасты,
Қашанғы тере берсін уларды ашы.
“Қыз үйде, қылығы оның түзде” деген,
Таласып алтын сандық кілтін ашты.

Күккіреп күз де өтті, қыс та өтті,
Күн балқып, ай да қалқып, жыл да жетті.
Тағы да қос қарлығаш ұя салып,
Өсіріп балапанын ұшып кетті.

Кепілі махаббаттың қарлығашты,
Көрген қыз, жігіттің де ойы ұласты.

Бір күні Бұлан жоқта Қыран берен,
Көлге кеп аққу, қаз бен үйрек атты.

Кім білсін соры ма әлде ырысы ма,
Жаралы жанға әлде тынысы ма.
Сана да қос шелекпен келді көлге,
Сыйғызып сырын отты уысына.

-“Аң басы жуық, байла” – деді Сана,
Назданып, қасын керіп, көзін сала.
-“Байланған”. Қыран тілі әрең келді,
“Сүйіс” деп қалың қамыс болды пана.

Мөлдір көз бір-біріне қадалғанда,
Ыстық қан пәк денеге таралғанда.
“Мен сені сүйем, жаным, сүйем мен де”,
Деген сөз бір тұйыққа қамалғанда.

Айқасты қызыл шоқтай екі құшақ,
Жайқалып, тұрған жасыл құраққа ұксап.
Жүк болған жас өмірге темірдей ой,
Тілге тіл қадалмаса, қалай шықпақ.

Білмеді қанша мезгіл өткендігін,
Әуілдек құттықтады ұл мен қызын.
Көңіл мас, көз жұмулы қос ғашық жар,
Күн бата әрең ашты құшақ жігін.

Қыз:

-Аз күліп жүруші едім, ұзақ өксіп,
Ексеуіміз жастыққа еріп, арды төктік.
Бар еді анама айтқан ант-уәдем,
Жаңылдым, мен істедім жеңілтектік.

Құшақтап махаббаттың қуыршағын,
Өтіпті шапқан аттай қыс пен жазым.
Жүргенде “қыл көпірде” күң қыз болып,
Қыран-ау, неге мені аямадың?

Кездесу екеуімізде бұл бір емес,
Тұрса да алдымызда биік белес.
Жанымыз жанымызға қосылса да,
Сенбеймін, секілді бір түстегі елес.

Байқасам алдымды ойлап, жүрек күпті,
Жағамнан жасырғаным бүгін шықты.
Жаратқан жанымызға амалым не,
Сеземін, затым әйел, болдым жүкті.

Мұны айтып қыз көзінен төкті жасын,
Қыранның тізесіне қойып басын.
Ақ беті жүз құбылып отыр Қыран,
Сананың алақанымен сипап шашын.

Жігіт:

-Санажан, ант-уәдең немене еді?
Көз жасың жүрегіме болды жегі.
Өрлікпен обалыңа қалған басым,
Мә садақ, қазір атып өлтір мені.

Қыз:

-Анам түр көз алдымда, аты Берен,
Әйел де болса елімде батыр ерен.
“Бөбекжан, тірі жүсең бір жолықпай,
Ер бетін ебелектеп корме” деген.

Анамның қолын ұстап “келем” – дегем,
“Келмесем құдай ұрсын өлем”, - дегем.
Аттадым анама айтқан ар-намысты,
Адамдық не қасиет қалды менен.

Мен бұздым келем деген уәдемі,
Көбелек болдым, Қыран, оттың жеңді.
Анама жете алмадым, атып таста,
Алайып өз алдында соңғы демді.

Не құтқар мені ауыр қасіреттен,
Не өлтір, шыға алмадым айтқан серттен.
Өзің ал таңдағаның екі жолдың,
Бұл жерден оллаһи мен тірі кетпен...

Жігіт:

-Сапажан, қызғанамып өміріңді,
“Өлтір” деу жаралайды көңілімді.
Ант айтқан анаңа өзім алып барам,
Етпеймін бұл өмірде сені мұңлы.

Қыз:

-Қыран-ау, осы сөзді сенен күткем,
Сырымды іште жатқан сірә бүкпен.
Сүйгенің ырас болса, тез кетелік,
Бұланға тұра алмаймын жүн ғып түткен.

Бұланның болған емес ынтымағы,
Ол мұны естісе егер құтырады.
Ол жақын бассалуға аш борідей,
Қан ішпей таркамайды бір құмары.

Естісе ол сөзсіз жазым етер бізді,
Сеземін андып жүрер кеткен ізді.
Қалмақ та көшін-қонған ел емес пе,
Бара алсақ, қамқорға алар екеумізді.

Қазаққа сұдай сіңген қалмақ аз ба,
Рас кем бірі малға, бірі жанға.
Қазақ не, қалмағы не, бәрі де адам,
Тек батыр адам боп өс, кейін қалма.

Жігіт:

-Жарайды, түйдім белге жалғыз жанды,
Өлімге қиған ер жоқ ғашық жарды.
Амал не, бір сен үшін қалмаққа өтем,
Аттаймын Абылай салған жолды қанды.

Дегенде Сапа лебі күйіреді,
Бал тілдеп тағы-тағы сүйгізеді.
Шыны ма, сиқыры ма, жалынды сөз,
Қыранның ақыл-ойын тілгіледі.

-Сенімсіз жүрек бірге, бірге өлемін,
Тамұққа жұмсаған да мен көнемін.
Қауіпті екеумізге Бұлан болса,
Былайша ұйғарамын жолдың жөнін:

Ертістің бергі беті туыс-уақ,
Нағашым би Шоға қылған тұрақ,
Торғайдай төте барып паналасақ,
Жағуға отқа қолдан тұрмас шыдап.

Ал Бұлан нағашымды ренжіткен,
Зорлықпен тұлпарларын алып кеткен.
Соңынан қуып келген бір баласы,
Таяқ жеп атсыз, тонсыз жаяу кеткен.

Санажан, сақ болуды ал есіне,
Жарасам “күйеу” деген “кәдесіне”.
Барармыз содан кейін ел-жұртына,
Жиенін сүйгізерміз әжесіне.

Бұлан да мосқалданар елдің ері,
Басылар қазақ, қалмақ ашу-кегі.
“Қалмақтың қызын қазақ алды” деген,
Тек қалар ел аузында бір ертегі.

Жазғы күн асыққанға ұзақ екен,
Күн емес батпаған соң тұзақ екен.
Жалтақтап жан-жағына келді Сана,
“Я, алла, аттансақ” деп аман-есен.

Қотанға қой да кірді, жылқы да өрді,
Гүлдеп кәрі атанға маса төнді.
Ағытып інгендерін кемпір-шалдар,
Көнек пен ноктаны ұстап үйге де енді.

Әуілдек әуілдейді, қол жаңғыртып,
Жіберген бытпылдақты кім қаңғыртып.
Айдынға қаз-үйректер қонып жатыр,
Төркініне оралған қыздай сынсып.

Ұялып қарамайтын күн көзіне,
Жұлдыздар жымың қакты күмбезінде.
Ұшады жер ошақтан ашы түтін,
Кім білсін, күрт қайнатқан күл ма, күң бе.

Әкелді екі жүйрік Қыран барып,
Ерттеді күміс тұрмап, әбзел тағып.
“Жасаған, жар бол” десіп аттаңды ұл, қыз,
Ғашықты бөгей ме алда тұрса от жанып.

Алғаны жеңіл ғана қару-жарақ,
Көк пайза күмістеген әсем садақ.
Сенеді қуатына Қыран, Сапа,
Бой бермес он жігітке тұрса қамап.

Жасынан құсқа қойған ықыласын,
Серігі алып шыққан көк ылашын.
Қимады тұғырында қалдыруға,
Досым деп қаз, дуадақ сыпыратын.

Қысқа ғой “сүт пісірім” жаздың таңы,
Бірі үріп, бірі ұлып ит ұйықтамады.
Қалмаймыз біз де сенеп дегендей-ақ,
Сілікініп ере шықты екі тазы.

Түн тымық білінбейді, күйын, дауыл,
Ақ отау, боз үйлерде ұйқтады ауыл.
Ауылына Қыран бала қарай берді,
Боздаққа елден кету қандай ауыр.

Қия алмай алтын бесік Сарыарқасын,
Аялап өсірген жер марқасын.
-Хош, елім, хош, жерім, - деп күрсінеді.
Жас Қыран домалатып көзден жасын.

Хош бол, хош, ақ өзенім – Обағаным,
Бұл менің саған соңғы қарағаным.
Тайында терлік салып үйретіп ем,
Аман өс, болат тұяқ, кара жалым.

Жалынға күйдім жастық отындағы,
Көңіліме мына заман қосылмады.
Қу тентек атанғанша сөзуарға,
Құлайын келсе ажалдың тосып жары.

Қар басып түсіруге бір жаңа із,
Жан қорғап барар жол жоқ, шатқал, шын, күз.
Қосылған қазақ, қалмақ шаригатқа,
Өшпейтін таңба салған болады ұл, қыз.

Туған жер, өскен өлкем, мені сөкпе,
Бір қызға бас иді деп айғпа өкпе.
Әр қашан мен сендермен болам бірге,
Тек ғашық жүрек қана ұшқан шетке.

Мөлтендеп Қыран атқа басты қамшы,
Далада домалады бұршақ тамшы.
Сана мен Қыран жедел жүре берсін,
Білейік не болды екен істің арты?

* * *

Сол күні Бұлан келді жолаушылап,
Қыран мен Сана жоқ білсе сұрап.
Жылысып кеткендерді сезген батыр,
Шықпай ма қысқа таңға әрең шыдап.

Көдеден торғай тұра жүгірді осек,
Қаркылдап ала қарға, бақырды есек.
“Қосылып қыз беп жігіт аттанды” деп,
Алыста сұңқылдады байғыз, көкек.

Жөнелді Бұлан қуып құстай ұшып,
Көрсетті кеткен жөнін сол түнгі шық.
“Майбалық”, “Менгесер” мен көк Есілден,
Әрі асты жынды бура ашу қысып.

“Жетсем...” деп екіленіп тебінеді,
Қасқырдай қозы қуған еліреді,
Үйренген жауға шауып қара тұлпар,
Судай боп жерге тері төгіледі.

Жапаңда жүрген дәудей жалғыз өзі,
Сартылдап шауып келед көк жал бөрі.
Қалғанда түстік жол-ақ қара Ертіске,
Алыстан қос нокатты шалды көзі.

Ауыл да алыс емес көрінеді,
Ақ үйлер сағымға да өріледі.

Сол келе Қырандардың төбесіне,
Қазандай бір қара бұлт төніп еді.

Қара бұлт күркіреді, сатырлады,
Жаркылдай найзағай да басылмады.
Шалынды екі жастың құлағына,
“Тоқта” деп әлде кімнің ақырғаны.

-“Ах,өлдік” – деді Сана бір жалт қарап,
Бөгеді алды-артынан ажал қамап.
-Қыранжан, тұрамыз ба, қашамыз ба,
Болмаса тартамыз ба отты садақ?

-Ау,Сана, әр адамға ажал біреу,
Өмірге мәңгілік жоқ ешбір тіреу.
Біз өлсек атымызды ел ұмытпас,
Ұят қой туыс жанға садақ білеу.

Қара атқа қамшы қолдi екі жақтап,
Мінетін тұлпар еді жауға баптап.
Созылған “Жолды өзектің” жотасында,
Жастарды қуып жетті садақ саптап.

Тоқтады Сана, Қыран қырын қарап,
Бір тілге келер деген ерге балап.
Шіреніп ат үстінен жауыз Бұлан,
Әуелі Санаға арнап тартты садақ.

Атынан үкiдей боп ұшты Сана,
Кіндігін қолмен басып түсті Сана.
Қыбырлап қызыл ерні қарғыс айтып,
Құлашын жая жерді күшты Сана.

Аспанға жүзін сұғу қадады да,
Ұқсамай өлгенге де жаралыға.
Қарынын алақанымен сипай берді,
Сәбиін іштегі әлде аяды ма.

Түр еді Қыран қызға тура қарап,
Көзінің оғыменен нұрын қадап.
Жалғанның жалмауызы арсыз Бұлан.
Тағы да інісіне тартты садақ.

Үстіне жан-жарының Қыран құлап,
Құшақтап періштесін жатты сұлап.
Айқасты ақ өліммен екі жүрек,
Сырылдап қос денеден қызыл бұлақ.

Тұлпарын екеуінің бауыздады,
Аздай-ақ адам қапын ағызғаны.

Лашын шыр етті де, шықты аспанға,
Өзекке жасырынды екі тазы.

Күн сөніп, ай тұтылып, дүние мұңды,
Қайғыдан дем ала алмай іштен тынды.
Өмірмен қоштасқанда алтын жүздер,
Өлімнің өзі аяды ұл мен қызды.

Зәмзәмдей таза қаны жылжып ақты,
Мәңгіге жұмды гауһар шамшырақты.
Соғуын ыстық жүрек тоқтатты да,
Күнменен бірге батып, иек қакты.

Айқасып жатты ақ білек ақ білекке,
Туғандай “кемпіркосак” аспан көкке.
Тек қана қалың кабак түйілгендей,
Лағанат қарғыс айтып тас жүрекке.

Бұл кезде кеше екеуі тірі еді,
Сүйісіп, құшақтасып күліп еді.
Өсірткен, өшірген де бір тәулікте,
Сұм тағдыр, не деген тым зұлым еді.

Сәл ғана көзін ашып Қыран бала,
Дегендей болды ақырын Бұлан аға.
Неге аттың бауырынды бірге туған,
Не айтады естіген ел, ата-ана?

Дегендей болды ағатай, жазағым не,
Қададың неге оғынды жаз күніме,
Анадап бірге туған егіз едік,
Жоқ па еді оқтан басқа жаза ініне.

Дегендей болды жоқ қой қиянатым,
Оқпенен аластадың адам атын.
Мен сені сыйладым да оқ атпадым,
Бар ма еді бізді өлтірер кешпес хақын?

Дегендей болды аға, келші жақын,
Бар еді туыскандық іні хақым.
Бетінді жақындатшы, бір сүйейін,
Қимаймын, сен қисаң да туыс атын.

Бұл – ойы Сапаның тек әлсіреген,
Жылылық Қыранда жоқ келші деген.
Жазықсыз жансыз жатқан қос періште,
Бұланға бас игізді болса да емен.

Күрт сынды, Бұлап түсті аттап құлап,
Ес-түсін білмей жылап жатты ұзақ.

Ауғанда түн орғасы күніренді,
Бауырға тас болса да тұрмас шыдап.

Қыранды қара түнде алдына алып,
Боздады көзден ыстық қаны тамып.
Иіскейді інісінің маңдайынан,
Өкініп, бармақ шайнап, жылап-налып.

-Мен залым кімді аттым, кімді өлтірдім,
Күзғын боп қай балапан басын жүлдым,
Арсылдап қара қасқыр келе жатса,
Алдында, жан бауырым, неге тұрдың?

Жымиып шу дегенде неге күлдің,
Есіне түсті ме әлде күрдас-күрбың.
Қырандай түлкі көрген аспандағы,
Соңынан неге ұштын қалмақ қыздың?

Мен-бөрі өз күшігін өзі жеген,
Бауырып атқан адам көрген емен.
“Жолдыөзек” – қанды өзектің қырқасында,
Ой бар ма “атам” деген, “өлем” деген.

“Жолдыөзек”, қапды өзек, қараңғы өзек,
Мінекей, жұттың екі адамды, өзек.
Қарғайды сүттен таза қалың шатқал,
“Лағанат Бұлан” деп тұр жер менен көк.

Адастым. Енді өмірдің керегі не,
Шарт етіп сағасынан сынды жебе.
Куә бол, меніреу түн, торлаған бұлт,
Бұлан да ұзақ жасап жүрер деме.

Жібермес, жібермес-ау бұл қан мені,
Тірі жүрсем атанармын жынды бөрі.
Мен өлсем көп адамның өркені өсіп,
Қарғасын лағнат айтып қазақ елі.

Сарғайып Сарыарқада таң да атты,
Жеңілдеп қос ғашықтың бетін жапты.
Боялған қызыл қанға зұлым Бұлан,
Кешегі ізіменен қайта тартты.

Лашын қалды аспанда айналсоқтап,
Иесін іздегендей зарлап тақ-тақ.
Мәйітін жас өліктің шыр айналып,
Ұлыды екі тазы екі жақтап.

Бұркырап қала берді топырақ, шаң,
Бұланнан үрікті ықтап құс пенен аң.

Көзіне жан-жәндіктің көрінгендей,
Бейне бір далада ұшқан қара жылан.

Алдымен келді ұры иттей Обағанға,
Сене ме ел “таппадым” деп жасырғанға.
Ештеңе білмеген боп томсарғанмен,
Түспей ме көптің көзі тамған қанға.

Сезіпті әке-шеше түсінен де,
Ақылдан танып қалды естігенде.
Қыранды балапандай баулап қарттар,
Асыраған күшімен де, сүтімен де.

Екеуі күшқандай боп қара жерді,
Ас ішпей, естерінен тана берді.
“Қу бас шал, қу бас кемпір” атандық деп,
Ұрғылап маңдайларын зар еңіреді.

Кім білер қарияның киналғанын,
Бала үшін қасіретпен уланғанын.
“Секірет біреу тойып, біреу тонып”,
Ток сезбес ел арманын, жер арманын.

Шыдасын үйде не ғып ата-ана,
Көмусіз құба жонда жатса бала.
Сүйретіп өкпелерін бүкшең-бүкшең,
Құр сұлдер шықты ауылдан болып нала.

Тулақтай құйын қуған желбен қағып,
Көзінен жас орнына қаны ағып.
Кемпір-шал келе жатыр Жолдыөзекке,
Көруге, көмуге де жылдам барып.

Бұл кезде қолын жиган хан Абылай,
Ақ туын тігіп қара бұлтқа жалғай.
Келеді жау қалмақтар шығыс жақтан,
Бола ма жер қорғамай, қарсы бармай?

Шак еді онда қалмақ ұзамаған,
Қолынан Арқа кетіп ызаланған.
Жүргізіп тыңшы, елші Абылайға,
Күні жоқ бір өлкені сұрамаған.

-Жатқа жер бермен - дейді ер Тұрсынбай,
Келмеді ел Қаратаудан қайыр сұрай.
Ел келген қаһармандық күшке сеніп,
Арқаға қазақ қожә бұдан былай.

Сөз өрді ер аузынан ағытылып,
“Дәт, тақсыр” деп батырлар тұрды тіп-тік.

Бұланнан басқа батыр келген түгел,
Кетпесе жауға қарсы жалғыз шығып.

Батырдың бәрі даяр, тек бірі кем,
Ол-Бұлан, бір де болса жүз ерге тең.
Хан тосты амалсыздан қанды көзін,
Бұлансыз боламын деп қалмаққа жем.

Көкшетау, Обағашын арасы үздік,
Тұлпармен үрдіс жүрсе, үш-төрт күндік.
Хабарды хан жіберген тыңдамастан,
Бұланға кездесті екен қандай сұмдық?

Бұланды іздеп шықты Бұхар жырау,
Түскенде сақал-шапқа аппақ қырау.
Келгенде Обағанға байқаса ақын,
У да шу, бүкіл ауыл еңіреу-жылау:

Қыран мен Сана сырын естігенде,
Күйінді Обаған да. Сары бел де.
Еліктей екі жасты түншықтырған,
Бұланның арам пиғыл ісі жөн бе?

У қайғы ақынды да сарғайтпай ма,
Қан ішер Бұланды да қартатпай ма.
Анызын Қыран – Сана көс ғашықтың
Қарт Бұхар боз інгендей аныратпай ма?

Жолына қарап Абылай отырғанда,
Жасаған жәрдем бер деп мұсылманға.
Бұлан дәу қара атпен келді шауып,
Малынып екі қолы қызыл қанға.

Зұлымдық Бұланды да бөгеп еді,
Қайғырды Қыранды аяп қазақ елі.
Қарғады жерді жұлып ата-аналар,
Қарғады жігіт-қыздар от боп лебі.

Жалғыз – ақ аямаған хан Абылай,
Деді ол: “Өле берсін көс сұмырай.
Діні жат, қаны жатқан қыз алмасын,
Қазақтың жігіттері бұлан былай.

Оқпенен ғашық жолын басқан жақсы,
Оларды кеңірдектен асқан жақсы.
Адам ата, Хауа анадан бермен қарай,
Көпірден қыз алған жан іздеп тапшы”.

Арқада қан сасыған талай жер бар,
“Қалмақ қол”, “Қалмақ қырған”, “Сары обалар”.

Адамның сүйектері сар тап болған,
Соғыста жан көмілген, көп қорғандар.

Кей кезде қазақ, қалмақ соғысқанда,
Даланы боямауға қызыл қанға.
Айқасқан Ертіс, Есіл, Обьті өрлей,
Қырғынды тастау үшін суға, ағынға.

Аркада “Кереге тас” – “Қалмақ қырған”
Бауырымдап Баян тауын жалғап тұрған.
Ақ үйдей алты канат, жалғыз есік,
Соғысқан көп қалмақ кеп пана қылған.

Жер кегі, жер ашуы – елдің кегі,
Жер үшін бас байлаған елдің ері.
“Кереге тасты” орады қалың қазақ,
Қалмақты қамап аштан өлтіргелі.

Арка үшін боп соғыстың отты арканы,
Үзілмей шекарада жатыр әлі.
Қар жауған қабағынан мың сан қолды,
Бас батыр – Тұрсымбай жүр бастағалы.

Көп тосып ер Бұланды отырған жұрт,
Айқасқа қалмақпенен аттанды күрт.
Топырағын туған жердің қорғаушының,
Сілтеген оқ, найзасы кетпестей мұлт.

Даланы сырпай, керней солқылдатып,
Барабан соғылады жер қозғалтып.
Жөнелді ыза бұған мыңдаған қол,
“Қалмақтар қайдасың” деп шеру тартып.

“Жау” десе атқа мінбей кім тұрады,
“Жан сауға” десе, жаға жыртылады.
Ғасқардың тұлпарлары тартып жерді,
“Шу” десе, құстай алға ұмтылады.

Бір жер бар “Құрдым” деген Обь бойында,
Ертістің Обьқа күйған дәп қойнында.
Сол кезде қырғын-сүргін көп боп мұнда,
Өлгендерді сол “құрдым” жеп тоюда.

“Құрдым” деп ат қойған ел содан бері,
Батқан сол “құрдымға” соғыс ері.
Кездесті осы арада қалың қалмақ,
Күркіреп күндей батыр, хан мен бегі.

Ту ұстап, тұлпар мінген мың бастығы,
Өзендей күшті бойда хан тасқыны.

Абылай мұнараға шықты жалғыз,
Төменде күзетте әзір қырық уәзірі.

Ойланып тұрды екі қол бетпе-бетте,
Жан беру оп-онай ма мынау көпке.
Сенбеген ашу шоғы батыр Бұлан,
Бата алды Абылайдан жекпе-жекке.

“Я алла, - деді Абылай жайып қолын,
Мерт қылма қалмақтарға қазақ тобын.
Жан жеңбес батыр Ғали арыстандай,
Бұланның жекпе-жекте оңғар жолын”.

Тұлпарын ойкастатып кетті Бұлан,
Айбармен майдан жерге жетті Бұлан.
“Жекпе-жек, жекпе-жек” деп ақырғанда,
Жаңғыртты бүкіл жерді, көкті Бұлан.

Бір әйел шыға келді қалмақ жактан,
Боз атқа қарақүрең барқыт жапқан.
Киімі, орамалы түгел қара,
Адамдай шамы сөніп, қайғы тартқан.

Түнеріп Бұлан тұрды жауар бұлттай,
“Қайтпан, - деп қалмақтарды қырып-күртпай”.
Қыран мен Сана келді көз алдына,
Қанымен құшақтасып жүз жылытпай.

Құйылтып Бұланға да келді катын,
“Кезек бер, бар ғой менің ана хақым.
Тұлғаңнан танып тұрмын, сен Бұлаңсың,
Анасы мен Сананың Берен атым.

Майданда сені көрген көзім күрсын,
Тамыққа жаның кетсін, оғым ұрсын.
Інің мен келінінің қанын ұрттап,
Қара бет, жерге кірмей, неғып тұрсын.

Мен келдім, қанға қанды алам, түсін,
Әділдік ақ жолда тұр менің күшім.
Оқ емес сені атамын ақ сүтіммен,
Өзіңнің інің үшін, Санам үшін”.

Бұланға әйел тілі өтіп кетті,
Төңкеріп екі көзін бұрды бетті.
“Шашынан сүйреп алсам қайтеді” деп,
Тағы да сәл ойланып, сабыр етті.

Қол салды қорамсаққа батыр ана,
Тілектес анаға өзен, байтақ дала.

Бұланның ұғымынша қарсы тұрған,
“Шашы ұзын, ақылы қысқа әйел” ғана.

Толғанып ашулы ана тартты садақ,
Екі әскер екі жақта тұрды қарап.
Селк етіп, кеуде басып кетті Бұлан,
Сауыттан қара қаны ағып тарап.

Бұрын ол жекпе-жекке шықпады ма,
Талайдың басын көрге тықпады ма.
Болмаса Қобыланды, таудай Тарғын,
Бұланға басқа батыр ұқсады ма.

Абылай мұқалды күрт қаһарынан,
Шұбырды көздің жасы сакалынан.
Бұланның басын күшып жылап отыр,
Хауіп илеп кесір төнген сапарынан.

Қанай би сөз бастады жиын топқа:
-Ұшырдык келе сала Бұланды окка.
Билерім, батырларым, ойланыңдар,
Жетпей ме ел жәбірлеу, түсу отқа.

“Құрдымға” құлағалы тұрғандаймыз,
Адамды қолдан қойдай қырғандаймыз.
Бітімге келсе қалмақ, шабыспайық,
Әйтпесе бұл ұрыстан жүлде алмаймыз.

Аталы сөз бөгеді батыр – биді,
Абылай қия тартып жанды-күйді.
Амал не, құлармын деп хандығымнан,
Бітімге келу үшін тізгін түйді.

Қалтырап қарт хан жиды есін өрен,
Жіберді қалмақтарға елші-сәлем,
“Қалмақпен бұдан былай соғыспаймыз,
Мінекей белгім, мөрім, ант уәдем.

Сан рет Сарыарқа үшін төктің ғой қан,
Қырылды қалмақтардан мыңдаған жан.
Айғак боп “Қараоба” мен “Сарыоба” тұр,
Күңіреніп тұрған жоқ па “Қалмақ қырған”.

Өлген жан аз емес-ті қазақтаң да,
Жүзді ғой қазақ талай қызыл қанға.
Үйілген төбе-төбе сүйек жатыр,
Арқалық, Есіл, Ертіс, Обағанда.

Егерде бұл шартыма қоймасаң қол,
Артымда әскерім бар он есе мол,

**“Құрдымға” қамап құртам тұқымынды,
Мейлің күл, мейлің жыла, жоқ басқа жол”.**

**Жауынап хан Абылай қорықты ма,
Кім білсін Бұлан өліп торықты ма.
Болмаса қан төгуді тоқтатуға,
Билер мен батыр ойы тоғысты ма.**

**Қалмаққа елші кетті қол көтеріп,
“Құп” дей ме, “қылыш” дей ме оларда ерік.
Абылай әскер көп деп мақтанса да,
Халық тұр соғысуды өлім көріп.**

**-“Құрдым” деп өзен жатыр күрілдеген,
Кең үңгір адам қорқып үңілмеген.
Соғысса орыс-манғұл, қазақ-қалмақ,
Қан жұтып айдаһардай гүілдеген.**

**Қалмақтар гүілдесті, көп кеңесті,
“Тоқтайық”, “соғыспайық” деп кеңесті.
“Қызықпа, қан төкпейік” деген бір сөз
Лезде жүректерде леп боп есті.**

**Халқына жол сөз айтты Берен ана:
“Сарыарқа қиыры жоқ сұлу дала.
Амал не қолдан кетті, қазақ бермес,
Қоялық бітімге қол осы арада.**

**Рас-ау, Арқа біздің жеріміз де,
Арқада ен жайлаған еліміз де.
Сайрандап, мал айдадық сан ғасырлар,
Көрінер жанымыздай көзімізге.**

**Өзендей қан төккенмен Арқа тимес,
Болғанын жетім-жесір ұрпақ сүймес.
Қырылдық біз қаншама сол жер үшін,
Қазақтар қарсы тұрар, басын имес.**

**Бітімге қолын қойды қалмақ ханы,
Мөр басты соғыспауға бұдан әрі.
Көшпелі кигіз үйлі қазақ халқы,
Осылай қорғап өсті Сарыарқаны.**

**Әжем де, ел де айтты бұл ертегіні,
Ол замап етек-жеңнің келте күні.
Ұлы орыс халқымен дос боп қазақ,
Жайқалды Сарыарқанын ерке гүлі.**

**Ертегі ел ішінде Қыран, Сана,
Алтындай құм мен тастан тұрған дара.**

Жолында махаббаттың шоқтай сөнген,
Боздағын жүрегіне ел, сактар дала.

Қазір бар Жолдыөзекте көп бәйтерек,
Көрінер күндік жерден елден ерек.
Басына Қыран-Сана өсірген ел,
Орман да болса оны жаңға теңеп.

Маңайы бау мен бакша бәйтеректің,
Үстінде нұр – еркесі жер мен көктің.
Аспанмен айкасатын биік үйлер,
Ордасы ән мен күйдің, бақ пен құттың.

Бір күй бар домбырада “Сана” деген,
Екі ішк оны тартса безектеген.
Келгендей құлағына Қыран даусы,
“Ғашыққа қашан болар көмек” деген.

Тазы ұлып, лашын күс канат қағып,
Жүргендей сені бәрі шыр айналып.
Боздаған екі жастың аналары,
Тұрғандай көз алдында қайғыланып.

Ел косса ердің атын шежіреге,
Ол мәңгі жасай бермек, өлді деме.
Ел жасы есіне алып күйін шертсе,
Қыран мен Саналардың арманы не?

1970 жыл



АҚЫН АҒА ТУРАЛЫ АЙТАР БОЛСАҚ...

Қазақ әдебиетінің аяғынан қаз тұра бастаған кезі жиырмасыншы жылдардың соңы. Осы кезде қолына қатам алып, ақындық жолға түскендердің бірі – Ғалым Малдыбаев. Алғашқы бетте ауыл молдасы, өзінің немере ағасы Сейтеннің алдынан сауатын ашқан. 1921 жылы Ғалым Қызылжар қаласына келіп, Ямская (қазіргі М.Әуезов) көшесіндегі қазақ мектебіне оқуға түседі. Бір жылдан кейін қалаға ақ бандатардың шабуыл жасауына байланысты мектеп жабылады да, Ғалым елге қайтуға мәжбүр болады.

Ол өзінің туған жері, Ақмола губерниясы, Көкшетау уезіне қарасты бірінші ауылға келіп әкесі Рахметтің үйінде еңбекке араласады. Көп ұзамай осы жерде ашылған мектепте мұғалімдік құрып, ауыл балаларының сауатын аша бастайды. Ал 1923 – 24 жылдары Керей елі ішіне барып бала оқытады.

1925 жыл жас Ғалымды қайтадан білімге жетектейді. Қызылжар қаласына оралған Ғ.Малдыбаев осы кезде ашылған партия – совет мектебіне оқуға қабылданады. Совпартида жүрген кезінде оған Сәбит Мұқанов сабақ береді. Қазақтың ұлы жазушысы атанған Сәбеңмен Ғалым Малдыбаев осы білім ордасында танысып, соңғы демдері таусылғанша екеуара сыйластық, достық, жолдастық қарым-қатынаста болғаны аян.

Осы кезең жайында Сәбит Мұқанов былай деп жазады: “Ғалым Қызылжарда Совпартида оқыған жылдары, мен осы мектепте саяси сабақты жүргіздім. Сол кезде қаланың көркем әдебиетке ынталы жастары әдебиет үйірмесін құрды. Белсенді мүшелері Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев, Есмағанбет Ысмайлов, Абдолла Сәдуақасов, Зарип Темірбеков, Шахмет Хұсайынов, Сейфолла Бигоржин, Мәлік Тәкішев тағы басқалар. Ғалым – ұйымның секретары. Осы ұйым өсе келіп 1928 жылдан ҚазАПП – тың бөлімшесіне айналды да “Жарыс” деген атпен бірер альманах жариялады”.

Ғалекеннің ақындық жолға түсуі де осы жылдар сияқты. Қашан да қоршаған ортаның әсері болмауы мүмкін емес. Шынтуайтына келгенде, бұл тағдырды қалауына Сәбеңнің де септігі тиген болар. Алғашқы өлеңі “Нұрсананың сәлемі” деген атпен сол кездері жарық көріп тұрған “Әйелдер теңдігі” журналына басылып шыққан.

Совет – партия мектебін 1927 жылы ойдағыдай аяқтаған Ғалым жолдама бойынша Петропавлда 1920 жылдан шығып келе жатқан уездік “Бостандық туы” газетіне редактордың орынбасары қызметіне тағайындалады. Сол жылдан бастап

Ғалекең өзінің табиғи таланты ақындық өнерімен бірге журналистік қызметті қатар алып жүрген.

Бірір жылдың ішінде газет жұмысына әжептәуір төселіп қалған жас журналист *Ғ.Малдыбаевты* орталық комитет Ақмола қаласына қызметке ауыстырады. Мұнда Ғалым сол кезде танымал ақын, қоғам қайраткері Әбдрахман Айсаринге жолығады. Жасы үлкен, еңбек тәжірибесі де мол Әбдрахман жас Ғалымды қамқорлығына алып, іске тартады. Жаңа қалыптасып келе жатқан газет жұмысына үйретіп, нәтижесінде, 1928 жылғы 1 мамыр мерекесіне арналған Ақмола қаласының “Жаңа арқа” газетін шығарады.

Осылайша қазақ журналистикасына келген Ғалекең 60 жылға жуық өмірін осы салаға жұмсады. “Жаңа арқа” газетін шығарып жүрген кезінде ол осы жұмысқа көптеген талантты қазақ жастарын тарта білді. Солардың ішінде есімі әдебиет сүйген қауымға кеңінен танымал болған жазушы Сейтжан Омаров бар.

Заманның талабына сай, Қазақстанның әр түкпірінде газет шығару науқаны басталған шақ жиырмасыншы жылдардың алғы мен отызыншы жылдардың бас кезі. Баспа жұмысын меңгерген кадрлар аз болғандықтан Ғалым Малдыбаевқа ұзамай тағы қызмет орнын аударуға тура келді. Бұл жолы Ғалекең батыстан бір-ақ шықты! 1929 жылдың шілде айында Оралға келіп, “Қызыл ту” газетін ұйымдастырды. Оның алғашқы редакторы ретінде қол қойды. Қазіргі беделді басылымдардың бірі Батыс Қазақстан облыстық “Орал өңірі” газеті осы “Қызыл тудан” бастау алған.

Ғалекеңнің батыстан тапқан басты олжасының бірі *Ғабдол Станов* болды. Қазақ әдебиетіне ерте келін, ертерек кетсе де, өздік қолтаңба қалдырған, табиғи талантымен оқырман жүрегіне жол тапқан қаламгердің тұңғыш тұсауын кескен тағы да Ғалым Малдыбаев.

Орал қаласында тұра бір жыл еңбек еткен Ғалекең “Қызыл туды” әріптестеріне тапсырып, енді шығысқа бет алды. Орталықтың шешімі бойынша Кереку-Павлодарға ат басын тіреді. Мақсат сол, жаңа газет шығару. Бұрын соңды болып көрмеген Кереку жері Ертіс елі *Ғ.Малдыбаевты* жылауық жаңбыры сорғалаған күздің басында қарсы алды.

1931 жылдың қарсаңында Керекуде “Колхоз” газеті жарық көрді. Ғалым басы-қасында. Басылымның бірінші редакторы. Жаңалыққа сусап отырған оқырманға рухани азық табылды. Бірақ бір елде көп аялдауға уақыт тығыз. Газет тосып отырған жер көп. Тәжірибелі редактордың ендігі алған беті – Баянтауы. Аты аңызға айналған, ән мен жырдың ордасы әйгілі Баян. Таңай ақынның жырына арқау болған Баянтау. Көздің жсауын алатын

“Жасыбай”, сезімнің сырын шерткен “Сабынды көл”. Табиғаты тамылжыған шіркін, Баянауылы.

Ғалекеңнің Баянауылдағы еңбек жолын еске түсіру үшін Қазақстанның халық жазушысы Дихан Әбілевтің “Зергер” атты естелігіне көз жүгіртейік.

“Өткелік партия комитетінің шешімі бойынша Баянауылда “Ленин жолы” атты тұңғыш рет жас газет – жаңа газет шығатын болып жатқан қуанышты кез. 1931 жылдың күзі. Редактор болып Ғалым Малдыбаев келді.

Мен бұрын сырттай білетін “Балға-орақ”, “Доңғалақ” атты өлең-жыр кітаптарының, әсіресе “Қырым қызы” тәрізді поэманың авторы, талантты ақынның Орал, Кокшетау, Павлодар газеттерінің редакторы болып істеген тәжірибелі журналист Ғалымның басшы қызметке келгені – жаңа шығатын жас газетімізді құдайдың жарылқағаны деп қуандым. Азаматтықта да, ақындықта да, журналисттікте де, қызметте де онегелі ағамен әріптес болуының сәті басталып кеп берді.

1931 жылдың 4 қыркүйегінде газетіміз – “Ленин жолының” бірінші нөмірін шығарып қуанышқа кенелдік”.

Диқан-Бабаның естелігіне алып қосарымыз мүлдем жоқ. “Ленин жолы” газетінің шығу тарихы осылай басталып, күні бүгінге дейін жалғасуда. Бар болғаны атауы өзгерген.

1932 жыл. Ғалым – Балхашта. Мақсат та, міндет те сол, баяғы газет шығару. Қазақстанда жұмысшы күшінің қайнап жатқан қазаны осы Балхаш. Қарапайым халықтың ішінде сауатсыздық басым шақ. Бұл жердегі басты саясат қара күштің иелерін жұдырықтай жұмылдырып, үлкен өндіріске тарту. Ол үшін насихат керек. Ал негізгі насихат құралы – газет. Міне, Ғ. Малдыбаев осы шаруаға бел шешіп араласып кетті. Қол ұшын беретін маман мүлдем жоқ. Редакцияның барлық жұмысын тыңнан бастауға тура келді. Өзі жазып, өзі оқыды, тіпті әріп терушінің де міндетін атқарды. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, жарғақ құлағы жастыққа тимей, маңдай терін төкті. Өлдім, талдым дегенде 1932 жылдың Мамыр мерекесіне “Жұмысшы” газетінің бірінші саны шықты.

Уақыттың ілгерілеп, өмір талаптарының өзгеруіне байланысты Ғ.Малдыбаев білімін көтеруді ойлайды. Осы мақсатпен 1933 жылы Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілерінің университетіне келіп түседі. Аталмыш оқу орнын 1936 жылы тәмамдап Қызылжар қаласына оралады.

Ғалекең өмірінің ерекше беттерінің бірі 1934 жыл болып табылады. Тарихтан белгілі, бұл жылы КСРО Жазушылар одағының I съезі болды. Ғ.Малдыбаев осы съезде кеңесші дауыспен қатысып, одаққа мүшелікке өтті. Баяндама жасаған Максим Горький қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығына

тоқтатқанда Сәкен, Бейімбет, Ішяс, Сәбит, Ғабит, Асқарлардың есімдерімен қатар Ғалым Малдыбаевтың да атын атады. Мұндай мінбеден айтылған жылы пікір қатамы енді қатайып келе жатқан ақын жігіт үшін үлкен баға болды. Осы оқиғаға байланысты Ғалекең өзінің "Горькийді алғаш көргенім" деген шағын естелік мақаласында былай деп жазады: "...Оның зор денесі, жуан да сіңірлі саусақтары, ірі, кесек даусы, аламайлы көзі мен оны жабуға жасақын тұрған қалың қасы әлі көз алдымда. Данышпан қарияның салмақты, парасатты сөздерін мен тыңдауға да, бет бейнесін қарауға да тоймадым. Осы съезде көпшілікке жазушыларды сыйлаудың және жас жазушыларға үнемі көмектесудің маңызын айта келіп, , тізелесе отырған съездегі ең ақсақал делегат, халық ақыны Сүлейман Стальскийді "біздің заманымыздың Гомері" деп бағалады.

1937-38 жылдар Ғалым Малдыбаев өмірі үшін қауіпсіз болған жоқ деп айта алмаймыз. Жаппай қудалауға ұшыраған қазақ зиялыларының қатарында Ғалекең де болды. Жұмыс барысымен Алматыға барған сапарында басына төнген қауіп-қатерді сезінген ақын бірден елге қайтады. Сол тұста Сәбит Мұқановтан келген хабарға байланысты ішке өтіп, екі жылдан астам уақыт Түмен облысында бас сауғалауға мәжбүр болған. Ал қуғын-сүргін аяқталып, ел іші тынышталған 1939 жылы Ғалым өзінің жанұясымен Алматыға оралды. Осы жылы ол Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, 1942 жылы ойдағыдай тәмамдайды.

Көп ұзамай ақын Алматымен қоштасты. Оған себеп болған махаббат сезімі. 1943 жылдың күзінде елге демалысқа келген Ғалым Малдыбаев туған ауылы Жаңажолда жас аруға жолықты. Жігіт ағасы атанып қалған Ғалекеңнің жүрек түкпірінде жылт еткен махаббат оты ақынның өмір арнасын басқа жолға бұра жөнелді.

Ақын аз ғана уақыт туған ауылы Жаңажолда тұрып, ұзамай Қызылжар қаласына қоныс аударды. Өзінің журналистік еңбек жолын одан әрі жалғастырды. Алдымен Республикалық "Социалистік Қазақстан", содан соң облыстық "Ленин туы" газеттерінде тілші қызметін атқарды. Ал 1946 жылдың жазында Ғалекең денсаулығына және тұрмыс жағдайына байланысты қайын атасы Ерғали Асылтаев тұратын Ленин ауылына (қазіргі Шал ақын ауданы) көшіп келіп шаңырақ көтерді. Осы елде отыз жыл өмір сүрді. Ерлі-зайыпты Ғалекең мен Зураштың ұзақ жылдарғы махаббаттарының айғағы іспеттес өмірге он ұрпақ келді.

Ғалым Малдыбаев өмірінің соңғы жылдарын Сергеевка қаласында өткізді. 1982 жылы 21 маусымда 80 жасында дүние салды. Марқұмның денесі өзі туған ауылы Жаңажолда жерленді.

Ақын есімі атаусыз емес. Ғалекең тоқсан жасқа толғанда Сергеевка қаласында көше аты берілді. Ал Жаңажол орта мектебі Ғалым Малдыбаевтың есімімен аталды.

Ал Ғ.Малдыбаевтың 100 жылдығына орай облыс орталығы Петропавл қаласында үлкен салтанатты кеш өтті. Кезінде өзі тұрған Совет көшесі ақын атымен аталатын болып шешім қабылданды.

Бірінші сөз ақын ағамыздың ұрпақтары жайында. Алдымен Ғалекеңнің жан жары Зураш апай туралы. Ол кісі биыл 76 жаста, көпей ұлы Сәбит пен келіні Айгүлдің қолында Астана қаласында тұрады. Ермек қылып отырған екі немересі Серуен мен Арай бар.

Ақынның бәйбішесі Күлшәй шешейден қалған Ақжайық есімді ең үлкен қызы Астана қаласының тұрғыны. Жасы жетпіске жақындаған. Ал Зураш апайдан туған қыздары Ақбаян, Әлия, Алма, Ғалия Талдықорған және Петропавл қалаларында үй-жайларымен сау-саламат тұрып жатыр.

Ұлдарының үлкені Шашубай Малдыбаев. Есімі облысымызға, республика көлеміне кеңінен танымал белгілі азамат. Өнердің сан түрін өзіне серік қылған Шашубай әкесінің жолын қуған журналисты, анасынан жұққан әншілігі, сазгерлігі, іскерлігі және бар. Жолдасы Гүлнәр екеуі Мүсілім, Рауан есімді ұлдарын өсіріп отыр. Келіндері – Батжан. Ғалекең шөбере сыйлаған да осы шаңырақ иелері. Сәбидің есімі – Ғасыр-Ғалам. Екінші ұлы – Абай, келіні – Меңсұлу, немерелері Жанар, Самат, Дидар Сергеевка қаласында тұрады. Ал одан кейінгі ер баласы Алтай, келіні – Маржан, балалары Ғабит, Дана Бескөл селосының тұрғындары. Шетінеген Шәкірбай есімді баласы бар. 1996 жылы 37 жасында қазаға ұшырады. Артында қалған жылғыз тұяқ – Алмат, Алматы қаласында тұрады.

Міне, ақын ағамыз туралы қосымша анықтамалар осындай. Қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты үлес қосқан Ғалым Малдыбаевтың 100 жылдық мерейтойына байланысты осы “Дастандар” жинағын жарыққа шығару үшін қол ұшын бергенімді азаматтық парызым деп білемін.

Аманжол Күзембайұлы
тарих ғылымының докторы, профессор

Петропавл қаласы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына.....	3
«Уа, гүл далам, тамшыдай-ақ жазғаным...»	6
Қырым қызы	7
Шахтер	64
Ақ келін	90
Ғашық жар	107
Алтын арқа	112
Қажымұқап	126
Сарыарқаға саяхат	141
Төрт батыр	148
Алтын балық	153
Ақылды қыз	180
Той толғауы	190
Қорқыт баба	194
Көрұғылы	198
Алтын елік	221
Ақ лақ пен қаракүс	226
Қошан қарттың әңгімесі	230
А.Күзембайұлы	
Ақын аға туралы айтар болсақ ...	254